

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрілігі
А. Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университеті
Философия кафедрасы

Л.С.Ахметова

**МӘДЕНИЕТТАНУ, ӘЛЕУМЕТТАНУ ЖӘНЕ САЯСАТТАНУ
НЕГІЗДЕРІ**

ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК ҚҰРАЛ

Қостанай, 2019

УДК 316:32 (075.8)

ББК 60.54я73

A94

Авторы:

Ахметова Ләззат Сұңқарбекқызы, философия кафедрасының аға оқытушысы

Рецензенттер:

Амантаева Айгуль Бағитжанқызы - философия ғылымдарының кандидаты, Қостанай педагогикалық университетінің қауымдастырылған профессоры

Шаукенов Жангельды Арсенұлы-тарих ғылымдарының кандидаты, А. Байтұрсынов атындағы философия кафедрасының доценті

Жақып Қалқаман Хасенұлы- философия ғылымдарының кандидаты, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университетінің доценті

Ахметова Л.С.

A94 Мәдениеттану, әлеуметтану және саясаттану негіздері бойынша оқу құралы -Қостанай:А.Байтұрсынов атындағы ҚМУ, 2019-230 б.

ISBN 978-601-7985-64-6

Ұсынылып отырған оқу-әдістемелік құралы қазіргі мәдениеттану, әлеуметтану мен саясаттанудың негізгі өзекті мәселелерін қамтыған. Құралға дәріс және тәжірибелік сабақтарға арналған оқу-әдістемелік материалдар, бақылау сұрақтары мен тапсырмалар, баяндама мен рефераттардың тақырыптары, сонымен қатар білім алушылардың өздік жұмыстарын орындаудың әдістемелік нұсқаулары енгізілді. Бұл оқу құралын «Мәдениеттану, әлеуметтану және саясаттану негіздері» пәнін оқитын білім алушыларға сабақ үстінде пайдалануға және аталмыш пән бойынша білімдерін жетілдіру үшін ұсынылған. Сонымен қатар, аталмыш оқу құралын инновациялық оқу мақсаты үшін оқытушылар да қолдана алады.

УДК316:32(075.8)

ББК 60.52я 73

А.Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университетінің Оқу-әдістемелік кеңесімен бекітілген және ұсынылған 2019ж. хаттама № 5

© А.Байтұрсынов атындағы

ISBN 978-601-7985-64-6

Қостанай мемлекеттік университеті

© Ахметова Л.С. ,2019

Мазмұны

1-тарау Мәдениеттану

1.1 Мәдениет морфологиясы.....	5
1.2 Мәдениет тілі.....	8
1.3 Мәдениет семиотикасы.....	12
1.4 Мәдениет анатомиясы.....	15
1.5 Қазақстан көшпелілерінің мәдениеті.....	20
1.6 Арғытүркілердің мәдени мұрасы.....	26
1.7 Орталық Азияның ортағасырлық мәдениеті.....	31
1.8 Түркілердің мәдени мұрасы.....	39
1.9 Қазақ мәдениетінің қалыптасуы.....	43
1.10 XVIII ғ. – XIX ғ. Соңы аралағындағы қазақ мәдениеті.....	46
1.11 XX ғасырдағы қазақ мәдениеті.....	53
1.12 Қазіргі әлемдік үдерістер аясындағы қазақ мәдениеті.....	60
1.13 Жаһандану аясындағы қазақ мәдениеті.....	65
1.14 Қазақстанның мәдени саясаты.....	72
1.15 «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы.....	81

2-тарау Әлеуметтану

2.1 Әлеуметтану ғылым ретінде.....	85
2.2 Әлеуметтану ғылымының даму тарихы.....	92
2.3 Қоғам әлеуметтік жүйе ретінде	103
2.4 Әлеуметтік стратификация.....	110
2.5 Тұлға әлеуметтік феномен ретінде.....	114
2.6 Девианттық мінез-құлық әлеуметтануы.....	118
2.7 Отбасы және неке әлеуметтануы.....	126
2.8 Мәдениет әлеуметтік құбылыс ретінде.....	135
2.9 Жастар және білім әлеуметтануы.....	145
2.10 Нақты әлеуметтанулық зерттеу жүргізудің әдісі мен техникасы.....	150

3-тарау Саясаттану

3.1 Саясаттану ғылым ретінде.....	156
3.2 Саясаттану ғылымының қалыптасуы мен дамуы.....	161
3.3 Билік саяси феномен ретінде.....	168
3.4 Саяси жүйе.....	177
3.5 Мемлекеттік және азаматтық қоғам.....	186
3.6 Саяси партиялар және қоғамдық қозғалыстар.....	195
3.7 Саяси режимдер.....	199
3.8 Саяси мәдениет және саяси идеология.....	204
3.9 Саяси элита және саяси жетекшілік.....	208
3.10 Әлемдік саясат және ҚР мемлекеттік құрылысы мен халықаралық қатынасы.....	215

Пайдаланған әдебиеттер тізімі.....

Қосымшалар.....	224
	226

1 тарау Мәдениеттану

1.1 Мәдениет морфологиясы

Сабақтың мақсаты: Мәдениет түсінігі және тұжырымдамаларымен танысу, мәдениеттің морфологиясын талқылау.

Негізгі ұғымдар: рухани жаңғыру, мәдениет, ұлттық идея, жаһандану.

Мәдениет өмірінің барлық кезеңінде болатын, адамдардың көптеген іс-қылықтарынан, әрекеттерінен тұратын, мәдениетті құрайтын айрықша сынарлас бір бөлігі дәстүрлер, нормалар, құндылықтар, білім және мағыналар болып саналады. Оларсыз мәдени өмір мүмкін емес, олар қоғамның рухани өміріне, әлеуметтік өмірдің дамуына әртүрлі бағыт беріп, қоғамдағы қажетті реттілік пен тұрақтылықты күшейтеді.

1. Дәстүрлер қоғамда белгілі бір уақытта, орында, белгілі бір оқиға-жағдайға байланыс-ты қолданылып жатады. Ол үлгі, қарекеттің айқындалмаған бір бөлігіне енгізіледі. Бір ұрпақтан келесі ұрпаққа жеткен және тарихи қалыптасқан, көп уақыт бойы белгілі бірлестікте сақталған әлеуметтік және мәдени мұраның белгілерін дәстүр деп атайды. Оларға дәстүрлі еңбек тәжірибелерін, тәртіптің түрлерін, өмір салттарын, тәрбие барысын, күнделікті қалыптасқан тазалық ережелерін, тамақтану уақыттарын, ұйқыны т.б. жатқызуға болады. Мысалы, үйге кіргенде еуропалық адам ең алдымен бас киімін шешеді, ал шығыста аяқ киімін шешу есіне түседі. Дәстүрлері осылай қалыптасқандықтан оларды нақты жағдайлармен түсіндіруге болмайды.

Формалданған дәстүрдің белгілі бір орында, белгілі бір уақытта арнайы себеппен жасалынуы әдет-ғұрып деп аталынады. Қоғамда жоғарғы статусы бар, көпшілік алдында орындалатын, қарапайым дәстүрге қарағанда, адам әдет-ғұрыпты еркін таңдай алмайды. Әр қоғамда жеке адамды (ат қою, шоқындыру, сүндетке отырғызу, төл құжат беру т.б.) немесе жасы үлкен-кіші топтарға бөлу (туған күндер мен мерей тойлар, жерлеу рәсімдері және т.б.) сияқты арнайы әдет-ғұрып, салттары бар.

2. Әдет-ғұрыпқа қарағанда, нормалар (шама, өлшем, ереже) іс-әрекетті басынан аяғына дейін түгел емес, тек қана бір принциптің параметрін қамтиды. Нормалардың мазмұны, олардың қатынасы бар нақты өріс қарекеттерінің әртүрлілігі, біркелкі шамаланбаған, ал олардың мазмұны мен мөлшерлеу тәсілдері әр мәдениетте әр түрлі. Өндіріс өрісінде техникалық нормалар қабылданған.

Азаматтар мен әлеуметтік институттар арасындағы өзара қатынас өрістері заң нормаларымен реттеледі.

Нормалардың тұрақты түрлері ұзақ уақыт ұрпақтар өмірінде сақталады, ізгі өнегелілік тарапынан негізделеді, дін беделімен жиі түсіндіріледі және заңнан қолдау табады. Кейбір нормалар уақыт өтіп кетсе де, өзінің тиімділігін жоғалтса да, бос салт-жораларға, ескі стильге айналса да ұзақ сақталады.

3. Құндылықтар жоғары деңгейде объектілерді, хал-жағдайды, қажеттілікті, мақсат-ты таңдауды түсіндіреді. Құндылықтар деп, адамдар мен әлеуметтік топтардың, қоғам-ның қажеттіліктерін қанағаттандыратын белгілі бір заттар мен құбылыстардың қасиет-терін айтады. Құндылықтар үлкенді, кішілі, абсолютті және салыстырмалы, материалдық және рухани т.б. түрлерге бөлінеді. Кез келген құндылықтарды олардың типіне және деңгейіне қарап классификациялау әрқашан да белгілі бір шартқа байланысты, өйткені оларға әлеуметтік және мәдени мәндер енеді. Алайда оған қарамастан мазмұны жағынан құндылықтарды шартты түрде мына реттілікпен жіктеуге болады.

А) Виталдық құндылықтарға: өмір, денсаулық, тәнділік, қауіпсіздік, тұрмыс халі, адамның хал-жағдайы (топтық, тыныштық, көңіл- күй) күш-қуат, төзімділік, өмірдің сапасы, тәжірибелік, прагматикалық, тұтынудың деңгейі және т.б. жатады

Мысалы, тәжірибелілік – прагматикалық. Адамдардың барлық құралдарын пайдалана отырып өзінің күнделікті тұрмысын жақсарту және шынайы пайда түсіру үшін нақты материалдық жеміске қол жеткізу тәжірибелілікті көрсетеді. Тәжірибелік, жағдайды құрамды бөлшектерге бөліп тастауға, көтеріңкі идеялардан арылуға ықпал жасайды. Сон-дықтан тәжірибелік идеалдық құндылықтарға селқостық көзбен қарайды, олар идеологиялық пікірталастарға араласуды керексіз, жағдайсыз, утопиялық деп санайды. Тәндік, денелілік. Кез келген қоғамда адамның тәндігі құндылықтар өрісінің маңызын құрайды. Алайда, нормативтік немесе идеалды тәндіктер әр мәдениетте бір-бірімен таң-қаларлық айырмашылықта болады.

Ә) Әлеуметтік құндылықтар: әлеуметтік орны, дәрежесі, байлық, мамандық, от басы, сабырлылық, кәсіпқойлық, тәртіп, тәуекелге бел байлаушылық, әлеуметтік теңдік, жыныс теңдігі, үлкенге немесе болашаққа бағытталғандық, ұлттық теңдік.

Б) Саяси құндылықтар: сөз еркіндігі, азаматтық, бейбітшілік.

В) Моральдық құндылықтар: жақсылық, игілік, махаббат, борыш, намыс, шыншыл-дық, адал ниеттілік, парасаттылық, берілгенділік, өзара көмектесу, әділеттілік және т.б.

Г) Діни құндылықтар: құдай, сенім, құтқарылу, рахат, рәсім, мешіт.

Д) Қоғамды қадірлеу: еңбекқорлық, патриотизм, қоғам өміріне белсенді қатынасу, жоғары локальдық (мемлекеттік интернациональдылық) бағытталу.

Ж) Эстетикалық құндылықтар: әсемдік (эстетикалық сиықсыздық), идеал, стиль, үйле-сімдік, дәстүрге бағыну, жаңалық, ерекше мәдениет, сырттан енгізілген модаға еліктеу.

4. Б і л і м – қоғамның рухани өмірінің негізгі элементтерінің бірі. Білімнің көптеген түрлері өмірдегі іс-әрекеттердің белгілі типтерімен, деңгейімен ара қатыста болады. Білімнің ол түрлері мыналар: практикалық білім, рухани білім, эмпириялық білім, теориялық білім, экзотериялық білім. Практикалық (тәжірибелік) білімадамның қарекетпен шұғыл-дануының нәтижесінде қалыптасады және оның шеберлік дағдысымен біте қайнасқан. Рухани білім адамдардың қарым-қатынасын (отбасының, этникалық, ұлттық, таптық, ұжымдық) реттейді. Оның ұлан-ғайыр әр түрлі құралдары бар, оның ішінде мифтер, аңыздар, тарихи ескерткіштер, көркемөнер туындылары, бейнелер, аруақты мәтіндер және т.б. Сонымен қатар, топтың, қоғамның және адамзаттың басқа да мәдени сыңар-лардың жинақталған жадының мазмұнынан құралады. Эмпирикалық білім, арнайы ғылымдарда жазылған сезімдік және эксперименттік тәжірибе негізінде қалыптасқан табиғаттағы, қоғамдағы табиғи процестер. Теориялық білім субъектінің ұғымдар, белгілер, формулалар арқылы объектіден қашықтауының нәтижесінде қалыптасады, тек қана тәжірибеде емес, білімнің өзін де ұғынып, мағына береді. Теориялық білім ғылымды ғана дамытпай, сонымен қатар идеологияны, философияны, әлеуметтік және діни ілімдерді дамытуға шешуші ықпалын тигізеді. Экзотериялық білім – мистика туралы білімді кеңейтетін ерекше нұсқа. Арнайы білімді қажет етпей барлығына арналған.

5. Мағыналар – маңыз, мән, белгілер адам мен табиғатты немесе жалпы субъекті мен объектіні белгілеу арқылы қауыштыратын арнайы мәдени құралдар. Белгілер жүйесінің қатарына табиғи және жасанды тілдер, әртүрлі дыбыс белгілер жүйесі, бейнелеу жүйесінің тілдері (бейнелер, символикалар) жатады.

Қоғам, өз тәжірибесінде бір-бірімен ара қатынаста болатын жүйеленген және келесі ұрпаққа жалғастыруға болатын жалпылама рәміздерді нығайтуы қажет. Ол мәдени құрал-дармен қиялда жаңғырық табатын, жоқ заттардың бейнесін, олардың тізбегін және үйле-сімін жүйелейтін белгілерді, есімдерді, атауларды жасайды. Солардың арқасында тармақ-талған мағыналардың жүйесі дүниеге келеді.

Адамдар құбылыстарды белгілей және бағалай отырып, оларды реттейді, талқылайды, дүниедегі және болмыстағы өз орнын ой елегінен өткізеді. Пәнге ат беру деген – оны танып білуге жасалған алғашқы қадам. Мәдени мәнділік жүйесінен тыс жерде король мен қызметшінің, әулие мен күнәһардың, әсемдік пен сиықсыздықтың айырмашылығын білу мүмкін емес. Мәдени нормалардың өзгеруі және мәнділіктің күйреуі сияқты тым шұғыл жағдайларда аталған айырмашылықтар жойылады.

Кез келген қоғамда, барлық іс-әрекеттердің және қатынастардың дәнекері ретінде қолданылатын маңызды белгі - ақша. Ақша ретінде пайдаланылатын заттар қоғамның даму деңгейімен және мәдениетімен тығызбайланысты. Барған сайын олар затсыздана бастайды. Ақпараттық қоғамның аяғынан тік тұруы оның, ақшаның көлемі туралы есінде сақтайтын компьютерлік жүйесі бар электрондық импульсқа өтуіне байланысты. Электронды ақша, электронды

ақпаратқа ұқсап принципіалды түрде, жалпы барлық қар-жы алып беру технологиясын өзгертеді, көптеген іс-әрекеттің қалыптарына және постиндустриалды қоғамдағы адамдардың өмір салтына әсерін тигізеді.

Әдебиеттер :

- 1.ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаев Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру.
- 2.Дерек Джонстон «Философияның қысқаша тарихы: Сократтан Дерридаға дейін».2018ж.
- 3.Энтони Джон мен Патрик Кенни «Батыс философиясының жаңа тарихы, Антика философиясы» (4 томдық, I том) және «Батыс философиясының жаңа тарихы, Орта ғасыр» (4 томдық, II том).2018ж.
- 3.Реми Хесс «Философияның таңдаулы 25 кітабы».2018ж.
- 4.Дэвид Бринкерхофт «Әлеуметтану негіздері».2018ж.
- 5.Джордж Ритцер,Джеффри Степницкий «Әлеуметтану теориясы».2018ж.
- 6.Элиот Аронсон«Көпке ұмтылған жалғыз: әлеуметтік психологияға кіріспе».2018ж.
- 7.Карен Армстронг «Иудаизм, Христиандық пен Исламдағы 4000 жылдық ізденіс: Құдайтану баяны».2018ж
- 8.Әбжанов Т.Ы. Қазақ рухының философиясы. — Қарағанды: ҚарМУ баспасы.

Тапсырмалар:

Тапсырма 1

Төменде келтірілген мақаланың біріне аннотация жасаңыздар

1. Президент Назарбаев Н.Ә. «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру»
2. Президент Назарбаев Н.Ә. «Ұлы даланың жеті қыры».

Тапсырма 2

«Ұлттық идеяны және мемлекеттік идеологияны жасаудың проблемалары» атты тақырыпқа баяндама жазыңыз.

Тапсырма 3

Келтірілген ұғымдарға анықтама беріңіздер: жаһандану,батыс құндылықтары, ұлттық құндылықтар,ұлттық ерекшелік, рухани жаңғыру,мәдениет, ұлттық идея.

Шығармашылық тапсырма

Қазақ ойшыларының сізді қатты толғандырған шығармаларың негізге алып ,эссе жазыңыздар.

Талқылау сұрақтары

1. Елбасы Назарбаев Н.Ә. «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласының тарихи мазмұны қандай?

2. Осы мақалада көрсетілген бағдарламаларды жүзеге асыру қазақстан қоғамы үшін қандай нәтиже береді деп ойлайсыз?

3. Рухани жаңғыру бағдарламасының ұлттық мәдениетімізді сақтаудағы рөлі қандай?

4. Қазіргі қазақстан қоғамының мәдениетінің ерекшелігі неде?

1.2 Мәдениет тілі

Сабақтың мақсаты: Мәдениет пен тіл байланысын талқылау. Тілдің коммуникациялық қызметтерің қарастыру.

Негізгі ұғымдар: мәдениет, тіл, коммуникация, ақпарат, семиотика, белгі.

Қазіргі тіл біліміндегі зерттеулерде қарастырылып жүрген жаңа бағыттың бірі тіл мен мәдениет байланысына арналған. Көптеген зерттеу еңбектерінде тілдегі ұлттық танымды, ұлттық рухты, ұлттық құндылықтарды дамытуға бағытталған жұмыстар сөз болып келеді.

Бірқатар зерттеушілер тіл – мәдениетті танытушы құрал ғана емес, тілдің бойында оның (мәдениеттің) арқауын құрап, негізін қалайтын ұлттық рухтың ізін айқындап тұратын ұлы күш. Ұлттық мәдениеттің тірегі тілде. Қазақ халқының этностық, ұлттық мәдениеті, негізінен тілде көрініс тапқан.

Осы орайда тіл – ұлттық болмысымен қалыптасқан төл мәдениетіміз сақталған негізгі көздердің бірі екенін айтады. Біздіңше, сонымен қатар тіл – мәдени мұраларды ұрпақтан-ұрпаққа жеткізіп отырушы құрал. Тілші-ғалым Ә.Қайдар: «Кез келген тілдің қоғамда өзара байланысты үш түрлі қызметі бар. Оның басты қызметі – коммуникативтік, яғни қоғам мүшелерінің өзара қарым-қатынас жасап, бір-бірін түсінуі, пікір алысуы үшін қажетті қызметі. Оның екінші қызметі – көркем шығарма тіліне тән, адам баласына образ арқылы ерекше әсер ететін, ләззат сыйлайтын эстетикалық қызметі. Тілдің бұл қызметі, әрине қаламгердің шеберлігіне, сөз саптау мәдениетіне тікелей байланысты. Ал тілдің үшінші бір қызметі, ғылыми терминмен айтқанда аккумулятивті қызметі деп аталады. Ол – тілдің ғасырлар бойы дүниеге келіп, қалыптасқан барлық сөз байлығын өз бойына жиып, сөйтіп оны келешек ұрпаққа асыл мұра ретінде түгел жеткізіп отыратын қасиетті тіл фактілері мен деректері – тұла бойы тұнып тұрған тарих. Сондықтан этностың өткендегі тарихы мен этнографиялық байлығын біз ең алдымен содан іздеуіміз керек» дейді. Олай болса, мәдениет пен тілдің бір-бірімен байланысы күрделі, өте тығыз. Мәдениет адам қолымен жасалатын материалдық құндылық болғандықтан, ол таза табиғи үдеріс ретінде таныла алмайды. Себебі тіл адам баласына берілген рухани құндылық. Бір қырынан алғанда, мәдениет пен тілдің байланысы

мазмұн мен пішіннің байланысы секілді. Тіл – мәдениеттің өмір сүру формасы болса, мәдениет – оның ішкі мазмұны. Сондықтан да, тіл мен мәдениетті бір-бірімен бөліп қарауға болмайтын құбылыс деуімізге болады. Тіл қоғамдық үдеріс болғандықтан, антропонимия саласындағы сөздер де қоғамның өсу, дамуымен байланысты өзгеріп, мағыналық тұрғыдан жаңарып отырады. Антропонимдердің құрамында көне дәуірден келе жатқан ескі атаулармен бірге жаңа кезеңде пайда болғандары да басым болып келеді. Антропонимдер бойында жеке сөздер тарихы ғана емес, халық тарихы, халық этнографиясының қат-қабат іздері, ұлттық мәдениет жатыр.

Ономаст-ғалым А.Жартыбаев: «Бүгінгі таңда тіл білімінің дамуы түрлі бағыттармен ерекшеленуде, яғни лингвистика бірнеше бағыттағы лингвистикалық зерттеулер ағымдарын біріктіретін антропоцентристік ұстаным арқылы өрісін кең жайып, даму үстінде. Тіл бірліктерінің сан салалы қызметін, лингвомәдени табиғатын, тілдің санамен, таным үрдістерімен байланысын, көрінісін адаммен, яғни белгілі бір этникалық қауым өкілімен қатысты қарастыру қазіргі тілтанымның басты, үстем бағыты, ұстанымы екендігі анық» деп жазады.

Тілді ішкі жүйелік талдаудан антропоцентристік талдауға көшу ХХ ғасырдың аяғы мен ХХІ ғасырдың басындағы тіл білімінің есте қаларлықтай ерекшеліктерінің бірі болып табылады, өйткені тілдік құбылыстарды зерттеуде лингвистика тек қана тілдік, атап айтқанда адамдардың бір-бірімен пікір алысып өзара түсінісуі, дыбыстық, сөз құрамы және грамматикалық тәсіл жүйесімен шектеліп қала алмайды. Қазіргі лингвистикалық зерттеулер объективтік шындықты идеалды түрде бейнелеудің адамға тән ең жоғарғы формасы оның ақыл-ойы, санасы, ойлауы, рухани ішкі дүниесімен тығыз байланыста зерттеуге бағытталады. «Адам және тіл» мәселесі мол өзектілікке ие, өйткені тілді адекватты зерттеу ісі тілдің өз шеңберінен шығып, табиғат пен қоғамдағы белгілі бір ортада өмір сүретіндердің тобына жүгінгенде ғана толық мүмкіндікке ие болмақ» (Б.Тілеубердиев «Қазақ ономастикасының лингвокогнитивтік аспектілері»).

Иә, әрбір атаудың мән-мағынасында халқымыздың тарихы, мәдениеті, салт-дәстүрі, ырымы, наным-сенімі, т.б. жатқандығын көреміз. Мұның өзі қазақ халқының «ғаламның тілдік бейнесін» жасаудағы танымдық ой-пікірін, дүниеге көзқарасын, болмыс-бітімін танытады. Ғаламның тілдік бейнесі, ұлттық болмысы әр этноста әртүрлі болуы этностың тәжірибесімен, білімімен байланысты екені сөзсіз. Өйткені тілдік таңбаның таңбалаушы қызметі сыртқы дүниемен байланысында ғана емес, адамның өмірден көрген-білгені, көңілге түйгені білімнің негізі болып табылады. Оның тілдік бейнесі, ұлттық рухани болмысы әр халықта әртүрлі.

Ғалам бейнесін салыстыра талдау арқылы этностың (халықтың) ұлттық мәдениетінің, ұлттық дүниетанымының айырым тұстары мен тоғысар арналары танылады. Тілдік ұжым мүшесі жеке адам өз тіршілігінің әр сәтін ой елегінен қайыра өткізіп, өзінше ой түйіп, қорытынды жасағанда өзі өкілі болып отырған тіл иесі халықтың (этностың) ғасырлар бойы сұрыптап жинаған білімінде оның

жиынтығын санасына өлшем етеді. Зерттеуші Г.Сағидолла ғаламның тілдік бейнесінде халықтың тұрмыс-тіршілігі, салт-дәстүрі, наным-сенімі, жөн-жосығы сияқты ұлттық-мәдени қазыналары да, адамның күллі әлем, дүние жайлы түсініктері және сол әлемнен адамның өз орнын табуға деген талпынысы да, адамдар арасындағы қарым-қатынас та көрініс тауып жататынын атап өткен. Осыған сәйкес кісі есімдерінің семантикасы адамға қатысты болғандықтан, сол кісі есімдерін тудырған қазақ халқы «ғаламының тілдік бейнесінде» антропоцентрлік қасиет болмай қоймайды. Қандай да бір халықтың болмысы, өркениеттілігі, саналылығы және сауаттылығы оның тіл мәдениетімен, сол тілдің қолданыс ауқымының кеңдігімен, орамдылығымен және ұтымдылығымен өлшенеді. Еліміз егемендік алғалы ана тіліміз мемлекеттік мәртебеге ие болып, қолданыс өрісі кеңейді. Белгілі бір тілдің мемлекеттік мәртебеге ие болуы оңай бола қалатын іс емес. Себебі ол тіл сол мемлекеттің иесі болып отырған халықтың мүддесінен шығып, барлық саладағы мұқтаждықты өтей алатын дәрежеде болуы шарт. Өнер, әдебиет, мәдениет, баспасөз, радио, теледидар, дипломатиялық қарым-қатынас, ғылым, өндіріс, ресми іс қағаздар, т.б. салаларға дейін қызмет ететін қоғамның қажетті құралына айналуы керек. Есеп-қисап, қаржылық және техникалық құжаттамалар да осы тілде жүргізілуге тиіс. Сондай-ақ бұқаралық ақпарат құралдары, Қарулы Күштер, ғылым және білім беру салалары, халықаралық қызмет те осы талаптарға толық жауап беруге міндетті. Тілдерді дамыту – еліміздегі мемлекеттік саясаттың аса маңызды бағыттарының бірі. Тіл мәселелерін оңтайлы шешу – ұлтаралық, қатынастар үйлесімділігінің, халықтардың топтасуы мен қоғамдық келісімді нығайтудың да алғышарты. XX ғасырдың тоқсаныншы жылдарындағы жанартау болған жұрт жүрегінің жалыны бүгінде бәсеңдеген жоқ. Ұлтының тілін ұлықтаған ұрпақтың ұмтылысы ұдайы ұрандаудан тұрмайтыны хақ. Бұған сол жылдардағы жағдай мен қазіргі күйді салыстыра қарасақ, көзіміз жетеді. Әрине, әлі де аландатып отырған мәселе аз емес, алайда ауызды қу шөппен сүртуге де болмайды. Қоғамда тіл тағдырына деген түсіністік орныға бастады. Бұл осы уақытқа дейін барлық мүмкін болар оңды-солды жағдайды жете бағамдай отырып жүргізілген мемлекеттік тіл саясатының нәтижесі. Олай болса, тілді өзінің қарым-қатынас тілі ретінде қолданатын халық мәдениетінен бөлек үйрету дұрыс емес деп ойлаймыз.

Кез-келген халық тілі – сол халықтың шынайы этникалық болмысының айнасы. Тілді жаңа ғасыр баспалдағында теориялық-танымдық үрдісте зерттеу қажеттігі туып отыр. Бұл үрдіс тіл мен адам санасын тұтастықта қарастырып, тілдік білімді адам миының жемісі, күрделі ассоциативті-вербальді құрылым, болмысты рух пен ой бірлестігінде танытушы жүйе ретінде кешенді сипаттауға негізделеді. Адамзат өзін қоршаған шындықты, әлемдегі сан алуан құбылыстар мен олардың сана қасиетін сезім мүшелері арқылы сіңіріп, санамен түйсініп қана қоймайды, оған жауап қайырады, ақпаратты өзінше жаңғыртып, жаңа сапада қайта жасауға саналы-санасыз күйде талпыныс жасайды, өңдейді,

қорытады, елеп-екшейді, баға береді, тәжірибеде қолданады, бұлардың тұтас көрінісі ретінде ғаламның тілдік бейнесі жасалады.

Жоғарыда атап өткеніміздей, біз өмір сүріп жатқан заманда тек тілді үйренумен шектеліп қалу мүмкін емес. Бүгінгі тіл үйрету әдістемесінде үйреніп отырған тілді сол тілде сөйлейтін халықтың мәдениетімен байланыстыра оқыту қажеттілігі туындап отыр. Әлемдік байланыста қарым-қатынасқа түсу үшін саяси, экономикалық, әлеуметтік, мәдени тұрғыдағы таным-түсініктердің болуы маңызды рөл атқарады. Үйреніп отырған тілде сөйлеуші елдің тарихын, дәстүрін, мәдениетін үйрену – тіл үйретудегі маңызды элементтердің бірі.

Халық тарихын да, ұлттық мәдениеттің дамуын да, тіпті халықтық ойлаудың қалыптасуын да біз тек тіл арқылы анықтай аламыз.

Әдебиеттер:

- 1.ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаев Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру.
- 2.Дерек Джонстон «Философияның қысқаша тарихы: Сократтан Дерридаға дейін».2018ж.
- 3.Энтони Джон мен Патрик Кенни «Батыс философиясының жаңа тарихы, Антика философиясы» (4 томдық, I том) және «Батыс философиясының жаңа тарихы, Орта ғасыр» (4 томдық, II том).2018ж.
- 4.Элиот Аронсон«Көпке ұмтылған жалғыз: әлеуметтік психологияға кіріспе».2018ж.
- 5.Әбжанов Т.Ы. Қазақ рухының философиясы. — Қарағанды: ҚарМУ баспасы.
- 6.Н.Ә.Назарбаев «Тарих толқынында», Алматы «Атамұра». 1999ж.

Тапсырмалар:

Тапсырма 1

Төменде келтірілген кестені толтырыңыз

Мәдениеттің мәтіндік концепциялары Р. Барт, Ю. Кристева.	Мәдениеттің семиотикалық концепциялары: Ф. Соссюр, Ю.Лотман, Э. Кассирер, О. Сулейменов.

Тапсырма2

«Мәдени код түсінігі. Ұлттық мәдениеттің мәдени кодының қайталанбайтындығы. » атты тақырыпқа баяндама жазыңыз.

Тапсырма 3

Келтірілген ұғымдарға анықтама беріңіздер: мәдениет, тіл, коммуникация, ақпарат, семиотика, белгі.

Шығармашылық тапсырма

1.«Қазақ тілі және оның тұлғаның мәдени-этникалық идентификациясындағы рөлі» атты тақырыпты негізге алып ,эссе жазыңыздар.

Талқылау сұрақтары

1.Жаһанданудың ұлттық мәдениеттің өзгеруіне жасайтын ықпалы қандай?

2. Қазақ тілінің мәдени кеңістігінің мүмкіндігі қандай деп ойлайсыз?

3.Латын әліпбиіне көшу қаншалықты заман талабына жауап береді.

1.3 Мәдениет семиотикасы

Сабақтың мақсаты: Мәдениет семиотикасымен танысу және талқылау.

Негізгі ұғымдар: рухани жаңғыру, мәдениет, ұлттық идея, жаһандану, мәдениет,тіл, коммуникация, ақпарат, семиотика,белгі.

Семиотика (semeion - белгі, таңба).Семиология-таңбалық белгілер жүйесі туралы ғылым, адамзат қоғамына қызмет ететін салалардағы тіл,мәдениет, салт-дәстүр,кино және т.б, табиғаттағы (жануарлар дүниесіндегі коммуникация) немесе адамның өз қызмет-қабілетіндегі (заттарды көру, есту арқылы қабылдау, логикалық пайымдау) ақпараттың сақталуы мен қабылдануына қатысты әр түрлі таңбалық жүйелердің құрылымы мен қызметінің жалпы мәселелерін зерттейтін ғылыми пән.

Неміс философы Фридрих Ницше (1844-1900) "өмір философиясының" негізін қалаушы ретінде белгілі. Ф.Ницше мәдениет типологиясының толық картинасын беруді арнайы мақсат етіп тұтпағанымен, оның "өмір философиясына" сәйкес, философиялық шығармалырының бүкіл контекстінен ("Трагедияның музыка рухынан пайда болуы", "Мезгілсіз пайымдаулар", "Заратустра осылай деген", "Антихристианин және т.б.") батыстық мәдениет генезисінің өзіндік концепциясы өз-өзінен туындайды. Ол батыстық мәдениеттің қайнар көздерін антикалық заманнан шығара отырып, оның кезеңдерін – христиандықты, қайта өрлеуді, жаңа заманда өзінше пайымдайды.

Ф.Ницше мәдениетті адамзаттың өзін-өзі іске асыруының тәсілі ретінде қарастырып, онда физикалық тұрғыда әлсіз "зоологиялық түрдің" (адамның) аман қалу барысында қалыптасқан басты қасиеттері ретінде интеллект пен қиялды бөліп көрсетеді. Ницшенің түсінігінше, мәдениет "билікке деген ерік", "өмірге деген ерік" принциптерімен өлшенеді. Адам болмыстың қасіретінен жоғары тұрып, жоғары адамға айналуы тиіс. Жоғары адам идеясы өмірдің неғұрлым жетілген формаларын құру үшін адамзат табиғатының көптеген қасиеттерін игеру қажеттілігіне меңзейді. Жоғары адам өміріндегі барлық өзіне қарсы кеселді, жалғандықты, дұшпандықты жоя алады, тобырдың моралынан азат бола отырып ол өзінің әрекеті үшін жауапкершілікті мойнына алады. Жоғары адам өмірінің өрлеуімен сипатталатын трагедиялық дәуірдің туындысы, оның энергиясы екі бастаумен толтырылған: дионистік және аполлондық. Мұндай нағыз мәдениетті Ницше Сократқа дейінгі Грециядан табады, онда болмыстың тұтастығының, өмірдің толықтығының символдары –

Апполлон мен Дионис энергияларының, бұл екі бастаудың теңдігі мойындалған болатын. Бұл екі түпкі бастау антикалық мәдениеттің ғарышын қалыптастырды, ол кейінірек бүкіл батыстық сананы қамтыды, бірақ өзінің бұрмаланған формасында. Бұл бұрмалау Ф.Ницшенің пікірінше, батыстық мәдениетті дағдарысқа әкелді, "құндылықтардың барлығын қайта бағалау" ахуалын орнатқан, "құдайдың өлімі" коцепциясын жарияланған "европалық нигилизмге" ұласты.

Макс Вебер (1864-1920) – XIX ғ. аяғы мен XX ғ. басындағы ең ірі әлеуметтанушылардың бірі. М.Вебердің айналысқан ғылыми салалары өте кең: ол антикалық заман, ортағасырлар мен жаңа заманның діні мен өнері, құқығы мен шаруашылығының тарихын зерттеді. Урбанизация мәселесіне байланысты антикалық және ортағасырлық қалалардың тарихымен айналысты. Мәдениет туралы ғылымның жалпы маңыздылығы М.Вебер зерттеулерінің негізгі тақырыбына айналды. Оның логикалық-методологиялық қондырғылары өз құрамында мәдениет саласын да кіргізетін әлеуметтік ғылымдардың таным принциптерін жасақтауға үлкен ықпал етті. Ол барлық таным ғылымның мүдделері мен құндылықтарына байланысты деп есептеді. Сондықтан ол әрбір нақты жағдайдағы эмпирикалық объекті зерттеудің тәсілі мен таңдауын анықтайтын "танымдық мүдде" ұғымын енгізеді. Сонымен қатар әлемді көрудің мәдени-тарихи тәсілін анықтайтын "құндылықтың идеясы" ұғымын да енгізді, өйткені біз мәдени жан болғандықтан оны бағаламай, оған мән бермей әлемді зерттей алмаймыз. Таным барысында қай құндылықтың анықтаушы болатыны ғалымның өзіндік шешімінің нәтижесі емес, уақыт рухының, мәдениет рухының өнімі. Вебер құндылықты белгілі бір тарихи дәуірдің қондырғысы ретінде, оған тән "мүдденің бағыты" ретінде түсіндіреді. Зерттеудің бағыты мен мақсатын анықтайтын идеялар мен мүдделер уақыт ағымында өзгереді, мәдениет туралы ғылымдарда келтіретін ұғымдарда, яғни "идеалды типтерде" бейнеленеді. Идеалды тип теориялық конструкциялар түрінде көрінетін "дәуірдің мүдделері" болып табылады.

П.Сорокиннің әлеуметтанымдық концепциясы. Питирим Сорокин (1889-1968) орыс және американа әлеуметтанымдық мектептерінің негізін қалаушы. Ол әлемнің барлық тілдеріне дерлік аударылған елуге жуық кітаптардың авторы. Ол өзінің макросоциологиясының шеңберінде өркениеттердің рационалды теориясының негізін қалады. Және бұл концепция, ең алдымен мәдениет типологиясы (өркениет) тұрғысынан қызық. Бұл концепция оның "Әлеуметтік және мәдени динамика", "Біздің дәуірдің дағдарысы" деген еңбектерінде айқын сипатталып, онда батыстық мәдениеттің дағдарыстық ахуалын суреттейді. Оның пікірінше "қазіргі дағдарыс экстраординарлық сипатқа ие. Бұл тек экономикалық немесе саяси оқиқылықтар емес, дағдарыс бүкіл батыстық мәдениет пен қоғамды, оның барлық басты институттарын бір мезгілде қамтып отыр. Бұл өнер мен ғылымның, философия мен діннің, құқық пен моральдың, өмір тәртібі мен әдеттердің дағдарысы. Бұл – неке мен отбасы формаларына дейінгі әлеуметтік, саяси және экономикалық ұйымдардың формаларының дағдарысы... бұл - батыстық қоғамға тән ойлау тәртібі мен

жүріс-тұрыс қалпының, бүкіл өмірдің дағдарысы. Егер дәлірек айтсақ бұл дағдарыс соңғы төрт жүз жылғы батыстық мәдениет пен қоғамның негізін құрайтын формалардың күйреуімен сипатталады". М.Вебермен келісе отырып ол "мәдениет бір-бірімен ешқандай байланыссыз, қатар өмір сүретін алуан түрлі құбылыстардың жиынтығы ғана емес, бүкіл құрамдас бөліктерінің өн бойы жалғыз негіз құраушы принциппен қамтылған және жалғыз әрі басты құндылықты білдіретін тұтастық немесе индивидуалдық болып табылады. Дәл осы құндылық барлық мәдениеттің негізі және ірге тасы қызметін атқарады", - деп есептейді. Сондықтан құрамдас құндылықтың біреуі өзгерген жағдайда, қалған өзгелері де осындай өзгерістерге ұшырайды. Мәдени типтердің құндылықтары қатарына ғалым мыналарды жатқызады: өнер мен ғылымның, философия мен діннің, этика мен құқықтың басым қасиеттері, әлеуметтік, экономикалық және саяси ұйымдардың, әдет-ғұрыптардың өмір тәртібі мен ойлаудың (менталитеттің) негізгі формалары.

Қазіргі заманғы тенденцияны ол өзгермелі дүниетаныммен байланыстырады: "адам әлемді өз-өзінен бар, сенімді, жылы ұя ретінде сезінуден қалды. Әлем бөтен нәрсеге айналды және өзінің бұл жаңа сапасында ол жаңа діни мәнге ие болды". Бұл жаңа діндарлық әлемнің ортасындағы адамның жалғыздық сезімінен туындайды, адамзаттың соңғы жиекке жетуін сезінуден және онда жоғалып кетпес үшін батыл болып, жауапкершілікті өз қолына алуды сезінуден келіп шығады.

Ф.Ницшенің, М.Вебердің, П.Сорокиннің жоғарыда қарастырылған концепциялары мәдениет теориясы мәселесіне қатысты әртүрлі тәсілдерді білдіреді. Бұл концепциялардың әрқайсысы мәдениет сияқты күрделі феноменнің алуан түрлі картинасы туралы көзқарасты әртүрлі ғылыми және дүниетанымдық позициялар тұрғысынан береді.

Әдебиеттер:

- 1.ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаев Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру.
- 2.Дерек Джонстон «Философияның қысқаша тарихы: Сократтан Дерридаға дейін».2018ж.
- 3.Энтони Джон мен Патрик Кенни «Батыс философиясының жаңа тарихы, Антика философиясы» (4 томдық, I том) және «Батыс философиясының жаңа тарихы, Орта ғасыр» (4 томдық, II том).2018ж.
- 4.Реми Хесс «Философияның таңдаулы 25 кітабы».2018ж.

Тапсырмалар:

Тапсырма 1

Төменде келтірілген кестені толтырыңыз

Қазақ және түркі мәдениеттің рәміздері мен архетиптері..	Заманауи қазақстандық мәдениет рәміздері.

Тапсырма2

«Ғылым мен техниканың негізгі рәміздері» атты тақырыпқа баяндама жазыңыз.

Тапсырма 3

Келтірілген ұғымдарға анықтама беріңіздер: рухани жаңғыру, мәдениет, ұлттық идея, жаһандану, мәдениет, тіл, коммуникация, ақпарат, семиотика, белгі.

Шығармашылық тапсырма

«Саясаттағы рәміздер. Қазақстан Республикасының мемлекеттік-саяси рәміздері» атты тақырыпты негізге алып, презентация жасаңыздар.

Талқылау сұрақтары

1. Рухани жаңғыру бағдарламасының ұлттық мәдениетімізді сақтаудағы рөлі қандай?

2. Мәдени кодтың ұлттық болмысты сақтап қалудағы рөлі қандай?

3. Қазіргі қазақстан қоғамының мәдениетінің рәміздерінің ерекшелігі неде?

1.4 Мәдениет анатомиясы

Сабақтың мақсаты: мәдениет анатомиясымен танысу, мәдениет құрылымы мен қызметтерін талқылау.

Негізгі ұғымдар: мәдениет, миф, өнер, дін, мораль, философия, құқық, саясат, ғылым, техника.

Мәдениетті бағалаудың, түсінудің, зерттеудің әртүрлілігі сияқты мәдениет әлемі де алуан түрлі. Біз "дәуір мәдениеті", "этнос мәдениеті", "ұлттық мәдениет", "христиандық мәдениет", "мұсылмандық Шығыс мәдениеті", "апполондық мәдениет", "Қытай мәдениеті" және т.б. ұғымдарды көп кездестіреміз. Осыған ұқсас барлық ұғымдар әртүрлі мәдени тұтастықтарды тарихи, немесе әлеуметтік, немесе философиялық көзқарастар тұрғысынан жіктеу нәтижесінде тізбектеледі. Білімнің әрбір гуманитарлық саласы мәдениеттің алуан түрлілігін өз негіздеріне сай белгілі бір классификацияда жіктеуге ұмтылады, мұның ақыры, бүтіндей алғанда, мәдениеттің типологиясына немесе философиясына әкеледі.

Мәдениет философиясының пәні мәдениет формаларын, олардың мағынасын философиялық талдау болып табылады. Басқаша айтқанда, культурфилософия (мәдениет философиясы) мәдениеттің идеясын, мақсаттарын, принциптері мен алғышарттарын зерттейтін, универсалды және барлығын қамтитын феномен ретінде мәдениетті философиялық пайымдауға бағытталған философиялық пән болып табылады. "Культурфилософия" терминін XIX ғасырдың басында неміс философы А.Мюллер енгізді. Мәдениет философиясы дербес сала ретінде XVIII ғасырдың аяғында XIX ғасырдың

басында бөлініп шыға бастағанымен XX ғасырда ерекше қарқынды дамыды. XX ғасырдың басында культурфилософия мәдениет эволюциясының әртүрлі кезеңдерін зерттеуге бет бұра бастайды. Осыған байланысты мәдениет феномендерін зерттеуде ерекше тәсілдерді қолданып, онымен айналысатын арнайы ғылым саласын қалыптастыру идеясы пайда болды. Мысалы, жаңақантшылар В.Виндельбанд (1848-1915) пен Г.Риккерт (1863-1936) "мәдениет туралы ғылымдар" мен "табиғат туралы ғылымдарды" ажыратуды ұсынды. Осылайша олардың концепциясы мәдениет философиясындағы оппозициялардың бірін – мәдениет пен табиғаттың арақатынасы мәселесін, сондай-ақ мәдениеттің құндылықтық (аксиологиялық) мәнін айқындады.

Ф.Ницше мәдениеттегі дионистік және аполлондық бастаулар туралы. Ф.Ницше мәдениет типологиясының толық картинасын беруді арнайы мақсат етіп тұтпағанымен, оның "өмір философиясына" сәйкес, философиялық шығармаларының бүкіл контекстінен ("Трагедияның музыка рухынан пайда болуы", "Мезгілсіз пайымдаулар", "Заратустра осылай деген", "Антихристианин және т.б.") батыстық мәдениет генезисінің өзіндік концепциясы өз-өзінен туындайды. Ол батыстық мәдениеттің қайнар көздерін антикалық заманнан шығара отырып, оның кезеңдерін – христиандықты, қайта өрлеуді, жаңа заманда өзінше пайымдайды.

Ф.Ницше мәдениетті адамзаттың өзін-өзі іске асыруының тәсілі ретінде қарастырып, онда физикалық тұрғыда әлсіз "зоологиялық түрдің" (адамның) аман қалу барысында қалыптасқан басты қасиеттері ретінде интеллект пен қиялды бөліп көрсетеді. Ницшенің түсінігінше, мәдениет "билікке деген ерік", "өмірге деген ерік" принциптерімен өлшенеді. Адам болмыстың қасиетінен жоғары тұрып, жоғары адамға айналуы тиіс. Жоғары адам идеясы өмірдің неғұрлым жетілген формаларын құру үшін адамзат табиғатының көптеген қасиеттерін игеру қажеттілігіне меңзейді. Жоғары адам өміріндегі барлық өзіне қарсы кеселді, жалғандықты, дұшпандықты жоя алады, тобырдың моралынан азат бола отырып ол өзінің әрекеті үшін жауапкершілікті мойнына алады. Жоғары адам өмірінің өрлеуімен сипатталатын трагедиялық дәуірдің туындысы, оның энергиясы екі бастаумен толтырылған: дионистік және аполлондық. Мұндай нағыз мәдениетті Ницше Сократқа дейінгі Грециядан табады, онда болмыстың тұтастығының, өмірдің толықтығының символдары – Аполлон мен Дионис энергияларының, бұл екі бастаудың теңдігі мойындалған болатын. Бұл екі түпкі бастау антикалық мәдениеттің ғарышын қалыптастырды, ол кейінірек бүкіл батыстық сананы қамтыды, бірақ өзінің бұрмаланған формасында. Бұл бұрмалау Ф.Ницшенің пікірінше, батыстық мәдениетті дағдарысқа әкелді, "құндылықтардың барлығын қайта бағалау" ахуалын орнатқан, "құдайдың өлімі" концепциясын жарияланған "европалық нигилизмге" ұласты.

Ф.Ницшенің түсіндірмелерінде Аполлон мен Дионистің мифологиялық бейнелері культурфилософиялық мәнге ие болады. Ежелгі грек мифологиясының кейіпкерлері Аполлон мен Дионистің әртүрлі қасиеттерді білдіргені белгілі. Платон, мысалы, Аполлонның бейнесін өзінің атқарған

негізгі мифологиялық функцияларына қарай (садақ атқыш, көріпкел, адамзаттық және ғарыштық үйлесімділіктің сақтаушысы) пайымдады. Аполлон Герместен кифараны алып, музыканың қамқоршысы атанды. Кейіннен пластикалық өнердің үйлесімділігін білдірді. Оның бейнесіндегі рационалдық пен стихиялық күштің бірігуі оның Диониспен арасындағы қарама-қайшылыққа қарамастан байланыстың болғандығын дәлелдейді. Өз кезегінде Дионис те Аполлонмен қатар тұтылған тәңірдің бірі. Парнаста әрбір екі жыл сайын Дионистің құрметіне оргиялар ұйымдастырылып тұрды. Ницше аполлондық бастауды пластикалық өнермен, ал Дионисті музыкамен байланыстырады. Аполлон мен Дионистің бәсекелестігін келісімге келтіріген Эсхил мен ежелгі грек трагедиясы болды, кейінірек оны ақылға табынушылық басып тастады. Сократ, Платоннан басталған әлемді өз заңдары бойынша рационалды түрде тәртіпке келтіруге тырысқан философиялық және мәдени дәстүр жоғары адамның трагедиялық дүниетанымын бұрмалайды. Бұл дәстүрді Ф.Ницше "әлемге жала жабу" деп атайды. Өйткені ол өмірден барлық "ақылға тән емес" нәрселерді алып тастайды. Бұл батыстық мәдениеттің дионистік бастауды "ақылмен", "ақиқатпен", "Құдаймен" басып тастау арқылы, яғни жоғары аполлонизм жолымен жүргендігін көрсетеді. Осылайша, адамзаттың табиғи қалпы, философтың пікірінше, христиандық жағынан бұрмалауға ұшырады, адам болмысының нағыз көздері Құдайдың көлеңкесінде жасырын қалды. Ал кейінірек, жаңа заманда Құдай бейнесі әлемді заңды тәртіпке келтіруге тырысқан интеллекттің, ғылыми ақиқаттың бейнесімен алмасты. Өмір интеллект ойынының ережелерімен реттелетін болды, онда өзін-өзі анықтауға орын қалмады, тіршілік апофеозы қалыптасты. Мұның бәрі адамды өмір сүрудің көзі - өмірден арасын алшақтатты. Ф.Ницше өмірмен көбірек байланысты иллюзияның түрі ретінде - өнердің рөлін ерекше бағалайды: "мәдениет- бұл бейберекетсіз хаостың сыртындағы жұқа ғана алманың қабықшасы". Ол адамзатты күйреуден сақтауы тиіс және еркіндік пен шығармашылықты бағалайтын адамгершілікті және дені сау адамды қалыптастыруы қажет. Бұл құрамында дионистік (өмірлік күштердің еркін ойыны) және аполлондық (өлшемділік, шектеулік) бастаулар өз тұтастығы мен тепе-тең қайшылығында көрінетін өнер болуы керек.

М.Вебердің "идеалды типі" әлеуметтік-мәдени теорияның методологиясы ретінде. Макс Вебер (1864-1920) – XIX ғ. аяғы мен XX ғ. басындағы ең ірі әлеуметтанушылардың бірі. М.Вебердің айналысқан ғылыми салалары өте кең: ол антикалық заман, ортағасырлар мен жаңа заманның діні мен өнері, құқығы мен шаруашылығының тарихын зерттеді. Урбанизация мәселесіне байланысты антикалық және ортағасырлық қалалардың тарихымен айналысты. Мәдениет туралы ғылымның жалпы маңыздылығы М.Вебер зерттеулерінің негізгі тақырыбына айналды. Оның логикалық-методологиялық қондырғылары өз құрамында мәдениет саласын да кіргізетін әлеуметтік ғылымдардың таным принциптерін жасақтауға үлкен ықпал етті. Ол барлық таным ғылымның мүдделері мен құндылықтарына байланысты деп есептеді. Сондықтан ол әрбір нақты жағдайдағы эмпирикалық объекті зерттеудің тәсілі мен таңдауын

анықтайтын "танымдық мүдде" ұғымын енгізеді. Сонымен қатар әлемді көрудің мәдени-тарихи тәсілін анықтайтын "құндылықтың идеясы" ұғымын да енгізді, өйткені біз мәдени жан болғандықтан оны бағаламай, оған мән бермей әлемді зерттей алмаймыз. Таным барысында қай құндылықтың анықтаушы болатыны ғалымның өзіндік шешімінің нәтижесі емес, уақыт рухының, мәдениет рухының өнімі. Вебер құндылықты белгілі бір тарихи дәуірдің қондырғысы ретінде, оған тән "мүдденің бағыты" ретінде түсіндіреді. Зерттеудің бағыты мен мақсатын анықтайтын идеялар мен мүдделер уақыт ағымында өзгереді, мәдениет туралы ғылымдарда келтіретін ұғымдарда, яғни "идеалды типтерде" бейнеленеді. Идеалды тип теориялық конструкциялар түрінде көрінетін "дәуірдің мүдделері" болып табылады.

М.Вебердің әлеуметтануында әртүрлі идеалдық типтерді, яғни үстемдіктің (билік формасы, басқару), әлеуметтік әрекеттің, діннің типологиясын табуға болады.

Мәдениеттаным үшін оның дін немесе діни өмір типологиясы қызығушылық тудырады. Бұл мәселеге оның "Протестант этикасы және капитализм рухы", "Дін социологиясы" еңбектері арналған. Ғалым өзінің жұмыстарын дамыған қоғамдарға тән діндарлықтың формаларын зерттеуге арнайды, негізгі назарды әлемдік діндерге аударады: буддизм, иудаизм, зороастризм, христиан, ислам, яғни өзіндік санасы жетілген тұлғаның, интеллектуалдық дамудың, әлеуметтіліктің жоғары деңгейі байқалатын қоғамдардың діндері. Діни өмірдің әртүрлі формаларының материалдары негізінде М.Вебер қандай әлеуметтік жағдайларда, әлеуметтік топтар мен кәсіби топтарда діннің ғұрыптық-табынушылық, аскеттік-әрекеттік, мистикалық-пайымдық және интеллектуалды-догматтық сәттері басым болатынын бақылайды. Магиялық элементтер егінші халықтардың (әсіресе шаруаларда) дінінде көп ұшырасады, тағдырға, жазмышқа сену жауынгер халықтардың (әскерилердің) дініне тән; қала халқының (қолөнершілер еңбек процесін рационалды ұйымдастыруға бағынышты) рационалды сипатта болады.

Әлемдік діндер тек бір халықтың немесе топтың ішінде ғана таралмайтындықтан жоғарыда көрсетілген сәттердің әртүрлі қосындылары кездесіп отырады. Вебер қытай мәдениетінде орасан зор рөл атқарған конфуцийшілдікті талдай отырып, діндарлықтың индивидуалды типін былайша сипаттайды. Конфуцийшілдік өте нақтылы, буддизмге немесе христиандыққа тән о дүниеге деген қызығушылық оған мүлде жат. Конфуцийшілдік этиканың маңызды игіліктері - ұзақ өмір, денсаулық, байлық, яғни бұл дүниедегі берекелі өмір. "Ресми конфуцийшілдікте батыстық мағынадағы индивидуалды жалбарыну жоқ. Ол тек ғұрыптық формаларды ғана біледі." Құдайтаңдаушылық, аяугершілік идеялары қытай рухына жат. "Буддизм сияқты конфуцийшілдік те этикалық ілм болды. Алайда өзінің ішкі әлемдік этикасына сай ол буддизмге қарама-қарсы. Буддизмге қарағанда конфуцийшілдіктің онан да үлкен айырмашылығы сыртқы әлемге, оның тәртіптері мен шарттарына бейімделуінен көрінеді". Конфуцийшілдіктің ақыл-ойы, - деп жазады М.Вебер,

- тәртіптің рационализмі болды. Қатар, тәртіп және үйлесімділік сияқты конфуциандық этиканың негізгі принциптері мемлекеттік жағдайға да, адамзат жанының жағдайына да бірдей қолданылады. Конфуциандық этиканың ерекшелігі оның рационализміне қарамастан зұлым күштерге үстемдік ететін магияға қарсы келеді. Вебер конфуцийшілдіктегі екі бастауды көрсетеді: этикалық-рационалдық және иррационалдық-магиялық. Рационализмнің бұл типінің батыстық типтен айырмашылығы оның магиямен және дәстүршілдікпен бірігуінде болды және сондықтан, мұнда шаруашылық жүргізудің, басқарудың батыстық формалары, табиғат пен адамға деген абстрактілі-формальды қатынас қалыптаса алмайды.

М.Вебер діндерді олардың әлемге деген әртүрлі қатынастарының негізінде де жіктейді. Егер конфуцийшілдік әлемнің өмір сүруін мойындаса, ал буддизм оны теріске шығарады. Кейбір діндер әлемді оның жетілдіру мен түзетулері жағдайында қабылдайды. Олардың қатарына зороастризм, христиандық және ислам жатады. Әлемнің қабылдануы және қай мөлшерде қабылдануына қарай діни этиканың саясатқа қатынасы бағынышты. Әлемді теріске шығаратын діндердің әдетте саяси белсенділігі төмен. Әлем толық қабылданатын жерлерде діни көзқарастар саясат саласымен толық келісімге келеді.

Әдебиеттер:

1. ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаев Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру.
2. Дерек Джонстон «Философияның қысқаша тарихы: Сократтан Дерридаға дейін».2018ж.
3. Энтони Джон мен Патрик Кенни «Батыс философиясының жаңа тарихы, Антика философиясы» (4 томдық, I том) және «Батыс философиясының жаңа тарихы, Орта ғасыр» (4 томдық, II том).2018ж.
4. Реми Хесс «Философияның таңдаулы 25 кітабы».2018ж.
5. Дэвид Бринкерхофт «Әлеуметтану негіздері».2018ж.
- 6.Джордж Ритцер,Джеффри Степницкий «Әлеуметтану теориясы».2018ж.
7. Элиот Аронсон«Көпке ұмтылған жалғыз: әлеуметтік психологияға кіріспе».2018ж.
8. Карен Армстронг «Иудаизм, Христиандық пен Исламдағы 4000 жылдық ізденіс: Құдайтану баяны».2018ж

Тапсырмалар:

Тапсырма 1

Төменде келтірілген кестені толтырыңыз

Мәдениет формалары	Анықтамасы
Миф	
Өнер	
Дін	
Мораль	
Философия	

Құқық	
Саясат	
Ғылым	
Техника	

Тапсырма 2

«Ғылым мен дін» атты тақырыпқа баяндама жазыңыз.

Тапсырма 3

Келтірілген ұғымдарға анықтама беріңіздер: рухани жаңғыру, мәдениет, ұлттық идея, жаһандану, мәдениет, тіл, коммуникация, адамгершілік, мораль, этика.

Шығармашылық тапсырма

«Қазақ халқының мифологиялық дүниетанымы атты» тақырыпты негізге алып, презентация жасаңыздар.

Талқылау сұрақтары

1. Мәдени формалардың түрлері қандай?
2. Қазіргі таңда рухани немесе материалдық құндылықтар басым ба?
3. Номад мәдениетінің ерекшелігі неде?
4. Ұлы дала өркениетінің тарихтағы рөлі мен қалдырған ізі қандай?

1.5 Қазақстан көшпелілерінің мәдениеті

Сабақтың мақсаты: Қазақ жеріндегі көшпелілердің мәдениетімен танысу, Ұлы даланың адамзат тарихына қосқан үлесін қарастыру.

Негізгі ұғымдар: номад мәдениеті, ұлы дала, ұлттық мәдениет.

Еуразиялық Ұлы Даланы игерген Көшпелілер өркениетінің өрлеу құлдырау ырғақтары сабақтасып, талай тарихи үрдістерден өтті. Орталық Азия өзінің кеңістікте орналасуына байланысты балға мен төстің арасында шындалды. Отты қару пайда болғанға дейін мыңдаған жылдық адамзат тарихында ат жалында өскен көшпелілер ең қаһарлы күш болғаны күмән тудырмайды. Вебер айтқандай, номадалар техногендік өркениет пайда болғанға дейін кеңістікте мәдени катализаторлар қызметін атқарды. Нақтылы тарихын шсақ, далалық өркениет әлемдік дамудың бір қозғаушы күші болды.

Көшпелі мал шаруашылығына өтудің себебі - табыс пен қосымша өнімнің көзін тауып, табиғат пен адамның арақатынасын тиімді шешу арқылы мал шаруашылығын жетекші кәсіпке жеткізуінде еді. Мал және жер кәсібі шаруашылықтың әр саласындағы деңгей мәртебесіне көтерілді.

Жағрафиялық ртаның ерекшелігіне байланысты жер өңдеуде ирригациялық жүйе, мал бағуда оршаған ортаға бейімделген табынның

құрамын шығару, жылқы жануарының асиетін танып оны көлік ретінде қолдану, дамыған әлеуметтік дифференциация оғамдық өмірде «далалық билік және басқару институттарының» заманына сай ұрылыстарын әкелді. Кеңістікті игеру құралы мен меңгеру ісінде көлік ретінде ылқы елеулі әсер етті. Кеңістікті игергенде осы даланы тұтас бір континиум деп ғынды.

Батыс пен шығыс, солтүстік пен оңтүстік өлшемдерін таныды. Дүниетанымдағы болмыс тіршілігі - жалпыұлттық тұтастық идеясын аратты. сы көріністерді тектік аңыз-шежірелерден, эпос-дастандардан айқауға болады. Көшпелілерге тән этникалық құрылым тек саяси- әлеуметтік құбылыс деңгейімен шектелмей, қауымның өз ішінде уындаған ажетті факторлар белгілі бір тәртіпті жүйеге айналды. Көшпелі этностың асиет сипаттары болмыс дүниесінен бөле-жаруға келмейтін біртұтастық, инкреттілік. Яғни, табиғи ортамен гармониялық қарым-қатынастар стінде пайда болған тұтас дүние. Мысалы, біріншіден: этностың аратушы әкесі – Тәңір, анасы – Байана қасиетті Жер Су). Бұл өшпенділердің шығу тегі; екіншіден: әкеден қалған елді ш ұлына бөліп еру, сыннан өткен ішіндегі біреуіне билік жүргізу, бұл ішінара өліну әртібі. Қасиет дарыған бала ғана билік жүргізе алады, осыдан Тәңірдің ырылқауымен билік лауазымдары қалыптасты: Сары (Царь), Тәңірқұт, үнби, аған, Хан және т.б. Бұл – көшпелі қоғамда қолданылатын еритократиялық әстүр; үшіншіден: бір атадан тараған үш рудың жиыны түрлі тайпалардың асын бір этникалық бірлестікке жинақтау жеттілігінен туындаған. Бұл үштік үйе саяси ұйымдасудың көрінісі; төртіншіден: көктен түскен алтын заттар оғамның күрделі әлеуметтік траттарын нұсқауға немесе бір идеялдық модельді тиянақтауға негізделген. Мысалы, соқа – егіншіліктің, айбалта – жауынгерліктің, тостаған – бақсылықтың нышаны. Бұлар қазақ арасындағы – қамшы, қауға, найза дәйектеріне ұқсас; бесіншіден: рулардың өзара аға, іні тәртібімен туысуы. Рулардың тотемдік қатынастар арқылы туысуы. Көшпелілердің этникалық туысуы өзіне қашан да генеалогиялық дәнекер іздейді. Мәселен, Алаша хан туралы аңыз. Бұл қатынас Ел бірлігін дәйектейді. ай заманды алсақ та, көшпелілердің этникалық тіршілігі ру- тайпалар арасында теді. Бұл тіршілік рудың мызғымас беріктігін сақтайтын заңға бағыну керек. сы аңды жаратқан билік. Билік болса, қоғамдық организмдердің тіршілігін реттеу ажеттілігінен пайда болғаны анық. Өте ерте дәуірлерден бастап билік пен билік атынастарын қоғамда идеологиялық тұрғыда заңдастыруда «генеалогия» нақты әлеуметтік және потестарлы-саяси кезеңдерде өзінің бейімділігімен рекшеленеді. Бұл арада потестарлы жүйенің туыстық қатынастарды нықтайтын атегориялармен белгіленуі қоғамдық тіршілік әрекетіндегі біртұтастықты ілдіреді. Көшпелі құрылымдарға тән «бір атаның ұрпағы, бір тамырдың ұтағы» еген ұстаным әлеуметтік-мәдени, шаруашылық, экономикалық, экологиялық ағы сол сияқты күрделі жүйелердің туыстық қатынастармен өзара үйлесуін ілдіріп, жалпы тұтастықтың ұйытқысы ретінде билік қызметін атқарады. Уыстық жүйе арқылы билік жүргізу генеалогиялық құрылымдағы алатын рнына, яғни рудың негізін қалаушы түп атаға, ондағы буындардың генетикалық қашықтығына байланысты жүзеге асады. Яғни, генеалогиялық құрылымның

қандай да бір бөлінісіне жату қандай да бір топтың, рудың, жеке адамның қоғамдағы әлеуметтік жағдайы мен мәртебесіне ықпал ете алды, басқа топтар мен жеке адамдардың олармен қарым-қатынасының сипатын айқындады. Тек қана генеалогиялық құрылымда алатын орнына байланысты бекітілген құқықтық міндеттері болған, оның өзі салт-жоралық деңгейде іске асатын. Генеалогиялық құрылымның негізін құрайтын әртүрлі деңгейдегі тармақтар - оғамдық қатынастардың типтері мен деңгейлерін реттейтін институттанған әсілі. Осы құрылым аумағында жалпы қауымның тіршілік әрекеті реттеліп тырды. Бір тамырдан өрбіген тектік тұтастық рулық жүйе арқылы жүзеге асқан. ағы бір айтып кететін жайт, орталықтанған мемлекеттің пайда болуына ең асты ірек - қоғамдық идеология орасан зор ықпал етті. Сонымен, генеалогиялық уыстық құрылымда – бір ата, жеті ата, ру, ұлыс, жүз – тағы сол сияқты буындар з кезегінде әкімшілік-әлеуметтік жүйенің ұйытқысы болды. Ал туыстық тауларды қолдану билік қатынастарында аса маңызды қызмет атқарды. Осы оғарыда айтылған рулық құрылым - билік және билік қатынастарын заңдастырды дедік. Ал оған пайда көзі болатын шаруашылық қажет. Болмыс тіршілігі мал кәсібін жетекші немесе басшы (ведущий) шаруашылық көзіне айналдырды. Көшпелі өркениет шаруашылық жағынан бірнеше құрамдас бөлігі ар жүйе ретінде өмір сүрген соң, олардың арасында айырбас дами бастады. тырықшы мекендер қала дәрежесіне жетіп, көшпенділердің әкімшілік рталықтарына, сауданың орнына айнала бастады. Сөйтіп, Ұлы Далада керуен олы, Ұлы Жібек жолы дамып қалыптасты. Көп салалы мен көп деңгейлі аруашылық жүйесін бақылауда көшпенділерде тәжірибе бар болатын. Салық төлеушілер тұрғындарына бейбітшілік пен қорған керек болды. Осы түйіскен ерде көшпенділер мемлекеттік бірлестіктер құра бастады (сипатына қарай, олар айпа одағы, ерте мемлекеттік бірлестіктер, империялық болып дамуына қарай егізделді). Осы жағдайда, көшпелілердің саяси тарихы, тіршілігі мен әлеуметтік үрдісінде маңызды рөл атқарып, қарқынмен дамыған соғыс ісі еді. Сауыт-саймандар, орташа және алыс қашықтықта қолданылатын соғыс қарулары пайда бола бастады. Олардың негізгі соғыс күші атты әскерлер еді. Көшпелілер ірлестігінің әскери шапқыншылықтарының салдарынан отырықшы елдерде өшпелілер әулетінің өкілдері мемлекет құрып басында отырды. Осы мәліметті аутский былай деп баяндайды: « взаимодействия крестьян и номадов привели к ому, что номады подчинили крестьян себе и сделали их своими данниками. очевые племена соединили многочисленные общины и крестьянские области в дно целое, стали во главе этого общества, начали его эксплуатировать и ерестали быть при этом кочевниками. Так были созданы первые государства». әселен, Парфияда көшпелілердің Аркашидтер әулеті, Бактрияда Кушан атшалығының қалыптасуына алып келді. Жоғарыда айтылғандай, шаруашылық айланыстың өрісі кең болды. Сауданың өзара айырбас, соның ішінде мал және ер өнімдері, қолөнер бұйымдары мен шикізат сату секілді түрлері өрістейді. рхеологиялық және жазба деректердің тұжырымдары бойынша, көшпелі ркениет симбиоз ретінде ортақ экономикалық байланыс құрды және мұндай айланысты бұзу үлкен зардапқа ұшырау екені тарихқа белгілі. Отырықшылық

енденциясы мен урбанизацияның мәдени белгілеріне дейін көтерілуі көне аманнан бастап ортағасырдың соңына дейін созылды. Осыған сәйкес ортақ әлеуметтік-шаруашылық құрылымның шеңберінде нақтылы этносаяси негіз құрылды. Елдердің бірлесуі, яғни интеграция үрдісі өзіндік түркі мәдениетінің алыптасуына жағдай жасады. Қала мәдениеті тарала бастады. Мәселен, орталық зияға саяси ықпалын жүргізген Қарахандар мемлекеті осындай интездің үлкен жетістіктерінің бірі еді. Сөйтіп, көшпенділер локальды әдениеттердің көптеген түрлерін байланыстырып, әлемдік тарихтың онструкциясын жасады. Төрт мың жыл тарихы бар Орталық Азия көшпелі ркениетінің эволюциясы алты кезеңінен тұрады: ежелгі дәуірде (б.д.д. XVIII ғ. ен б.д. V ғ. аралығы) – билік институтының құрылуы, соның негізінде ежелгі емлекеттік бірлестіктер пайда болды; орта ғасырда (VI ғ. мен XIII ғ. басы ралығында) – ұйтқы күшіне айналды, құрылымдық интеграция биліктің онструктивті империя түрін жаратты; жаңа дәуірде (XV ғ. мен XVIII ғ. ралығы) дағдарыс кезеңіне түседі, ол тұтас көшпелі өркениетін ыдырау жағдайына алып еледі; отарлық кезеңінде (XIX ғ. мен XX ғасырдың басында) – көшпелі ркениет заманның талабына сай құлдырау (деградация), сондай-ақ жаңашадан техникалық-индустриалды қоғамына бейімделу кезеңіне түседі; кеңестік дәуірде (1917-1990 жж.) – кеңестік модернизация жолында болды; егемендік кезеңі (1991 ж. бастап) – шынайы бетбұрыс дәуірі басталды. Сонымен, Көшпелі ркениеттің феноменділігі неде? Шаруашылықтың даму деңгейі мен өзіндік аруашылық формасы – ерекшелігімен (спецификалық) сипатталады. Өндіріс кономикасында таралған түрлердің ең мамандырылғанның бірі болып, осы ерде жасалып құрылған мал шаруашылықтық және мал-егіншілікті тип аруашылығы ешуақытта алдындағы дәстүрлерден қол үзбеді. Консервативтік технология» болса да, қоғамның саяси және әлеуметтік өмірінің эволюциясына леулі әсерін тигізді. Мал өндірісіне байланысты мамандану мен соған сәйкес шаруашылықтық тип байланысы әлеуметтік өмірде мобильділікке және саяси белсенділікке жағдай жасады. Ең бастысы, көшпелілер сыртқы әлемсіз өмір сүре алмады немесе оған өзге шаруашылық жүйелері қажет болды. Яғни, көшпенділердің басты феноменділігі - сыртқы әлем байланысының үзілмеуі мен оның қажеттілігінде жатыр. Көшпелі өркениетті эволюция үрдісінде ерекше вариант қана емес, сонымен қатар адамзат тарихында мәнді және ажыратылмайтын фактор деп қарастырған жөн. Көшпелі өркениеттің мәнін йқындайтын ерекше белгілер:

1. Ол неолиттік және индустриалды революция ралығында орын алып, өзіне сәйкес құбылысын жаратқан мәдениет.

2. Ажыратылмайтын біртұтастық» идеясы дүниетанымдық көзқараста негізгі рөл тқарды, ол – экологиялық сана.

3. Этикалық категориялары: сапа, өлшем, еңістік және уақыт ұғымдарымен айқындалды.

4. Рухани өмірдегі ұстаным олған тұлғааралық қатынас ру-тайпалық қарым-қатынасты түсіндірді.

5. онотеистік қағидамен негізделген Тенгризм діні сипатталады: сүйіспеншілік, мандылық, тылсым дүниені меңгеру, ырық және білімге ынталылық. Тенгризм ойынша адамды қозғаушы күш, яғни Тәңірдің жарылқауымен адам Универсумды» жетілдіру немесе жетілдіріп тұру. Ұмай – Ана құдайы, ол отбасын, баланың және өнердің қамқоршысы, ал оның атрибуты болып «Алтын жебе мен садақ» көрініс табады.

6. Қоғамдық-саяси ұйымдасу жүйесі дамыған ру-тайпалық және әскери-әкімшілік қатынас симбиозын құрған тұрақты әлеуметтік-саяси қалып жүйесін ұрды. Соған сәйкес іріктелген ерекше топ – «ақсүйек» әулеті негізделді.

7. Айырбас сауданы, сауда - ішкі және сыртқы, әсіресе халықаралық сауданы (Ұлы Жібек жолы) жаратты.

8. Таста қашалған жазудан бастап, қағазда көмкерілген өзіндік алфавиттік жазба туындысы - ұлы істердің бірі болды.

9. Айқындаушы түрде ерекше орын алатын туындылардың бірі – ауыз өнері, әсіресе «Шежіре». Ол тарихи деректерден өзге, генеалогиялық және этногенетикалық мәліметтерді бейнеледі. Жырау поэзиясы - рационалдық құбылыс, далалық интеллектуализм, өзінше көшпелі өркениеттік театры.

Халық болып қалыптасу үрдісі немесе этногенез мәселесі.

«Төртеу түгел, төрт босаға сау, төрт түстік өңірі толы болса, төртүшкіл неғайбіл дүниенің құпиясы да, төбедегісі де біздікі» деп үн тастаған «Айыр қалпақ Майқы би» айтқандай, бүгінгі таңда көшпелі өркениет құбылысындағы этнос бітімін шешу барысында жан-жақты шежіре деректерін таным-талғамнан өткізу қажеттігі сұранып отыр. Қазақ халқының даму тарихы Еуразияның Орталық Азия көлемінде (ежелгі дәуірден) қалыптаса бастаған этникалық байланыспен сабақтастырған жөн. Тарихи әдебиетте қазақтың тегін сараптауда лингвистикалық және антропологиялық аспектілерін бөлшектеп, өзекті ретінде қарастырады. Әрине, ғылыми талдау болғандықтан, таным тәсілдерінің қолданатын жолдары әрқилы. Сондай-ақ, дамып отырған осы аймақта екі үрдісінде негіз бар. Ежелгі уақытта мекендеушілердің етене негізі - қазіргілердің генетикалық тегі мен жігіне сәйкес келеді. Осыған сауал ретінде Л.Н.Гумилевтың пікірін келтірейік: «Көшпелілер тарихты бізге ұқсамайтын...рудың шыққан тегінің шежіресі тәрізденіп...эталоны өлі ата-бабасы болған жолмен қабылдаған», - дейді. Осы дәйек шынайы түрде көрініс тауып отыр. Мәселен, арий мен сақ дәстүрлерін бүгінгі күні қазақтың салт-дәстүрлері мен ырымдарынан байқауға болады.

Келесі бір жерінде Л.Н.Гумилев: «Этникалық атаудың екі мағынасы болады: этникалық топтың тікелей өз аты және белгілі бір мәдени немесе саяси комплексті құрайтын тайпалар тобының жинақталған аты», - деді. Рашид ад-дин құны да атап өткен болатын: «Әрқайсысының дербес аты болса да моңғолдардың даңқын өздеріне телігісі келіп, өздерін моңғолдар деп атаған наймандар, жалайырлар, керейттер, тағы басқа тайпалар сияқты, көптеген рулар ұлылық пен қадір-қасиет іздеп, өздерін татарлар тегіне жатқызып, солардың атымен белгілі болған», - дейді. Сонда - Арий, Сақ, Үйсін, Қаңлы, Ғұн, Түрік, Моңғол, Қазақ аттары дәуірдің саяси және т.б. құбылыстарына

байланысты болған жинақталған атау десек, шыққан тегі бір болған «ырыздық жанталасы» кезінде жалғыз халықтың басынан кешірген әрқилы оқиғалардың қорыту түзетулері дейміз. «Осы сөздің жаны бар» дегендей, жан ағарту бағытын ілгеріден бастайық. Адамның жаратылысы жайлы бірнеше ілімнің бар екендігі баршаға мәлім, олар: космологиялық негіз болатын ілім, діни, ғылыми және т.б. Әрқайсысына тоқталмай, діни ілімін талдап көрелік. Адам-ата мен Хауа-ана мың жасап 400 үрім-бұтақ таратыпты. Көне кездегі «топан судан» аман қалған «Үлкен көш» - Нұх пайғамбардың кемесі Қазығұрт тауында паналапты. Адамзаттың қайта туу дәуірін өрістетіп, тірі қалған Сам мен Шам ұрпағынан Ірфихшид, Халиғ, Ірғон, Асұх, Ахур, Саурух, Ярух және Ибраһим тарайды. Адам-ата мен Хауа-ана тұрған баққа тағзым еткен Ибраһим пайғамбардан төрт ұл: Смағил кіндігі – арабтар, Хайдар кіндігі – еуропалықтар, Хамид кіндігі – ұлы моғолдар, Соломон кіндігі – еврейлер тарайды. Соломонның Меңсұлу қызымен шаңырақ көтерген Әннес Хамидұлы сахабадан үш қыз және бір ұл Мұңлығұл тарайды. Мұңлығұл атамыздың бес әйелінен тараған 92 баулы еліміз осы. Халқымыздың шежіресінен айтылатын «бесенеден белгілі» дейтін танымдылығы содан. Құнанбай Өскенбайұлы қажылық жолында жүргенде, кімсің сұрағына: «Біз қазақпыз, кәззап атанған Әннес сахабаның нәсіліміз. Құдай жолы құлымыз, Мұхаммед үмбетіміз. Құлшылық парымызды өтейік. Қағбаға тағзым етіп, бір Жаратушыға жүгінушіміз», -деп жауап беріпті. Сондағы қазіргі қазақ хандығы атанған 6000 жылдық тарихы бар хандықтар.

Әдебиеттер:

1. ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаев Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру.
2. Әбжанов Т.Ы. Қазақ рухының философиясы. — Қарағанды: ҚарМУ баспасы,
3. Н.Ә.Назарбаев «Тарих толқынында», Алматы «Атамұра». 1999ж.
4. Жақып Б. «Тәуелсіз Қазақстанның саяси тарихы».2010 ж.
5. Адырбек Н. «Ұстаным-ұлттық сана».Алматы 2013ж.
6. Абдыкалыков А. «Жаңғырудың негізі-білім мен ғылымда».Игілік 2018ж.
7. Адырбек Н. «Ұстаным- ұлттық мүдде».Қазығұрт 2013ж
8. Анықбай Е . «Қазақ үнін әлемге дабылдатқан». Айқын 2015ж.

Тапсырмалар:

Тапсырма 1

Төменде келтірілген кестені толтырыңыз

Ұлы даланың номад мәдениеті	Сипаты мен ерекшелігі

Тапсырма2

«Ұлы даланың номад мәдениеті» атты тақырыпқа баяндама жазыңыз.

Тапсырма 3

Келтірілген ұғымдарға анықтама беріңіздер: номад мәдениеті, ұлы дала, ұлттық мәдениет, қазақ мәдениеті.

Шығармашылық тапсырма

«Қазақ халқының технологиялық жетістіктері » атты тақырыпты негізге алып ,презентация жасаңыздар.

Талқылау сұрақтары

1. Номад мәдениетінің ерекшелігі неде?
2. Ұлы дала өркениетінің тарихтағы рөлі мен қалдырған ізі қандай?
3. Қазақ мәдениетінің ерекшелігі неде?
4. Ұлы қазақ билерінің тарихтағы рөлі қандай?
5. Қазақ халқының технологиялық жетістіктері адамзаттың мәдениетіне қосқан үлесі қандай?

1.6 Арғытүркілердің мәдени мұрасы

Сабақтың мақсаты: Қазақ мәдениетінің негізі арғытүркілердің және түркілердің мәдени мұрасымен танысу.

Негізгі ұғымдар: номад мәдениеті, ұлы дала, ұлттық мәдениет, қазақ мәдениеті.

Дала өркениеті - түркі тектес халықтардың, соның ішінде қазақтардың материалдық және рухани құндылықтарының даму сатысы; этномәдени жүйесінің қалыптасуындағы табиғи-тарихи тұрпат.

Еуропаға табынушы кейбір ойшылдар өздігінше жетілген мәдени-тарихи аймақтардың санын түгендеп, кейде — 8 (О.Шпенглер), кейде 36 өркениет ошағына (А.Тойнби) жеткізіп қойды. Әйтсе де, осы тұжырымдаманы жақтаушылар Алтайдан Карпат тауларына дейінгі ұлан-байтақ кеңістікте көшпелі-отырықшы тұрмыс кешкен түркі тектес халықтардың өткеніне астамшылықпен қарап, "тарихи дамудан тысқары қалған қауым" ретінде көрсетуге тырысты. Соған қарамастан, өркендеп-өрбу негізі, географиялық-табиғи аясы әлі далалық тұрпат саналатын көшпелі шығыс жұртының өзіндік өркениеті хақында дәйекті пікір түйген ғалымдар аз емес. Белгілі орыс археологы, акад. А.П.Окладников (1908—1981) зерттеу еңбектерінде далалықтардың этномәдени жүйесін "Батыс Сібір өркениеті" деп атаған. Оның мәдениеті бұрын болжағанымыздан әлдеқайда бай" екендігін жазды. Ә.Марғұлан, К.Ақышев, К.Байпақов, т.б. ғалымдар "көшпелілер өркениеті" атауын жиі колданса, Л.Н.Гумилев, О.Сүлейменов оның өрлеу дәуірінде, б.з.б. 9 ғ-дан б.з. 11 ғ-ы аралығында, Жерорта теңізі жағалауы және Қиыр Шығыс

елдерімен салыстырғанда жасампаздық эволюцияны бастан өткергенін дәлелдеді. Соның нәтижесінде Еуразия кеңістігіндегі тарихи-мәдени ерекше құбылыс ғылымға " Дала өркениеті " деген атпен ене бастады.

Оның әлемдік өркениетке қосқан үлесіне үндінің саяси қайраткері Д.Неру "Әлемдік тарихқа көзқарас" атты еңбегінде әділ баға беріп, "Атлас картаны ашсаң, алып Азия құрлығының қойнына кіріп жатқан кішкентай Еуропаны көресің. Ол өз алдына дербес құрлық емес, Азияның жалғасы сияқты. Ал тарихты оқитын болсаң — ұзақ уақыт бойы, белгілі бір кезеңде Азияның үстемдік құрғанына көзің жетеді...

Еуропаны жермен-жексен еткен де, өркениетке жеткізген де солар. Азияның өңірінен шыққан арийлер, сақтар, ғұндар, моңғолдар, түркілер Азия мен Еуропаға қанат жайып, жаппай қоныстанды. Еуропа ұзақ уақыт Азияның отары болды.

Еуропаның ұлылығын мойындамау өбестік болар еді. Сол сияқты Азияның ұлылығын ұмыту да — қателік. Азия адамзаттың ұлы рухани көсемдерін бергенін ешқашан естен шығармау керек. Оның ұлы ойшылдарын айтпағанның өзінде, әлемдегі ең басты екі діннің негізін қалаушылар — Ғайса мен Мұхаммед пайғамбарларды берген Азия ғой" дейді. Ендеше, Азия мен Еуропа арасындағы алып кеңістік — ежелгі Дешті Қыпшақ төсінде эволюция жолмен қалыптасқан мәдени-экономикалық, рухани тұтастықты, жартылай көшпелі, жартылай отырықшы тұрмыс кешкен дала тұрғындарының этнотарихи жүйесін Дала өркениеті деп атауға толық негіз бар. Климат құбылмалылығына жаппай, әрі тікелей тәуелді күйдегі көшпелі мал шаруашылығы далалықтардың геоэкономикалық, геосаяси, геомәдени икемділігін белгілі бір дәрежеде шектегенімен, тұйыққа қамалмай, керісінше, солтүстік- еуразиялық кеңістік тұрғындарымен өзіндік ерекшелікке толы әлеуметтену процесі мен нәсілдік-генетикалық бірігуіне жол ашты. Жабайы жылқылар мен түйелерді қолға үйретіп, осыған орай арба мен әбзел ойлап табуы көшпелілерді өркениет даңқына жетелеген алғашқы, тың қадам болды. Металл өңдеу, қыш ыдыс жасау, мата тоқу, зергерлік кәсіп қарқынды дамып, "жұлдыз барлап, жол табу" арқылы алғашқы астрономия, ғарыштық түсініктері орныға бастады. Қандық-туыстық байланыстар мен әлеуметтік ұжымдасудың жан-жақты, қатаң түрде сатыланған жүйесі қалыптасты.

Жинақы тұрғын үй құрылымы, соған сәйкесті үй мүліктері мен киім-кешек үлгілері, тіпті, еуропалықтар тұрмысына да дендеп енді. Еуразия жазығы шығыстан батысқа қарай көсілген ендігінде олар ру-тайпалық бірлестіктен бастап өзара конфедеративті қарым-қатынасқа негізделген көшпелі империялар құруға дейінгі саяси интеграцияның күрделі процестерін өткерді. Әсіресе, мындаған жылдарға созылған нәсілдік-генетикалық комбинациялардың, геосаяси және әлеуметтік-мәдени байланыстардың мекені болған кеңістіктің батысы мен шығысын тұтасстырған Тұран жазығының тұрғындары — ежелгі қазақтардың өте ерте кезеңдерден көшпелілікті отырықшылық тұрмысқа, мал бағуды егіншілікке үйлестіре жүргізгені көне қытай жазбаларында мазмұндалған.

Ғасырлар ағымында бірінің орнын бірі басып, үздіксіз алмасып отырған көшпелі империялар шектес елдер мен халықтардың этникалық шығу тегіне, алуан текті мәдени кешендеріне орасан ықпалын тигізді. Тұрақты дипломат, және сауда-саттық қарым-қатынастарының желісі ретінде Ұлы жібек жолы әр текті, алуан бітімді мәдениеттер мен халықтардың арасын тұтастырып, тек материалдық айырбастың ғана емес, сондай-ақ, санадағы ізгілікті идеялардың, ілім-білімнің, ғылыми танымның, яғни мәдени құндылықтардың бастапқы негіздері алмасуының тиімді факторына айналды.

Көшпенділер өркениеті шын мәнінде, уақыт пен кеңістік өрісінде географиялық-ландшафттық бөгесіндерге (өткелсіз су айдындарына, ну жынысты ормандарға, асусыз тау сілемдеріне) қамалып, томаға-тұйық күй кешкен құбылыс емес, динамикалық, футуристік мән-мазмұны қанық жүйе ретінде ерекшеленді.

Транскұрлықтық байланыстар желісі, сондай-ақ әрісі Африка, берісі Еуропа құрлықтарының саяси-этникалық картасына дүркін-дүркін өзгерістер енгізген жеңімпаз жорықтары арқылы көшпелілер өзге халықтарды рухани байытып, жалпақ әлем, жарық дүниенің кеңдігі мен сан алуандылығын көрсетті; экономикалық дамудың, әлеуметтік, ұйымдасудың әр қилы сатысында тұрған, рухани, ділдік, нәсілдік, этномәдени, т.б. сипаттары сәйкес келе бермейтін, бір-бірінен оқшау орналасқан аймақтардағы адамзат қоғамдастығының арасына дәнекер болды.

Адамзат дамуындағы ерекше тарихи-мәдени бітім — Дала өркениетінің бесігі болған Орталық Азия елдері сияқты Қазақстан да қазіргі күні бай тарихи құндылықтарға ие болып отыр.

Кез келген ұлттың өркениеттілігі, мәдени бітімі сол елдің тәуелсіздігі аясында өрбиді. Егемен ел, тәуелсіз Қазақстан жағдайында жалпы адамзаттық құндылықтарға қол жеткізіп, біртұтас мәдени жүйе қалыптастыру үшін өткен жолды, шыққан биікті бағалау керек.

2. Көшпенділер мәдениеті мен өнері өзінің жаулары мен жақтастарын таңдандырып, құндылығымен жарты әлемге әйгілі болды. Сақ-скифтер қолынан туындаған өнердің ықпалы ежелгі шығысқа да, батысқа да үлкен әсер етті. Әсіресе “аң бейнелі” әдіспен әсемделіп соғылған нәзік те нақышты дүниелері басқа елдердің құрметіне бөленді. Ертедегі эллиндік және қытай шеберлері көшпенділер өнеріне тәнті болып, оны өз бойларына сіңіруге тырысты.

Көшпенділер өнерінде алтыннан түйін түйю, қола құйма әдістері ең жоғарғы жетістікке жетті. Соның бірі Есік қорғанынан табылған “Алтын адам” мәйіті. Оның сауыты төрт мыңнан астам алтын пластинкалардан құрылған қапсағай сауыт, қанатты тұлпар (пырақ) мен архар бейнесі қондырылып, алтын жебелермен көмкерілген шошақ бөрік және басқа да әшекейлермен безерленген.

Көшпенділер өнерінің шуағы бір шеті Қытайға, екінші шеті ертедегі Иберияға (Испания) дейін жетті.

Көшпелілердің дәстүрлі әскери өнері – сақ, ғұн, түркі, түркі-моңғол, қазақ, т.б. халықтардың ежелден келе жатқан әскери тәсілдерінің жиынтығы. Көшпелілер қоғамындағы мифтік түсінік бойынша, хан әлем кіндігі саналып, оған бағынған ру-тайпалар оң қанат пен сол қанатқа бөлінген. Әскери бөлікте – жауынгерлер, батырлар, сардарлар, басқару қызметінде – абыздар, білімпаздар, шаруашылық бөлігінде – малшылар, қолөнершілер, саудагерлер қызмет атқарды. Өмірі ат үстінде өтетіндіктен көшпелілердің басты күші – атты әскер. Бірақ жауынгерлер ат үстінде ғана емес, жаяу соғысу әдістеріне де машықтандырылған. Жорыққа шыққан кезде ұрысты алдын ала болжайтын көріпкелдер, жауырыншылар, құмалақшылар ұстаған. Шеру кезінде әскердің жауынгерлік рухын көтеру үшін керней, сырнай, дабыл, дауылпаз, шындауыл ойнайтын музыканттар тобы да болған.

Көшпелілердің садақ ату шеберлігі отырықшы халықтарды қатты таңдандырған. Гректер, парсылар өз балаларын садақ атуға үйрету үшін сақтарға жіберіп отырған. Қытай тарихшылары: “Ғұндардың ойынға жараған баласы садақпен ұсақ аң, құс атып жаттығады”, – деп жазады. Араб тарихшылары: “Түркілер садақты атпен шауып келе жатып алға да, артқа да, оңға да, солға да, жоғары да, төмен де ата береді. Араб-харидтер бір оқты садағына салғанша, олар он оқты атып үлгереді. Түркінің 4 көзі бар – екеуі алдында, екеуі артында”, – деген мағлұмат береді.

Найза қолданудың да көптеген түрлері, тәсілдері бар. “Шаншу” – жоғарыдан төмен найза салу, “түйреу” – найзаны алға қарай сұғу, “Найза тіреу” – қолды қозғалтпай аттың күшін пайдалану. Еуропа рыцарлары өз турнирлерінде, қазақ батырлары жекпе-жекте мұндай тәсілдерді жиі қолданған. Ал жалпылама шайқастарда Олжабай батыр, Наурызбай батыр (Кенесарының інісі), т.б. қарсыласының денесіне найза тигізбей, киімінен іліп алып аттан түсіру тәсілін жиі қолданған. Қылыш, семсер қолданудың “бауырын жаза шабу”, “қиялай тарту”, т.б. түрлері бар. Салмағы ауыр шоқпар, гүрзілермен айқасу үлкен күш, әдіс-айла керек еткен. Ауыр болғандықтан шоқпарды көбіне айналдырып, үйіріп ұрған. Өйткені, шоқпарды жоғарыдан төмен сілтегеннен кейін, қайта көтеру қиын болатын. Айбалта 18 ғасырдан бастап қолданыстан шықты. Көшпелілердің дәстүрлі әскери өнері өте күрделі өнер. Оны дамытуға көшпелі халықтардың бәрі де үлес қосты.

Әлемдік діндердің бастау тегіне Тәңірлік діннің өзекті қағидалары арқау болған. Тәңірлік дін уақыт пен кеңістікті игеруге талпынған, қоршаған ортамен тіл табысуға ұмтылған адам баласының алғашқы таным түсінігі. Көне түркілер жерімен, Ұлы Жібек жолы арқылы қаншама діндер өтсе де, түркілердің негізгі сенімі Тәңірлік дін, аруаққа табыну болды. Тек ислам діні ғана, уақыт өте келе көне түркі сенімдерімен іштей араласып, түркі жұртының рухани-мәдени ұстанымына айналды.

Түріктер дүниетанымының бастау бұлағы, қайнар көзі – табиғат. Бұл, табиғатпен біте қайнасып бірге өскен, соның өзгерісін, құбылысын жіті бақылайтын көшпелілер әулетінің қоршаған ортамен тығыз байланысты екенін

білдіреді. Көптеген салт-дәстүрдегі наным, тыйымдар осы табиғатпен біте қайнасудан туындаған ұғымдар жиынтығы болып саналады.

Исламға дейінгі қазақ халқының рухани мәдениетінде тәңірлік сенім мен шаманизм айрықша орын алады.

Қазақ халқының арасында шаман атауына қарағанда бақсы атауы кең таралды. Бақсылар ислам діні таралғанға дейін ру-тайпалардың саяси-әлеуметтік өмірінде өте маңызды рөл атқарған. Олардың негізгі қызметі адам мен әлеумет өміріне қауіпті құбылыстарды залалсыздандыру, алдын алу болса керек. Бақсылар өз ойыны арқылы ұжымда қордаланып қалған жағымсыз психикалық қуатты бейтараптандырып, әлеумет өмірін үйлестіріп отырған.

Қазақ философиясының және дүниетанымының қалыптасуына түріктердің мифологиялық ертегілері, хайуанаттар жайындағы ертегілерінің де үлкен әсері болды. Қазақ аңыздарында көшпелі елдің төл ерекшелігі, белгілері бірден байқалады. Себебі олар тұрмыс-салтымыздың, болмысымыздың негізінде туған аңыздар. Осындай дала аңыздары ішінде халық арасында Қорқыт, Асан қайғы туралы толып жатқан аңыздар бар.

Бүкіл әлем халықтарының өнерінде, әсіресе сәулет саласында тайға таңба басқандай көшпенділер ықпалының табы, стилі байқалады.

Орта ғасырларда қазақ мәдениетінің орталығы болған көптеген қалалар салынған.

Отырар – Қазақстанның орта ғасырлардағы әйгілі қалаларының бірі. Отырар кезінде Фараб деген атпен де белгілі болған.

1248 жылы қалада алғаш рет Отырар белгісімен ақша соғылды.

Ұлы ғұлама, данышпан бабамыз Әбу-Нәсір әл Фарабидің туған қаласы көптеген ғасырлар бойы батыс пен шығысты байланыстырып тұрған күретауыс орталығы болған. Отырарда сонымен қоса ғажайып үлкен қыш ыдыстар – хумдар көптеп кездеседі.

Қазақ халқының көне тарихының көзіндей өмір сүрген қаланың бірі-ежелгі Тараз. Қала жазба деректерде сонау V ғасырдан белгілі.

Тараздың керамикалық ыдыстарының басқа қалалардан табылған табақтардың өзіндік ерекшеліктері бар. Мұндағы ыдыстарда символикалық белгі - өрнектермен қоса, жан-жануар бейнесі жиі кездеседі.

X-XII ғасырларда қала маңында салынған ескерткіштер Тараз мәдениетінің, сәулет өнерінің шарықтаған кезеңі екенін дәлелдейді Айша-бибі кесенесі XII ғасырда тұрғызылған қазақ сәулет маржаны, қазақтың Тәж-Махалы. Өзінің сәулеттік сымбатымен, өрнекті керегелерінің айшықтығымен бүкіл Орта Азия мен Қазақстанда теңдесі жоқ құрылыс.

Орта Азия мен Қазақстанда кездесетін тамаша сәулет кешендері баршылық. Олар Шир-Дор ансамблі, Қожа Ахмет Иассауи ғимараты және тағы басқалары.

Орта ғасырлардағы Қазақстан қалаларының бірі – Түркістан. Оның бұрынғы ежелгі аты Шабғар. XII ғасырда Түркістанда Орта Азия мен Қазақстанда мұсылман дінін уағыздаушы, Мұхамбет Пайғамбардан кейінгі екінші адам атанған Қожа Ахмет Иассауиге кесене орнатылады. Оның

данышпандық қағида өлеңдері халық арасында “Диуани хикмет” (Даналық кітабы) атты еңбегі арқылы кеңінен тараған.

Әдебиеттер:

1. ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаев Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру.
2. Әбжанов Т.Ы. Қазақ рухының философиясы. — Қарағанды: ҚарМУ баспасы,
3. Н.Ә.Назарбаев «Тарих толқынында», Алматы «Атамұра». 1999ж.
4. Жақып Б. «Тәуелсіз Қазақстанның саяси тарихы».2010 ж.
5. Адырбек Н. «Ұстаным-ұлттық сана».Алматы 2013ж.
6. Абдыкалыков А. «Жаңғырудың негізі-білім мен ғылымда».Игілік 2018ж.
7. Адырбек Н. «Ұстаным- ұлттық мүдде».Қазығұрт 2013ж
8. Анықбай Е . «Қазақ үнін әлемге дабылдатқан». Айқын 2015ж.

Тапсырмалар:

Тапсырма 1

Төменде келтірілген кестені толтырыңыз:

Ғұндардың көшпелілік мәдениеті	Көшпелі мәдениет дамуындағы прототүркі кезеңі	Оғыз тайпаларының ескерткіштері:

Тапсырма2

«Түркілердің ктіап баспасы. Түркі кітаптарының типтері мен формалары »атты тақырыпқа баяндама жазыңыз.

Тапсырма 3

Келтірілген ұғымдарға анықтама беріңіздер: ежелгі түркі өркениеті, ұлы дала, руна жазуы, мәдени мұра, далалық өркениет.

Шығармашылық тапсырма

«Ежелгі түркілік өркениеттер мен жетістіктер» атты тақырыпты негізге алып, презентация жасаңыздар.

Талқылау сұрақтары

1. Номад мәдениетінің ерекшелігі неде?
2. Ұлы дала өркениетінің тарихтағы рөлі мен қалдырған ізі қандай?
3. Қазақ мәдениетінің ерекшелігі неде?
4. Ұлы қазақ билерінің тарихтағы рөлі қандай?
5. Қазақ халқының технологиялық жетістіктері адамзаттың мәдениетіне қосқан үлесі қандай?

1.7 Орталық Азияның ортағасырлық мәдениеті

Сабақтың мақсаты: Ортағасырдағы түркі мәдениеті және ортағасырлық ғылымның дамуымен танысу.

Негізгі ұғымдар: ортағасыр мәдениеті, әлеуметтік-этникалық көзқарастар, эстетика, өнер, сәулет. ұлы дала.

Орта Азия және онымен шектес елдерде парсы және түркі тілдерінде жазылған шығармалар ортағасыр кезеңінің тарихы бойынша негізгі дереккөздер болып табылады. Дешті-Қыпшақ, Жетісу, Мәуринахр, Шығыс Түркістан және бір-бірімен тығыз байланыстағы басқа көршілес аймақтардың тарихы — бұл экономикалық дамудың ішкі және сыртқы факторларының әсерімен туындаған маңызды әлеуметтік оқиғалардың тарихы. ТМД мемлекеттеріндегі қолжазба қорларында XIII-XVIII ғасырлардағы Қазақстан мен Орта Азияның басқа да мемлекеттерінің тарихы және мәдениеті туралы ақпараттарды қамтитын парсы-түркі тілдеріндегі нарративті шығармалар аз емес. Олардың зерттелу деңгейлері әр түрлі — бір бөлшегі әлдеқашан табылған және өте жақсы зерттелген, олар қамтыған мәліметтер ғылыми зерттеулерде белсенді түрде қолданылды және қолданылып та жүр; тағы бір бөлшегі ғылыми айналымға жаңа ғана енгізіліп жатыр; үшіншілері атаулары бойынша ғана белгілі және оларды санаулы мамандар біледі; төртіншілері әлі анықталу үстінде. Жас егеменді мемлекетте ортағасырлық түркі тіліндегі дерекнамаларды зерттеуді дұрыс бағытқа қою қажет. Дерекнаматану зерттеулерінің әдістемелік мәселелері жаңа тұжырымдамалық ғылыми-теоретикалық тұрғылардан қарастырылуы керек. Нарративті дереккөздеріне тұтынушылық көзқараспен қараудан бас тарту керек, өйткені тұтынушылық көзқарас кезінде құжаттың толық мәтіні ескерілмейді, зерттелетін мәтіннен автор үшін ғана қажет және қолайлы ақпараттар таңдалып алынады. Зерттеушілер ұзақ уақыт бойы байырғы және түпнұсқалық дерекнамаларда баяндалған мәліметтер мен факторларға назар аудармай келді, олар қосымша дереккөздер ретінде ғана қарастырылды. Кеңес тарихнамасындағы өте кең таралған бұл үрдіс сол кезеңдерде ғылымның дамуының идеологияландырылуына байланысты орын алған еді. Бұған Марксистік таптық бағыт пен көшпелі социумның дамуын зерттеудегі догматикалық тұжырым көп әсер етті. Зерттеушілердің көпшілігі француздардың тарихшы-позитивистері Ш. Ланглуа мен Ш. Сеньобосаның «құжат жоқ жерде тарих та жоқ» формуласын ұстанды [1, 8-бет].

Дерекнаматану ғылымының дамуының заманауи кезеңінде номад өркениетінің жазба мәдениетіне деген көзқарасты өзгерту қажеттілігі туындады. Қазақстанның тарихына тікелей қатынасы бар ортағасырлық дерекнамаларды зерттеу мәселесі бойынша белсенді түрде шаралар жасалуы қажет. Жоғарғы білім беру орындарында бұл жазба ескерткіштерін жаңаша тарихи ойлау бағыты бойынша зерттеу керек. Сонда ғана бұрыннан белгілі

болып келген фактілер басқаша жағынан айқындалып, бізге жаңа қырынан көрінетін болады, бұрын біз байқай алмаған аспектілері анықталады, жаңа көріністер мен оқиғалар қайтадан ашылады. Отырықшы және көшпелі компоненттердің өзара әсерлерінің, жазбаша және мәдени дәстүрлердің, ұрпақтар сабақтастығының, сонымен қатар түркілер және қыпшақ мұраларының арақатынасының анықталуы ортағасырлық Қазақстанның аумағындағы тарихи оқиғалар туралы түсінігімізді әлдеқайда кеңейте түсуі мүмкін. Жоңғар жерінде, Қытай, Орталық Азия, Иран, Еділ және Қара теңіз маңы аумақтарында әртүрлі тілдерде жазылған құжаттар құрамының алуан түрлігі және қиындығы терең ғылыми-сын және кешенді зерттеуді талап етеді. Осыған байланысты дереккөздердің зерттелуі келесі қағидаттарға негізделуі керек: — бүкіл шекаралас аймақтардағы дереккөздерді зерттеп, салыстыру арқылы сараптау; — дереккөздерді ғылыми түрде саралап, дереккөздерді типі, түрі және түршелері бойынша бөлу, сонымен қатар жаңа әдістемелік деңгейде жүйелендіру; — түркі тілдеріндегі дереккөздердің орнын және мағынасын анықтау; — дереккөз мәтіндерінің мазмұндарынан көшпелі қоғамның әлеуметтік-экономикалық дамуының спецификасын табу. Ортағасырлық дерекнамаларды зерттеу кезінде әдістемелік негіз ретінде тарихи өткенді зерттеудің этномәдени әдісінің жүйелілігі мен қағидаттары алынуы керек. Актілік дерекнамаларды зерттеу жұмыстары жаңа теориялық-әдістемелік тәсілдер деңгейінде және терең жүйелік-құрылымдық сараптамалар негізінде жасалып, оқиғалар мен жайттардың өзара байланыстары, олардың үнемі өзгерістер мен даму үстінде болатыны ескерілуі тиіс. Зерттеулердің дерекнама қорлары айтарлықтай кеңейтіліп, жаңа дереккөздер қамтылып және олар жүйеленіп, сараланып, сарапталуы керек. Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым министрлігінің Шығыстану институты тарапынан «XIII-XIX ғғ. Қазақстан және Орталық Азияның басқа мемлекеттерінің тарихы мен мәдениеті, олардың өзара қатынасы туралы араб-парсы-түркі тілдеріндегі, қытайша дерекнамалар» атты үлкен тақырып дайындалуда. Болашақта бұл материалдардан «Қазақстанның тарихы мен мәдениеті туралы шығыстану ескерткіштерінің жинағын» қалыптастыру жоспарлануда. Республиканың түркітанушылары мен шығыстанушылары ортағасырлық дерекнамалардың нашар зерттелуін ең алдымен классификациялау мәселелерімен байланыстырады. Теориялық дерекнама бойынша Қазақстан мен Орталық Азия халықтарының тарихы туралы түркі және парсы дерекнамаларын аумақтық белгілері бойынша классификациялау аса кең таралған. Дерекнамалар тарихнаманың тимуридтік, шайбанидтік, шағатай, сефевидтік және османдық топтарына бөлінген [2, с. 14]. Көріп отырғанымыздай, дерекнаматану туралы орасан зор материалдарды классификациялау кезінде ең алдымен, дереккөздерінің тек қана географиясы мен жазылған жері ескеріледі. Бұл жерде ортағасырлық мемлекеттердің шекараларының бүгінгі таңдағы мемлекеттердің аумақтарына сәйкес келмейтінін ескеру қажет, бұл жағдай дерекнамалардың ғылыми зерттелуін қиындатып отыр. Сонымен қатар дерекнамаларды лингвистикалық, яғни олар жататын тілдің белгісі бойынша классификациялау

бар, бірақ бұл да олардың болашақта жан-жақты зерттелуіне көмектеспейді. Біз дерекнамалардың кешенді түрде классификациялануын, олардың жоғарыда аталған бірнеше факторлар бойынша жүйелендірілуін ұсынғымыз келеді. Осылайша, ортағасырлық түркі тілдеріндегі дерекнамаларды зерттеу кезінде төменде берілген факторларды ескеру қажет: А) Хронологиялық фактор. Бірінші факторы бойынша, барлық ортағасырлық дереккөздерді V-X ғғ. кезеңінде жазылған ежелгі түркі ескерткіштері, XI-XVI ғғ. аралығында жазылған ескі түркі ескерткіштері, XVII-XVIII ғғ. жазылған жаңа түркі ескерткіштері деп бөлуге болады. Б) Географиялық фактор (жазылған аймағы, жататын аумағы). Бұл факторға сәйкес, жазба дереккөздері келесі топтарға бөлінеді: 1) Шығыс Түркістан құжаттарының басым бөлігі Баласағұн және Қашғар қалаларында жазылған; 2) Батыс Түркістанның құжаттары шартты түрде үш топ бөлігіне бөлінеді: а) Сырдария бойындағы Сайрам, Сығанақ, Отырар және Сауран қалаларында жазылған деректер; ә) Самарқанд, Яссы, Сайрам, Игунке және т.б. Ірі мәдени-сауда орталықтарда пайда болған дереккөздері; б) Үргеніш, Бұхара және Ферғана қалаларында пайда болған хорезмдік деректер бөлек түрде ерекшеленеді. 3) Алтын Орданың жазба ескерткіштері негізінен Сарай-Бату, Сарай-Берке қалалары мен Ақ Орда және Көк Орда секілді ірі ортағасырлық үлкен қалаларда шығарылды; 4) Мысыр мен Парсыда, әсіресе, Бағдад пен Каир қалаларында құрылған деректер бөлек бір топты құрайды; 5) Қырым деректерінің басым бөлігі Судак, Солхат, Кафа және Тана қалаларында жазылды; 6) Батыс Украинаның жазба дереккөздері Галиция, Подолье, Львов, Каменец қаласында құрылды. В) Этногенетикалық фактор. Этногенетикалық белгілері бойынша төмендегілер ерекшеленеді: 1) Қараханид мемлекетінің түркі халықтарының тілдерінде қарлұқ, шығыл және яғма тайпаларының өкілдері тарапынан жазылған ескерткіштер; 2) оғыз және қыпшақ тайпаларының өкілдері жазған түркі тіліндегі орта азиялық дереккөздер; 3) Армян колониясы болып табылған Каменец-Подольскіде қыпшақ және түркі тілдерінде жазылған алтынордалық деректер; 4) жалпы атауы — шағатай тілі болып табылатын XV-XVI ғғ. Орта Азияның көшпелі халықтарының тілдерінде жазылған дереккөздер.

Түрік тайпалары егіншілікпен айналысты. Көшпелілердің отырықшылыққа көшуінің себептері: мал санының азаюы, малдың және жайылымдардың, су көздерінің ақсүйектер қолдарында топтасуы. Егіншілік негізінен Сырдария, Шу, Талас, Іле өзендерінің аңғарларыда айналысты. Жетісу өңірінде бидай, тары, жүзім өсірілді. Түрік тайпаларында қолөнер дамыған: қыш өндірісі, ұсталық, зергерлік, тоқымашылық. Шыны жасау, сүйек өңдеу. Металлургияның дамуы түрік қағандарына әскерін қарумен жабдықтауына мүмкіндік берді. Әуелгі ортағасырлық қағанаттар Византия, Иран, Орта Азия, Кавказ, Алтай, Шығыс Түркістан, Сібірмен сауда байланыстарын жасады. Тараз, Отырар, Сығанақ маңызы зор болды. Сауда қала дамуындағы факторлардың бірі.

Сауда түрлері: мемлекетаралық, қала мен оның төңірегі арасындағы, қала мен дала арасындағы сауда. 6-8 ғ. Теңгелерді белді тайпалардың атақты

адамдары шығартып, оған өз таңбаларын бастырған. Ағылшын түркологы Клоусонның болжамы бойынша алғашқы түркеш теңгелері Ақбешімде соғылды. Кейін Исфиджаб, Отырар, Будукент, Таразда теңге сарайлары салынған. 9-10 ғ. Қазақстан жерінде Саманилер әулетінің күміс дирхемдерді, алтын динарлары, мыс теңгелері айналымда болды. Алтын динарлар халықаралық валюта ретінде қолданылды. 12-13 ғ. Күміс дағдарысында дирхемдерді мыстан құйып, сыртына күміс жалатты. Тараз қаласы саудагерлер қаласы, Суяб әр елдің саудагерлері кездесетін, ал халқының жартысы саудамен айналысатын қала атанды.

Шежіреде айтылғандай, ертедегі түріктер ағаш тақтайларға «қажетті адамдардың, аттардың, салық пен малдың санын» есептеу мақсатында ойықтар (белгілер) салатын болған. Сонымен қатар түрік елшілері грамотамен жабдықталды. 567 жылы Константинопольге II Юстиниан императоры сарайына келген түрік елшісі соғды Маниах қағаннан «скиф жазуымен» жазылған хатты әкелген. Онда соғды тілінде жазылған жазу бар. Руна әрпі пайда болғанға дейін түріктер соғды әліппесін кеңінен қолданған, ол Түрік қағанатының бірінші ресми жазуы болды. Жаңа жазба – көне түрік әліппесі – түріктердің арасында VII ғ. бірінші жартысында пайда болған. Әліппе алғашқыда бір – бірінен бөлек жазылатын геометриялық белгілерден құрылып, 37 немесе 38 әріптен тұрған, оның соғды әліппесінен айырмашылығы ағаш пен тасқа жазуға (жырып не ойып жазуға) қолайлылығымен ерекшеленеді. Көне түркі мәдениетінің ең таңғаларлығы жазудың пайда болуы мен жазба әдебиетінің байлығы дер едік. Білге – қаған мен Күлтегіннің және басқа түрік елінің көрнекті қайраткерлерінің құрметіне арналған руна мәтіндері ең құнды әдеби шығармалар ретінде және сол кезеңнің тарихын баяндайтын дерек ретінде жоғары бағаланады. Б.з. I мыңжылдығының ортасында Қазақстан тайпалары түркі тілінде сөйледі. Олар үш топқа бөлінді: Бұлғар-хазар. Батыс-түрік (оғыз). Қарлұқ. VIII-X ғ. Батыс-түрік тілдер тармағынан Қимақ-қыпшақ тілдер тобы бөлінді. Оңт. Қазақстан халқы монғол-қидан, соғды, сирия, араб тілдерінде сөйлеген. Түріктердің жазуы туралы алғашқы деректерді Менандр Протектор қалдырды (VI ғ. II жартысы). Ежелгі түрік жазуының ескерткіштері – Солт. Монғолиядан, Орхон, Толы, Селенга өзендерінің бойынын табылған тастағы жазулар. Бұл жазулар Білге қаған, Күлтегін, Тоныкөк құрметіне жазылған. Көне түрік жазуын тұңғыш рет XVIII ғ. 20 –жылдарында Енесей аңғарынан Д.Миссершмидт пен Ф. Страленбург ашқан. Жазу скандинавиялық руна жазуына ұқсас болғандықтан руна жазуы деп аталады. 1889 жыл- Н.М. Ядринцев Солт. Монғолияда, Орхон өзені аңғарынан руна жазуы бар тас тапты. 1893 жылы 15 желтоқсан – дат ғалымы В. Томсон руна жазуын тұңғыш оқыды. Руналық жазулар сипаты: Маңызды зор тарихи құжаттар. Әдеби көркем шығарма. Шешендік өнердің және батырлық туралы ауызша әңгіме дәстүрлерін сақтаған саяси проза. Қазақстандағы руналық ескерткіштер Талас аңғарынан табылды. VI-VIII ғасырларда түркі тілдес тайпалар арасында ерте дәуірден басталған ауызша шығармашылық дәстүр дамыды.

VIII-XII ғасырлардағы ғылым және мәдениет. Әл-Фараби, Жүсіп Баласағұни, Махмуд Қашғари, Ахмед Яссауи. 6-8 ғ. Түркі тілдес тайпалары арасында ерте дәуірден басталған ауысша шығармашылық дәстүрі дамыды. 8-10 ғ. Сырдария алқабында қыпшақ оғыз арасында Қорқыт ата эпосы тарады. Қорқыт ата қазіргі Қызылорда Қармақшы ауд. Туған атақты жырау. Қорқыт ата кітабы алғаш зерттеуші неміс Диц Қорқыттың оғыз ұрпағынан шыққан және оның көп халықтардың әулие тұтатынын айтады. Оғыз нама эпосы ел арасында кең таралып 13 ғ. Рашид ад дин , 18 ғ. Әбілқазы көшірген. Онда Оғыз өмірі баяндалады. 7 ғ жазба әдебиеті шыққан. 9-12 ғ ислам дінінің таралуына байланысты әдеби және ғылыми шығармалар араб тілінде жазылды.

Әбунасыр Әл-Фараби Қазақ жерінде тұып өскен ұлы ойшыл, әмбебап-ғалым. Мұсылмандық Шығыста «Екінші ұстаз» (Аристотельден кейінгі) ретінде белгілі болған оның қызметі X ғ. Ол 870 жылы түрік отбасында Фараб (Отырар) қаласында туған. Ол өзінің ана тілі-түрік тілінде оқиды, кейін Халифаттың мәдени орталығы болған-Бағдатқа барады. Сонда араб тілін біліп үйреніп, ежелгі грек философиясы мен математиканы, логика мен медицинаны, музыка мен тілдерді оқып үйренеді. Ол грек ойшылы Аристотельдің еңбектерін ынта қойып оқиды, одан кейін әлемдік озық дәстүрлермен жан-дүниесін байытады да орта ғасырдағы араб шығысының негізгі идеялық ғалымдарының біріне айналады. Әл-Фараби өзінің көзқарасымен ибн Синаға, ибн Буттутаға, ибн Туфайльға, ибн Рушдқа, еуропалық философия мен ғылымға айтарлықтай ықпал жасады. Ол түрлі елдерде тұрса да отанын ұмытқан емес, өзінің түріктерге жататынын әрқашан айрықша атап көрсеткен. Әл-Фараби 950 жылы Дамаскіде қайтыс болды. Біздерге жеткен деректерге қарағанда, Әл-Фараби 100-ден астам трактат жазған. Әзірге олардың 32-ғана табылған. Логиканы ол эмпириялық мәліметтер мен оның шындығын дәлелдеуге нағыз әмбебап құрал ретінде барлық ғылымдардың негізі деп білді. Әл-Фарабидің әлеуметтік-этникалық ілімі «Ізгі қала тұрғындарының көзқарастары туралы кітап» утопиялық идеяға негізделген. Рухани және дүниелік билікті қоса алып жүретін зиялы әкім игілік пен әділеттіліктің барша шындығын танып, оған азаматтарын сендіре алса, онда олардың күштерін бірлестіре отырып бақытты өмір құратынына үміт артты.

Махмұд Қашқари XI ғасырдағы әйгілі автролардың бірі Махмұд Қашқаридың есіміне байланысты түрік тіліндегі әдебиет тез дамыды. М.Қашқари өміріндегі жинақтаған байқауларын өзінің басты еңбегі «Диуани лұғат ат-түрік» («Түрік тілінің сөздігі (1072-1083)») деген кітабында қорытындылады. Оны ежелгі ортағасырдағы түріктердің халақтық өмірінің нағыз энциклопедиясы деп атауға болады. Сөздік қазіргі кезде XI ғасырдағы түріктер өмірі, олардың материалдық мәдениетіндегі өзгерістер, нақты тұрмыс-тіршілік салты, фольклоры, этникасы мен топонимикасы, этнографиясы, рулар мен тайпаларға бөлінуі, терминдер мен олардың қасиеттері, титулдар мен лауазым адамдары, тағамдар мен ішімдік аттары, өсімдіктер мен дақылдар, халықтық күнтізбе және т.б. жайында мағлұматтар беретін бірден-бір ақпарат көзі.

Жүсіп Баласағұн .Жүсіп Баласағұн өзі «Құзорда» деп атаған Баласағұн қаласында 1015 немесе 1016 жылы түрік шонжарының отбасында дүниеге келді. Сол замандағы оқыған, ірі ғұламалардың бірі және бірегейі. Ол «Құт негізі – білік» («Құтадғу білік») дастанын жазды, ол 6520 бәйіттен (85 тараудан) тұрады және оның 124 бәйіттен құралған қосымшасы бар. Бұл дастан - жай этикалық-моралдық трактат емес, автордың пікірінше, ол идеалды қоғамның нормаларын, ондағы түрлі сословиелік адамдардың мінез-құлқының ережелерін, билеушілер мен бағыныштылар арасындағы өзара қарым-қатынас ережелерін сипаттайтын терең мағыналы философиялық-дидактикалық шығарма. Дастан кіріспесінде атап көрсетілгендей, ол «түрік сөздерімен бограхандық тілде» жазылған. «Егер осы тілде жазылған (осындай) кітаптар көп болса, бұл біздің тілде даналықтың басын қосқан тұңғыш жинақ», - дейді автор. Аталмыш дастан мазмұнының байлығы, тілінің көркемдігі жағынан дүниежүзілік әдебиеттегі тамаша ескерткіштердің бірі, ол қарахандар заманындағы гүлденген мәдениеттің куәгері.

Қожа Ахмет Яссауи. Қожа Ахмет ибн Ибрагим әл Иассауи (басқа нұсқаларда Қожа Ахмет Иассауи Хазірет Сұлтан, Иассауи, Иассеви) дәуіріш, әулие сопы ілімін насихаттаушы, ақын - мұсылман әлеміне танымал тұлға. Ахмет Иассауи XI ғасырдың аяғында Испиджаб (қазіргі Сайрам) қаласында Ифтихад ұлы Иахмед, Махмедтің ұлы Ибраһим пірдің семьясында туған. Бала өте қабілетті боп өскен, сондықтан ата - анасы оны жергілікті түрік хазіреті сопылардың ұстазы Арыслан - Бабаға шәкірттікке берген (басқа нұсқалар бойынша, Арыслан-Баба, Арыстан-Баба). Арыстан-Бабаның кеңесімен Иассауи Халифаттың діни-рухани Орталығы - Бұхараға барған. Мұнда ол шейх Қожа Жүсіп әл Хамадинидің басшылығымен діни-адамгершіліктің, жетілудің, сопылықтың толық діни ұстазынан ақиқатты танудың сопылық жолы - тариқатты оқыту үшін рұқсат алады. Жүсіп Хамадинамен бірге жас Иассауи Меккеге алғаш рет қажылыққа барады, мұнда өз уақытының танымал сопыларымен кездесіп, өзінің рухани өмірін байытады. Қысқа мерзім ішінде ол сопылық діни ағымның дінбасына айналады. Түріктік тайпалар мәдениетін дамытуда да Ахмет Иассауи ролі айрықша, оның "Диуани Хикмет" өлеңдер кітабы сол кездегі араб және парсы тіліндегі жазу дәстүріне қарамастан түрік тілінде жазылған (оғыз-қыпшақ диалектісі). "Диуани Хикмет" араб тілінен "өсиеттер жинағы" деп аударылады. Бізге XII ғасырдан жеткен ортағасырлық осы әдебиет ескерткіші бүкіл түркітілдес халықтардың ортақ мұрасы болып табылады. Осы кезге дейін иассауи еңбектері өлең түрінде болды, 1990 жылы ҰК қолжазбалар қорынан прозамен жазылған философиялық еңбегі табылды. Бұл – "Рисала" (трактат) "Миратул кулуб". "Ақыл айнасы" – "Диуани Хикмет" – поэтикалық шығарма, ескі түркі тілінде жазылған (оғыз-қыпшақ).

Қазақстандағы түрік кезеңіндегі ислам Қақстанның тарихы мен мәдениеті жүздеген жылдар бойы исламмен байланысты. Орталық Азия аймағына мұсылмандық идеяларының келуі VII-VIII ғасырлардан басталады. Бірінші араб миссионерлері сонау VII ғасырдан бастап аймағымызға келе бастаған. Ислам жеңісінің соңы VIII ғасырда болды. 751 жылы Тараздың жанындағы Атлах

қаласында араб армиясы қытай әскерлерін жеңіп, қытай әскерлері Жетісуді тастап қашқан. Осы жеңістен кейін бүкіл Орталық Азияда исламның бекуі мен мұсылман мәдениетінің күшеюі басталды. Қазіргі Қазақстан аумағында исламның дамуы бірнеше жүз жылдарға дейін созылды. Жаңа дін бірінші оңтүстік аудандарда дамыды. X ғасырда ислам Жетісу мен Сырдария өңірлерінде кең тарады. Алдымен X ғасырда мұсылмандықты қабылдаған Қарахандықтар әулетінен Сатық, ал оның баласы Боғра хан Харун Мұса 960 жылы исламды мемлекеттік дін деп жариялады. Аймақтың исламдануы басқа да діндердің болуына қарамастан бейбіт мақсатта жүрді. Ұлы Жібек жолы көптеген дін үйретушілердің даңқты жолы болды, оларға христиандықты, буддизмді, зороастризмді жатқызуға болады. Алқаптағы түркі жұртшылығына кең тараған теңгірлікті де айтуға болады. Жұртшылық арасында исламның таралуы ешқандай қанаушылықсыз-ақ таратылып жатты. Ислам мәдениеттің дамуына елеулі ықпалын тигізді. Бұл дінге бейімделу Таяу және Орта Шығыс елдерімен рухани, ғылыми, мәдени байланысуға септігін тигізді. Әртүрлі ұлт өкілдерінің қарым-қатынасы білім мен өнер саласының өркендеп, мұсылмандықтың Ренессанс дәуіріне негіз салды. Жалпы, IX-XII ғасырлардағы араб-ислам әлеміндегі мәдениеттің дамуын осылай атайды.

Ұлы Жібек жолы.

Ұлы Жібек жолының бойымен халықаралық керуен саудасының қалыптасуы мен дамуының тарихи жағдайлары.

VI-XII ғасырда Орта Азия мен Қазақстанда қалалар тез өсті. Олар сауда мен қолөнердің, дін мен мәдениеттің тірегіне айналды. Батыс Түркістан жерінде Суяб, Құлан, Мерке, Тараз, Отырар, Испиджаб сияқты қалалар бой көтерді. Олардың көтерілуі таптық қоғамның шығуының айқын көрінісі еді. Орта ғасырда Қазақстан өзінің қалалары арқылы әлемдік қарым-қатынастан тысқары қалмай, Еуропа және Азия елдерімен Жібек жолы арқылы сауда жасасып, байланысын үзген жоқ. Бұл кезде Қазақстанның оңтүстігінде басты және ірі қалалардың бірі-Испиджаб(қазіргі Сайрам) болды. Оның толық сипаттамасын Әл-Макдиси берген. «Испиджаб ірі қала,-деп жазды ол. Оның рабады(күзеті) мен тұратын меинасы бар. Онда төбесі жоқ базарлар, мата базары мен үлкен мешіт бар. Оның 4 қақпасы: Нуджакет қақпасы, Фархан қақпасы, Шахраны қақпасы, Бұқара қақпасы әр қақпаның жанында рабады бар». VI-XII ғасырларда тікелей орталығы ретінде мәлім болған Испиджабта тауарлардың көптеген түрлері өндіріліп, осы жерден басқа жақтарға мата, қару-жарақ, мыс пен темір әкетіліп тұрды. Ағын суы мол, ағашы көп және тамаша бақшалары бар ең гүлденіп, көркейген кенттердің бірі болған Испиджаб қаласының қазылып, зерттеліп осы уақытқа дейін сыры ашылған жоқ. Бірақ оның қандай рөлі болғаны туралы жазба деректер аз емес.

Қазақстанның Сырдарияның орта бойына орналасқан ірі қалаларының бірі-Отырар. Араб-парсы деректемелерінде Отырар қаласы Фараб, одан бұрын Тарбан деп те аталған. IX ғасырдың бас кезінде арабтар Фадл-Ибн Сахлдың басқаруымен Отырар аймағын басып алуға тырысты. Ол шекаралық әскерінің бастығын өлтірді және Қарлұқ жағбуының ұлдарын қолға түсірді деп

хабарлайды деректемелер. VII-VIII ғасырларда Отырар шахристаны мұнаралары бар дуалдармен қоршалған. Бұл дуалдар қайта салынған түрінде IX-X ғасырларға дейін сақталған.

Әдебиеттер:

1. ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаев Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру.
2. Әбжанов Т.Ы. Қазақ рухының философиясы. — Қарағанды: ҚарМУ баспасы.
3. Н.Ә. Назарбаев «Тарих толқынында», Алматы «Атамұра». 1999ж.
4. Жакып Б. «Тәуелсіз Қазақстанның саяси тарихы». 2010 ж.
5. Адырбек Н. «Ұстаным-ұлттық сана». Алматы 2013ж.
6. Абдыкалыков А. «Жаңғырудың негізі-білім мен ғылымда». Игілік 2018ж.
7. Адырбек Н. «Ұстаным- ұлттық мүдде». Қазығұрт 2013ж
8. Анықбай Е. «Қазақ үнін әлемге дабылдатқан». Айқын 2015ж.

Тапсырмалар:

Тапсырма 1

Төменде келтірілген кестені толтырыңыз:

Әл-Фараби	Ибн- Сина	Әл-Бируни	Әл-Хорезми

Тапсырма2

«Жібек жолы: Қазақстан – Шығыс пен Батысты байланыстырушы ретінде.» атты тақырыпқа баяндама жазыңыз.

Тапсырма 3

Келтірілген ұғымдарға анықтама беріңіздер: ежелгі түркі өркениеті, ұлы дала, руна жазуы, мәдени мұра, далалық өркениет.

Шығармашылық тапсырма

«Түркі және ислам мәдениеттерінің өзара әсері мен өзара әрекеті. » атты тақырыпты негізге алып ,презентация жасаңыздар.

Талқылау сұрақтары:

1. Номад мәдениетінің ерекшелігі неде?
2. Ұлы дала өркениетінің тарихтағы рөлі мен қалдырған ізі қандай?
3. Қазақ мәдениетінің ерекшелігі неде?
4. Ұлы қазақ билерінің тарихтағы рөлі қандай?
5. Қазақ халқының технологиялық жетістіктері адамзаттың мәдениетіне қосқан үлесі қандай?

1.8 Түркілердің мәдени мұрасы

Сабақтың мақсаты: Қазақ мәдениетінің негізі болып табылатын түркілердің мәдени мұрасымен танысу.

Негізгі ұғымдар: номад мәдениеті, ұлы дала, ұлттық мәдениет, қазақ мәдениеті, қалалық мәдениет, түркі кезеңіндегі техниканың дамуы, материалдық мәдениет ескерткіштері.

Көшпенділер мәдениеті мен өнері өзінің жаулары мен жақтастарын таңдандырып, құндылығымен жарты әлемге әйгілі болды. Сақ-скифтер қолынан туындаған өнердің ықпалы ежелгі шығысқа да, батысқа да үлкен әсер етті. Әсіресе “аң бейнелі” әдіспен әсемделіп соғылған нәзік те нақышты дүниелері басқа елдердің құрметіне бөленді. Ертедегі эллиндік және қытай шеберлері көшпенділер өнеріне тәнті болып, оны өз бойларына сіңіруге тырысты.

Көшпенділер өнерінде алтыннан түйін түйю, қола құйма әдістері ең жоғарғы жетістікке жетті. Соның бірі Есік қорғанынан табылған “Алтын адам” мәйіті. Оның сауыты төрт мыңнан астам алтын пластинкалардан құрылған қапсағай сауыт, қанатты тұлпар (пырақ) мен архар бейнесі қондырылып, алтын жебелермен көмкерілген шошақ бөрік және басқа да әшекейлермен безерленген.

Көшпенділер өнерінің шуағы бір шеті Қытайға, екінші шеті ертедегі Иберияға (Испания) дейін жетті.

Көшпелілердің дәстүрлі әскери өнері – сақ, ғұн, түркі, түркі-моңғол, қазақ, т.б. халықтардың ежелден келе жатқан әскери тәсілдерінің жиынтығы. Көшпелілер қоғамындағы мифтік түсінік бойынша, хан әлем кіндігі саналып, оған бағынған ру-тайпалар оң қанат пен сол қанатқа бөлінген. Әскери бөлікте – жауынгерлер, батырлар, сардарлар, басқару қызметінде – абыздар, білімпаздар, шаруашылық бөлігінде – малшылар, қолөнершілер, саудагерлер қызмет атқарды. Өмірі ат үстінде өтетіндіктен көшпелілердің басты күші – атты әскер. Бірақ жауынгерлер ат үстінде ғана емес, жаяу соғысу әдістеріне де машықтандырылған. Жорыққа шыққан кезде ұрысты алдын ала болжайтын көріпкелдер, жауырыншылар, құмалақшылар ұстаған. Шеру кезінде әскердің жауынгерлік рухын көтеру үшін керней, сырнай, дабыл, дауылпаз, шыңдауыл ойнайтын музыканттар тобы да болған.

Көшпелілердің садақ ату шеберлігі отырықшы халықтарды қатты таңдандырған. Гректер, парсылар өз балаларын садақ атуға үйрету үшін сақтарға жіберіп отырған. Қытай тарихшылары: “Ғұндардың ойынға жараған баласы садақпен ұсақ аң, құс атып жаттығады”, – деп жазады. Араб тарихшылары: “Түркілер садақты атпен шауып келе жатып алға да, артқа да, оңға да, солға да, жоғары да, төмен де ата береді. Араб-харидтер бір оқты садағына салғанша, олар он оқты атып үлгереді. Түркінің 4 көзі бар – екеуі алдында, екеуі артында”, – деген мағлұмат береді.

Найза қолданудың да көптеген түрлері, тәсілдері бар. “Шаншу” – жоғарыдан төмен найза салу, “түйреу” – найзаны алға қарай сұғу, “Найза тіреу” – қолды қозғалтпай аттың күшін пайдалану. Еуропа рыцарлары өз турнирлерінде, қазақ батырлары жекпе-жекте мұндай тәсілдерді жиі қолданған. Ал жалпылама шайқастарда Олжабай батыр, Наурызбай батыр (Кенесарының інісі), т.б. қарсыласының денесіне найза тигізбей, киімінен іліп алып аттан түсіру тәсілін жиі қолданған. Қылыш, семсер қолданудың “бауырын жаза шабу”, “қиялай тарту”, т.б. түрлері бар. Салмағы ауыр шоқпар, гүрзілермен айқасу үлкен күш, әдіс-айла керек еткен. Ауыр болғандықтан шоқпарды көбіне айналдырып, үйіріп ұрған. Өйткені, шоқпарды жоғарыдан төмен сілтегеннен кейін, қайта көтеру қиын болатын. Айбалта 18 ғасырдан бастап қолданыстан шықты. Көшпелілердің дәстүрлі әскери өнері өте күрделі өнер. Оны дамытуға көшпелі халықтардың бәрі де үлес қосты.

Әлемдік діндердің бастау тегіне Тәңірлік діннің өзекті қағидалары арқау болған. Тәңірлік дін уақыт пен кеңістікті игеруге талпынған, қоршаған ортамен тіл табысуға ұмтылған адам баласының алғашқы таным түсінігі. Көне түркілер жерімен, Ұлы Жібек жолы арқылы қаншама діндер өтсе де, түркілердің негізгі сенімі Тәңірлік дін, аруаққа табыну болды. Тек ислам діні ғана, уақыт өте келе көне түркі сенімдерімен іштей араласып, түркі жұртының рухани-мәдени ұстанымына айналды.

Түріктер дүниетанымының бастау бұлағы, қайнар көзі – табиғат. Бұл, табиғатпен біте қайнасып бірге өскен, соның өзгерісін, құбылысын жіті бақылайтын көшпелілер әулетінің қоршаған ортамен тығыз байланысты екенін білдіреді. Көптеген салт-дәстүрдегі наным, тыйымдар осы табиғатпен біте қайнасудан туындаған ұғымдар жиынтығы болып саналады.

Исламға дейінгі қазақ халқының рухани мәдениетінде тәңірлік сенім мен шаманизм айрықша орын алады.

Қазақ халқының арасында шаман атауына қарағанда бақсы атауы кең таралды. Бақсылар ислам діні таралғанға дейін ру-тайпалардың саяси-әлеуметтік өмірінде өте маңызды рөл атқарған. Олардың негізгі қызметі адам мен әлеумет өміріне қауіпті құбылыстарды залалсыздандыру, алдын алу болса керек. Бақсылар өз ойыны арқылы ұжымда қордаланып қалған жағымсыз психикалық қуатты бейтараптандырып, әлеумет өмірін үйлестіріп отырған.

Қазақ философиясының және дүниетанымының қалыптасуына түріктердің мифологиялық ертегілері, хайуанаттар жайындағы ертегілерінің де үлкен әсері болды. Қазақ аңыздарында көшпелі елдің төл ерекшелігі, белгілері бірден байқалады. Себебі олар тұрмыс-салтымыздың, болмысымыздың негізінде туған аңыздар. Осындай дала аңыздары ішінде халық арасында Қорқыт, Асан қайғы туралы толып жатқан аңыздар бар.

Бүкіл әлем халықтарының өнерінде, әсіресе сәулет саласында тайға таңба басқандай көшпенділер ықпалының табы, стилі байқалады.

Орта ғасырларда қазақ мәдениетінің орталығы болған көптеген қалалар салынған.

Отырар – Қазақстанның орта ғасырлардағы әйгілі қалаларының бірі. Отырар кезінде Фараб деген атпен де белгілі болған.

1248 жылы қалада алғаш рет Отырар белгісімен ақша соғылды.

Ұлы ғұлама, данышпан бабамыз Әбу-Нәсір әл Фарабидің туған қаласы көптеген ғасырлар бойы батыс пен шығысты байланыстырып тұрған күретауыс орталығы болған. Отырарда сонымен қоса ғажайып үлкен қыш ыдыстар – хумдар көптеп кездеседі.

Қазақ халқының көне тарихының көзіндей өмір сүрген қаланың бірі-ежелгі Тараз. Қала жазба деректерде сонау V ғасырдан белгілі.

Тараздың керамикалық ыдыстарының басқа қалалардан табылған табақтардың өзіндік ерекшеліктері бар. Мұндағы ыдыстарда символикалық белгі - өрнектермен қоса, жан-жануар бейнесі жиі кездеседі.

X-XII ғасырларда қала маңында салынған ескерткіштер Тараз мәдениетінің, сәулет өнерінің шарықтаған кезеңі екенін дәлелдейді Айша-бибі кесенесі XII ғасырда тұрғызылған қазақ сәулет маржаны, қазақтың Тәж-Махалы. Өзінің сәулеттік сымбатымен, өрнекті керегелерінің айшықтығымен бүкіл Орта Азия мен Қазақстанда теңдесі жоқ құрылыс.

Орта Азия мен Қазақстанда кездесетін тамаша сәулет кешендері баршылық. Олар Шир-Дор ансамблі, Қожа Ахмет Иассауи ғимараты және тағы басқалары.

Орта ғасырлардағы Қазақстан қалаларының бірі – Түркістан.

Әдебиетер:

1.ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаев Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру.

2.Әбжанов Т.Ы. Қазақ рухының философиясы. — Қарағанды: ҚарМУ баспасы.

3.Н.Ә.Назарбаев «Тарих толқынында», Алматы «Атамұра». 1999ж.

4.Жақып Б. «Тәуелсіз Қазақстанның саяси тарихы».2010 ж.

5.Адырбек Н. «Ұстаным-ұлттық сана».Алматы 2013ж.

6.Абдыкалыков А. «Жаңғырудың негізі-білім мен ғылымда».Игілік 2018ж.

7.Адырбек Н. «Ұстаным- ұлттық мүдде».Қазығұрт 2013ж

8.Анықбай Е . «Қазақ үнін әлемге дабылдатқан». Айқын 2015ж.

Тапсырмалар:

Тапсырма 1

Төменде келтірілген кестені толтырыңыз:

Қарахан кезеңіндегі мәдениет	Моңғолдық кезең және ортағасырлық Қазақстан	Хорезмшах кезеңіндегі мәдениет	Алтын Орда кезеңінің мәдениеті	Ақсақ Темір кезеңіндегі мәдениет
------------------------------	---	--------------------------------	--------------------------------	----------------------------------

Тапсырма2

«Ұлы Моғолдар мәдениеті» атты тақырыпқа баяндама жазыңыз.

Тапсырма 3

Келтірілген ұғымдарға анықтама беріңіздер: ежелгі түркі өркениеті, ұлы дала, ислам және номадизм, Алтын Орда, Моғол мәдениеті, суфизм, мешіт, медресе, астрономия, обсерватория, «сакральды Қазақстан».

Шығармашылық тапсырма

«Сакральды (қасиетті) Қазақстан» бағдарламасы» атты тақырыпты негізге алып, презентация жасаңыздар.

Талқылау сұрақтары:

1. Түркі кезеңіндегі техниканың дамуы қандай деңгейде болды?
2. Ортағасырлық түркі мәдениетіне исламның ықпалы қандай болды?
3. Қазақ мәдениетіндегі сопылықтық ерекшелігі неде?
4. Ұлы Моғол мәдениетінің тарихтағы рөлі қандай?
5. Түркі өркениетінің технологиялық жетістіктерінің адамзат мәдениетіне қосқан үлесі қандай?

1.9 Қазақ мәдениетінің қалыптасуы

Сабақтың мақсаты: Қазақ мәдениетінің қалыптасу ерекшелігімен танысу.

Негізгі ұғымдар: номад мәдениеті, ұлы дала, ұлттық мәдениет, қазақ мәдениеті.

Қазақ – Еуразия сахарасында өмір сүрген байырғы көптеген ру-тайпалардың ұзақ тарихи даму барысында біртіндеп біртұтастанып, XV ғасырда дербес ұлт болып қалыптасқан ұлт. Ұлттық сана мен психология Қазақ хандығының немесе Қазақ мемлекетінің құрылуына негіз болған басты фактор. Қазақ ұлты өздеріне тән этномәдениет негізінде қалыптасқандықтан оны «мәдениеттік ұлт», әсте, «мүдделі топтардың жиынтығы» емес деп санаймыз. Өйткені, Қазақ хандығы көшпелі мал шаруашылығы экономикасы негізінде 1465 жылы құрылды, ол кездегі қазақта жалпы елді ортақ бір мүддеге ұйыстыратын күшті экономикалық құрылым мен негізгі тетігі болған жоқ, бірақ оларда ортақ саяси мүдде мен этномәдени бірлік мықты болды. Міне, осы негізде Қазақ хандығы өмірге келді және дамыды. Американдық ғалым Данке Воигхт: «Іс жүзінде субъективті факторлар әдетте (ұлт) анықтамасының шынайы негізі болады, ал «Объективті шарт-жағдай» әдеттегі түсініктерден әлдеқайда көп болады» – деген екен. Объектившілік жақтаушылары ұлттарды анықтауда қандастық және географиялық қағидаларға сүйеніп, ұлттың қалыптасуы тарих дамуының табиғи (натуралды) туындысы деп есептейді. Бұрынғы кеңестік ғалым Р.Ф. Итс: «Ұлт деген ортақ биологиялық генезден шыққан адамдар тобы» – деп түсіндіреді. Ал Сталиннің ұлт жөніндегі анықтамасы көпке мәлім. Қытай ғалымы Ван Ичжоу ұлт жөніндегі әртүрлі

анықтамаларды қорытып: «Ұлт деген ерекше бір аумақта, мәдени және тілдік ортада пайда болады, ол үнемі қандастық, патриархалдық қатынастар арқылы ғана топтасып, белгілі ортақ тұлғаға айналады. Ол өзінің дамып терендеуі барысында формациялық өзгерістерге ұшырауы немесе (негізгі) буынан ажырап қалуы мүмкін, бірақ олардағы тарихта жетілген ұлттық сүйіспеншіліктерін үзіп тастау мүмкін емес. Соңғысы сонау баста-ақ ұлттың өмір сүруі мен ұлттық ынтымақтастықтың белгісі мен тірегіне айналған – деп пайымдайды. Бұл пайым қазақ сияқты ұлттардың тарихи болмысына жауап бере алады.

Қазақтың ұлттық мәдениет ерекшеліктері олар өмір сүрген ортақ географиялық аумақта, тарихи тіршілік формасы мен тұрмыс формасы негізінде қалыптасқан. Қазіргі заманғы этнографияда мәдениет тұрғысынан ұлттық ортақ тұлғаны анықтайтын әдістер көп қолданылады. Бұл жөнінде Антони Смитің (Antony Smith) тамаша пайымы бар. Ол: «Ұлт дегеніміз мәдениеттік және қоғамдық ұғым, ол бір мәдениеттің және саясаттың өзегі, осы өзек ортақ мифті, жадыны, белгіні және дәстүрді тұтастай алып, аса беделді ортақ тұлға жасайды» – дейді. Осындай көзқарас ұсынатындар, ұлтты мәдени, психологиялық тұрғыдан қарастырады да, мемлекет деген – ол саяси бірлік пен құқықтық ұғым, ұлттың тарихы мемлекеттің тарихынан ұзақ, кеңістігі одан да кең, ішкі мазмұны тіпті де гуманизмдік болады, ұлт пен мемлекет байланысты болуы мүмкін, сондай-ақ бір ұлт бірнеше мемлекетте тұруы да ықтимал. Қайда болса да оларды бір ұлт екенін айшықтап тұратын басты ерекшеліктер: олардағы ортақ тілі, ортақ ойлау жүйесі, ділі (менталитеті), психологиясы, әдет-ғұрыптары, дүниетанымы, тарихи жадысы және құндылық талғамдары деп санайды. Осы тұрғыдан қарастыратын болсақ, айтылған ұлттық ерекшеліктер қазақ халқында Қазақ хандығы құрылғанға дейін негізінен қалыптасқан және Қазақ хандығы тұсында дамып жетілгенін байқаймыз. Мұны біз ұлттың ең негізгі ерекшеліктерін салыстыру арқылы анық байқаймыз.

Қазақ тілінде басқа ұлттар сияқты жергілікті диалекті жоқ, тұрмыстық әдет-ғұрыптары бірдей, салт-санасы ұқсас, тіпті, адамның тал бесіктен жер бесікке дейінгі ғұмырының әрбір кезеңдерінде жасалатын рәсімдері де ұқсас, сондай-ақ, олардың адам өмірден өткеннен кейінгі аза тұтуы мен ас беру салттарында да айтарлықтай айырмашылық жоқ. Осынау Алтай мен Атырауға дейінгі ұлан-ғайыр кең далада орналасып, бытыраңқы мал шаруашылығымен шұғылданған халықтың мәдениетіндегі осындай біркелкілігі басқа ұлттарда кездеспейді. Бұны көшпенді өмірмен байланысты дейін десең, моңғолдар мен қырғыздарда диалекті бар. Қазақпен этногенезі жақын оңтүстіктегі өзбектің, шығыстағы ұйғырдың тілінде де диалектісі ауыр. Сондықтан болса керек, қазақтың тіліндегі біркелкілікті оның неке мәдениетіндегі ерекшеліктермен байланыстырып түсіндіреді. Қазақтың жеті атадан аспай некеленбеу, жеті атадан асқан күннің өзінде жеті өзеннің аржағынан үйлену салты, қазақ тілінің біркелкілігін сақтады деп санайды. Бұл көзқарастың негізі бар. Қазақтың ана тілі аналардың балаларға – ұрпақтарға үйретуімен жалғасып келеді. Ал аналардың алыстан келуі мен алысқа баруы – іс жүзінде өзара мәдени

ықпалдастықты ілгерілетіп отырған. Соның тарихи нәтижесі ұлттық тілімізде біркелкіліктің сақталуы болып табылады.

Қазақтың алыстан – жеті атадан әрі некелену салты тек қазақ ана тілінің біркелкілігін, тазалығын ғана сақтап қалған жоқ, сонымен бірге қазақ халқының ішкі байланысы мен біртұтастығын нығайтып отырды. Сондықтан қазақтар тарихта географиялық әкімшілік жақтан үш жүзге бөлінгенімен, қандастық жақтан ру-тайпаларға жіктелгенімен олардың арасында жүздік немесе рулық сипаттағы жойқын әскери соғыстар болған емес. Әрине, халық болған соң жесір дауы, жер дауынан бас жарылып, қол сынған оқиғалар болып тұрғаны жасырын емес. Бірақ моңғолдар, өзбектер, қытайлар сияқты жергілікті аймақтық саяси топтардың сан мыңдаған, тіпті жүз мыңдаған қалың қолмен өзара қырқысқан оқиғасы қазақ тарихында болған емес. Бұған да қазақтың неке салтының саяси рөл атқарып отырғанын байқау қиын емес. Жиендер әдетте нағашы атасының ауылына шабуыл жасамайды, ал нағашылары жиенін ұрса «қолы қалтырап қалатын» болған. Тарихта өткен Қытай патшалықтары көшпенді қағандықтармен қалыпты қатынас сақтаудың бір тәсілі ретінде «құдандалы саясат» қолданғаны белгілі. Бірақ оның саяси мақсаты басқа болғандықтан, одан олар ойлағындай нәтиже шықпағанды.

Қазақтың неке салты этнофольклорлық мәдениеттің кең таралуына да белсенді рөл атқарған. Баршаға аян, Атырауда айтылатын «Қыз Жібек пен Төлеген» дастаны Алтайда да айтылады; Оралда айтылатын «Қырымның қырық бұтағы» Тәңіртауы (Тянь-шань) бауырайында да жырланып келді. Осындай ауыз-әдебиеттің классикалық үлгілерінің халық арасына соншама кең таралуы – ұлтымыздың алыстан құдандалы болу және құда-құдашалар арасында өлең айтысу, қисса-дастандар жырлау салтының мәдениет тарату қызметін атқарғанын көрсетеді.

Қазақ халқындағы алыс ру-тайпалардан келін алып қыз беру салты, олардың этнотерриториясы бөлінгеннен кейін де біршама ұзақ уақыт жалғасты.

Жалпы айтқанда, бір ұлттың екі немесе одан да көп мемлекеттерде өмір сүруі міндетті түрде оларды ұлттық қоғамның біртұтастығынан айырады, сонымен олар ұқсамаған дәрежеде негізгі ұлттың (титулдық ұлттың) саяси, экономикалық және әлеуметтік мәдениетінің ықпалына түседі.

Әдебиеттер:

1. Мыңжани Нығымет. Қазақтың қысқаша тарихы. – Үрімжі: Шыңжаң халық баспасы, 1989. – 130-б (қытайша басылымы).
2. Қытай-Ресей шекара келісім жинағы. – 44-б
3. Мұқаметханұлы Нәбижан. Қытайдағы қазақтардың қоғамдық тарихы (1860-1920 жж.). – Алматы: ҚАЗАқпарат. – 2000. – 190-б.
4. Ли Чэнь. Қытай-Ресей съездерін зерттеу «Шыңжаң қоғамдық ғылымдары». – 1988. – № 4. – 68-б.
5. Жәкеұлы Мұқаш. Алтай ағартуы тарихынан «Жас түлек». –1987. – № 3.

6. Татанайұлы Асқар. Тарихи дерек – келелі кеңес. – Үрімжі: Шыңжаң халық баспасы, – 1987. – 124-125-бб.

7. Ташбаев Таһир. Тарбағатай аймағының азаттықтан бұрынғы (1949 ж. ҚХР құрылғанға дейін. – Н.М.) баспасөз тарихына аз аял // Іле тарихи материалдары. – Құлжа: Іле газеті баспасы, 1989. – 5 кітап, – 53-б.

8. Қазақтың қысқаша тарихы. – 582-б.

9. Мұқаметханұлы Нәбижан. XX ғасырдағы Қытайдың тарихи үрдісіндегі қазақтардың әлеуметтік дамуы. – Алматы: Қазақ университеті, – 2006. – 28-б.

Тапсырмалар

Тапсырма 1

Төменде келтірілген кестені толтырыңыз:

Қазақтардың эпикалық мәдениеті	Қазақ халқының мифтері мен аңыздары.	Халықтық поэзия формалары
-----------------------------------	---	------------------------------

Тапсырма2

«Қазақ дәстүрлі мәдениетінің этикалық құндылықтары » атты тақырыпқа баяндама жазыңыз.

Тапсырма 3

Келтірілген ұғымдарға анықтама беріңіздер: түркі өркениеті, ұлы дала, номад мәдениеті, ұлы дала, ұлттық мәдениет, қазақ мәдениеті, этикалық құндылықтар, эпикалық мәдениет, тілдік мәдениет, билері институты.

Шығармашылық тапсырма

«Тамғалы мәдени рәміздер және қазақ халқының мәдени бірегейлегінің географиялық құраушысы ретінде» атты тақырыпты негізге алып ,презентация жасаңыздар.

Талқылау сұрақтары:

1. Қазақ мәдениетінің ерекшелігі неде?
2. Ұлы қазақ билерінің тарихтағы рөлі қандай?
3. Қазақтардың эпикалық мәдениетінің ерекшелігі неде?
4. Ұлы қазақ билерінің қазақ мемлекеттілігіне қосқан үлестері қандай деп ойлайсыз?
5. Қазақ шешендік институтының ұлттық мәдени кодты сақтаудағы рөлі қандай?

1.10 XVIII ғ. – XIX ғ. соңы аралығындағы қазақ мәдениеті

Сабактың мақсаты: XVIII ғ. – XIX ғ. соңы аралығындағы қазақ мәдениетінің даму ерекшелігімен танысу.

Негізгі ұғымдар: номад мәдениеті, ұлы дала, ұлттық мәдениет, қазақ мәдениеті, Зар-заман.

Қазақ халқының XVIII ғасырдың екінші жартысы мен XIX ғасырдағы мәдениеті ежелгі қазақ жерінде өмір сүріп, қазақ халқын құраған ұлыстар мен тайпалардың материалдық мәдениеті мен рухани мәдениетінің заңды жалғасы және жаңа заманға сай дамып қалыптасқан түрі болды. Қазақ халқының ғасырлар бойы жасаған рухани мәдениетінің маңызды бір саласы - қазақ шежіресі екені анық. Қазақтың байырғы салт-дәстүрі бойынша әрбір қазақ азаматы өзінің жеті атасын білуге тиісті еді. Мұны балаларына үйрету әрбір атаның, отбасы тәрбиесінің негізі болды. Тек ата-анасынан айырылған жетімдер ғана мұндай тәрбиеден қалған. Соның үшін қазақ қауымы “жеті атасын білмеген жетімдіктің салдары” дейді. Ру, тайпа және жүздің шежіресін таратып айта алатын адамдар халық ішінде құрметтеліп “шежірешілер” деп аталды. Ерте заманда шежіре ауызша түрде ұрпақтан-ұрпаққа жеткізілсе, XVIII-XIX ғасырларда бірсыпыра шежірелік жинақтар таспаға түсірілген. Олар: “Көшен-Қарауыл шежіресі” (XVIII ғ.), “Жәңгір хан шежіресі” (1835), Ш.Уәлиханов жазып алған “Ұлы жүздің шежіресі” және т.б. Сол сияқты XVIII ғасыр “ақындар поэзиясы ғасыры” деп аталған. Қазақ мәдениеті мен әдебиетінің өте құнды мұралары – ақын-жыраулардың өлең-жырларында халықтың өмір тіршілігі, көңіл-күйі, салт-санасы, өндірісі мен тұрмысы, мінез-құлық өлшемі, сол дәуірдің рухы бейнеленді. Олар халық басына келген қайғыға да, жұрт кенелген мерейге де ортақ болды. Ел басына ауыр күн туғанда шапқыншы жауларға қарсы жан аямай күресіп, елін қорғаған ерлерді дастан етіп жырлап отырды. XVIII ғасырда танымал болған Ақтамберді, Тәттіқара, Үмбетей, Бұқар, Шал, Көтеш секілді жыраулар өз өмірінде ұшан-теңіз жыр шығарды. Қазақ әдебиеті тарихында көрнекті орын алатын XVIII ғасырдағы атақты жырау Бұқар Қалқаманұлының (1668-1781) бірнеше шығармалары сақталған. Ол тәуелсіздікті сақтау және нығайту идеясын білдірген көрнекті дидактикалық өлең-толғаулар шығарған. Қазақ ханы Абылайды қолдап, әр түрлі даулар мен таластарды шешкен. Жырау қазақтың барлық үш жүзін біріктіріп, бір орталыққа қараған күшті мемлекет болуын армандады. Тәттіқара, Үмбетей, Шал, Көтеш сияқты жыраулардың жырлары халық жадында үзік-үзік сақталған. Үмбетейдің Бөгенбай батырдың қайтыс болуына арналған естірту жыры - жоқтауы белгілі. Үмбетей жоқтауында Бөгенбай - халық қорғаушысының мінсіз бейнесі. Ал Тәттіқара ақын қатардағы жауынгер ретінде көптеген шайқастарға қатысып, жорықта туған толғауларында жауынгерлерді бостандық жолындағы күресте қандай да болсын қиыншылықтың алдында бас иеуге шақырады. Бұхар жырау XIX ғасырда қазақ әдебиеті ұлттық дарынды тұлғалардың көптігімен де, бір-біріне ұқсамайтын дара туындылардың сан қырлы сипатымен де ерекшеленді. Бұл дәуірде айтыс өнері дамып, даңқты ақындар Жанак, Шөже, Орынбай, Түбек, Сүйінбай, Шернияз, Біржан, Бақтыбай, Жамбыл сияқты әйгілі ақындар қатары Сара, Ырысжан, Ұлбике, Тәрбие, Ақбала және басқалар сияқты ақын қыздардың есімдерімен толықты

деуге болады. Түрі мен мазмұны жағынан айтыстар бір-біріне ұқсамайды. Олардың кейбіреулерінің негізгі мазмұнында халықтың өмірі, оның шаруашылық-тұрмыстық проблемалары, рулық қоғамдастықтың ерекшеліктері сөз болса, Біржан мен Сара айтысында қазақ әйелдеріне жеке бостандық беру мәселесі көтеріледі. Мұндай айтыстармен қатар бірін-бірі қалжыңмен қағыту, танысу, амандасу, көңіл көтеретін әзіл-оспаққа құрылған айтыс түрлері де аз кездеспейді. Осы кезеңнің музыкалық мәдениетінде Махамбет Өтемісұлы (1804-1846) өзіндік даралығымен көрінді. Ол 1836-1838 жылдардағы Исатай Тайманұлы бастаған шаруалар көтерілісінің белсенді қатысушысы ғана емес, көтерілістің “жаны” мен “жылнамашысы” болды. Оның “Исатай көтерілісі”, “Исатайдың өлердегі сөзі” сияқты шығармалары көтерілісті жан-жақты сипаттады. Сол сияқты Шернияз Жарылғапұлы (1817-1881) Кіші жүз қазақтарының отаршылдыққа қарсы ұлт-азаттық күресінің жыршысы және ту көтерушісі болды. Жалынды жырларымен халықты күреске үндеді. Шығармалары қайшылыққа толы, күрделі тұлға саналған зар-заман ақындары да қазақ әдебиетінде өзіндік орын алады. Зар-заман ақындарының көрнекті өкілдері - Дулат Бабатайұлы (1802-1874), Шортанбай Қанайұлы (1818-1881), Мұрат Мөңкеұлы (1843-1909). Олар қазақ халқының өмірін ақиқатпен жырлаған ақындар болды. Ахмет Байтұрсыновтың “Ақындық жалғыз өз көңілінің күйін толғай білуде емес, басқалардың да халін танып, күйіне салып толғай алуында” деп тұжырымдағаны сияқты, бұл ақындар да қара басын күйттеген ақын емес, халқының үнімен елдің мұңын жеткізуші болды. Зар-заман ақындары өмір сүрген кезең патшаның отаршылдық саясаты дәуірлеп, қазақ жерінің нағыз талауға түскен кезі еді. Мәселен, Мұрат Мөңкеұлы “Үш қиян”, “Сарыарқа”, “Әттең, бір қатты дүние-ай” сияқты толғау-дастандары арқылы қазақ жерін отарлаушыларды батыл әшкерелеп, озбыр саясатқа қарсы тұрса, Дулат Бабатайұлы “Бейшара менің қазағым”, “О, Сарыарқа, Сарыарқа” өлеңдері арқылы қазақтың ауыр тұрмысын бейнелейді. XVIII-XIX ғасырларда ақын-жыраулық поэзиямен қатар шығыстық ақындық дәстүр үлкен орын алды. Қазақтың дастандары араб-парсы әдебиетімен, фольклорымен байланыста болды. Абай қазақтың классикалық әдебиетіне дастандар алып келді. (“Ескендір”, “Масқұт”, “Әзімнің әңгімесі”). Абай (Ибраһим) Құнанбайұлы (1845-1904) өзі туған ортадан шоқтығы биік тұрды. Оның пікірінше, әрбір ойлы адам қоршаған өмір шындығына өзінің саналы көзқарасын қалыптастыруға тиіс. Абайдың бүкіл шығармашылығы әрекетсіздік пен жалған ұятқа деген ымырасыздық идеяларына толы. Ол ел ішінде бірлік пен татулық болғанда ғана қоғамның негізгі күштері - ғылым, алдыңғы қатарлы идеялар, мәдениет толық көлемде дами алады және бүкілхалықтық игілік әкеледі деп санады. Қоғамды алға дамыту жолдарын үнемі іздестіріп отырды. Яғни, бұл даму егіншілікті, қолөнерді, сауданы дамытумен тығыз байланыстырылды. Ұлы ақын: Егіннің ебін, Сауданың те гін Үйреніп, ойлап, мал ізде” деген болатын. Сол сияқты ақын орыс әдебиеті мен мәдениетімен таныс болды. М.Ю. Лермонтов, А.С.Пушкин, Н.Крылов шығармаларын аударумен шұғылданды. Орыс әдебиеті үлгілерін қазақ халқы арасына тұңғыш таныстырушы болып, олардың өскелең

идеяларын насихаттады. Осы кезеңнің дара тұлғаларының бірі ретінде Ш.Уәлихановты (1835-1865) атаймыз. 1856 жылы Ш.Уәлиханов екі экспедицияға қатысады. Біреуі Орталық Тянь-Шань арқылы Алакөлден Ыстықкөлге дейінгі, екіншісі - дипломатиялық тапсырма бойынша Құлжаға сапар. 1857 жылы Уәлиханов Алатау қырғыздарына тағы да сапар шегіп, қырғыз халқының энциклопедиялық дастаны “Манасты” көшіріп алды. Ыстықкөлге экспедиция кезінде Ш.Уәлиханов тарихи деректермен қатар көненің көзі - ерте заман бұйымдарының құнды үлгілерін жинады. “Ыстықкөлге барған сапардың күнделігі”, “Қытай империясының батыс провинциясы және Құлжа қаласы”, “Қырғыздар туралы жазбалар” деген тарихи-этнографиялық туындылары жоғарыда аталған сапарларының нәтижесі болатын. Ш.Уәлихановтың ғылыми қызметі Орыс географиялық қоғамының назарын аудартып, 1857 жылдың ақпанында ол қоғамның толық мүшелігіне қабылданады. Оның ғылыми мұрасы Қазақстанның және көп ұлтты Ресейдің, басқа да халықтардың проблемаларының өзекті тұстарын қамтиды. Шоқан Орта Азия мен оған іргелес жатқан аймақтар халқының географиясын, этнографиясы мен фольклорын зерттеуге де үлкен үлес қосты. А.Құнанбаев пен Ш.Уәлиханов XIX ғасырдағы екі үлкен білім жүйесінің өкілдері болды: діни (мұсылмандық) және зайырлы (орыстық). Мектеп пен медреселерде діни білім беріліп, молдалар мен мұғалімдер даярланды. Медреселерде теологиялық діни білім философия, тарих, әдебиет, астрономия, медицина, математика, лингвистика пәндерін оқытса, зайырлы оқу орындары қазақтарды Ресейге қызмет ету мен орыс мәдениетіне қызығушылық жолдарына салды. Олар отарлау аппараттарына шенеуніктер, аудармашылар, оқытушылар, әскерилер, дәрігерлер даярлады. Орынбордағы зайырлы оқу орындарының бірін 1857 жылы танымал жаңашыл-педагог, ағартушы Ы.Алтынсарин аяқтайды. Ы.Алтынсарин (1841-1889) бастамасымен және тікелей қатысуымен Қазақстанда халықтық азаматтық мектептер желісінің құрылуына қол жеткізілді. Ол, әсіресе, қолөнер және ауылшаруашылығы училищелерін ашуға көп күш-жігер жұмсап, байырғы халық арасынан Қазақстанның экономикалық дамуы үшін қажетті мамандар даярлауға ерекше мән берді. Ы.Алтынсарин орыс-қазақ мектептерінің оқушыларына арнап “Қырғыз (қазақ) хрестоматиясы” және “Қырғыздарға (қазақтарға) орыс тілін үйретуге алғашқы басшылық” атты оқу құралдарын жазды. Орыс кластарына қазақ тілінен сабақ беріп, ол ұлттық әдебиет пен мәдениетті дамыту, қазақ әдеби тілін қалыптастыру жолында жемісті еңбек етті. XIX екінші жартысында Қазақстандағы музыка өнерінің дамуына Құрманғазы Сағырбайұлы, Дәулеткерей Шығайұлы, Тәттімбет Қазанғапұлы, Ықылас Дүкенұлы сияқты композитор-музыканттар үлкен үлес қосты. Домбыра, қобыз, сыбызғы сияқты музыкалық аспаптар арқылы түрлі эпостарды, тарихи дастандарды, аңыз-әңгіме мен жырларды орындап отырды. Аталған композиторлардың дүниетанымы тарихи тұрғыда шектеулі бола тұрса да, олардың шығармаларында әлеуметтік қайшылықтар бейнеленді. Біржан Қожақұлы, Мұхит Мералиев, Ақансері Қорамсаұлы, Жаяу Мұса Байжанұлы, Құлтума Сармұратұлы сияқты және тағы басқа көптеген ақын, әнші,

композиторлардың шығармашылық және орындаушылық шеберлігі арқасында қазақ ән мәдениетінің классикалық үлгілері дамып, жоғары дәрежеге көтерілді. Материалдық мәдениеті: Қазақтардың XVIII-XIX ғасырлардағы материалдық мәдениетінің күйі қоғамның экономикалық даму деңгейімен анықталды. Оның даму барысына көшпелі қазақтар экономикасының дамуындағы басты фактор ретінде көшпелі мал шаруашылығы әсер етті. Бұл жағынан алғанда егіншілік, сауда-саттық, көрші халықтардың ықпалының маңыздылығы да аз болған жоқ. Отырықшы халықтар өмірінде жер шаруашылығы үлкен рөл атқарса, көшпелі халықтарда мал шаруашылығы маңызды болды. Қазақ көшпенділерінің салт-дәстүрі, діни-наным сенімі, тұрмысы көшпенділік өмірмен тікелей байланысып жатты. Көшіп-қону мал өсірушілерге маусымдық жақсы жайылымдарды пайдаланып отыруға мүмкіндік берді. Көшіп-қону көбінесе меридиан (оңтүстіктен солтүстікке) бағытымен жүрді. Ірі рулар мен олардың бөлімшелерінің қоныстары негізінен бір территорияда болды. Әрбір рудың өзінің көш жолдары болды. Қазақтың мал шаруашылығының өріс, қоныстары жылдың төрт маусымына қарай қыстау, көктеу, жайлау және күзеу деп төртке бөлінді. Жаздық жайылым қазақтардың ортақ пайдалануында болып келсе, көктеу мен күзеу бір орында болды. Қыстауда малшылар құйма кесектен қаланған үйлерде қыстады, жылдың басқа мезгілдерінде киіз үйлерде тұрды. Киіз үй – көктем, жаз және күз мезгілдерінде қоныстан-қонысқа көшіп жүру жағдайына қолайлы құрама үй. Оның қабырғасы айқыш сағанақтардан көктелген керегеден тұрғызылды. Кереге жиналмалы болып бөлек-бөлек қанаттан жасалды. Ал керегеден жоғары сидам жіңішке ағаштан жұмырлап жасалып, қарны иілген уықтардан қаусырыла күмбез шығарылды. Уықтардың аяғы дөңгелене жайылған керегенің аша басына айқастыра байланып, ұшы (қаламшасы) шаңырақтың көзіне шаншылды. Шаңырақ - үй күмбезінің төбесі әрі терезесі. Үй ағашының сыртынан арнаулы киіздер, қабырғасына туырлық, үстіне үзік, төбесіне түңлік жабылды. Үйдің ортасында ошағы, оң жағында төсек, оның тұсында тұскиіз ұсталып, төсекті қоршап шымылдық тартылады. Үйдің төріне жүкайяқ қойылып, оның үстіне көрпе-жастық жиналады. Үйдің сол жағына кебеже, қазан-аяқ, саба сияқты ыдыстар қойылып, ол шимен қоршалған. Көшпелі мал шаруашылығына күрделі еңбек құралдары керек болған жоқ. Жылқы ұстау үшін құрық, арқан пайдаланылды, қайыстан немесе жылқының жал-құйрығынан тұсау мен шідер жасалды, құлын мен бота байлауға жуан арқан мен нокта пайдаланылса, мал суғаруға науа мен қауға пайдаланылды. XVIII ғасырдың аяғында қазақ даласына орыстардың қыста шөп дайындауға арналған шалғылары біртіндеп тарала берді. Ал, XIX ғасырдың орта шенінде шалғымен қоса темір айыр да кеңінен қолданыла бастады. Қазақстанда суармалы егіншіліктің ежелгі ошақтары ертеден болып келген. Осыған байланысты қазақтарда егіншілік құралдарының қарапайым түрлері болды. Мәселен, тісағаш, егін оратын орақ, ағаш күрек, сыпыртқы егіншілік құралдарына жатқызылды. Егісті суғару үшін суды көтеріп шығаратын әр түрлі құралдар – атпа, шығыр, сондай-ақ кетпендер мен күректер пайдаланылды. Оларды жергілікті ұсталар өздері дайындап отырды. Салт атқа арналған

әбзелдерді қоспағанда қазақтың мал шаруашылығына және егіншілікке байланысты негізгі еңбек құралдары Қазақстанның бүкіл аумағында бір-бірімен ұқсас болды. Қазақтың ат-тұрман әбзелінің ішіндегі ердің сыртқы түрі мен дайындау тәсілінде жергілікті ерекшеліктер байқалады. Ердің ең көп таралған түрі - қайыңнан шауып жасалған, алдыңғы қанаты кең “қазақ ері” болып табылады. Оңтүстік Қазақстанда ердің “құранды ер” дейтін түрі таралған. Ер-тұрман әбзелдерін жасау, негізінен, ершілердің ісі болған. Олар тек қана ердің өзін емес, сонымен бірге бүкіл ат әбзелдерінің бәрін - тоқым, құйысқан, өмілдірік, жүген, айыл, үзеңгі, таралғы, қамшы және т.б жасап, оларды әсемдеп, көркемдеп отырған. Сондай-ақ қайыстан ат-тұрман әбзелдерін өретін шеберлерді “өрімші” деп атаған. Қазақтардағы көшпелі тұрмысқа бейім шаруашылықтың үстемдігі алуан түрлі қолөнерінің - тоқымашылықтың, киіз басудың, ағаш, металл, тері, сүйек және мүйіз өндеудің дамуына себепші болды. Тоқымашылықпен және киіз басумен көбіне әйелдер айналысты, олар негізінен алғанда үйге керек-жарақтардың тоқымашылық пен ісмерлікке қатысты заттарын: кілемдер, алашалар, шекпендер, киіз үй ішіндегі алуан түрлі басқұрлар, бау-шулар, текеметтер, сырмақтар, аяққаптар және т.б дайындады. Қыстаулардағы отырықшылыққа бейімделген тұрғын үйлердің дамуы, үй-жайлар санының көбеюі және орыс мәдениетінің ықпалы тұрғын үйлердегі керек-жарақтардың едәуір өзгерісіне әкеп соқты. Дәстүрлі үй бұйымдарының орнына әйнектелген ыдыс қоятын шағын шкафтар, жақтаулы ағаш кереуеттер, іші құлыпталатын әр түрлі сандықтар пайда болды. Қазақтардың ұлттық киімінде этнографиялық белгілері сақталып қалғанымен, олардың да пішіні мен түрлеріне өзгерістер енді. Ер адамдар бітеу пішілген, кеудесінде тік өңір қақпағы бар, жалпақ қайырма жағалы, етегі біршама ұзын көйлек киетін болды. Ер адамдардың көп таралған сыртқы киімінің түрі шапан болды. Ол көбінесе фабрикалық маталардан тігілді. Ауқатты қазақтар түрлі-түсті бұқара жібегінен, барқыттан қымбат матамен әдіптеп тігілген шапан киді. Қазақтар әдемі “мәуіті шапан” мен “мәуіті шекпен” де дайындады. Олардың қос шабуынан өрнек салынды. Шабудың төменгі жағынан тілік қалдырылып, жұқа түйе жүннің тоқымасынан тігілді. Қазақстанның барлық облыстарында қазақтардың кеңінен қолданылған қысқы сырт киімінің ежелгі түрлерінің бірі – күпі көктемде қырқылған түйе немесе қой жүнінен дайындалды. Сырт киетін қысқы киімнің қадірлісі аң және үй жануарларының терісінен тігілген ішіктер болды. Қазақтардың көбінің қолы жететін және кең таралған қысқы киім түрі қой терісінен өңделіп, жүні ішіне қаратып тігілген тон болды. Енді аяқ киім түрлеріне келетін болсақ, қазақтардың негізгі аяқ киімі былғары етік, кебісті мәсілер болды. XVIII ғасырда қазақтардың жазда киетін өкшесі биік, тұмсығы қайқы етіктері XIX ғасырдың екінші жартысында жоғала бастады. Барлық жастағы ер адамдар қыс кезінде негізінен ішінде киіз байпағы бар ұзын қонышты саптама етік киді. Неғұрлым ауқаттылары жаз кезінде былғары кебісі бар мәсі киіп жүрді. Бұл аяқ киімдердің барлығы оң және сол аяқ деп бөлінбей бірдей тігілетін. Бас киім түрлеріне келетін болсақ, ересек ер адамдардың барлығы шаштарын алдырып, басына тақия, тебетей киді. Бұның сыртынан

тігілген терісіне сәйкес сусар, пұшпақ және елтірі деп аталатын бөріктер киді. Әйелдердің киімдері жас ерекшеліктеріне сәйкес бір-бірінен біршама ерекше болды. Қазақ әйелдері ерекше сәнді киініп, киімдерінің сыртынан тағатын кемер белдіктерін күміспен күптеп, алтынмен аптап, қымбат бағалы тастармен әшекейлеп отырды. Әйелдердің жасы мен отбасындағы жағдайына байланысты бас киімдері де ерекше болды. Мәселен, жас қыздар шет-шетіне моншақтан немесе бағалы металдан шекелік тағылған, бай нақышты үкілі тебетей - “қасаба” киді. Ұзатылған қыздың бас киімі сәукеле бір жылдан соң ақ мақта-матадан дайындалған кимешекпен ауыстырылатын еді. Мал шаруашылығына негізделген қазақтардың тұрмысы олардың ішетін тамақтары мен ыдыс-аяқтарынан айқын көрінеді. Негізгі тамақтары ет-сүт өнімдері болды. Қазақтар ыдыс пен керек-жарақтарды көбінесе сынбайтын материалдардан: ағаштан, теріден, киізден және шұғадан жасаған. Олар: торсық, саба, күбі, қазан, таба, ожау, астау, ағаш табақтар, мес, мал сауға арналған көнек және т.б. Көшкен кездерінде ыдыс-аяқты сыртқы беті түрлі-түсті құрақтармен өрнектелген арнаулы киіз қаптарда (аяққаптарда) сақтаған. Сусымалы мал өнімдері үшін тоқыма қаптар дайындаған. Сүр ет пен сары майды ағаштан жасалған кебежелерде сақтаған. Сөйтіп, XVIII ғасырдың аяғы мен XIX ғасырда қазақтардың рухани және материалдық мәдениетінде көшпелі және жартылай көшпелі тұрмыс-салтына байланысты дәстүрлі ерекшеліктер сақталып қалды. Сонымен, қорыта айтқанда, 1867-1868 жж. әкімшілік реформасы Ресейдің қазақ жеріндегі саяси-әкімшілік, әлеуметтік-экономикалық үстемдігін нығайту болса, ал қоныс аударушы орыс шаруаларын жаңа елдерде өзінің саяси-әлеуметтік тірегіне айналдыра отырып, қазақтардың рухани және мәдени дамуына ықпал жасау арқылы оларды орыстандыру, шоқындыру негізінде империяның тұтастығын күшейтуді көздеді.

Әдебиеттер:

1. ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаев Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру.
2. Әбжанов Т.Ы. Қазақ рухының философиясы. — Қарағанды: ҚарМУ баспасы.
3. Н.Ә. Назарбаев «Тарих толқынында», Алматы «Атамұра». 1999ж.
4. Жақып Б. «Тәуелсіз Қазақстанның саяси тарихы». 2010 ж.
5. Адырбек Н. «Ұстаным-ұлттық сана». Алматы 2013ж.
6. Абдыкалыков А. «Жаңғырудың негізі-білім мен ғылымда». Ігілік 2018ж.
7. Адырбек Н. «Ұстаным- ұлттық мүдде». Қазығұрт 2013ж
8. Анықбай Е. «Қазақ үнін әлемге дабылдатқан». Айқын 2015ж.

Тапсырмалар

Тапсырма 1

Төменде келтірілген кестені толтырыңыз:

Абай Құнанбайұлы	Ш.Уәлиханов	Ы.Алтынсарин
---------------------	-------------	--------------

--	--	--

Тапсырма2

«Зар-заман мұрасы» атты тақырыпқа баяндама жазыңыз.

Тапсырма 3

Келтірілген ұғымдарға анықтама беріңіздер: түркі өркениеті, ұлы дала, номад мәдениеті, ұлы дала, ұлттық мәдениет, қазақ мәдениеті, Зар-заман, ағартушылық заман.

Шығармашылық тапсырма

«Этникалық бірегейліктің қалыптасуы мен қазақ халқының бірігуіндегі қазақ мәдениетінің рөлі» атты тақырыпты негізге алып, презентация жасаңыздар.

Талқылау сұрақтары:

1. Қазақ мәдениетінің ерекшелігі неде?
2. Ұлы қазақ билерінің тарихтағы рөлі қандай?
3. «Зар-Заман ақындары қандай мәселелерді көтерді?
4. Ірі қазақ зиялыларының еліміздің егемендігін алуына қосқан үлестері қандай деп ойлайсыз?
5. Қазақ тілінің ұлттық мәдени кодты сақтаудағы рөлі қандай?

1.11 XX ғасырдағы қазақ мәдениеті

Сабақтың мақсаты: Кеңестік кезеңдегі қазақ мәдениетінің жағдайымен танысу.

Негізгі ұғымдар: ұлттық мәдениет, қазақ мәдениеті, тоталитарлық жүйе, индустриализация.

Абайдан басталған қазақ мәдениетіндегі тың сарын XX ғасырдың бас кезінде ары қарай жалғасты. Қазақ мәдениеті XX ғасырды әрі үмітпен, әрі түңілумен қарсы алды. Дүниежүзілік техникалық және демократиялық прогресс Азия орталығына да жете бастады. Ұлттық идея темір тордағы халықты толғандырып, оны азаттық үшін күресуге ұмтылдырды. Әрине, ұлт-азаттық күреске бүкіл Ресей империясын қамтыған революциялық және реформалық қозғалыстар да әсерін тигізді. Алайда Қазақстандағы толқулар тек орыс революционерлерінің ықпалымен болды деу жаңсақ пікір. Бірде-бір ресейлік саяси ұйым мен белгілі қайраткерлер империяны таратып, басқа ұлттарға азаттық әперу туралы мәселе көтермеді. Социал-демократтардың өздері Шығыс халықтарының оянуына панисламизм пантюркизм айдарын тағып, күдіктене қарады. Мәселе, сонымен бірге Ресейдің халықтары әр түрлі өркениеттерге жататындығында. Батыс христиандарына жақын эстондар мен араб-парсы

әлеміне түбірлес өзбек, қазақтардың арасында ортақ мәдени негіз тым аз еді. Өзіне туысқан халықтардағы сияқты Қазақстандағы мәдени қайтадан жаңғыру орыс экспансиясына қарсы шығудан басталды. XX ғасырдың басында қазақтан шыққан алғашқы саяси қайраткерлердің бірі Міржақып Дулатов қазақ халқының манифесі — «Оян, қазақ!» өлеңін жариялады. Ол тұңғыш рет халықты ашық күреске шақырған ұран тастады: «Қазақстаннан болған социал-демократтарға бір ауыз сөз айтамын: Еуропаның пролетариясы үшін қанды жас төгуіңіз пайдалы, бірақ өз халқыңыз қазаққа артық назар салыңыз, орыстың қара халқының күнелтуі ауыр, сонда да алды ашық. Қазақ халқы алты миллиондық бір ұлы тайпа бола тұрып, басқа халыққа қарағанда жәрдемсіз азып-тозып кетер». (Оян, қазақ! 10-бет). Міржақып саяси мәселелермен қоса өз шығармасында қазақ мәдениетін тұйықтан шығаратын жолдар іздейді. Ең алдымен мәдени тоқыраудың себебін М. Дулатов бодандықтан көреді. Екі ғасырдың арасында қазақ мәдениетінде пайда болған бір құбылыс кейін өріс алған маргиналдықтың көбеюі. Бұл жерде әңгіме ұлттық мәдениеттен алыстап, үстемдік етіп отырған жат өркениетке қызмет еткендер туралы болып тұр. Болыстар мен тілмаштар, әкімшіліктің маңайындағы неше түрлі пысықтар көптеген жағдайларда «мәңгүрттік» қасиеттерге ие болып, ұлттық мәдениеттен қол үзе бастады.

Екі ғасыр арасында қазақтың ұлттық санасының оянуына үлкен әсер еткен тұлғаның бірі — Әлихан Бөкейханов. Ол қазақ хандарының тікелей ұрпағы, ұлт-азаттық қозғалыстың жетекшісі, қазақтың алғашқы саяси партиясының басшысы, қазақтың бірінші ұлттық үкіметі - Алашорданың көсемі еді. Әлихан Бөкейханов сан қырлы қоғамдық қызметтерімен бірге қазақтың рухани мәдениетін алғашқы зерттеушілердің қатарында танымал. Ол Абайдың шығармашылығы туралы тұңғыш мақаланы жариялады, қазақ эпосы мен фольклоры жөнінде әлі күнге дейін ғалымдарды өзінің ой тереңдігімен таң қалдыратын еңбектер жазды. Солардың ішіндегі құндысы — 1899 жылы «Түркістан ведомое тыларында» жарияланған «Қырғыздың «Қобыланды» аңызындағы әйел» атты еңбегі еді. Әлиханның бұл жерде көтеріп отырған мәселесі бұрынғы қазақтың рухани мәдениетінің бай мұраларына байланысты. Аталған аңызда мұсылмандық дін мен ежелгі тәңірілік түсініктердің қарым-қатынасы, көшпелілер мәдениетіне тән ана мен әйелді қастерлеу, ел намысын пендешіліктен жоғары қою т.б. мәселелері талқыланады. Шексіз сахара қазақ мәдениетін көптеген жылдар бойы сыртқы жаулардан қорғаштап, өзіндік ерекшеліктерін сақтауға себебін тигізді.

Шәкәрім Құдайбердіұлы. Қазақтың рухани мәдениеті мен менталитетінде өшпес із қалдырған алып тұлғаның бірі — Шәкәрім Құдайбердіұлы. Оның шығармашылығының негізгі тақырыбы мораль философиясы мен мәдениет ілімін қамтиды. Шәкәрім Абайдың немере інісі және ұлы ақынның мұрасына сүйенген. Ол арнайы оқу орнында оқымаса да, араб, парсы, орыс, шағатай тілдерін өз бетімен үйреніп, сол тілдердегі шығармалардан дала ойшылы тұрғысынан ой қорытқан. Абай сияқты Шәкәрім де қазақ елін қалай өркениетті, мәдениетті елдер қатарына қосамын деп талпынады. Оның ойынша, бұл

азаматтық өтеудің басты шарты туған елдің бүкіл тарихи мәдени құндылықтарын жоғалтпай, оларды заман талабына сәйкес қолдану. Шәкәрімнің рухани ізденісінде ежелгі сақ-түрік заманынан қалыптасқан ғарыштық дүниетаным ерекше орын алады. Тәңірі, Нұр, Күн, Табиғат — ол үшін қасиетті, киелі ұғымдар. Қазақ мәдениетінде бұрыннан келе жатқан идея — жанның мәңгілігі. Әл-Фараби мен Қожа Ахмет Иассауи Абай мен Мағжан жалпы Шығыс ғұламалары бойынша, адамның дүниедегі тіршілік ету мағынасы жанның мәңгілігімен айқындалады. Әйтпесе өмір мазмұны жануарлық күн көруден алыс кетпек емес. Әлем мен адамға бағыт беретін жол көрсетуші, мәңгілік пен шексіздіктің кепілі — Нұр. Оған адамның жай ақылы жетпейді, оны аңғару, түсіну, жан дүниесімен қабылдау қажет. Өтпелі өмірден мәңгілікке (фәниден бақиға) көшу, басқа сөзбен айтқанда, бұл дүниеден кету дегеніміз адам жанының Нұрға қосылуы. «Жан, — дейді Шәкәрім, — менің айтқанымдай баста бар болса, тұрған денесі орын болуға жарамаған соң, денеден шыққанда біржола жоғалып кетпейді. Құр ғана өзгертін болса, бұрыннан бар жанның жоғалуына түк дәлел жоқ. Олай болса бір түрге түсіп барлықтың ішінде бар болып жүреді». (Үш анық. — Әлем, 39-бет). Осы негізгі шығармасын Шәкәрім ұзақ дайындықтан соң жазған және ол Жаңа замандағы қазақ кәсіпқой философиясының алғашқы туындысы болып табылады. Бұл шығармада айтылған ойлардың сыры мен астарлы қатпарлары мол. Батыстағы материализм және идеализм тәрізді екі анықпен Шәкәрім шектелмей, өз жолы — үшінші анықты ұсынады. Яғни, басты мәселе — ар ілімі, моральдың төңірегінде. Кәдімгі этиканы Шәкәрімнің «ар ілімі» деп атауында да үлкен мән бар. Себебі оның негізгі категориясы, мәдениеттіліктің тірегі — ұждан. Бұл категорияны түсіну үшін Шәкәрімнен үзінді келтірейік: «Әрине, жаның өлген соң тазарып, жоғарылайтынына нанған кісі қуанышта болып, жоғалуына нанған кісі өкініште болып біржола жоғалмады-ау деп өлсе керек. Және ұждан, совесть жанның тілегі екеніне нанған кісі қиянат қылғанына қатты кейіп, жақсылық қылғанына жете қуанса керек. Олай болса нанбай, ұждан, совесть құр ғана көрініс үшін адамдыққа лайық деген кісіге жақсылық, қиянаттың көп айырмасы жоқ болса керек. Ізін білдірмеудің айласын тапса болғаны, себебі өлген соңғы жан өміріне нана алмай ұждан, совесть, жан екі өмірге бірдей керек таяныш екеніне нана алмаған кісінің жүрегін ешбір ғылым, өнер, ешбір жол, заң тазарта алмайды. Егер бір адам жанның өлген соңғы өмірі мен ұждан соның азығы екеніне әбден нанса, оның жүрегін еш нәрсе қарайта алмайды. Адам атаулыны бір бауырдай қылып, екі өмірді де жақсылықпен өмір сүргізетін жалғыз жол осы мұсылман жолы сияқты. Кейбір діншілдерді қорлыққа түсіріп жүрген шатақ дін, жалқаулық, әйтпесе Жаратушыда білім бар, өлген соң да бір түрлі жан тіршілігі бар. Жан екі өмірде де азығы — ұждан, совесть деумен еш нәрседен кемдік көрмейді. Тіпті бұл жоғарылаудың ең зор жардамы үш анық дегенім осы». (Үш анық. — Әлем, 44— 45-бет). Шәкәрімнің ұжданы біз жоғарыда айтқан, ежелгі гректегі «каллокагатия», И. Канттың «кесімді императив» ұғымдарымен астас. Ұждан дегеніміз — ынсап, әділет, мейірім.

Кеңес кезеңі. Тарих аумағынан қарағанда тым қысқа уақыт аралығында (70 жыл — бір адамның ғұмыры) қазақтың ұлттық мәдениеті Кеңес өкіметі кезінде сан қырлы құбылыстарды өз басынан өткізді. 1916 жылдан басталған күрес келесі жылы мақсаттарына жеткендей болды. Өздерін «демократтар» санаған Уақытша үкімет өкілдері сөз жүзінде езілген халықтарға азаттық береміз деді. Қазақ ғұламасы Ә. Бөкейханов революция жасала сала «Жаңарған Ресейдің ерікті азаматтары — қазақтарға» деген өз үндеуін жариялады. Жалпы алғанда, қазақтың ұлттық мәдениетін XX ғасыр талаптарына сәйкес қайта құруда «Алаш» партиясының рөлі ерекше болды. Революцияның бастапқы кезіндегі маңызды мәселенің бірі ұлттық-мәдени автономияға қатысты еді. Ресей революциялық қозғалысының кадеттік, социалистік және коммунистік бағыттарының көсемдері бұл идеяға қарсы шықты. В.Ленин болсын, Ф. Керенский болсын территориялық федерацияны желеу етіп, бірорталыққа бағынған Ресейдің империялық мәнін сақтап қалуға тырысты. Большевиктер оған қоса өздерінің атышулы «Барлық елдердің пролетарлары, бірігіңдер!» ұранын басшылыққа алып, ұлттық мүддені шетке шығарып тастады. 1917 жылғы маусым айындағы басылымында «Қазақ» газеті осы мәселені тікелей қойды. Автономияның қазақтарға ауадай қажет екендігін айтып, оның үш негізі бар екендігіне оқырман назары аударылды (территория, мәдениет және ұлттық ерекшеліктер). 1917 жылдың 21—26 шілдесінде Орынбор қаласында Бірінші бүкіл-қазақтық құрылтай өтті. Оның шешімдері бойынша «Алаш» партиясының бағдарламасы жарияланды. Бағдарламаның кейбір бөліктерінен үзінді келтірейік:

1. Ресей демократиялық Федеративтік Республика болуы керек, оның құрамындағы әрбір мемлекет тәуелсіз әрекет етеді.

2. Қазақтар тұратын аймақтардан құралған автономия Ресей Федеративтік Республикасының құрамды бөлігі болып табылады...

3. Ресей Республикасында тең праволылық, тұлға, сөз, баспа, ұжымдар еріктілігі болады.

4. Дін мемлекеттен бөлінеді. Барлық діндер тең праволы... қазақтардың өзіндік муфтийлігі болуы керек...

5. Билік пен сот әр халықтың ерекшеліктеріне сәйкес құрылуы қажетті, би мен сот жергілікті халықтың тілін білуі міндетті...

6. Білім алу — барлығының ортақ игілігі. Бүкіл оқу орындарында білім алу-тегін. Қазақтардың өз тіліндегі орта және жоғары оқу орындары, университеттері де болуы керек.

Бұл бағдарлама 5—12 желтоқсанда өткен Бүкілқазақтық екінші съезде құпталынып, осы құрылтайда ұйымдастырылған Алашорда үкіметінің негізгі заңына айналды. Сонымен 1917 жылдың аяғына таман Қазақстан прогресс жолында талай жетістіктерге жетті және ұлттық төл мәдениетті дамытуға мүмкіндік алды. Қазақ рухани мәдениетінің сол тұстағы деңгейінде «Алаш» қайраткерлері алдыңғы қатарда тұрды. Кейін тоталитарлық жүйе оларға әдейі «контрреволюцияшыл-ұлтшылдар» деп жала жапқан. Алайда большевиктер орнатқан тоталитарлық жүйе қазақ халқының (Ресейдің басқа халықтарының

да) азаттық алу, мәдени өркендеу мүмкіндіктерін құлдыратып жіберді. XX ғасырдағы ең сұмдық қылмыстардың бірі Кеңес Одағында жасалды. Тоталитарлық жүйе өз халқына қырғын салып (геноцид), оның этномәдени тұтастануына орасан зиян келтірді. Адамзаттың бүкіл тарихында ешбір саяси өзгеріс нақ осындай сүргінге әкелген жоқ. XX ғасырдағы екі социалистік эксперимент (фашистік ұлттық-социализм және коммунизм) 100 миллионнан астам адамды қырды. Этнобірігу және мәдени эволюцияны бекерге шығаратын большевиктік идеология мен практика бұрынғы Ресей империясы топырағындағы халықтардың ғасырлар бойы жинақталған мәдени құндылықтарын талан-таражға салды. Бұл, әсіресе, қазақ тағдырынан анық көрінеді. Ұлттық-мәдени тұтастануға кеселін тигізген төмендегідей большевиктік тәжірибелерді атап өтейік:

1. Демографиялық геноцид. Белгілі демограф Мақаш Тәттімовтың есептеуі бойынша, тоталитарлық жүйе кезінде қазақтар шетелдерге біржолата көшіп кеткендерін қоса санағанда 4,5 миллион адамынан айрылған, яғни бүкіл халқының үштен екісін жоғалтқан. «Проценттік қатынаста, — дейді М. Тәттімов, — Қазақстан қасіреті Батыс Армения қасіретінен, Еуропадағы фашизмнің еврейлерді жоюынан, Камбоджадағы зұлматтан да асып түсті». (Демографиялық кескін — Қазақ, 66—67-бет).

2. Этномәдени экспанция. Патшалық Ресей империясы бастаған миграциялық саясатты Кеңес өкіметі де дәйекті жүргізді. Геноцид нәтижесінде қаңырап бос қалған кең дала келімсектермен толтырылды. XIX ғасырдың ортасында өз жерінде 92%-ін құраған жергілікті ұлт өкілдері 1959 жылғы санақ бойынша 29%-ке дейін төмендеді. Мұның өзі 1916 жылғы қырғынның, азамат соғысының, Ф.Голощекин жүргізген «Кіші Октябрь» саясатының, 30-жылдардағы аштықтың, тың және тыңайған жерлерді игеруге сырттан жүз мыңдаған бөгделердің келуінің салдары екені белгілі. Этномәдени экспанция: «феодализмнен социализмге бірден секіру» үшін аймақты индустрияландыру қажет, ал бұрынғы көшпелілер техникаға жетік емес, сондықтан орталық аудандардан кәсібилерді шақыру керек дегенді желеу еткен. Мигранттардың көптеп көшіп келуі қазақтардың дәстүрлі мәдениетін шайқалтып, оның өрісін тарылтты. Әрине, этномәдени экспанцияның жағымды жақтары да болды (білімділік деңгейінің көтерілуі, экономикалық даму, мәдени диалог т.б.). Алайда таразының екі басы тең емес еді.

Қазақ кеңес мәдениеті туралы әңгіме еткенде оның тарихи ерекшеліктері мен өзіндік белгілеріне тоқталып өткен жөн. Егер бұрынғы қазақ мәдениетін дәстүрлік өркениет деп бағаласак, онда тоталитарлық жүйеде ұлттық негіздерді жойып жіберуге бағытталған большевиктік шараларды ескеру керек. «Тағдыры ортақ жаңа қауым», «тарихта бұрын болмаған адамдардың жоғары бірлестігі — кеңес халқы», сондай-ақ, «мазмұны пролетарлық және түрі ұлттық социалистік мәдениет» ұрандарын басшылыққа алған идеологтар мен саясатшылар рухани мәдениеттің тамырына балта шапты. Ерте заманның өзінде атақты Аристотель мазмұн мен форманың бірлігін дәлелдесе, революционер марксистер мәдениеттегі ұлттық мазмұнды бекерге шығарды. Шын мәнінде, ең алдымен,

мәдени туындының мазмұны ұлттық болып табылады. Өйткені мәдени қайраткерлер өз шығармашылығында нақтылы ұлттық көкейкесті мәселелерді көтереді; қандай абстрактылы шығарма болғанымен, оның тамыры этностық фольклордан, халықтық педагогика, этика, дүниетанымнан нәр алады. Жоғарыдағы «социалистік» мазмұнды көмкерген ұлттық форманы Сталин тек тілге әкеп тіреген. Олай болса, өз ұлтының тарих-талғамын орыс тілінде жазған О.Сүйлеменовты қалайша ұлттық мәдениеттен аластаймыз. Әдеби тілден басқа әр этностың өзіндік рәміздері, таңбалары, музыка, театр, көркемөнер тілі бар. Әр этностың төлтума мәдениетіне үлкен нұқсан келтірген большевиктік «тәжірибелердің» бірі — ұлтаралық некелесуді дәріптеу. Әрине, табиғи-тарихи жағдайларда бұл — прогрессивті процесс, дүниежүзілік мәдени сұхбаттасу ағынының бір бұлағы. Әр түрлі этностардың, тіпті нәсілдердің араласуы нәтижесінде қазіргі әлемде көрнекті рөл атқаратын американдар, бразилиялықтар, мексикандар, үнділер сияқты халықтар қалыптасты. Этнобиологиялық және этноинтеграциялық тұтастануды оқшаулану деп түсінудің ауылы ақиқаттан алыс. Алайда Кеңес Одағында бұл процесс өктемділікпен жүргізіліп, империядағы басқа халықтарды орыстандыру саясатында өтті. Саяси-идеологиялық ұрандардың желеуімен 200-ден астам этностар араластырылып жіберілді. «Нәтижесінде жүзге тарта төлтума мәдениет мәңгілік жоқ болып, жұмыр жердің мәдени-рухани болмысы солғын тартты. Осынау жойқын да жойдасыз қасіреттің орнында мыңдаған жылдар бойы қалыптасқан төлтума мәдениетін әбден таптап, химералық күйге жеткен 300 миллион тобыр қалды; басқа ұлтпен некелескен 60 миллион дүбара қалды; 60 мың тірі жетім балалар қалды (тіркеуге алынғаны ғана); абақтының тұрақты тұрғындарының саны 20 миллионға жетті». Шын мәнінде, Кеңес Одағы маргиналдар қоғамына айналды.

Әр ұлттың мәдени архетиптерін шайқалту Кеңес Одағында мемлекеттік саясат дәрежесінде нысаналы түрде жүргізілді. Мысалы, 1951 жылы Орталық мұсылман халықтарының «Деде Қорқыт», «Алпамыс», «Манас». «Ер Сайын», «Шора Батыр», «Қобыланды» сияқты эпостарын діншіл және ақсүйектік деп жариялап, оларға тыйым салды. Халықтық мәдениетті қудалаудың сорақы бір көрінісі — домбыраны феодализмге апарып тіркеу. Тоталитарлық жүйенің мәдениет саласында жүргізген саясаты тек кеңестік ұлттарды «тазалаумен» шектелген жоқ. «Жаңа коммунистік мәдениетті қалыптастыру» дегенді басшылыққа алған партократия дүниежүзілік озық мәдениет үлгілеріне тосқауыл жасады. Белгілі «темір пердемен» қоршалып қойылған КСРО-да таза пролетарлық мәдениет дәріптелді; бүкіл Батыс — буржуазиялық, ал Шығыс - ескішіл феодалдық деп жарияланды. Мұның бір дәлелі — Отан соғысынан кейін сталинизмнің жүргізген шаралары. «Космополиттік мәдениет», «империализм ықпалдарына түскен» ғылымдар қатарына кибернетика, генетика, тілтану т.б. қойылды.

Қорытып айтқанда, большевиктік «мәдени революция» Жер шарының 76 бөлігінде «кеңестік адам» атты, бұрын-сонды болмаған, адамдардың айрықша түрін қалыптастыруға бағытталды. Бұл туралы Шыңғыс Айтматов шеберлікпен

суреттеген мәңгірт бейнесін еске алайық. Тарихи дәстүрден мүлдем айырылған, тіпті өз анасын өлтіруге дайын мәңгірттер қаптап кетті. Жас жеткіншектерге үлгі ретінде ұсынылған Павлик Морозов өз әкесін сатқан адам.

Әрине, ширек ғасырға созылған бүкіл осы кезеңді тек қара бояумен суреттеуден аулақпыз. Қазақстанда кеңес өкіметі жылдарында мәдени салада едәуір жетістіктер де болды. Партия саясатын түсіну үшін елге «көзі ашық», сауатты азаматтар керек еді. Ресей сияқты бұрын негізінен сауатсыз империяда халыққа білім беру жүйесі бірталай табыстарға жетті. Әрбір одақтық республика өз Ғылым Академияларына, мемлекеттік университеттеріне, институттарына ие болды. Жоғары басқару жүйелері негізінен орыстарға сүйенгенімен «жергілікті ұлт өкілдеріне» мұқтаж еді. Оларды даярлау Ресейдің орталық аудандарында жүргізілді. Мұның нәтижесінде көптеген ұлт өкілдерінің еуропалық мәдениет және білімге қолдары жетті. Баспасөз, газет-журналдар шығару, радио хабарларын тарату, теледидар, кезінде «отарба», «сиқырлы машина» деп жүретін ауыл тұрғындарына жете бастады. Қазақстанның мәдени өмірінде ұлттық опера, балет, драма, симфониялар пайда болып, ауқымы кеңі түсті. Қазақ бұлбұлы Күләш Байсейітова, шебер биші Шара, кәсіпқой сахна жұлдыздары Серке Қожамқұлов, Қалибек Қуанышбаев, Шәкен Айманов т.б. өз өнерлерімен халық дәстүрін жаңа заманға лайықты жалғастыра білді. XIX ғасырдың ортасынан кейін қалыптаса бастаған жазба әдебиеті де кеңес Өкіметі жылдарында біршама табыстарға жетті. Сәкен Сейфуллин, Мұхтар Әуезов, Сәбит Мұқанов, Бейімбет Майлин, Мұқағали Мақатаев сияқты көптеген ақын-жазушылар, социалистік реализм мен тап күресі идеологиясының шеңберінен шығып, өз шығармаларында халықтың көңіл-күйін, арман-тілегін, тыныс-тіршілігін шебер суреттей білді. Осы жылдары қазақ халқының мәдени тарихын зерттеп-білуге бағытталған біршама әрекеттер жасалды. Бұл ретте қазақ эпосының негізінде көрермендерге ұсынылған «Қыз-Жібек», «Айман-Шолпан», «Қозы-Көрпеш пен Баян сұлу», «Ер Тарғын», «Қалқаман-Мамыр сияқты опера, көркем фильм, балеттерді атап өтуге болады. Тарихи ескерткіштерді қорғау, сақтау, Қазақстан тарихын көрсету мақсаттарында республикада көптеген мұражайлар ұйымдастырылды. 80-жылдарда республикада 47 мұражай, оның ішінде 29 өлкетану, 5 тарихи-мемориалдық, 4 әдеби-мемориалдық, 4 өнертану, 1 этнографиялық музей жұмыс істеді. Алайда тоталитарлық жүйе Қазақстан халықтарының мәдени толысуына ынталы емес еді. Мұны, әсіресе, мәдениеттің өзегі тіл мен дінге байланысты жүргізілген саясаттан көруге болады. «Феодализм мен алғашқы қауымдық құрылыс қалдықтарымен күресуді» желеу еткен Орталық 20-жылдардан бастап мешіт пен медресе мүлкін тәркілеп, діни өкілдерді қуғынға ұшыратты. Ондаған түрік халықтары алдымен латын, кейін славян алфавитіне көшірілді. 1927—1928 жылдары билер соты жойылып, дәстүрлік заңдар жарамсыз деп жарияланды. Мәдениеттің таза партиялылығын жоғарыдан бақылаушы ұйымдар қатты қадағалап отырды. Баслит (цензура) мен Басрепертком баспасөз бен театрларда социализм идеяларына сәйкес келмейтін шығармаларға тыйым салды. 1991 жылдан бастап Қазақстан — тәуелсіз мемлекет. Ата заң бойынша, ол қазақ халқының өзін-өзі билейтін елі және

басқа этникалық топтарға тең құқықтықты қамтамасыз етеді. Екі ғасырдан артық қилы заман бұғалығын басынан өткізген ел енді ғана өзіне тән мәдениет пен өркениетті қалыптастыруға мүмкіндік алды.

Әдебиеттер:

- 1.ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаев Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру.
- 2.Әбжанов Т.Ы. Қазақ рухының философиясы. — Қарағанды: ҚарМУ баспасы,
- 3.Н.Ә.Назарбаев «Тарих толқынында», Алматы «Атамұра». 1999ж.
- 4.Жақып Б. «Тәуелсіз Қазақстанның саяси тарихы».2010 ж.
- 5.Адырбек Н. «Ұстаным-ұлттық сана».Алматы 2013ж.
6. Абдыкалыков А. «Жаңғырудың негізі-білім мен ғылымда».Игілік 2018ж.
- 7.Адырбек Н. «Ұстаным- ұлттық мүдде».Қазығұрт 2013ж
- 8.Анықбай Е . «Қазақ үнін әлемге дабылдатқан». Айқын 2015ж.

Тапсырмалар

Тапсырма 1

Төменде келтірілген кестені толтырыңыз:

Сәулет өнері	Опера	Балет	Музыка

Тапсырма2

«XX ғ. Қазақстандағы киноиндустрияның дамуы » атты тақырыпқа баяндама жазыңыз.

Тапсырма 3

Келтірілген ұғымдарға анықтама беріңіздер: түркі өркениеті, ұлы дала, номад мәдениеті, ұлы дала, ұлттық мәдениет, қазақ мәдениеті,Зар-заман,ағартушылық заман.

Шығармашылық тапсырма

«Қазақ мәдениетінің дамуындағы зиялы қауымның шығармашылық үлесі» атты тақырыпты негізге алып ,презентация жасаңыздар.

Талқылау сұрақтары:

1. Тоталитарлық-әкімшілік жүйе шеңберінде ұлттық мәдениеттің дамуы қандай болды?
2. Қазақ халқына қарсы жүргізілген мәдени саясаттың негізгі үрдістер?
3. XX ғ. Қазақстандағы киноиндустрияның дамуы қандай болды?
4. Қазақ мәдениетінің дамуындағы зиялы қауымның шығармашылық үлесін атаңыздар?
5. Қазақ тілінің совет заманда жағдайы қандай болды?

1.12 Қазіргі әлемдік үдерістер аясындағы қазақ мәдениеті

Сабақтың мақсаты: Қазіргі қазақ мәдениетімен танысу.

Негізгі ұғымдар: жаһандану, ұлы дала, ұлттық мәдениет, қазақ мәдениеті, қазақ халқының мәдени коды, түркі әлемі.

Жаһанданудың жал толқындары көптеген мемлекеттер мен халықтарға оған қарсы тұрудың амалдарын ойлатуда, дабыл қақтыруда. Десек те, дабылшы көпшілік емес, аттөбеліндей ұлт қамын жеген азшылық болып тұр. Ол қай заманда да солай болған. Осындай қайшылық Абайды, Ахметті тудырған, Алаш қозғалысын қалыптастырған. Көптің еліктегіштігі, тарихтан сабақ, ғибрат алмайтындығы бүгінгі ұлт зиялыларын да ойлантуда. Егемендік алғалы отаршылдықтың салқыны шарпыған ұлттық діліміз, тіліміз, дәстүріміз жөнінде қаншама сөз айтылды, қаншама әрекеттер жасалды. Сөйтіп, кешегінің рухани жүгенінен құтыла алмай жүргенде, құлашымызды қалағанымызша жаздырмай тағы бір бөгесін – жаһанданудың екпіні есігімізден еркін еніп, төрімізге жайғасуда. Отаршылдық таңбасынан арылғысы келмей жүрген көп ағайын жаһандану тұсында да ұлтына сырт берер түрі бар сияқты. Жалпы жаһанданудың, оның ішінде, тілдік жаһанданудың байыбына барсақ, оның мәні бір ғана тілге тіреліп тұрмағандығын аңғарар едік, егер мәселе тіл төңірегінде ғана болса, ол қазіргіден де оңайырақ соғар еді. Мәселе – өзге тілдің үстемдігінде емес, қандастарымыздың ана тіліне, отандастарымыздың мемлекеттік тілімізге немқұрайдылығында, сондықтан да дүниеге өзгелердің көзқарасымен қарауында. Ширатыңқырап айтсақ, мәселенің мәні – қоғамға, тұрмысқа, болып жатқан дүние жаңалықтарына өзгелердің ойымен, пайымымен, дайын қорытындыларымен қарау. Яғни өзімізге қаратып айтсақ, бүгін қазақ баласының, әсіресе қалалық оқығандары айналаға, әлемге өзгелердің көзімен қарап, қазақша емес, басқаша ойлайтын болды. Дүниеде себепсіз нәрсе болмайды десек, мұндай көзқарастың төркіні күнделікті өмір салтынан, тұрмысымыздан, әрбірден соң қолданатын затымыздан, киетін киімімізден, ішетін асымыздан. Оған теледидарды, ғаламторды, елімізді жаулап алған өзгетілді ақпарат құралдарын қосыңыз. Сонда өзгермегенде қайтеміз?! Өзгелердің дайын үлгілерін пайдалану, заттарын қолдану санамызға әсер етпей қоймайды. Сөйтіп, бүгінгі жаһандану заманында мемлекеттік тіліміз – қазақ тілі, шынтуайтында, АҚШ-тың, Ұлыбританияның немесе Ресейдің нұсқауымен емес, қазақтың өзінің көзқарасының өзгергенінен өркендей алмай жатқаны бүгінгі күннің ақиқаты.

«Жаһандану» делінген ғаламдық құбылыстың біздің рухани қарсылығымыз бен күресімізге бой алдырмайтын қуаты мен күші, әлемді жайлап жатқан жылдамдығы мен тартымдылығы – оның коммерциялық сипатында, бизнестік мазмұнында. Нарық жайлаған заманда, рухани құндылықтар емес, экономикалық тиімділік басты орынға шыққан кезеңде

жаһандану құрлықтардан да, мұхиттардан да, шекаралардан да аттап, ешкімге де, ешнәрсеге де бой алдырмай, бағынбай тұр. Бұл жаһанданудың болатын, болуға тиісті, ешқандай мемлекет айналып кете алмайтын объективті дамуы. Сондай-ақ жаһанданудың қорғануға болатын, соған орай, алдын ала қам жасайтын субъективті өрістеу себебі де бар. Ол жаһанданудың мәдени, тілдік ықпалы. Біз бұл ғаламдық құбылыстың осындай ықпалынан қорғана аламыз деп ордалы ел, қалың жұртымыз болғаннан соң сенеміз, дәмеленеміз. Жаһанданудың бизнестік мазмұны, әлбетте, біздің елімізде қазақ тілінің бизнес тілі болуын да талап етеді, олай болмайынша, тіліміз қызмет тілі де, жұмыс тілі де бола алмақ емес. Қазіргі кезде елімізде экономикалық жобалар қай тілде ойластыратыны, қай тілде жүзеге асырылатындығы көпшілікке белгілі. Зорларын айтпағанның өзінде бізде газеттер, интернет-дүкендер арқылы ең аяғы ине де, түйме де орыс тілінде сатылады. Адамның күнделікті тұрмысын реттейтін әрекеттер басқа тілде болғаннан соң тіліміз өзгені де, өзімізді де аса қызықтырмайды. Нәтижесінде, қазақ тілінің мемлекеттік тіл ретінде толықтай мәртебелі орнына ие бола алмай жатуы да оның бизнес тіліне, яғни заманауи тілге айналмай емес, айналдырылмай жатуында. Мәселе – қазақтың тілінде емес, бүгінгі көп қазақтың өзінде. Дүние бизнес алаңына, қарым-қатынас, серіктестік, ынтымақтастық коммерциялық мүддеге құрылатын заманда жаһанданудың ықпалы біздің елге де әжептәуір тимек. Бұдан шет қала алмайтынымыз да белгілі. Сондықтан бізді не сақтайды дегенде, ең алдымен ойымызға, әлбетте, тіліміз бен мәдениетіміз түседі. Мәдениеттің ұлттарды теңестіретін құрал екендігін осыдан бір ғасырдай уақыт бұрын жақсы ұғынған Ахмет Байтұрсынұлы: «Мәдениеті жоғары халық – мәдениеті төмен халықты аз-көбіне қарамай жем қылатыны айдай анық, күндей жарық ақиқат. Мәдениет жігін жоғалтпай, өз жігін жоғалту оңай емес» деп жазған екен. Алаш көсемі айтқан осы ой әлі де өз күшінде, тіпті мына жаһандану заманында оның көкейкестілігі артпаса кемімеген. Қазіргі Қазақстанның жағдайы XX ғасыр басындағы Ахандар өмір сүрген кезеңнен әлдеқайда білімі, мәдениеті, саяси халі жағынан болсын озығырақ дәуір емес пе?! Сондықтан дүниенің мәдени бәйгесінен қалмау үшін біз ең алдымен өзіміздің мәдениетімізді, сол мәдениеттің негізі – тіліміздің, бүгінгі жиі қолданатын тіркеспен айтсақ, бәсекеге қабілетті болуын қамдауымыз қажет. Бүгінгінің мәдениетін – бизнес, этикетін – коммерция жасауда, ендеше қазақтың тілі мен мәдениеті нарықтың осы бұлжымас ережесінен тыс қалмақ емес.

Біздің ойымызша, жаһандану құбылысы да отаршылдықтың бүгінгі заманда өңін айналдырған, жетілдірілген бір түрі екендігін біз толық сезіне алмай жүрген сияқтымыз. Саяси отаршылдық болмаса да, рухани отаршылдықтың, сырттың мәдени экспанциясының дүбірі құлағымызда, жаңғырығы санамызда. Саяси отаршылдық ұлтшылдықты тудырғаны мәлім. Алаш қайраткері Міржақып Дулатов: «Бізді ұлтшыл қылған – кемдікте, қорлықта жүргеніміз, көрінгеннен соққы жегеніміз еді» депті. Қазіргі кезеңде бізді елшіл, отаншыл ететін осы жаһандануға деген рухани қарсылық болса керек. Өйткені жаһанданудың шынайы сипаты, ақиқат бейнесі – мәдени-рухани

отаршылдық. Мұндай отаршылдық та, әлбетте, өзінің болмысы мен бағытына сәйкес қарсылық тудырмақ. Біздің ойымызша, оған қарсы тұрарлық құбылыстың аты – бүгінде елшілдік, мемлекетшілдік. Мемлекетшілдік, елшілдік – жалаң ұраннан емес, ұлттың мақтанышы боларлық бүгінгі ұрпақтың қарекетінен, тіпті өз елімізде ойлап табылған немесе жасалған ұсақ заттардан да аңғарылмақ. Ұлттық мақтаныштың кешегі тарихи тұғырларымен бірге бүгінгі тіректері де болуы шарт. Санамызды, мәдени келбетімізді қалыптастыруға тікелей әсер ететін көшеден, теледидардан күнделікті сан мың рет көретін өзге тілдердегі шетелдік жарнамалар, телехабарлар, фильмдер, жаңалықтар, т.с.с. әуелгі ұлттық келбетімізді өзгертуде. Біз оларды қазақша емес, сол тілдердің ұғымдары арқылы қабылдаудамыз. Яғни біздің санамызға басқалардың көзқарасы, бағасы, талғамы таңылуда. Бұл жаһанданудың бүгінгі күндегі ғаламдық эстетиканы қалыптастыруының көрінісі. Тұрмыс пен тіл тікелей байланысты. Өлгіндей ғаламдық эстетика бізге, әлбетте, негізінен алғанда, орыс тілі арқылы орнығуда. Бұл ұлттық ойлау жүйемізге, дүниенің дидарын қазақ болып тануға ықпал етері күмәнсіз. Оған осы тілде тәрбиеленген қаламгер қазақты да, саясаткер қазақты да, қарапайым қазақты да ондап, жүздеп, мыңдап атауға боларлық.

Жаһандану кезінде әлемдік тілдердің ықпалы артады, содан лексикамызға жаңа сөздер енбек, терминологияның халықаралық мазмұны күшеймек. Сөйтіп, үстем тілдерде жасалған сөз тіркестері, дайын үлгілер ұлттық тілдерге енеді және олар белсендірек қолданылады. Мемлекеттік немесе ресми тіл ретінде әбден қалыптасқан тілдер, ұлт өкілдерінің баршасы күнделікті сөйлейтін, жұмыс барысында қолданатын тілдер осы үдеріске төтеп беруге дайын әрі әлеуетті. Ал біздің жағдайымызда жаһанданудың осындай бір тілдік үдерісіне біз қам жасауымыз керек-ақ. Тәуелсіздігі қаз басқан біз тұрмақ, Франция, Германия, Ресей сияқты тәуелсіздігі берік мемлекеттер жаһанданудың осындай бір үдерісіне үлкен дайындықтар жасауда. Тілді қорғау арқылы олар ұлттық бірегейлігін сақтайды. Ұлттық бірегейлік сақталса – мемлекет сақталады. Тілді сақтау дегеніміз тек қана барды пайдаланып, өзге тілдердің тиімді тәжірибелерінен тыс қалу деген сөз емес. Рухани құндылықтардың қай саласында болсын жаңару, жаңғыру үдерісі жүруі қажет. Тіл де солай. Жаңғыру үдерісі ең алдымен ұлттық рухани құбылыстардың ішкі әлеуеті мен мүмкіндігінен өрістесе – құт, олай болмайынша, тіл бұзылмақ, сана өзгермек. Содан ұлттық ділге жарықшақ түспек. Әлбетте, біз заманына қарай тілдік үдерістер болатындығын, оған өзге тілдердің ықпал ететіндігін жақсы ұғынамыз, дегенмен сырттың әсері мөлшерлі, сыйымды, тиімді болғаны абзал. Тіл ойдың көрінісі деу, бәлкім, аздық етер. Дұрысында, тіл – ой қаруы, сана шолғыншысы. Біз адамды саналы тұлға десек, сол тұлғаңыздың санасында әйтеуір бір тіл аса белсенді өмір сүрмек. Санаңда қай тіл қалыптасса, сол тілде сөйлейсің деу, әлбетте, аксиома болар. Десек те, оның маңызы айрықша. Өйткені тіл – қарым-қатынас құралы ғана емес, тіл – ұлттың, тұлғаның әлемді, дүниені тану, игеру моделі. Дүниені тану, безбендеу әрбір тілде өзінше, ерекше болмақ. Сондықтан француз философы Эмиль Сьоран: «Адам мемлекетте емес,

тілде өмір сүреді» депті. Шынында да, адам қай елде өмір сүрсе де, әйтеуір, бір тілдің өкілі. Діл тілді қалыптастырмағы қалай белгілі болса, тілдің ділге де ықпалы ақиқат.

Тіл – ұлттың өмір сүру үдерісінде ғасырлар бойы жинақталған рухани амалдары мен тәсілдерінің мейлінше сұрыпталған тәжірибесінің ең жарқын қазынасы десек, онда әрбір адамның сол қазынаға ортақ болғаны жөн. Содан ұлт күшеймек, мемлекет қуаттанбақ. Бізді көтеретін де, көгертетін де қазақтың тілі мен мәдениеті, солай болғанда ғана халқымыз өзінің бірегейлігін сезінеді. Қазақстан үшін жаһандану заманында осындай ұлттық бірегейлікті қалыптастыру төтенше мақсат, айрықша міндет. Өйткені жаһанданудың қарқыны мықты, күші екпінді, олай болса, оған деген қарсылық та осындай қарқын мен күшке толы болуы тиісті. Бұл бүгіннің басты амалы, ертеңнің баянды кепілі.

Жаһандану ғаламдық құбылыс болғанымен, бастапқыда белгілі бір мемлекеттердің мүддесінен туғандығын жоғарыда жаздық. Яғни жаһандануды дүниеге келтірген белгілі бір мемлекеттердің мүддесі десек, онда өзгелердің мүдделерінен қорғану үшін өзге мемлекеттердің де қимылдауы қажет, ол болуға тиісті табиғи қадам. Осындай қадамның аясында саяси, экономикалық шаралармен бірге рухани-мәдени шаралар міндетті түрде жүзеге асырылуы тиісті. Себебі, мемлекет – тұрғындар саны, саяси билік, экономикалық жүйе ғана емес, сонымен бірге тілдік кеңістік те. Қандай да болсын бір тілдің кеңістігі, әлбетте, белгілі бір мәдениеттің кеңістігін жасайды. Ал тілдің мемлекеттік мәртебесі сол тілдегі мәдениеттің жетекшілігін, ол мәдениеттің осы елде өмір сүретін басқа да халықтарға рухани қазына болуын қамтамасыз етпегі қажет. Мемлекет құраушы ұлттың төңірегіне диаспоралар тек тіл мен мәдениет арқылы ғана шоғырланбақ. Ең алдымен негізгі ұлттың өзі тілі мен мәдениетін игеріп, өзгелерге: «Менің тілімде сөйлесең – менің жанымды түсінесің, менің жанымды түсінсең – менің халқымды түсінесің, менің халқымды түсінсең – осы бәрімізге ортақ Отанымыз қуатты болмақ!» дей алатындай саналық деңгейге жетуі аса қажет.

Бүгінгі әлемде сөйлеушілері бір миллионнан асатын 250-дей, ал сөйлеушілері он миллионнан асатын 70-тен астам тіл бар екен. Қазақ тілі сөйлеушілері жағынан шамамен жетпісінші орындарда. Егер әлемде 3 мыңнан 6 мыңға дейін тіл бар десек, онда қазақ тілі сөйлеушілері жағынан ірі тілдердің қатарына енеді. Бүгінгі мәселе жаһандану заманында кең жерімізді, ормандай ұлтымызды, қазыналы тілімізді сақтап қана қоймай, мемлекеттілігімізді нығайту, елшілдігімізді еселеу, тіліміздің қолданыс аясын барынша кеңейту. Барымыздың әлгіндей бекемділігіне қарамастан жаһандану кезеңіндегі саяси, экономикалық, мәдени үдерістер оларды бүгінгіден де баянды етуді баршамызға міндеттейді. Бүгінгі қазақ, жалпы алғанда, тарихын танып, тамырын отаршылдық тозаңынан аршып жатқан, мәдениетіне, тіліне оралып ұлттық сана-сезімін жаңғыртып жатқан ұлт. Бұл үдеріс қазіргіден де жалпыұлттық мазмұнға әрі қарқынды сипатқа ие болғаны игі. Жаһанданудың экономикалық екпіні, рухани беталысы бізден осыны талап етеді. Өзегінде

өркеуде мемлекеттердің мүддесі менмұндалаған жаһанданудың қазіргі қарқыны Қазақстан сияқты жас мемлекеттерге ғаламдық бәйгеде сыбағалы болуды міндеттейді. Есемізді жібермей, егелік ету үшін мықты экономика, алғыр саясатпен бірге осы елді мемлекет етіп отырған басты ұлттың, яғни қазақтың тілінің, мәдениетінің, дәстүрінің салтанат құрмағы, яки рухының асқақ болмағы аса маңызды. Ұлттық рухтың негізі де, тұғыры да тіл. Тіл асқақтаса, рух биіктемек.

Әдебиеттер:

- 1.ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаев Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру.
- 2.Дэвид Бринкерхофт «Әлеуметтану негіздері».2018ж.
- 3.Джордж Ритцер,Джефффри Степницкий «Әлеуметтану теориясы».2018ж.
- 4.Элиот Аронсон«Көпке ұмтылған жалғыз: әлеуметтік психологияға кіріспе».2018ж.
- 5.Карен Армстронг «Иудаизм, Христиандық пен Исламдағы 4000 жылдық ізденіс: Құдайтану баяны».2018ж
- 6.Әбжанов Т.Ы. Қазақ рухының философиясы. — Қарағанды: ҚарМУ баспасы.
- 7.Н.Ә.Назарбаев «Тарих толқынында», Алматы «Атамұра». 1999ж.
- 8.Жақып Б. «Тәуелсіз Қазақстанның саяси тарихы».2010 ж.
- 9.Адырбек Н. «Ұстаным-ұлттық сана».Алматы 2013ж.

Тапсырмалар

Тапсырма 1

Төменде келтірілген кестені толтырыңыз:

Сәулет өнері	Музыка	Кино	Телеведение
--------------	--------	------	-------------

Тапсырма2

«Қазіргі Қазақстанның мультимәдени кеңістігіндегі қазақ мәдениетінің орны» атты тақырыпқа баяндама жазыңыз.

Тапсырма 3

Келтірілген ұғымдарға анықтама беріңіздер: жаһандану, ұлы дала, ұлттық мәдениет , қазақ мәдениеті, қазақ халқының мәдени коды, түркі әлемі.

Шығармашылық тапсырма

«Заманауи қазақ мәдениетіндегі рухани дәстүрлер мен жаңашылдық үдерістер» атты тақырыпты негізге алып , презентация жасаңыздар.

Талқылау сұрақтары:

1. Қазақ мәдениетінің түркі әлемімен байланысы қандай?
2. Қазақ халқының мәдени коды дегеніміз не?

3. Жаһанданудың ұлттық мәдениеттің өзгеруіне жасайтын ықпалы қандай?
4. Қазақ тілінің мәдени кеңістігінің мүмкіндігі қандай деп ойлайсыз?
5. Латын әліпбиіне көшу қаншалықты заман талабына жауап береді?

1.13 Жаһандану аясындағы қазақ мәдениеті

Сабақтың мақсаты: Жаһандану аясындағы қазақ мәдениетінің даму ерекшелігімен танысу.

Негізгі ұғымдар: жаһандану, ұлы дала, ұлттық мәдениет, қазақ мәдениеті, қазақ халқының мәдени коды, түркі әлемі.

Біздің жеріміз материалдық мәдениеттің көптеген дүниелерінің пайда болған орны, бастау бұлағы десек, асыра айтқандық емес. Қазіргі қоғам өмірінің ажырамас бөлшегіне айналған көптеген бұйымдар кезінде біздің өлкемізде ойлап табылған. Ұлы даланы мекен еткен ежелгі адамдар талай техникалық жаңалықтар ойлап тауып, бұрын-соңды қолданылмаған жаңа құралдар жасаған. Бұларды адамзат баласы жер жүзінің әр түкпірінде әлі күнге дейін пайдаланып келеді. Көне жылнамалар бүгінгі қазақтардың арғы бабалары ұлан-ғайыр Еуразия құрлығындағы саяси және экономикалық тарихтың беталысын талай рет түбегейлі өзгерткені туралы сыр шертеді.

Атқа міну мәдениеті

Атқа міну мәдениеті мен жылқы шаруашылығы жер жүзіне Ұлы даладан тарағаны тарихтан белгілі.

Еліміздің солтүстік өңіріндегі энеолит дәуіріне тиесілі "Ботай" қонысында жүргізілген қазба жұмыстары жылқының тұңғыш рет қазіргі Қазақстан аумағында қолға үйретілгенін дәлелдеді. Жылқыны қолға үйрету арқылы біздің бабаларымыз өз дәуірінде адам айтқысыз үстемдікке ие болды. Ал жаһандық ауқымда алсақ, шаруашылық пен әскери саладағы теңдессіз революцияға жол ашты. Жылқының қолға үйретілуі атқа міну мәдениетінің де негізін қалады. Бес қаруын асынған салт атты сарбаз айбарлы көшпенділер империялары тарих сахнасына шыққан дәуірдің символына айналды.

Ту ұстаған салт атты жауынгердің бейнесі – батырлар заманының ең танымал эмблемасы, сонымен қатар, атты әскердің пайда болуына байланысты қалыптасқан көшпенділер әлемі "мәдени кодының" айрықша элементі. Автокөлік қозғалтқыштарының қуаты әлі күнге дейін аттың күшімен өлшенеді. Бұл дәстүр – жер жүзінде салт аттылар үстемдік құрған ұлы дәуірге деген құрметтің белгісі. Біз әлемнің барлық түкпіріне ежелгі қазақ жерінен тараған осынау ұлы технологиялық революцияның жемісін адамзат баласы XIX ғасырға дейін пайдаланып келгенін ұмытпауға тиіспіз.

Қазіргі киім үлгісінің базалық компоненттері Дала өркениетінің ерте кезеңінен тамыр тартады. Атқа міну мәдениеті салт атты жауынгердің ықшам киім үлгісін дүниеге әкелді. Ат үстінде жүргенде ыңғайлы болуы үшін

бабаларымыз алғаш рет киімді үстіңгі және астыңғы деп екіге бөлді. Осылайша кәдімгі шалбардың алғашқы нұсқасы пайда болды.

Бұл салт атты адамдардың ат құлағында ойнауына, ұрыс кезінде еркін қимылдауына мүмкіндік берді. Дала тұрғындары теріден, киізден, кендір мен жүннен, кенептен шалбар тікті. Содан бері мындаған жыл өтсе де, киімнің осы түрі өзгере қоймады. Қазба жұмыстары кезінде табылған көне шалбарлардың қазіргі шалбардан еш айырмасы жоқ. Сонымен қатар бүгінгі етіктердің барлық түрі көшпенділер атқа мінгенде киген жұмсақ өкшелі саптама етіктің "мұрагерлері" екені белгілі. Ат үстінде жүрген көшпенділер тақымына басқан сәйгүлігіне неғұрлым еркін мініп жүруі үшін биік ер-тұрман мен үзеңгіні ойлап тапты. Бұл жаңалық салт атты адамның ат үстінде қаққан қазықтай мығым отыруына, сонымен бірге шауып бара жатып, қолындағы қаруын еш қиындықсыз және неғұрлым тиімді қолдануына мүмкіндік берді.

Бабаларымыз шапқан аттың үстінен садақ тартуды барынша жетілдірді. Соған байланысты қарудың құрылымы да өзгеріп, күрделі, ыңғайлы әрі қуатты бола түсті. Масағына қауырсын тағылып, металмен ұшталған жебе берен сауытты тесіп өтетін көбебұзарға айналды.

Қазақстан аумағында өмір сүрген түркі тайпалары ойлап тапқан тағы бір технологиялық жаңалық – қылыш. Оның оқтай түзу немесе иілген жүзі – ерекше белгісі. Бұл қару ең маңызды әрі кең таралған соғыс құралына айналды.

Сарбаз бен оның мінген атын қорғауға арналған сауытты да алғаш рет біздің бабаларымыз жасаған. Еуразия көшпенділерінің айрықша маңызды әскери жаңалығына баланған мұздай темір құрсанған атты әскер осылайша пайда болды. Отты қару пайда болып, жаппай қолданысқа енгенге дейін атты әскердің дамуы біздің дәуірімізге дейінгі I мыңжылдық пен біздің дәуіріміздің I ғасыры арасында көшпенділердің ұзақ уақыт бойы бұрын-соңды болмаған жауынгерлік үстемдік орнатуын қамтамасыз еткен жасақтың ерекше түрі – айбарлы атты әскердің қалыптасуына ықпал етті.

2. Ұлы даладағы ежелгі металлургия

Металл өндірудің амал-тәсілдерін табу тарихтың жаңа кезеңіне жол ашып, адамзат дамуының барысын түбегейлі өзгертті. Сан алуан металл кендеріне бай қазақ жері – металлургия пайда болған алғашқы орталықтардың бірі. Ежелгі заманда-ақ Қазақстанның Орталық, Солтүстік және Шығыс аймақтарында тау-кен өндірісінің ошақтары пайда болып, қола, мыс, мырыш, темір, күміс пен алтын қорытпалары алына бастады.

Ата-бабаларымыз жаңа, неғұрлым берік металдар өндіру ісін дамытып, олардың жедел технологиялық ілгерілеуіне жол ашты. Қазба жұмыстары барысында табылған металл қорытатын пештер мен қолдан жасалған әшекей бұйымдары, ежелгі дәуірдің тұрмыстық заттары мен қару-жарақтары бұл туралы тереңнен сыр шертеді. Осының бәрі ежелгі замандарда біздің жеріміздегі дала өркениеті технологиялық тұрғыдан қаншалықты қарқынды дамығанын көрсетеді.

3. Аң стилі

Біздің ата-бабаларымыз қоршаған ортамен етене өмір сүріп, өздерін табиғаттың ажырамас бөлшегі санаған. Бұл басты тұрмыс қағидаты Ұлы даланы мекендеген халықтардың дүниетанымы мен құндылықтарын қалыптастырды. Өз жазуы мен мифологиясы бар Қазақстанның ежелгі тұрғындарының озық мәдениеті болды. Олардың мұрасының жарқын көрінісі, көркем болмысы мен рухани байлығының айшықты белгісі – "аң стилі" өнері. Жануарлар бейнесін тұрмыста пайдалану адам мен табиғаттың өзара байланысының символына баланып, көшпенділердің рухани бағдарын айқындап отырған. Олар жыртқыштардың, негізінен мысық тұқымдас аңдардың суретін көбірек қолданған. Егемен Қазақстанның символдарының бірі – жергілікті жануарлар әлемінде сирек кездесетін тұрпаты текті қар барысы екені кездейсоқ емес. Бұл ретте, аң стилі бабаларымыздың айрықша жоғары өндірістік тәжірибесі болғанын көрсетеді. Олар оюлап кескіндеуді, металмен жұмыс істеудің техникасын, соның ішінде, мыс пен қоладан балқымалар жасаудың және құймалар құюдың, жайма алтын дайындаудың күрделі әдістерін жақсы меңгерген. Жалпы, "аң стилі" феномені әлемдік өнердегі биік белестердің бірі саналады.

4. Алтын адам

Біздің түп-тамырымызға жаңаша көзқараспен қарауға жол ашып, әлемдік ғылым үшін сенсация саналған жаңалық – 1969 жылы Қазақстанның Есік қорғанынан табылған, өнертанушы ғалымдар арасында "қазақстандық Тутанхамон" деген атқа ие болған "Алтын адам". Бұл жауынгер талай тылсым құпияның бетін ашты. Біздің бабаларымыз әлі күнге дейін өзінің асқан көркемдігімен тамсандыратын аса жоғары деңгейдегі көркем дүниелер жасаған. Жауынгердің алтынмен апталған киімдері ежелгі шеберлердің алтын өңдеу техникасын жақсы меңгергенін аңғартады. Сонымен бірге бұл жаңалық Дала өркениетінің зор қуаты мен эстетикасын әйгілейтін бай мифологияны паш етті.

Дала халқы өз көсемдерін осылайша ұлықтап, оның мәртебесін күн секілді күдірет деңгейіне көтеріп асқақтатқан. Қорымдағы сән-салтанатты жасау-жабдықтар ежелгі бабаларымыздың зияткерлік дәстүрлерінен де мол хабар береді. Жауынгердің жанынан табылған күміс кеселердің бірінде ойып жазылған таңбалар бар. Бұл – Орталық Азия аумағынан бұрын-соңды табылған жазу атаулының ішіндегі ең көнесі.

5. Түркі әлемінің бесігі

Қазақтардың және Еуразияның басқа да халықтарының тарихында Алтайдың алар орны ерекше. Осынау асқар таулар ғасырлар бойы Қазақстан жерінің тәжі ғана емес, күллі түркі әлемінің бесігі саналды. Дәл осы өңірде біздің дәуіріміздің I мыңжылдығының орта шенінде Түркі дүниесі пайда болып, Ұлы дала төсінде жаңа кезең басталды.

Тарих пен география түркі мемлекеттері мен ұлы көшпенділер империялары сабақтастығының айрықша моделін қалыптастырды. Бұл мемлекеттер ұзақ уақыт бойы бірін-бірі алмастырып, орта ғасырдағы Қазақстанның экономикалық, саяси және мәдени өмірінде өзінің өшпес ізін қалдырды. Орасан зор кеңістікті игере білген түркілер ұлан-ғайыр далада

көшпелі және отырықшы өркениеттің өзіндік өрнегін қалыптастырып, өнер мен ғылымның және әлемдік сауданың орталығына айналған ортағасырлық қалалардың гүлденуіне жол ашты. Мәселен, орта ғасырдағы Отырар қаласы әлемдік өркениеттің ұлы ойшылдарының бірі – Әбу Насыр Әл-Фарабиді дүниеге әкелсе, түркі халықтарының рухани көшбасшыларының бірі Қожа Ахмет Ясауи Түркістан қаласында өмір сүріп, ілім таратқан.

6. Ұлы Жібек жолы

Еліміздің географиялық тұрғыдан ұтымды, яғни Еуразия құрлығының кіндігінде орналасуы ежелден әртүрлі мемлекеттер мен өркениеттер арасында транзиттік "дәліздердің" пайда болуына септігін тигізді. Біздің дәуірімізден бастап бұл құрлық жолдары Үлкен Еуразияның Шығысы мен Батысы, Солтүстігі мен Оңтүстігі арасындағы сауда және мәдениет саласындағы байланыстардың трансконтинентальды желісіне – Ұлы Жібек жолы жүйесіне айналды. Бұл жол халықтар арасындағы жаһандық өзара тауар айналымы мен зияткерлік ынтымақтастықтың қалыптасып, дамуы үшін орнықты платформа болды. Керуен жолдарын мінсіз ұйымдастырып, қауіпсіздігін қамтамасыз еткен Ұлы дала халқы ежелгі және орта ғасырлардағы аса маңызды сауда қатынасының басты дәнекері саналды. Дала белдеуі Қытай, Үнді, Парсы, Жерорта теңізі, Таяу Шығыс және славян өркениеттерін байланыстырды.

Алғаш пайда болған сәттен бастап, Ұлы Жібек жолы картасы, негізінен, Түрік империяларының аумағын қамтыды. Орталық Еуразияда түркілер үстемдік құрған кезеңде Ұлы Жібек жолы гүлдену шегіне жетіп, халықаралық ауқымда экономиканы өркендетуге және мәдениетті дамытуға септігін тигізді.

7. Қазақстан – алма мен қызғалдақтың отаны

Асқақ Алатаудың баурайы алма мен қызғалдақтың "тарихи отаны" екені ғылыми тұрғыдан дәлелденген. Қарапайым, бірақ бүкіл әлем үшін өзіндік мән-маңызы зор бұл өсімдіктер осы жерде бүр жарып, жер жүзіне таралған. Қазақстан қазір де әлемдегі алма атаулының арғы атасы – Сиверс алмасының отаны саналады. Дәл осы тұқым ең көп таралған жемісті әлемге тарту етті. Бәріміз білетін алма – біздегі алманың генетикалық бір түрі. Ол Қазақстан аумағындағы Іле Алатауы баурайынан Ұлы Жібек жолының көне бағыты арқылы алғашқыда Жерорта теңізіне, кейіннен бүкіл әлемге таралған. Осы танымал жемістің терең тарихының символы ретінде еліміздің оңтүстігіндегі ең әсем қалалардың бірі Алматы деп аталды.

Апорт. Қазақстан аумағындағы Шу, Іле тауларының етегінен әлі күнге дейін жергілікті өсімдіктер әлемінің жауһары саналатын Регель қызғалдақтарын бастапқы күйінде кездестіруге болады. Бұл әсем өсімдіктер біздің жерімізде Тянь-Шань тауларының етегі мен шөлейт даланың түйісер тұсында пайда болған. Қазақ топырағындағы осынау қарапайым, сондай-ақ ерекше гүлдер өз әдемілігімен көптеген халықтың жүрегін жаулап, біртіндеп бүкіл әлемге тарады. Бүгінде жер жүзінде қызғалдақтың 3 мыңнан астам түрі бар, олардың басым көпшілігі – біздің дала қызғалдағының «ұрпағы». Қазір Қазақстанда қызғалдақтың 35 түрі өседі.

II. Тарихи сананы жаңғырту. Көтерілген мәселелер жан-жақты ой елегінен өткізіп, терең зерделеуді талап етеді. Сондай-ақ біздің дүниетанымымыздың, халқымыздың өткені мен бүгінінің және болашағының іргелі негіздеріне тікелей қатысты.

Бұл жұмысты бірнеше ірі жобалар арқылы бастауға болады деп ойлаймын.

1. Архив – 2025

Тәуелсіздік жылдарында халқымыздың өткенін зерттеуге қатысты ауқымды жұмыстар атқарылды. Еліміздің тарихи жылнамасындағы ақтаңдақтарды қайта қалпына келтіруге жол ашқан "Мәдени мұра" бағдарламасы табысты іске асырылды. Бірақ, бабаларымыздың өмірі мен олардың ғажап өркениеті жөніндегі көптеген деректі құжаттар, әлі де болса, ғылыми айналымға түскен жоқ. Олар әлемнің бүкіл архивтерінде өз іздеушісі мен зерттеушісін күтіп жатыр.

Сондықтан ежелгі дәуірден қазіргі заманға дейінгі кезеңді қамтитын барлық отандық және шетелдік мұрағаттар дүниесіне елеулі іргелі зерттеулер жүргізу үшін "Архив – 2025" жеті жылдық бағдарламасын жасауымыз қажет деп санаймын.

Бұл жобаны жүзеге асыру барысында тарихшылардан, деректанушылар мен мәдениеттанушылардан құрылған арнайы топтардың отандық және шетелдік ірі архивтермен өзара жүйелі әрі ұзақ мерзімді ықпалдастықта болып, іздеу-зерттеу жұмыстарын жүргізуіне баса мән беру керек. Қай жағынан болсын, бұл маңызды жұмыс мемлекет есебінен атқарылатын "академиялық туризмге" айналмауға тиіс. Архив деректерін тек жинақтап қана қоймай, барлық мүдделі зерттеушілер мен қалың жұртшылыққа қолжетімді болуы үшін оларды белсенді түрде цифрлық форматқа көшіру қажет. Өз тарихына деген мақтаныш сезімін ұялатып, отаншылдық тәрбие беру мектеп қабырғасынан басталуға тиіс. Сондықтан мектептер мен барлық өңірлердегі өлкетану музейлерінің жанынан тарихи-археологиялық қозғалыстар құру маңызды. Ұлт тарихын санаға сіңіру барша қазақстандықтардың бойында өз бастауларына деген ортақтық сезімін қалыптастырады.

2. Ұлы даланың ұлы есімдері

Көпшіліктің санасында тарихи үдерістер, негізінен, тұлғаландыру сипатына ие болатыны белгілі. Көптеген халықтар өз елінің ерекше елшісі сынды ұлы бабаларының есімдерін мақтан тұтады.

Мысалы, өткен дәуірлердегі Тутанхамон, Конфуций, Ескендір Зұлқарнайын, Шекспир, Гете, Пушкин және Джордж Вашингтон сияқты дүние жүзіне белгілі тұлғалар бүгінде "өз мемлекеттерінің" баға жетпес символдық капиталы саналады әрі сол елдердің халықаралық аренада тиімді ілгерілеуіне септігін тигізіп отыр. Ұлы дала Әл-Фараби мен Ясауи, Күлтегін мен Бейбарыс, Өз-Тәуке мен Абылай, Кенесары мен Абай және басқа да көптеген ұлы тұлғалар шоғырын дүниеге әкелді. Сондықтан біз біріншіден, атақты тарихи тұлғаларымыз бен олардың жетістіктерінің құрметіне ашық аспан астында ескерткіш-мүсіндер қойылатын "Ұлы даланың ұлы есімдері" атты оқу-ағарту

энциклопедиялық саябағын ашуымыз керек. Екіншіден, мақсатты мемлекеттік тапсырыс ұйымдастыру арқылы қазіргі әдебиеттегі, музыка мен театр саласындағы және бейнелеу өнеріндегі ұлы ойшылдар, ақындар және ел билеген тұлғалар бейнесінің маңызды галереясын жасауды қолға алу қажет.

Сондай-ақ бұл жерде классикалық қалыптан тыс, баламалы жастар өнерінің креативті әлеуетін де пайдаланудың мәні зор. Осыған орай, бұл іске тек отандық қана емес, сонымен бірге, шетелдік шеберлер мен шығармашылық ұжымдарды да тартқан жөн. Үшіншіден, еліміздің тарихи кезеңдерін кеңінен қамти отырып, "Ұлы Дала тұлғалары" атты ғылыми-көпшілік серияларды шығарып, тарату жұмыстарын жүйелендіру және жандандыру қажет. Бұл бағытта қазақстандық ғалымдармен қатар шетелдік мамандар да тартылатын халықаралық көпбейінді ұжым құруға болады. Нәтижесінде, біздің қаһармандарымыздың өмірі мен қызметі жөнінде тек еліміздегілер ғана емес, сондай-ақ шет елдегілер де білетін болады.

3. Түркі әлемінің генезисі

Қазақстан – күллі түркі халықтарының қасиетті "Қара шаңырағы". Бүгінгі қазақтың сайын даласынан әлемнің әр түкпіріне тараған түркі тектес тайпалар мен халықтар басқа елдер мен өңірлердің тарихи үдерістеріне елеулі үлес қосты. Осыған байланысты, "Түркі өркениеті: түп тамырынан қазіргі заманға дейін" атты жобаны қолға алу қажет. Бұл жоба аясында 2019 жылы Астанада Түркологтардың дүниежүзілік конгресін және әртүрлі елдер музейлерінің экспозицияларына ежелгі түркі жәдігерлері қойылатын Түркі халықтарының мәдени күндерін ұйымдастыру керек. Сондай-ақ, Википедияның үлгісінде Қазақстанның модераторлығымен Түркі халықтарына ортақ туындылардың бірыңғай онлайн кітапханасын ашу да маңызды. Түркістандағы тарихи-мәдени этнографиялық орталық. Сонымен қатар жаңа облыс орталығы ретінде Түркістанды дамыту барысында оның халықаралық аренадағы беделін жүйелі түрде арттыру қажет. Қазақстанның ежелгі астанасы халқымыздың рухани орталығы ғана емес, сондай-ақ, бүкіл түркі әлемі үшін киелі орын болып саналады.

4. Ұлы даланың ежелгі өнер және технологиялар музейі

"Ұлы дала" атты ежелгі өнер және технологиялар музейін ашуға толық мүмкіндігіміз бар. Оған озық өнер мен технология үлгілерін – аң стилінде жасалған бұйымдарды, "Алтын адамның" жарақтарын, жылқыны қолға үйрету, металлургияны дамыту, қару-жарақ, сауыт-сайман дайындау үдерісін көрсететін заттарды және басқа да жәдігерлерді жинақтауға болады. Онда Қазақстан жерінен табылған құнды археологиялық ескерткіштер мен археологиялық кешендердің экспозициялары қойылады. Бұл заттар тарихи дәуірлердің қандай да бір кезеңіндегі әртүрлі шаруашылық салаларының даму үдерісін көрсетеді.

Әдебиеттер:

- 1.ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру».
- 2.ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаев «Ұлы даланың жеті қыры».

З.Н.Ә.Назарбаев «Тарих толқынында», Алматы «Атамұра». 1999ж.

Тапсырмалар

Тапсырма 1

Төменде келтірілген кестені толтырыңыз:

Бәсекеге қабілеттілік	Прагматизм	Білім	Ұлттық ерекшелікті сақтау
--------------------------	------------	-------	------------------------------

Тапсырма2

«Жаһандану жағдайындағы қазақ халқының мәдени мұрасын сақтау мәселесі» атты тақырыпқа баяндама жазыңыз.

Тапсырма 3

Келтірілген ұғымдарға анықтама беріңіздер: жаһандану, ұлы дала, ұлттық мәдениет, қазақ мәдениеті, қазақ халқының мәдени коды, түркі әлемі.

Шығармашылық тапсырма

«Жастар субмәдениеті және рухани, моральдік, эстетикалық және діни құндылықтар» атты тақырыпты негізге алып, презентация жасаңыздар.

Талқылау сұрақтары:

1. Қазақ мәдениетінің түркі әлемімен байланысы қандай?
2. Қазақ халқының мәдени коды дегеніміз не?
3. Жаһанданудың ұлттық мәдениеттің өзгеруіне жасайтын ықпалы қандай?
4. Қазақ тілінің мәдени кеңістігінің мүмкіндігі қандай деп ойлайсыз?
5. Латын әліпбиіне көшу қаншалықты заман талабына жауап береді?

1.14 Қазақстанның мәдени саясаты

Сабақтың мақсаты: «ҚР Мәдениет туралы заңы». Қазақстандағы мәдени реформалардың негізгі ұстанымдарының ерекшелігімен танысу.

Негізгі ұғымдар: мәдениет туралы заң, реформа, ұлттық мәдениет, қазақ мәдениеті, қазақ халқының мәдени коды, өркениет.

Қазақстан Республикасы тәуелсіздік алғаннан кейінгі кезеңде рухани өмірдің дамуына қатысты жағдайлар мүлдем өзгерді. Монополистік идеология үстемдігі келмеске кеткен, демократия біршама қарқын ала бастаған кезде мәдени-рухани салалардағы жасалып жатқан шаралардың ауқымдық жағынан да, мазмұндық жағынан да үлкен өзгерістерге бет бұрып отырғанын айқын көруге болады.

Бірақ тәуелсіздіктің алғашқы жылдары ұлттық мәдениеттің даму үрдісінде бір-біріне қарама-қарсы екі тенденция белең алған еді. Олардың біріншісіне мәдениеттің жаңа қарқын алып, импульспен, қарышты қадаммен, мүлдем жаңа бағытта өрлей бастауы, екіншісі –мәдениеттің даму үрдісінде бұрын болып көрмеген экономикалық кедергілер мен халық бұқарасының санасындағы психологиялық өзгерістердің салдары болып табылатын іркілістер жатады.

Қазақстанның әлемдік кеңістікке бет алуы өзінің құнын жоғалтқан идеологиялық мәдениеттен гөрі әсіреқызыл батыстық үлгіге айқара есік ашып берді. Батыстық мәдениетпен қосарланып түрліше діни секталар мен ағымдар да ағылды.

Бұл келеңсіздік өз дәрежесінде республика көлемінде мәдени-рухани саланы басқарудың басқаша жолдарын қарастыруға мәжбүр етті. Олар, түптеп келгенде, мыналар:

Қазақстан халқының мәдени-ұлттық сана-сезімінің жаңаруына ықпал ету;
этномәдени және конфессионалдық шектеулікте мәдени әр алуандылықты қалыптастыру;

менеджменттіктің мейлінше пайдалы моделін таңдау.

Қазақстан Республикасы «Мәдениет туралы» (1996) Заңының 3-бабында мәдениет саласындағы мемлекеттік саясат қағидалары былайша көрініс тапқан:

азаматтардың шығармашылық қызметінің еркіндігі;

мәдени байлықты жасауда, оны пайдалану мен таратуда барлық азаматтардың құқығы бірдей;

тарихи-мәдени мұраны қорғау;

ұлттық және әлемдік мәдениет құндылықтарын қатар игеру аясында тәрбие мен білім беру жүйесін дамыту;

мәдениет саласында монополиялық пиғыл-әрекетті болдырмау;

мәдениетті қаржыландыруда бюджеттік, коммерциялық және қайырымдылық бастамаларды қолдап-қуаттау;

мәдени қызметті ұйымдастыруда мемлекеттік және қоғамдық бастамаларды бірдей пайдалану.

90-жылдары республика мемлекеттік мәдениет мекемелерінің жүйесі мәдени-демалыс орындарын, кітапханаларды, мұражайларды, театрларды, концерттік ұйымдарды, кино өнері мекемелерін, мәдениет және демалыс парктерін, т.б. қамтыды.

Бұлардың бәрі дерлік мемлекеттік баланста тұрды. Бұдан кейінгі жылдарда, яғни онжылдық кезеңде мәдени саланы қаржыландыру мәселесі едәуір өзгеріске ұшырады: Ұлттық маңызға ие мемлекеттік мәдениет мекемелерін мемлекеттік тұрғыдан қаржыландыру сол күйінде сақталып қалды. Нақты мәдени жобалар мен бағдарламаларды жүзеге асыру үшін түрліше қаржы көздерін тарту мүмкіндігі ашыла түсті. Меншік формасының өзгеруіне байланысты мәдени мекемелердің көпшілік бөлігі, атап айтқанда, кинематография, туризм, спорт, шоу, теледидар, концерттік ұйымдар, т.б. өзін-өзі қаржыландыруға көшірілді.

Мәдени саладағы жеке меншіктің түрліше формалары өз кезегінде сөз еркіндігіне, Қазақстанның дербес шығармашылығына жол ашты. Аталған мемлекеттік емес мәдени мекемелердің жұмыстарын ретке келтіріп отыру барысында қайсыбіреулердің адамзатқа, ұлтқа, мемлекетке қарсы идеяларды насихаттап, таратуына жол бермеу үшін тіркеуден өткізу тәртібі қатаң сақталуы тиіс болды.

Бірыңғай мәдени-ақпараттық кеңістік құру — Қазақстанның мәдениет саласындағы негізгі стратегиялық мақсаты. Тек осы жолмен ғана елдің рухани қуатын анықтап, дербес ұлт ретінде әлемдік қауымдастық қатарынан орын алуға болады. Бұл мақсаттың үдесінен шығудың бір жолы — қазақ халқының этномәдени тұрғыдан қайта жаңғыруы өте-мөте қажет. Бұдан бұрынғы идеологиялық жүйенің күйреуі рухани өмірдің дүр сілкінуіне, ұлттық салт-дәстүрдің табиғи жаңғыруына түрткі болды.

«Мәдениет дегеніміз не?» деген сұраққа жауап беру үшін бұл сөздің этимологиясына, яғни осы бір күрделі ұғымды білдіретін сөздің шығу тегіне тоқталуды жөн көрдік. Қазақ тіліне бұл термин арабтың «маданият» қала, қалалық деген сөзінен енген. Бұл орта ғасырлардағы мұсылман мәдениетінің өркендеу кезеңінде қалыптасқан түсінікпен байланысты. Мәдениетке берілген көптеген анықтамаларды альтернативтік (қарсы қоюшылық) деп атауға болады. Бұл жерде алдымен көзге түсетіні мәдениет пен табиғатты «культура» мен «натураны» қарсы қоюшылық. Көне заманда «культура» деген ұғым «жерді өңдеу» деген мағынаны берген. Кейінірек, дәлірек айтқанда, Цициронның еңбектерінде (б.э.д. 45 ж.) бұл сөздің мағынасы тереңдеп, «жанды жетілдіру» деген ұғымды білдірді. Уақыт өткен сайын еуропалық тілдерде мәдениет сөзі «білім беру», «даму», «қабілеттілік», «құрметтеу» сияқты мағыналарға ие бола бастады. Қазіргі заманғы сөздіктерде мәдениетке төмендегідей анықтамалар берілген:

Мәдениет белгілі бір халықтың қол жеткен табыстары мен шығармашылығының жиынтығы. Мәдениет азамат қауымының белгілі бір тарихи кеңістіктегі қызметі мен өзіндік бір ерекшелігі (палеолит мәдениеті, критмикен мәдениеті) Мәдениет адамдық әрекеттің белгілі бір саласының жетілу деңгейі (сөйлеу мәдениеті, еңбек мәдениеті, құқық мәдениеті) Агро мәдениет (дәнді өсімдіктер мәдениеті, цитрустық мәдениет) Егемен Қазақстанның жаңа мемлекет құрудағы философиялық тұжырымдарында көрсетілген бағыттары және елдің идеологиясы АҚШ, Франция, Ресейде белгіленген философиялық ұстанымдарды басшылыққа алады. Халықаралық тәжірибе тоталитаризмнен демократиялық бағыт жолына түскен елдердің өтпелі кезеңде идеологиялық дағдарысқа ұшырайтынын көрсетті. Сондықтан өркениетті елдердің өтпелі кезеңнен өту тәжірибесімен танысу өте маңызды. 1993 жылғы 9 қазанда “Қазақстанның болашағы — қоғамның идеялық бірлігінде” еңбегі жарияланды. Бұл еңбегінде Қазақстанға жаңа үлгідегі идеологияның қажеттілігі бар ма, жоқ па деген талас төңірегінде нақты пікір айтты: 1. Идеология — адамдардың қоғамдастығын саяси және экономикалық міндеттерді топтастыру тәсілі. 2. Идеология — әлеуметті мінез-құлықты

қалыптастыру механизмі. 3. Идеология—мемлекеттің және оның тұғырнамасын қолдайтын партиялардың, қоғамдық қозғалыстардың, адамдардың ақыл-ойына өркениетті түрде ықпал ету тәсілі. 4. Өмір алға озып отырған кезде әр түрлі идеологиялық ағымдар болады. Еңбектің маңызы: Қазақстанның қазіргі кездегі қоғамдық-саяси жағдайына баға беріліп, ел тәуелсіздігі мен тұрақтылығын сақтау бағыттары көрсетілді.

Республиканың бүгінгі өмірінде бұған мысал жеткілікті. XX ғасырдың 90-жылдарынан бастап «Наурыз мейрамы» қайтадан салтанат құрды. Ол республикада тұрып жатқан барлық ұлт-ұлыстардың ортақ мерекесіне айналды. Қазақ халқының ең көне ауызекі өнерінің бірі — айтыс жаңа дәуірге лайық қайта дамыды.

Этнопедагогика негіздерін өмірге етене енгізу нәтижесінде білім берудің барлық нүктелерінде жас ұрпақты халықтың салт-дәстүрлеріне сай тәрбиелеу жұмыстары жүргізілуде. Әсіресе соңғы жылдары республикада ұлттық мәдениет пен өнердің озық үлгілерін әлемдік айналымға шығару, сол арқылы Дүние жүзі қауымдастығына танылу жолдары қарастырылуда. Жамбылдың 150 жылдығының аталып өтуі, 1997 жылы М.Әуезовтің 100 жылдығының тойлануы, 1999 жылы Түркістанның 1500 жылдығы кең көлемде мерекеленуі тәуелсіз жас мемлекеттің бұл бағыттағы тарихи құтты қадамдары болса керек.

Қазақ әдебиеті де жаңа шығармалармен толықты. Ә. Нұрпейсов Арал және ондағы адам тағдыры туралы «Соңғы парыз», романын, Ш. Мұртаза «Қызыл жебе» трилогиясының соңғы томын, М. Мағауин «Мен» атты философиялық толғауын, Қ.Жұмаділов Қаракерей Қабанбай туралы «Дарабоз» дилогиясын оқырмандар назарына ұсынды. Ақындар Қ.Мырзалиев, Т.Медетбеков, И.Оразаев жаңа поэтикалық шығармалармен көрінді.

Ресейдің Қазақстандағы және Қазақстанның Ресейдегі жылдарының жариялануына байланысты шаралар шеңберінде көптеген қазақ жазушыларының шығармалары орыс тілінде жарық көрді. Композитор Е.Рахмадиевтің Ә.Кекілбаевтың либреттосы бойынша жазылған «Абылай хан» операсы жанр табысы деп танылды. Классикалық музыка өнері саласында А.Мұсаходжаева, Ж.Әубәкірова, М.Мұхамедқызы, Н.Үсенбаева және тағы басқалар едәуір шығармашылық жетістіктерге қол жеткізді. Халық жазушысы О.Сүлейменовтың көп жылдық зерттеу еңбегінің нәтижесі болып табылатын, дүние жүзі тілдерінің даму заңдылықтарын саралаған көлемді еңбегі «Жазу тілі» кітабы жарияланды. Адамның бойындағы ізгі қасиеттердің көмескіленуі мәселесін көтерген Мұхтар Шахановтың «Өркениеттің адасуы» кітабы республикадан тыс жерлерге мәлім болды. Өлеңмен жазылған бұл романда автор адамдардың өзара қауышуы бабында қалыптасқан дәстүрлі құндылықтардан айырылып қалуы, соның салдарынан гуманистік принциптердің жойылып бара жатуы бүкіл адамзатты рухани тығырыққа тіреп отыр деген қорытынды жасаған. Қазақ әдебиеті жаңа шығармалармен толықтырылды. Кітап басып шығару қарқынды жүрді. Туған жер, ел және оның тарихы мен мәдениеті туралы көлемі жағынан ауқымды, мазмұны кең,

көптомдық энциклопедиялық басылымдар басылып шықты. Олардың ішіндегі елеулері ретінде «Қазақстан» Ұлттық энциклопедиясын, Қазақстан тарихын, қазақ фольклоры антологиясын атауға болады. Қазақстан тәуелсіздігінің он жылдығына орай екі тілде «Қазақстан Республикасы» энциклопедиялық анықтамасы жарық көрді. Дегенмен тәуелсіздіктен кейінгі жылдарда жекелеген авторлардың жетістіктеріне қарамастан, тұтастай алғанда, ұлттық мәдениет, соның ішінде, көркем әдебиет тоқыраудан шыға алмады. Жаңа қоғамдық қатынастар жағдайындағы адамдардың өмірі мен қызметін көркемдікпен игеру баяу жүрді. Қазақ тілінде мәдениет туындыларын жасаушылар күн сайын болып жатқан ірі саяси оқиғалардың мәнін қазіргі заман адамының талғамына сай, жоғарғы көркемдік деңгейде сипатталған шығармаларды дүниеге әкеле алмады. Еліміздің өткен тарихын ұрпақ санасына сіңіру арқылы мәдениетті дамыту «Мәдени мұра» бағдарламасының ең басты алғышарты ретінде қарастырылып отыр. 2004—2006 жылдары бұл бағдарламаның бірініші кезегі жүзеге асырылды. Ұлан-байтақ Қазақстан жері. Төсін керіп еркін тыныстап жатқан сайын дала. Кермек жусан исі, ұшқан құс, бұлдыраған сағым, ақырын соққан самал жел, күмбездей төңкерілген көк аспан, мүлгіген тыныштық. Бұл – менің отаным, туған жерім! Ол шығысында — Алтай тауларынан басталып, Каспий теңізіне дейінгі, солтүстігінде — Батыс Сібір жазығы мен Орал тауларынан Тянь-Шаньның солтүстік беткейі аралығындағы алып территорияны алып жатыр. Әлі есімде, ең алғаш рет география сабағында бес бірдей Франция сыйып кететін Қазақстанның картасын көріп, оған Австрия, Германия, Италияның бірнешеуін ойша сыйдыруға тырысқаным. Ал кейін найзаның ұшымен, қылыштың жүзімен қорғалған жер тек табиғи ресурстар мен физикалық-географиялық артықшылық иесі ғана емес, сонау көне дәуірлерден тамыр жайған көшпелі тайпалар мәдениетінің алтын бесігі екенін ұғындым. Оның айнымас дәлелі Қазақстан жерінен табылып жатқан көне сақ, үйсін, түркі, қыпшақ мәдениеттерінің ескерткіштері, өнер мен қолөнер туындылары. Бұлар біздің ұлттық мәдениетіміздің тарихын баяндайтын игіліктер.

Тарих- адамзаттың тамыры. Өз тарихына үңілу, өткен жолын қорытындылау, жете түсінуге ұмтылу, оны бағалай білу — елін сүйетін, өзін танығысы келетін әрбір адам үшін маңызды. Адамзат үшін тарих өз алдына құндылық, ендеше сол тарихты баяндайтын материалдық игіліктер де құнды болмақ. Ерте тас дәуіріндегі Сақ мәдениеті, қола дәуіріндегі Ботай, Андронов, Беғазы-Дәндібай мәдениеті, темір дәуіріндегі сақ, үйсін мәдениеті негізінде қаланған көшпелі түркілердің мәдениеті қазақ халқының ұлттық мәдениетінің бастау бұлағы.

Қазіргі, ХХІ ғасырдағы Қазақстан мәдениеті қай бағытта дамып жатыр, деңгейі, негізгі идеясы қандай? Біртұтас мемлекет ретінде, заман талабына сай қабырғасы қалана бастаған біздің Отанымыздың әлемдік мәдениет пен өркениет көрмесіндегі орны қандай, және мәдениеттің дамуына қазіргі заманда қандай үлес қоспақ? Бұл ретте мәдениет атадан балаға мұра болып қалып, ұрпақ ауысқан сайын дамып отыратынының ұмытпаған жөн. Сондай-ақ

мәдениет — дәстүрлі салт дәстүр, ұлттық дүниетаным, ой-сана негізінде дүниеге келетін әдебиет, театр, ән күй, бейнелеу, қолөнері сынды өнер туындыларынан, халықтың ортақ рухани байлығынан құралатындығы белгілі. Бұл орайда біз әлемдік мәдениеттің ажырамас бөлігі — бейнелеу өнерін назардан тыс қалдыра алмаймыз. Ежелгі тас дәуіріндегі үңгір суреттері, петроглифтерден басталып, қазірде көркемдік, идеялық құндылықтары қалыптасып, ғылыми негізделген бейнелеу өнері әртүрлі дәуірлердегі халықтың ой санасын, дүниетанымын, мәдени кемелдік-дәрежесін көрсететін айна сияқты. Бейнелеу өнері техникасы, технологиясы Батыстан әкелінген жаңалық болса да олардың бәрі халық өнерінің, дүниетанымының бір бұтағы ретінде өркен жайады. Сондықтан ұзақ уақыт бойы қалыптасқан ұлттық сана сезім, дүниетаным жаңадан енген өнер түрінің қайнар көзіне айналды. Қазақ халқының дәстүрлі көзқарасы өнердің жаңа түрінің бағыты мен сипатын анықтап отырды. Халықтың дәстүрлі ой санасымен терең байланыс негізінде Қазақстанның кәсіби бейнелеу өнерінің көркемдік ерекшеліктері мен идеялық бағыты қалыптасты.

Өнер үшін бір ғасыр онша көп мерзім емес. Бірақ Қазақстан суретшілерінің бірнеше ұрпағы өткен жол өзіндік ұлттық ерекшелігі мен идеялар жинағы бар көркемөнер мектебін қалыптастыра алды.

Кез келген нәрсенің бастауы бар. Өнер де өзінің бастау бұлағын, халықтың түп тамырын назарына алғанда оның этнографиялық, кейін поэтикалық дәрежелерінен өткесін жаңа биікке шығып, оны пайымдаудың философиялық дәрежесіне көтеріледі. Суретшілер халық мінезі мен тарихын тереңнен түсінуге тырысып, заман құбылыстарын терең пайымдауға тырысады. Олардың шығармашылығы қандай дүниетанымдық немесе тақырыптық деңгейде болса да, ең алдымен туған елге, халқына қатынасымен, оның территориялық, ұлттық дербес ерекшеліктерін көрсетумен, жергілікті құндылықтарды жинақтаумен анықталады. Бұл әрине, таза өнерге ғана қатысты. Таза өнер, меніңше, әуелі — халық өнері, ол ешқандай идеологияға бағынбайды. Бұл жағдай қазіргі Қазақстан суретшілері үшін дін ең алдымен ұлттық өнер, ұлттық қолтаңба, ұлттық дүниетаным, болмыс түсініктеріне байланысты. Бірақ 80-90 жылдардан бергі Қазақстан суретшілерінің шығармашылығын осы көзқарас нүктесінен талдамас бұрын, қазақ көркемөнерінің классиктеріне тоқталып өткен дұрыс сияқты. Өйткені, менің көзқарасым бойынша бүгінгінің бәрі өткенмен сабақтастықта дамып, салыстыру барысында айқындалады.

Бұл орайда ең алдымен шығармашылық қолтаңбасы академизмнен мүлдем ада, халықтың дәстүрлі өнеріне өте жақын Ә.Қастеевтің 1930 жылдардағы шығармашылығын айтуымыз керек. Оның шығармашылығына ұлттық дүниетаным мен ұлттық рухты мәнерлеудің дәлме-дәлдігі тән. Қастеев туындыларындағы барлық тақырыптар мен сюжеттер қазақ халқының тұрмысымен байланысты. Ол «Киіз үйдің ішкі көрінісі» атты туындысында асқан ыждағаттылықпен киіз үйдің бұйымдарының бірін қалдырмай бейнелейді. Суретші алуан түрлі тұрмыстық бұйымдарды айшықты түстермен

көрсетіп қана қоймай, халық тұрмысының өміршеңдігін де бейнелейді. Суретшінің «Бие сауу», «Колхоз тойы», «Колхоздың сүт фермасы» және т.б. жұмыстарына қазақ тұрмысын өте жақсы білуі мен оған деген шынайы махаббаты негіз болды. Оның лирикаға толы пейзажы мен портреті де, өз дәуірінің шындығын бейнелеген тақырыптық картиналары да туған халқына деген терең сүйіспеншілікпен жазылған.

1980 жылдардың екінші жартысында суретшілер үшін қоғамдағы жеке адамның табиғи мәдениетін анықтайтын ұлттық болмысқа түрткі болу, сұраныс тудыру, өткенді қайта жаңғыртуға мүмкіндік жасау басты міндетке айналды. Осы жылдардың ортасынан бастап бері қарай Қазақстан суретшілері тарихи, тарихи-мифологиялық тақырыптарға ерекше көңіл аудара бастады. Рәмізді нышандар мен қатар халықтың болмысында монументті бейнелер арқылы жеткізу де орын алды. А.Ақанаев, К.Дүйсенбаев, Ә.Сыдыханов, Қ.Зәкіров, Б.Түлкиев, А.Есдәулетов, Б.Бапишев, Қ.Хайруллин, Ғ.Маданов секілді қылқалам шеберлерінің ізденісі нәтижелері өз орындарын тауып, ұлттық болмыстың сазды әуендерін шерте білді. Олар ата баба тарихын аден қойып, рухани қазынаны меңгеруге ұмтылды.

Болмысты басқаша символмен түсіндіру, жалқы мен жалпыны, сәт пен мәңгілікті ұштастыру Шығыс өнерінің басты ерекшелігі. Өз әсерінді тікелей айта салу — астарлы сөзге ерекше мән беретін қазақтың көркемдік талғамына жат нәрсе. Бұл дәстүрлі таным бейнелеу өнерінде де өзіндік көрініс тауып, суретшілердің өмірден алған әсерлерін бейнелеуде таңба мен символға ерікінді берді.

XX ғасырдағы қазақ кескіндемесінің негізгі тақырыбын өзге ұлттың дәстүрлерімен сұхбат, яғни орыс реалистік мектебі, француз импрессионизмі, кеңес кескіндемесімен сұхбаттастық анықтады. 80 жылдардың екінші жартысында қайта құру берген еркіндік суретшілер шығармашылығына да еркіндік берді. Суретші кенептерінде ұлт тарихының түбіне терең үңілу, салт-дәстүр, әдет-ғұрыптар өрісін анық бейнелеуге деген ұмтылыс байқалды. Осы жылдарда түрік мәдениетіне, жалпы шығыс архаикасына деген қызығушылық өсті. Б.Бапишев, Ғ.Маданов, А.Есдәулетовтың шығармаларында ұлттық бастамалар мен рухани көздерге деген үндеулер анық байқалады. Бұл, меніше, ең алдымен қандай да болмасын тарихи әлеуметтік, табиғи өзгерістерге қарамастан бейнелеу өнері мен дәстүрлі дүниетаным арасында ішкі байланыс пен сабақтастық міндетті түрде сақталатындығының дәлелі. Бұлардың айғағы — адалдықтың, тазалықтың белгісі — ақ тазы мен еркіндік пен жігер белгісі қыран құс аса бай ою-өрнектпен әскезделеген текемет фонында бейнеленген Ақтотының «Қазына»; ырыс-береке жебеушісі — қошқар салынған «Молшылық белгісі»; Есдәулетовтің «Бастау» бейнелері. Ұлттық мәдениеттің гүлденуі ұрпақтан-ұрпаққа жалғасады. Бұл орайда халық суретшілері алдындағы үлкен міндет — ұлттық дәстүрлі өнердің тұрақты белгілерін меңгеру. Қазақ халқының өнерін айқындайтын дүниетанымдық белгілер бар. Ол әуелі кеңістік ұғымы. Кеңістік — біздің дәстүрлі түсінігімізде өнерде шексіз және тұтас жаратылыс

туралы ойды қамтиды. Сондай-ақ ұлттық өнер астарлы ойға, пәлсафалық тұжырымға бағынады.

Қазақстанның қазіргі бейнелеу өнерінің жағдайын толық түсініп, баға бере алу үшін біз халықтың дәстүрлі өнері тудырған табиғи көркемдік заңдылықтарды да, әлемдік мәдениет мұраларын да, қазіргі заманның өзгеше міндеттері мен талаптарын да назардан тыс қалдыра алмаймыз.

Ғасырымыздың соңғы онжылдығында бейнелеу өнерінің құндылық және көркемдік көрсеткіштерінің айқын, өзіндік ұлттық бағытта дамуының қарқыны күшейе түсті. Қазіргі суретшілердің бейнелеу әдістерінде рәміздендіру, таңба мен символикалық бейнеге сүйену кең өріс алды. Суретшілер әлемнің күрделілігі мен халықтың тарихи жолын сөз етуде себеп-салдарлық байланыстарды айналып өтіп, ұлттық мәдениетпен байланысты қазақ дүниетанымы құндылықтары тұрғысында, символикалық және аллегориялық жинақтау дәрежесіне әкелді. Шығармаларында дүниені құпияланған көп таңбалар арқылы түсіндіруге ұмтылып, өмірдің қым-қуат қозғалысын көрсетуде түстерге еркіндік береді.

А.Сыдыханов өз шығармашылығында идеяны берудің ерекше құралы ретінде қазақ халқының рулық рәмізін, таңба мен ою-өрнектің әр түрін алады. Солар арқылы дүниенің өз түсінігіндегі тәртібін көрерменге түсіндіреді. Ол қазақ ұлтының тарихи-көркем болмысын рулық таңбаының кескіндемелік пластикалық өзгеруі арқылы жасайды. Көшпелілер мәдениетін көркемдік зерттеуді тарихи-тұрмыстықтан философиялық-рухани және адамгершілік бейнеде, оған ұлттық ділде ғана өмір сүре алатын рәміздік мағынасын береді. Бұл ретте суретшінің ұтымды шығармасы деп «Түркі халықтарының рәміздері» (1997) атты туындысын атаса болады.

А.Ақанаевтің шығармашылығы дала аңыздарын еске түсіреді. Қазіргі заман суретшілері ежелгі көшпелі тайпалар мәдениетінің аңдық стиліне, анималистік тотемдік ағымына ұқсас бейнелеуді қалыптастырып жатыр. Оның 1999 жылы жазылған «Дала адамдары» шығармасы біздің көшпелі халық мәдениетімен терең байланысымызды көрсетеді. Жүк артылған түйе, киіз үйдің шаңырағы, кимешек киген қария — өткеннің өнегесі мен біздің байлығымыз. Ұрпақтан ұрпаққа жалғасатын мұраның қарт ана сақтаушысы іспеттес.

А.Есдәулетов шығармашылығындағы мүйізтұмсықтар мен бұқалар адамзат мәдениетінің бастауына ой жүгірткізеді. Оның 1997 жылы жазылған «Бастау» картинасы суретшінің өз тегіне, тарихына деген қызығушылын көрсетеді.

Ақтотының 2003 жылы жазылған «Қазына» картинасы да біздің рухани, материалдық байлығымызға үңілтеді. Ақ тазы — тектілік пен адалдықтың белгісі болса, тұғырда отырған қыран құс ерік-жігердің, мығым сенімділіктің нышаны.

С.Тайковтың «Аңсау» атты туындысы да өткенмен байланысты, оны сағынуды паш етеді. Қолын алдына қойып, қырынан отырған жас ана жаратқаннан тыныштық пен амандық тілеп отырғандай. Атып келе жатқан

күннің жұмсақ сәулесі келешекке деген сенім мен үміт белгісі болса, екі нар түйе төзім мен даналықты білдіреді.

90 жылдардың екінші жартысында ұлттық бейнелеу өнері мектебі өз кемеліне келіп, жаң қарқынмен дамуға бет қойды. Бұл суретшілердің өздеріне ғана тән ерекше қолтаңбаларының дербестігінен көрінеді. А.Дүзелханов, Д.Қасымов кенептерінде нәзік сезімталдық пен төл мәдениетке деген ерекше құрмет таң қалдырады.

Қазақстанның XX ғасырдағы бейнелеу өнері үшінші мыңжылдыққа ұлттық рухпен толысқан, дәстүр сабақтастығын бұзбаған түрде аяқ басты. XX ғасырдың екінші жартысында қаланған көркемөнер мектебінің даму жолын пайымдай отырып, қазіргі заман бейнелеу өнерінде өзіміздің көне мәдениетімізді тануға, өз бастауымызға деген терең ықылас қоюшылықты көре аламыз.

Қазір XXI ғасыр. Нарықтық экономика, қатал бәсеке, ақпараттық технологияның қарыштап, жаһандану, мәдени, экономикалық үндестік деп жар салып жатқан дәуір. «Аулада XXI ғасыр тұр. Мәдени, рухани экспансия ғасыры. Бұрын соғыс алаңына найзалар мен мылтықтар, танктер мен автоматтар шығатын болса, енді сол майданға әрқилы діни конфессиялар, ұлттық тілдер мен мәдениеттер шығатын болады» — дейді. Серік Аббасұлы «Парасат» журналына берген сұхбатында. Қазақстан да сол майданда қолжаулық болмас үшін мығым экономика мен әр салада бәсекеге қабілетті білім қалыптастыруға мүдделі. Бірақ тек қана жалғыз экономикамен мемлекет құрылмайды. Тарихи-мәдени белгілер, біздің ешкімге ұқсамайтын төл мәдениетіміз мемлекеттің бір қырын танытатын айна. Әлемдік мәдениеттер көрмесінде біртұтас ел екенімізді көрсететін бет бейнеміз.

Тәуелсіздік жылдары Қазақстанда “архитектуралық ренессанс” басталды. (Астанада арх. К. Курокаваның бас жоспары бойынша /1934-2007/, Жапония) ел Президентінің резиденциясы «Ақ Орда» (арх. К. Монтахаев /1950-2009/, ҚР); Жасыл-сулы бақжолы (К. Курокава), (Бейбітшілік пен келісім Сарайы («Пирамида», 2006) және «Хан Шатыр» орталығы (2010, арх. Н. Фостер, Англия); «Қазақстан» Орталық концерт залы (2009, арх. М. Николетти, Италия); «Нұр-Астана» мешіті (2005, арх. Ч. Хафиз, Ливан); Азиада -2011 бірнеше спорт кешендері тұрғызылды.

Елдегі ең жас музыкалық театр – Астана қаласындағы К.Бәйсейітова атындағы Ұлттық опера және балет театрының өмірбаяны 2000 ж. М. Төлебаевтың «Біржан – Сара» операсымен басталды. Қазіргі кезде Қазақстанда 50 театр жұмыс істейді.

Қазақстан киноөнері «Қазақфильм» – елдегі жалғыз кинокомпания, ол 1960 жылы Алматы кинохроника студиясының (1934) негізінде құрылды. Қазір Қазақстан жылына 30-40 көркем және деректі фильмдер, сондай-ақ мультфильмдер шығарады.

Әдебиеттер:

1.ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаев Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру.

2.Әбжанов Т.Ы. Қазақ рухының философиясы. — Қарағанды: ҚарМУ баспасы.

3.Н.Ә.Назарбаев «Тарих толқынында», Алматы «Атамұра». 1999ж.

4.Жақып Б. «Тәуелсіз Қазақстанның саяси тарихы».2010 ж.

5.Адырбек Н. «Ұстаным-ұлттық сана».Алматы 2013ж.

Тапсырмалар

Тапсырма 1

Төменде келтірілген ойды толықтырыңыз

Мәдени саясат модельдері мен қоғамның басты құндылықтар жүйесінің байланысы

Тапсырма 2

«Мәңгілік Ел» ұлттық идеясының қалыптасуы көпұлтты және поликонфессионалды қазақстандық қоғам мен оның мәдени қорының бірігуі ретінде» атты тақырыпқа баяндама жазыңыз.

Тапсырма 3

Келтірілген ұғымдарға анықтама беріңіздер: « Мәңгілік ел», жаһандану, мәдениет туралы заң, реформа, ұлттық мәдениет, қазақ мәдениеті, қазақ халқының мәдени коды, өркениет.

Шығармашылық тапсырма

«Қоғамдық сананы жаңғырудың негізгі бағыттары: бәсекеге қабілеттілік, прагматизм, білімнің ашықтығы, білімді құрметтеу » атты тақырыпты негізге алып , презентация жасаңыздар.

Талқылау сұрақтары:

1. Қазақ халқының мәдени-этникалық жадысын сақтаудағы мұражайлардың рөлі қандай?

2. Қазақ халқының мәдени коды дегеніміз не?

3.Қазақстан қоғамының жаңғыруы мен жаһандану жағдайындағы қазақтардың мәдени, этникалық (ұлттық), діни бірегейлігінің сақталу мәселесі қалай шешуге болады деп ойлайсыздар?

4. Қазақ тілінің мәдени кеңістігінің мүмкіндігі қандай деп ойлайсыз?

5. Қазіргі қазақстандық жастар арасында Отанға деген ұлтжандылықты қалай қалыптастыруға болады деп ойлайсыздар?

1.15 «Мәдени мұра» Мемлекеттік Бағдарламасы

Сабактың мақсаты: «Мәдени мұра» Мемлекеттік Бағдарламасының мазмұнымен танысу.

Негізгі ұғымдар: мәдениет туралы заң, реформа, ұлттық мәдениет, қазақ мәдениеті, қазақ халқының мәдени коды, өркениет.

Халықтың тарихи естелігі – ғасырлар бойы мәдени мұраға салынатын, барлық адамзат өркениетінің мәдени топтарын, халықтың, ұлттың, этностың өзін сақтап қалудың негізі болып қалу факторы болып табылады. Мәдени мұра өркениетті қоғамның ең маңызды себебі болып табылады, ол өзіндік рухани – өнегелілік пен материалдық құндылықтардан тұрып, ол бір ұрпақтан келесі ұрпаққа жай өтіп ғана қоймай, оларды жоғалтып алмас үшін, ұлттық, мемлекеттік масштабтағы үлкен күш пен құралдарды салуды талап етеді. Жақында өткен жылдары біз дара биліктер айырылу тұңғышында тұрдық. Біздің бәріміз қол жеткізген тәуелсіздігіміз бізді осыдан құтқарып және біздің қайнар көзімізге іздеуге қайтарды. Қазіргі компьютерлік технологиялар, жаһандық үдерістер ғасырындағы жағдайда мәдени мұраны сақтау әрбір халық үшін маңызды мағынаға ие болып, әлем халықтары ұқсастығының жоғалуына әкеліп соғады. Сондықтан бүгінгі күні мәдени мұраны сақтау барлығы үшін өзекті мәселе болып отыр. 2004 жылдан бастап Елбасы президенті Н.Ә.Назарбаевтың бастамасы бойынша «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы іске кірісті. Оның ең бірінші аспекті халықтың бай мәдени мұрасы арқылы қазақстандықтардың ұлттық сана сезімін дамыту мен бекітуге бағыттылған. «Мәдени мұраның» екінші маңызды аспектісі - әлемге бай ұлттық рухани қазынасын ашу. Бағдарламаның үшінші аспектісі – тарих, философия, этнография, тіл, әдебиет, көркем өнер, музыка және т.б. ұлттық мәдени мұраны зерттеу жүйесін құру; «Мәдени мұра» бағдарламасы қазақстандықтармен тек ғана рухани-мәдени ғана емес, еліміздің барлық қоғамдық өмірімен белгілі бір кезең ретінде үлкен жігерлікпен қабыл алынды. «Мәдени мұра» мемлекеттік мұрасы бүгінгі күні кезеңімен жүзеге асырылуда: 2004-2006, 2007-2008, 2009-2011 жылдарға және жақын арадағы жиырма жылға ұзақмерзімді бағдарлама әзірленуде. Мемлекеттік бюджеттен мәдени мұраны жүйелендіруге, сақтауға және дамытуға маңызды құрал бөлуге қарастырылған. Бірінші кезеңінде 2,7 млрд.теңге, екінші кезеңінде – 4 млрд. аса, үшіншіге – 5 млрд.аса қаражат бөлінді. «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы келесі бағыттар бойынша жүзеге асырылады: тарих және археология ескерткіштерін жүйелендіру, сақтау және қалпына келтіру. Елімізде 25 мыңнан астам ескерткіш, 2 миллионнан астам құнды мәдени заттар бар деп есептелуде, Қожа Ахмет Яссауи мавзолейі мен Тамғалы шатқалының петроглифтер кешені Дүниежүзілік мәдени мұра тізіміне енгізілген, ендігі кезекте ЮНЕСКО тізіміне ескі Отырар қалашығын қосу болып табылады. Тәуелсіздік жылдары ішінде еліміздегі ескерткіштерді толық түгендеу бойынша жұмыстар жүргізілді. Осы жұмыстардың қорытындысы бойынша республикада тарихи және мәдени ескерткіштердің мемлекеттік тізімі құрастырылып, оған республикалық маңыздағы 218 объект және жергілікті маңыздағы 11,5 мың объект кірді. Ең маңызды жоба Дамасктағы Сұлтан Бейбарстың мавзолейін қалпына келтіру болып табылады. 1266 жылы Бейбарыстың өзімен салынған бұл кешен мектептен, мұражайдан және мавзолейден тұрады. Жұмыс барысында кешеннің барлық қабырғалары мен сәулет пішіндері бекітілген, сериялық мамандарды

шақыртумен нақыштарға, әшекей рәсімдеулерге, 200 мыңнан аса раритетті кітап сақталынатын мұражайға қалпына келтіру жұмыстары жүргізіліп, ең соңғы үлгідегі техникамен жабдықталды. Каирдағы Сұлтан Бейбарыс мешітін қалпына келтіру шеңберінде қазақтандық тарап жұмыстарды қаржыландыру бойынша барлық міндеттерін орындады. Сондай ақ Дамасктағы тарихи мәдени орталығының және Әл Фараби Мавзолейінің құрылысы жалғасуда, ол мешіттен, тарих және мәдениет бойынша экспозициялық залдардан, оқу залы бар кітапханадан, конференц залдары мен қонақ үйлерден тұрады. «Мәдени мұра» бағдарламасын орындау барысында 2004 бастап бүгінгі күнге дейін 73 аса археологиялық және сәулет ескерткіштеріне қалпына келтіру жұмыстары жүргізілді, 40 аса археологиялық, 26 ғылыми қолданбалы зерттемелері жүргізілді. Қазақстанның еуразияға және әлемге танылған, кеңінен танымал ескерткіштерінің арасында – Сайрам, Отырар, Тараз, Қаялық Сығанақ, Жанкент, Жент ескі қалалары, Есік, Берел зираттары, Тамғалы пероглифі, Айша- бибі, Бабажы-Қатын кесенесі, Яссауи кешені. «Біздің елімізде мысыр пирамидалары және Римдік Колизейлер жоқ, бірақ Қазақстан аумағында көне дәуірде өмір сүрген көшпелілердің ролі Еуразия үшін ғана емес, сондай ақ әлемдік тарих үшін бағасыз». Біз дала өркениетінің ұлылығын әлемдік деңгейде көрсетуіміз керек - бұл «Мәдени мұра» бағдарламасының басты тапсырмаларының бірі – деп Қазақстан Президенті Н.Ә.Назарбаев ерекше атап өтті. Бағдарламаның екінші үлкен бағыты – Қазақстан тарихына қатысты, кітаптардың, құжаттардың, қолжазбалардың көшірмелерін алу. «Мәдени мұра» бағдарламасының арқасында 10 мыңнан аса мұрағаттық материалдар, құжаттар, қолжазбалар және жасанды заттар анықталды. Шетелдік мұражайлардағы ең көптеген мәлімет – 3 мың құжат – Қытайда болды. Бұл құжаттар ғылымға бүгінгі күнге дейін белгісіз, олар Қазақстан тарихын жүйелендіруге көмектеседі. Сондай ақ Шығыс Еуропадан, АҚШ, Түркия, Қытай, Ресей, Жапония және Арениядан республикаға 5 мың бірегей тарихи құжаттары қайтарылды. Бағдарламаның үшінші бағыты: ұлттық әдебиеттің бай мұрасын зерттеу, оны жүйелендіру және көптомдылық шығару. Ғылыми-танымал, әдебиет жұмыстарының тұтас сериясы өңделді, тарих, этнография, археология бойынша 400 аса кітап атаулары, сондай ақ жаңа энциклопедиялық сөздіктер шығарылды. «Бабалар сөзі» (Слово предков) жүзтомдық басылымының 66 томы басып шығарылды. Онда ежелгі қазақ ертегілерінен заманауи әдебиет әңгімелеріне дейін бар. 200 томдық «Жүз қазақ романын» шығару жалғасуда. Оған соңғы 100-150 жылдардағы қазақстандық жазушылардың ірі әдеби туындылары енгізілген. Қазақстанның 10 томдық энциклопедиясы, бес том орыс тілінде және анықтама ағылшын тілінде шығарылды. Сондай-ақ ежелгі заманнан қазіргі күнге дейінгі қазақ ойшылдарының мұрасын қамтитын жиырма томдықты шығару бойынша ғылыми жобалар жүзеге асырылуда, басқа жобаға дүниежүзілік философиялық мұраны басып шығару кірсе, ал үшіншісі Әл Фараби шығармаларының жиырма томдығын шығаруға арналған. «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасын жүзеге асыру шеңберінде өткен жүзжылдықтың танымал орындаушыларының аудио, фоножазбаларын

іздігіру және қалпына келтіру және еліміздегі мұражай және кітапханаларының ақпараттық және телекоммуникационды технологиясына енгізу. Қазақ музыкасын зерттеу бойынша жұмыстар жалғасып, бестомдық музыкалық антология әзірленді. Бағдарламаның ең маңызды бағыттарының бірі оны жүзеге асыру барысында алынған, мәліметтерді жүйелендіру және оқу бағдарламасына және орта және жоғарғы оқу орындарының бағдарламасына енгізу болып табылады. Бүгінгі күннің ең маңызды тапсырмаларының – туып өскен мәдениетінің әдеп-ғұрпын жақсы білетін, өз елін тарихын жақсы көретін, елдің болашағын сеніп тапсыратын ұрпақ тәрбиелеу. Сөйтіп, «Мәдени мұра» ұлттық стратегиялық жобасын жүзеге асырудың мақсаты, тапсырмасы қазақстандықтардың қазіргі ұрпағына, Ұлы қазақ даласында өмір сүрген және өмір сүріп жатқан халықтың мәдени игілігін сақтау болып табылады. М.С. Қараманова (Қорқыт Ата атындағы ҚҒУ) Әдебиеттер: 1. «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы – Астана 2006-2011 жылдар 2. Н.А. Назарбаев Президенттің Қазақстан халқына жылсайынғы жолдауы – Астана, 2003-2011 жылдар. Материалды көшіріп жариялау үшін редакцияның немесе автордың жазбаша, ауызша рұқсаты қажет және Qazaqstan tarіhy порталына гиперсілтеме берілуі тиіс. Авторлық құқық сақталмаған жағдайда ҚР Авторлық құқық және сабақтас құқықтар туралы заңымен қорғалады.

Әдебиеттер:

- 1.ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаев Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру.
- 2.Н.Ә.Назарбаев «Тарих толқынында», Алматы «Атамұра». 1999ж.
- 3.Жақып Б. «Тәуелсіз Қазақстанның саяси тарихы».2010 ж.

Тапсырмалар:

Тапсырма 1

Төменде келтірілген сөйлемді толықтырыңыз

Қазақстанның ең танымал тұлғалары.....

Тапсырма 2

«Ұлттық спорт түрлері. Қазақстандағы дене шынықтыру құндылықтары.»

атты тақырыпқа баяндама жазыңыз.

Тапсырма 3

Келтірілген ұғымдарға анықтама беріңіздер: мәдениет туралы заң, реформа, ұлттық мәдениет, қазақ мәдениеті, қазақ халқының мәдени коды, өркениет.

Шығармашылық тапсырма

«Интеллектуалды ұлт жаңа моделін қалыптастыру мәселесі » атты тақырыпты негізге алып , презентация жасаңыздар.

Талқылау сұрақтары:

1. «Туған ел», «Қазақстанның сакральды географиясы», «Жаһанданған әлемдегі қазіргі қазақстандық мәдениет», «Сандық Қазақстан» жобаларының қалыптасуы мен жүзеге асырылуындағы қандай?
2. Гендерлік мәдениеттің негізгі құндылықтары атаңыз?

3. Жаһанданудың ұлттық мәдениеттің өзгеруіне жасайтын ықпалы қандай?

4. Қазақ тілінің мәдени кеңістігінің мүмкіндігі қандай деп ойлайсыз?

5. «Қазақстанның 100 жаңа есімі» жобасының маңыздылығы неде деп ойлайсыз?

2-тарау Әлеуметтану

2.1 Әлеуметтану ғылым ретінде

Сабақтың мақсаты: әлеуметтанудың зерттеу пәні мен объектісі болып табылатын жалпы қоғамның, оның әлеуметтік институттарының, топтарының, қауымдастықтарының, тұлғаның қалыптасуының және дамуының заңдары мен тетіктерінің ерекшелігін анықтау.

Негізгі түсініктер: әлеуметтік қоғам, әлеуметтік факт, әлеуметтік институт, әлеуметтік мәселе, қоғам.

Әлеуметтану ғылыми білімнің дара саласы ретінде біршама кеш қалыптасты. Оның негізін 19 ғасырдың екінші жартысында Огюст Конт пен Герберт Спенсер қалады. «Әлеуметтану» түсінігі алғаш рет француз философы әрі социологы О.Контпен қолданылды. Қоғам мен әлеуметтік өмір жөнінде ғылым ретінде түсіндірілді. Әлеуметтану пәнінің қалыптасуы мен дамуы әлеуметтік қатынастардың өз аспектісінде қарастыратын, көптеген жаңа әлеуметтік концепциялардың пайда болуы арқылы жүзеге асты. Жалпы бұл теориялар өзінің теоретикалық-әдістемелік мағынасы бойынша бір-біріне қайшы келді, бірақ әлеуметтанудың ғылым ретінде тарихи қалыптасуына әр теориялардың ролі айрықша келеді. Әлеуметтануды қоғамдағы әлеуметтік қауымдар, қатынас, құрылым, жүйе мен ұйымдардың дамуы жөнінде зерттейтін ғылымы деп белгілейді.

Әлеуметтанудың пәні мен объектісі

Әлеуметтанудың объектісіне қазіргі қоғам жатқызылады. Тек жай қоғам емес, таным үрдісі бағытталған әлеуметтік шындық саласы: әлеуметтік институттар, әлеуметтік қатынастар мен үрдістер, әлеуметтік құрылым, әлеуметтік қоғам, әлеуметтік роль, әлеуметтік бақылау және т.б. жатады. Әлеуметтік зерттеу объектісіне ғылыми анализға жататын, әлеуметтік қарама-қайшылық жатқызылады. Социологиялық зерттеудің пәні объект қасиеті мен мәселе сипатымен айқындалады. Әлеуметтік танымның пәнің белгілеу үрдісінде шешуші әлеуметтік құбылыстар адам өзара әрекеті, әлеуметтік

қатынастар, әлеуметтік қауым мен үрдістер және т.б. жатады. Белгілі қатынастар қандай да бір әлеуметтік құбылыспен белгіленген, белгілі заңдылықтардың немесе тенденциялардың әрекетіне тәуелді. Олар әлеуметтанудың негізгі пәнін құрайды.

Атақты ағылшын ғылымы ДЖ.Херд «Әлеуметтануға кіріспе» еңбегінде, әлеуметтану адамзат қоғамы жөнінде ғылым ретінде белгіленеді. Оның отандасы Э.Гидденс қоғамды әлеуметтік кеңістікте, әлеуметтік уақытта айқындалу формаларында қарастырады. «Әлеуметтану – бұл адамның әлеуметтік өмірі, топтар мен қоғам жөнінде оқу».

Әлеуметтану біржарым ғасыр аралығында өмір сүріп жатыр. Осы аралықта әртүрлі социологиялық ағымдар, бағыттар, мектептер қалыптасты. Олардың әрқайсысы өз пән саласын айқындады және оны белгілі танымдық нәтижелер шектеулерінде жетті.

Әлеуметтану пәнінің тарихында екі негізгі тенденция қалыптасты: макросоциологиялық және микросоциологиялық. Макросоциология қоғамдық дүние жүзілік жүйелермен және олардың әртүрлі мәдениет түрлерімен өзара әрекетімен, әлеуметтік институттармен, ауқымды үрдістермен байланысты. Макросоциология қоғамды, оның құрылымын, әлеуметтік институттарды тұтас әлеуметтік ағза ретінде қарастырады. Микросоциология әлеуметтік тәртіпке, тұлғааралық қатынасқа, тұлғаның әлеуметтенуі мен жекелендіруіне көңіл аударады.

Әлеуметтану – қоғамдық жүйелерді, олардың дамуын мен қалыптасуын зерттейтін теоретикалық және эмпирикалық пән. Әлеуметтану қоғамдық өмірді қатынастар жүйесі ретінде зерттейді. Өйткені адам бір уақытта бірнеше салаларда — еңбектік, құқықтық, нормативтік, эстетикалық және т.б. әрекет етеді. Берілген жағдайда әлеуметтану нақты қызмет ететін барлық салаларда әлеуметтік өзара әрекеттерді қарастырады.

Әлеуметтанудың заңдары мен категориялары

Әлеуметтік қатынастарды зерттеу негізіне байланысқа түскен объективті қалыптасқан әлеуметтік байланыстар мен фактілер құрылымын зерттеу жатады. Қоғамда шексіз көп әртүрлі әлеуметтік жүйелер бар. Осындай байланыстардың елеулі бөлігі уақытша және кезекті сипатқа ие болады. Әлеуметтанудың ғылым ретінде ерекшелігінің мәні, әлеуметтік қатынастар және байланыстар әлеуметтік заңдар мен заңдылықтар деңгейінде зерттеледі.

Әлеуметтік заң – бұл әлеуметтік заңдар мен құбылыстардың, ең алдымен, адамдардың әлеуметтік әрекетінің байланысы немесе олардың өзіндік әлеуметтік әрекеттерінің жалпы және қажетті байланыстарын айқындауы.

Әлеуметтік заңдар тек үлкен адам бұқарасы қамтылған жағдайда ғана айқындалады және статистикалық сипатқа ие болады.

Қоғам – бұл деңгей бойынша ұйымдастырылған жүйе. Олардың өзара қатынас спецификасын ашатын және деңгейлерін тіркейтін, әлеуметтану пәнінің маңызды аспектілерінің бірі болып саналады. Әлеуметтануда қоғамның құрылысын социеталды деңгей деп атайды.

Келесі деңгей – бұл әлеуметтік институт. Әлеуметтік институт тек материалдық түрдегі мекеме ғана емес, ол ең алдымен, адамдар тобының іс-әрекетінің тұрақты ұйымдасқан формасы. Әлеуметтік институт – бұл мемлекет, шіркеу, жанұя, ғылым, білімберу және т.б. Әлеуметтік институттың институт қызметінің тұрақтылығына жәрдемдесетін өзіндік ұйымы мен арнайы дайындалған адамдары бар. Қоғам ұйымшылдығының ерекше деңгейіне әлеуметтік қауым жатқызылады. Оларды зерттеу – «стратификация» түсінігімен сипатталатын, әлеуметтік білімнің ең негізгі динамикалық аймағы болып табылады.

Жеке адам деңгейі. Жеке адам, тұлға ең күрделі және қарама-қайшы білім беру ретінде айқындалады, - «Бір адамзат жанының тарихы біртұтас халықтың тарихынан бай». Әр деңгей өзінің мәдениетіне, өзінің әрекет тәсілдеріне, белсенділік шегіне ие болады.

Әлеуметтік ғылымның деңгейлері

Әлеуметтік ғылым дегеніміз не және оның деңгейі қандай? деген сұрақтың жауабы әлеуметтану пәнін түсіну мен оны зерттеу ерекшелігінен айқындалады. Егер әлеуметтануды – әлеуметтік қауымдар, олардың арасындағы әлеуметтік қатынастар, әрекеті мен бұқаралық тәртібі жөнінде ғылым деп саналса, онда әлеуметтік білім әлеуметтік қауымдастықтар мен олардың қалыптасу мен даму механизмнің білімі ретінде белгіленеді. Осы мәселелерді шешу көбінесе жалпы ғылыми және айрықша әлеуметтік әдістер арқылы жүзеге асырылады. Әлеуметтану ғылымының 3 деңгейі ажыратылады:

1) жалпы әлеуметтік қағида;

2) арнайы әлеуметтік қағида;

3) нақты әлеуметтік зерттеу (эмпирикалық зерттеу) — бұл әлеуметтік білімнің эмпирикалық деңгейін белгілейді. Бұл деңгейлер әлеуметтік білімнің вертикальды білім срезін құрайды. Көлденең срезі қоғамның жеке өмір әрекет салаларын зерттейтін, салалық әлеуметтанудың санын құрайды.

Мұндай оқу жолын 20-шы жүзжылдықтың 60 жылдары американ социологы Р.Мертон ұсынды және әлеуметтік білімнің 3 деңгейін құрастырды: әлеуметтік қағиданың кең деңгейі, орташа ранг қағидасы және соңғысы күнделікті зерттеулерден пайда болатын кіші жұмыс гипотезасы. Мертон бойынша, «орташа деңгей» қағидасы жалғыз жүзеге асатын және көңіл бөлуге тұрарлық қағида. Бұл қағида негізгі анализ дәрежесі ретінде Мертон үшін, индивид пен қоғамдық құрылым арқылы жүзеге асатын, әлеуметтік топ болып шықты. Мертонның әртүрлі қағидасының анализі мен мұқият сипаттауы нәтижесінде, 60-70-шы жылдары үш деңгейлі білім концепциясы құрастырылды. Бұл концепцияның дамуы негізінде өз кезекте әлеуметтік ғылымның екінші деңгейі жөнінде көрініс толықтырыла бастады.

Әлеуметтік білімнің осындай өзіндік ажыратылуы әлеуметтану пәнінің түсінуінен айқындайтын өз тарихы бар. Ғылым дамуының әр кезеңінде белгілі өзгерістерге ұшырауы, әлеуметтану пәнінің әдістері мен атқаратын қызметтері жаңаша түсіндіріліп жатты. Конт заманында әлеуметтану макроәлеуметтану түрінде дамыды, бұл әлеуметтік білімнің жалпы қағидалық білімге бағыттауы,

қоғамды тұтас ағза ретінде сипаттауда назардың шоғырлануын белгілейді. 20 ғасырда микроәлеуметтанудың қалыптасуы, нақты құбылыстарды анализдеуде қағидалық сипаттаулардан әлеуметтік – психологиялық және социометрлік әдістерді қолдану арқылы эмпирикалық зертеулерге көшу белгіленді.

Мертонның әлеуметтану қағидасы макро және микроәлеуметтанудың бірігуін көздеді. Сондай-ақ, бұл екі деңгейден басқа әлеуметтанудың негізгі мақсаты мен бағытына байланысты, қағидалық және қолданбалы деңгейді ажыратады.

Егер зерттеудің негізгі мақсаты қағиданың дамуы болса, онда ол фундаментальды қатарына жатқызылады, ал егер тек тәжірибелік ұсыныстарды алуға бағытталса, онда ол қолданбалы зерттеу қатарына жатады. Жүргізілген әлеуметтік зерттеулердің көпшілігі екі міндетті шешуге бағытталады:

- 1) қағидалық;
- 2) тәжірибелік ұсыныстар жасау.

Арнайы әлеуметтану қағидалары қоғамдық дамудың арнайы және жалпы заңдылықтарының қоғам өмірінің жеке салаларында әрекет механизмі мен ақындалу формаларын зерттеуге бағытталады. Арнайы әлеуметтік қағида пәні әлеуметтік өмірдің өзіндік салалары, әлеуметтік қауым түрлері, олардың даму заңдылықтары болып табылады. Олар жалпы әлеуметтік қағиданы эмпирикалық әлеуметтік зерттеулерге өту өлшем ролін атқарады. Арнайы әлеуметтік қағида пәні спецификасы негізінде, келесі топтарға бөлінеді:

1) арнайы әлеуметтану қағидасы адам қызметінің негізгі түрлері мен формасын (еңбек әлеуметін, демалыс уақытын, тұрғын – тіршілігін) зерттейді;

2) әлеуметтану және басқа да гуманитарлық пәндер — әлеуметтану құқығы, әлеуметтану экономикасы, әлеуметтану саясаты, мәдениеті және т.б. ғылымдар аралығында қалыптасқан қағидалар;

3) арнайы әлеуметтік қағидалар, қоғамның әлеуметтік құрылымы — әлеуметтік стратификация қағидасын, этноәлеуметтану, қала мен ауыл әлеуметін сипаттайды;

4) арнайы әлеуметтік қағидалар, әлеуметтік институттар әрекетін — басқару әлеуметі, білім беру, отбасы әлеуметтенуы, ғылым әлеуметін зерттейді;

5) арнайы әлеуметтік қағидалар, девианттық тәртіп пен деликвенттік (қылмыстық) тәртіп әлеуметін зерттейді.

Соңғы уақытта кең таралған көзқарас бойынша, әлеуметтік білім деңгейі келесі сатыларға бөлінеді:

а) фундаментальды зерттеулер деңгейі, берілген саланың принциптерін мен заңдылықтарын айқындайтын, ғылыми білім жолы арқылы қағиданы құрастырады;

ә) қолданбалы зерттеулер деңгейі, берілген фундаментальды білім негізінде, айрықша тәжірибелік құндылығы бар мәселелердің көкейтестігін зерттеуді мақсат қояды;

б) әлеуметтік инженерия — әр түрлі техникалық құралдарды құрастыру мақсатында ғылыми білімнің тәжірибесін енгізу деңгейі;

Берілген жіктеу әлеуметтік құрылымның үш деңгейін ажыратуға мүмкіндік береді:

- 1) қағидалық әлеуметтану;
- 2) қолданбалық әлеуметтану;
- 3) әлеуметтік инженерия.

Әлеуметтану функциялары

Әлеуметтану жеке білім саласы ретінде келесі негізгі қызметтерді орындайды:

1) теоретико-танымдық функциясы, әлеуметтік дамудың заңдылықтарымен, әртүрлі әлеуметтік құбылыстар мен үрдістердің өзгеру тенденцияларымен, зерттеулермен байланысты. Бұл қағида қазіргі уақыттың көкейтесті мәселелеріне ғылыми жауап беріп, жетілдіруге жол ұсынады;

2) әдістемелік, әлеуметтанудың концептуальды аппаратын құрастыруға, жаңа заңдылықтарды мен тенденцияларды айқындауға мүмкіндік береді;

3) басқару функциясы, әлеуметтанумен ұсынылған шешімдер мен нұсқаулар қоғам, аумақ, кәсіпорын, ұйым аумағында шешім қабылдауға негіз болуына байланысты;

4) тәжірибелік функция, тәжірибелік маңызы бар ұсыныстарды құрастыруға мүмкіндік береді;

5) болжамдық функция, келешекте әлеуметтік үрдістердің тенденциясы жөнінде ғылыми негізделген болжамдарды құрастыру. Қоғамдық өмірдің әртүрлі салаларының дамуын жоспарлау үшін, социологиялық зерттеулерді қоғам өмірінде қолданудың маңызы зор. Әлеуметтік жоспарлау бөлек аумақ пен елдердің, әлемдік қауымдастығының өмір әрекетінің белгілі үрдістерінен бастап, қала, ауыл, бөлек кәсіпорын мен ұжымдардың өмірін әлеуметтік жоспарлаумен аяқтап, кең аумақтарды қамтиды.

Әлеуметтанудың қоғамтану және гуманитарлық ғылымдар жүйесінде алатын орны, ең алдымен, әлеуметтанудың қоғам жөніндегі ғылым ретінде айқындалуы, яғни барлық басқа қоғамтану және гуманитарлық ғылымдардың әдістемесі мен қағидасы негізін атқарады. Адам және оның әрекетін зерттеу техникасы мен әдістемесі, әлеуметтанумен құрастырылған, әлеуметтік өлшем әдістері барлық басқа гуманитарлық ғылымдармен қолданылады. Әлеуметтану білім жүйесі ретінде басқа ғылымдармен байланыс жүргізбей дамып, қызметін атқара алмайды. Адам әлемімен байланысты, қоғамтану ғылымдар арасында әлеуметтану жетекші қызмет атқарады. Егер тарих әлеуметтік үрдістердің пайда болуын зерттесе, әлеуметтану уақыт пен кеңістікте қайталанатын, яғни барлық әлеуметтік-мәдени құбылыстарға — барлық соғыстарға, барлық ұлттар мен діндерге және т.б. ортақ келіп, жалпы қоғам қасиеттерін зерттейді. Осы айырмашылықтарға қарамастан, әлеуметтану мен тарих арасында байланыс өте берік және өзара-қажет. Тарих та, әлеуметтану да қоғамның зерттеу объектісі болып келеді.

Тарих сияқты, әлеуметтану да екі негізгі мәселемен ұштасады, біріншіден, белгілі әлеуметтік заңдылықтардың болуымен, және, екіншіден, қоғам дамуына ықпал ететін, жеке, дара, қайталанбас құбылыстар мен

үрдістердің дамуымен. Құндылықтар мен нормалардың, қатынастардың субъективті-объективті байланыс эволюциясын айқындауға, тек тарих пен әлеуметтанудың бірлескен күші нәтижесінде ғана жетуі мүмкін.

Екі ғылымның өзара әрекеті – саясаттану мен әлеуметтану ғылымының жаңа ғылым саласын — саяси әлеуметтануды белгіледі. Саясаттану мен әлеуметтанудың байланысы белгіленеді, біріншіден, қоғамның жалпы әлеуметтік жүйе ретінде ерекшелігін ескеріп, саяси өмір заңдылықтарын айқындауға болады, екіншіден, қоғамға саяси құрылым мен әртүрлі саяси құрылыстардың ықпалын үнемі ескеру қажет. Әлеуметтану философиямен тығыз байланысты. Олардың негізінде адамзаттың әлеуметтік ойының алғашқы тұтастық байланысы жатады. Философияның принциптері, категориялары мен заңдары қоғам, қоғамдық қатынастар, әлеуметтік байланыстар, әлеуметтік әрекеттер әлеуметтану түсінігінің негізіне жатады. Философия материя, сана түсініктерін қолданса, әлеуметтану — әлеуметтік құрылым, әлеуметтік институттар, мәдениет пен қоғамның әлеуметтік ұйымдасуын зерттейді.

Барлық құбылыстар мен үрдістер, адам әрекетінің барлық салаларын материалдық, сондай-ақ, рухани әлеуметтанумен гуманитарлық ғылымдардан гөрі экономикалық, саяси, қоғам өмір әрекетінің рухани жақтарын да қарастырады.

Америка және ағылшын оқулықтарындағы әлеуметтану пәні

Әр елдің әлеуметтанушыларымен сирек бір жерден шығатын пікір айтылады.

Соңғы жылдары АҚШ пен Англияда басылып шығарылған әлеуметтану оқулықтарындағы өзгешеліктерді мысалға келтірейік.

С.Курт, С.Хастингс, Д.Харрис : «Әлеуметтану – бұл адамзаттың өзара әрекет үлгісінің ғылыми зерттеуі».

Кр. Дуб. «Әлеуметтану – бұл адам тәртібі және осы тәртіпке әсер ететін, адамның әлеуметтік ортасын ғылыми зерттеуі».

Ст. Мур, Б. Хендри: «Әлеуметтану – бұл адам тәртібін зерттейтін әдістер жөніндегі ғылым ».

Дж. Херд :«Әлеуметтану – бұл адам қауымын зерттейтін ең нақты, негізгі жол ».

М. Тейлор, Л. Рин, С. Розенталь, К. Догби: «Әлеуметтану-бұл әлеуметтік топты және олардың адам тәртібіне әсері жөнінде оқыту».

Н.Смелсер: «Әлеуметтану бұл қоғам мен әлеуметтік қатынастың ғылыми зерттеуі. Ол берілген фактілерге немесе әлем шындығына сүйене отырып, ғылыми түсініктемелерді қолдана отырып, игеруге тырысады». Анықтамалардың елеулі бөлігі бұл пәннің «тәртіптік» түсініктемесімен байланысты. Сонымен қатар, кейінгі жылдары бірқатар авторлар әлеуметтану пәніне қоғам, әлеуметтік құрылым мен жүйе жөнінде, ғылым ретінде қырсырын кеңінен ашуға тырысады. Әр анықтама ғылым негізін түсінуге өз айрықша үлесін қосады.

Әдебиет тізімі:

1. И.Шәмшәтұлы, М.Дәкенов, Д.Дәуіт, Н.Күнхожаев Әлеуметтану 1999 ж.
2. А.Д.Жүсіпова, А.И.Икенов Әлеуметтану негіздері. Алматы, 2004ж.
3. З.Райнес, Қ.Жақып. Социология негіздері. Қостанай, 1997ж.
4. М.Тәжин, Б.Аяғанов.Социология негіздері. Алматы «Ана тілі» 1993ж.
5. Ә.Тұрғынбаев.Социология. Алматы білім 2001ж.
6. Р.Әбсатаров, М.Дәкенов Әлеуметтану. Алматы. Қарасай.2007ж.
7. Ғабдуллина Қ.Құқық социологиясы.Алматы 2004ж.

Тапсырмалар:

Тапсырма 1

Кестені толтырыңыздар «Әлеуметтану туралы анықтамалар»

	Анықтамалар	Авторлары

Тапсырма 2

Кестені толтырыңыздар «Әлеуметтанудың зерттеу әдістері»

	Әдістің аталуы	Негізгі мазмұны

Тапсырма 3

Кестені толтырыңыздар «Әлеуметтанудың қызметтері»

	Қызмет	Сипаты

Тапсырма 4

Кестені толтырыңыз:

Әлеуметтану ғылымның дамуының негізгі кезеңдері

Негізгі кезеңдер	Ерекшеліктері мен тән белгілері	Негізгі ойшылары

Тапсырма 5

Әлеуметтанудың ғылым ретінде қалыптасуына әсер еткен ойшылар кімдер?Презентация дайындаңыздар.

Талқылау сұрақтары

1. Әлеуметтану нені зерттейді және оның негізгі қызметтері қандай?
2. Әлеуметтануды қатаң ғылымдар қатарына жатқызуға болмайды деген көзқараспен сіз келісесіз ба?
3. Әлеуметтік құбылыстарды танып білу өзгешілігі неде?

4. Жаратылыс ғылымдарында танып білудің негізгі әдісі-тәжірибе болып табылады. Сіздің ойыңызша, әлеуметтік танып білуде тәжірибелер қолданылама?

Шығармашылық тапсырма

1. «Әлеуметтану пәні бізге не бере алады» атты тақырыпқа кішігірім шығарма жазыңыздар. Бұл жұмысты жазу барысында әлеуметтанушылық білімдерді қалай пайдалануға болатындығын көрсетіңіздер: әр азамат және сіз оқып жатқан маман иесі ретінде.

2. Қазақ ойшларының әлеуметтік тақырыптарға арналған шығармаларын оқып шығыңыздар. Эссе жазыңыздар.

Баяндамалар мен рефераттар тақырыптары

1. Әлеуметтанудың ғылым ретінде қалыптасуы. Әлеуметтанудың тану объектісі мен пәні.
2. Әлеуметтанудың функциялары мен құрылымы.
3. Әлеуметтанудың басқа әлеуметтік ғылымдармен байланысы.
4. Қазақстандағы әлеуметтану ғылымы.
5. Әлеуметтану және саясаттану ғылымдары: өзара байланыс ерекшелігі.

2.2 Әлеуметтану ғылымының даму тарихы

Сабақтың мақсаты: әлеуметтанушылық ойдың даму тарихын зерделеу, көрнекті әлеуметтанушылардың қоғамдық ойларымен танысу: О. Конт, Г. Спенсер, Э. Дюркгейм, М. Вебер және т.б.

Негізгі түсініктер: позитивизм, эволюционизм, әлеуметтік динамика, социал-дарвинизм, түсіндіруші әлеуметтану, парадигма, интеракционизм, феноменология, этнометодология.

Огюст Конт (1798-1857) – көрнекті француз философы, ол социологияның позитивизмі және философия негізін қалаушы. Негізгі еңбектері: «Позитивті философияның курсы» - 6 томдық, "Позитивті саясат жүйесі немесе трактат". Конттың позитивті идеясы бойынша метафизика және теологияның ғылымнан бөлінуі еді. Оның түсінуі бойынша «позитивті» сөздің бірнеше мағынасы бар. . Коннтың пікірінше, шындық ғылым шешілмеген сұрақтардан бас тартуы керек, себебі фактілерге сүйене отырып жанағы шешілмеген сұрақтардың тұжырымдауы керек. Осындай мәселелермен философия пәні айналысады. Қоғам туралы позитивті ғылымды Конт ең алғашында әлеуметтік физика, кейіннен социология деп атады. Бұл терминді түсіндіре отырап арнайы пән, құру үшін керек болады деді. Кейін бұл позитивті зерттеулердің фундаменталды заңдарына арналды. Конт социологияны позитивті ғылым ретінде теологиялық және метафизикалық спекуляцияларға қарама-қарсы қойды. Оның құрған классификациялық ғылымдағы

иерархиясының құрылуы өсу мен томендеуінен қиын болды, сондықтан социология соңғы орынға қойылды, ал математика, астрономия, физика, химия және биология алға қойылды. О. Конт социологияны ғылым ретінде қоғам негізінде қарастыру керек деді. О. Конт қоғамды біртұтас жүйе ретінде қарастырып, ал бұл жүйенің бөлектері бір бірі мен байланысты болды. Ең алдымен ал негізгі әлеуметтік институттарды қарастарды, мемлекет, дін және де олардың функцияларын және әлеуметтік рөлін қарастырды. Ол мемлекетті әлеуметтік ынтымақтастық орган ретінде анықтады, ал оған бағынғандарды - әрбір жеке тұлғаның парызы деп есептеді. Конттың пікірінше социологияның міндеті жаңа заңдардың ашылуы, ал бұл заңдар қалыпты, қайталанушы арасындағы көріністердің байланысы. О. Конттың ең негізгі жұмысы тәсілдердің құрылуы болды. Бұл тәсілдер қоғамды зерттеу үшін қолданылды.

Бақылау – бұл тәсілді Конт социологияның ең негізгісі деп санады. Себебі бұл тәсіл арқылы ол нақты мәліметтерді алуға мүмкіндік берді. Бірақ бұл тәсілді нақты дұрыс екенін дәлелдеу үшін оған қандай талаптармен қанағаттандыруын ол нақты анықтай алмады.

Эксперимент – бұл тәсілді Конт екінші кезектегі әдіс деп санады. Мұндағы эксперимент әдейі» жасалған зерттеулер шарттарының әсерінен көрініс терді байқау үшін қолданды.

Салыстырмалы тәсіл - жер шарындағы әртүрлі аймақтарда қоғам өмірінің жағдайын зерттеу.

Тарихи тәсіл – бойынша Конт адамзаттың жағдайын салыстырды негізгі ғылым қорытындысын айту барысында физикалық, моральдік, интеллектуалдық, саяси тенденцияларды жеуметтік көріністерге салыстырып байқау мүмкін.

Әлеуметтік тәсілдер туралы пікірлер О. Коннтың социологиясында үлкен орын алды.

О. Конт социологияны негізінен екі үлкен бөлікке бөлді: әлеуметтік статика және әлеуметтік динамика.

Әлеуметтік статистика -әлеметтік жүйенің өмір сүру жағдайын және оның қызмет ету заңдылықтарын зерттейді. Мұнда – отбасы, мемлекет, дін сияқты институттардың қоғамдық қызметі мен қоғамдағы бірлікті қалыптатырудағы ролі қарастырылады.

Әлеуметтік динамика- әлеуметтік жүйедегі заңдардың дамуы мен өзгерістерін зерттейді. Қоғам дамуына әсерін тигізетін факторларды Конт біріншілік, екіншілік деп бөледі: Біріншілік атқаратын фактор бұл – жанды, ой дамулар, яғни интеллектуалдық эволюция. Екіншілік факторға: климат, орташа өмір сүру, халықтың өсуі жатады, бұл фактор қоғамның прогрессін тездету немесе баяулату мүмкін.

Конттің пікірінше әлеуметтік өзгерістер қалыпты және өзгермейтін заңдармен бірге қалыптасады. Интеллектуалды эволюцияны қарастыра отырып ол адамның ойы 3 сатыдан дамиды деген. Ал бұл үшеуі бірігіп қоғам дамуының негізін құрастырады.

Қоғам дамуының біріншісі белгісіне адамның ақыл ойы жатады, бұл табиғаттың және қоғамның жоғары күшінен көруге болады. Бұл белгіні теологиялық деп атайды.

Метафизикалық белгілер табиғаттың, қоғамның көріністері абстрактты принциптер көмегі арқылы түсіндіріледі. .

Позитивті-ғылымда адамның ойы нақты, шындық факторларды зерттеуге бағытталды. Адам білімнің өзгеруі қатар, әлеуметтік қоғамның өзгеруі байқалады.

Сөйтіп, Конттың ой дамуы туралы 3 баспалдақты әлеуметтік дамуының теориясы ретінде қалыптасты. Конттың көптеген идеялары мен түсініктері батыстың әлеуметтік ойлардың айналуына енді. Мұндай идеяларға Конттың қоғамға деген көз-қарасы жатады. Сонымен қатар социологияны ғылым ретінде нақты білім принциптері бойынша даму идеясы үлкен әсерін көрсетті.

XIX-XXғ.социологиясы

Социологиядағы натурализм - дегеніміз әлеуметтік концепциясының тәсілдер мен нақты танушылық ғылымдарға сүйінуін айтады. Натуральдың мектептердің тірегі эволюционизм болады. Оған дейін теологиялық әлемтанушылық еді. Дарвиннің эволюциялық теориясы бойынша адам мен жануарлар арасында тек айырмашылық қана емес сонымен қатар ұқсастық бар екенін көрсетті. Бұл теория 19 ғ II ж идеялық фактордың бірі болды.

Натурализмнің позитивті жағы білімнің қатаң жүйесі мен нақты дамыған ғалымның теориялары жатты. Натурализмнің дамуы нақты ғылымның дамуынан өркендеді. Ол адамның тарихына, табиғаттың заңына, нақты және қоғам ғалымдарының бірлігіне тіреледі. Социологияда дарвинизм

19ғдан-20ғасырға дейін айқын көрінді. Мұнда қоғам дамуының биологиялық заңдылықтарға, өмір сүру шарттарына үйрену инстинкт, тұқымқуалаушылық заңдарың біріктіру жүргізілді, аса көрнекте тұлғалар - Г. Спенсер, У. Самнер, Л. Гумплович – негізгіндей-әлеуметтік құрылымның негізінде адамның тапты күштерінің болды. Г. Спенсердің экономиканың бәсекеге қойылған ролі – нақты жинақ Дарвиннің теориясында. У. Г. Самнер әлеуметтік теңеспешілікті нақты құбылыс ретінде қарастырды. Және цивилизацияның дамуына шарттарының болуын талап етті. Эволюцияның дамуы тіршілік даму арқылы жүргізілді. Ол барлық әлеуметтік өмірді қарастырып мемлекеттік формаларға қарсы шықты. Ол *Laissez-Faire* принципінен алыс жүреді.

Людвиг Гумплович пікірінше әлеуметтік топтар тарихи үрдістің жалғыз субъектісі болды, ал бұл үрдістің негізгі күші өмірдің ыңғайлы шарттарына күрес жүргізу еді. Ол «өмір сүру –күрес» деген Дарвиннің идеясын биологиялық жақтап әлеуметтік жағын ауыстырды. Инстинктивті социал ағын дарвинизмдегі – бұл әлеуметтік көріністердің адамның инстинктісі арқылы түсіндіруге бағытталған. У Мак-Дугаллның әлеуметтік тәртіптік инстинкт теориясының негізгі, мәні – бұл әлеуметтік тәртіптің себебі туғаннан келген инстинктер деп түсіндірген. Ең негізге инстинкт ішінде М Дугалл негізгі әлеуметтік институттарды (отбасы, сауда) және үрдістерді енгізеді. Бұл

инстинкттің барысы-қалалардың өсуі, еңбектің ұжымдық мінезі, топтық жиналыстар т.б.

Натурализмнің басқа бағыттары – механизм (социологияда механикалық мектептер). Бұл мектепке әлеуметтік концепцияларды жатқызуға болады. Ол бұл әлеуметтік үрдістері мен физикалық процестері бар түсініктерді және түсінектерді теңестерді. Сонымен қатар әлеуметтік әлемді, физиканы, энергетиканы, механиканы түсіндіруге тырысты. Социологиядағы географиялық мектеп

(В. Кузен, К. Риттер, Ф. Ратцель, Т. Бокль, К. Хаусхофер) әлеуметтік көріністерге әр түрлі географиялық фактордың зерттеулері жүргізіледі (климат, жер бедері, табиғи байланысты, флора, фауна т.б.). Бұлар: халықтың тығыз орналасуы, ауыл-шаруашылық даму мәдениеті дінді, экономикалық даму т.б. Географиялық бағыттар мен экология арасында қазіргі әлеуметтік география сандық бағаларды қолданылды. Ол бұл мәдениетпен экономикалық көріністердің байланысын айқындайды.

Органикалық мектеп, оның өкілдері: Г. Спенсер, П. Лилиенфельд, А. Шеффлер «организм» деген ұғымды қоғамға бұрыннан келген. Оны Платон қауым қоғамды түсіну үшін организмді түсіну керек. Қоғам құрылымы; «анатомия», «физиология» - қоғам функциясы, «мүшелер» - әлеуметтік институттар, «элементтер» (молекула) – индивидтер немесе отбасы. Мүшеге сәйнес қоғам бұл қарапайым индивидтердің қосындысы емес, бұл жаңа сапалы қасиеттерді қабылдайды. Организмдер пікірі бойынша қоғам мен организм арасында сәкестілік бар; қоғам организм сияқты өседі, үлкейеді (кіші мемлекеттер империяға ауысады), оған қарай құрылымы да өзгереді, организмдегі мүшелер сияқты әрбір қоғамның бөліктері өз функцияларын атқарады; қоғам ауырады, өледі, қайтып келеді. Сөйтіп органицистер ойынша социология биология негізінде. Сонда да оның заңдарының қабылдау тиіс. Бұл мектеп қоғамды қарастыру жүйесі бойынша . бірақ индивидтің жеке тұлға ретінде қарастыра алмады. Антропологиялық бағыт (А. де Габано,

Х. С. Чемберлен, Ж. В. де Ляпуж, О. Аммон) – бұл мектеп социологияда реакциялық болады. Мұнда әлеуметтік өмірді, мәдениетті антропологиялық, фактордың негізі ретінде қарастырылды, ол әлеуметтік тәртіпті биологиялық тұрғы тәуелді екенін көрсетті. Антропологиялық концепция колонияларда саясатты құтқару үшін пайдаланады. Көптеген қазіргі натуралистік концепциялар (биховизм, социобиология) психология, этология, генетиканың әсерінен т.б. оларға тән әлеуметтік тән заңдылықтардың фатализмнің тарихқа қозқарасы.

Герберт Спенсер әлеуметтануы

Герберт Спенсер (1820 – 1903)ж – ағылшынның атақты философы және позитивті социология өкілі. Органикалық бағыттың негізін салушы мен оны көрсетуші. Өзінің «Социология негізі» деген басты еңбегінде ол биологиялық және социологиялық организм арасындағы аналогияны жүргізеді. Оның қоғам туралы теорияның негізі эволюциялық теорияда жатыр, бұл теория органикалық дамумен қатар өмір сүру күресін жүргізеді. Г. Спенсер қоғамды

әртүрлі бөліктерден тұратын организм ретінде қарастырды: әскери экономикалық мәдениеті, діні т.б. әрбір бөліктің өзіндік қызметі бар. Функциялар неғұрлым көп болса, соншалықты бір-бірінен айрықша болып келеді, сонымен қатар қиын болады. Сондықтан мемлекетте реттеуші жүйенің қажеті бар, бұл бөліктердің құрылымын бақылайды.

Г. Спенсер үшін әлеуметтік эволюция автоматы үрдіс, бұл процесс жедел емес. Эволюцияның барысын ол гомогенді қоғамнан гетерогенді өсімді байланысты бөліктердің ауысуын айтады. Тенденцияның өсуіне ішкі дифференция әсер етеді. Организм сияқты қоғам өседі, гетерогенді болып келеді. Сондықтан қоғам мүшелері арасында қарым – қатынас дамиды. Спенсер революциялық жаңғыруды жақтамайды, себебі бұл дамудың нақты заңдарын бұзады деп санады.

Өмір бойы Г. Спенсер *laissez-faire* (әлеуметтік өмірге араласпауы) принципін жүргізді. Бұл принциптік идеясы Спенсердің ойынша қоғамдық дамуына: индивид әрекетінің бостандығы, бәсекелестік және сол ортаға бейімделушілер. Ол қоғамдық өмірге мемлекеттік араласуына, кедейлерге көмек көрсетуіне қарсы шықты. Спенсердің пікірінше ұжымдық принцип биологиялық нүктеден қарағанда құртұшы деп санаған, себебі мұнда оны көргені жақсылар арасында жаманды құрметтеу. Кішкене болса да дамыған топтар мен индивидтер өледі, сондықтан даму мен интеллектінің жалпы көрсеткіші бірте-бірте өсуі керек.

Спенсердің көптеген идеялары қазіргі басты социологиясымен сәйкес, әсіресе функционалды құрылымды анализбен, социобиологиясымен және де этнографиямен.

М. Вебер әлеуметтануы

М. Вебер (1864-1920)-атақты неміс социологы. Ол О. Конт пен Э. Дюркгейммен бірге социологиялық негізін қалаған. Негізгі еңбектері: "Ежелгі әлемнің аграрлық тарихы", "Протестант этикасы мен капитализмнің рухы", "Шаруашылық тарихы", "Социологияны түсінетін категориялар", "Экономикалық және әлеуметтік ұжымдық теориясы", т.б.

Ол түсінікті және әлеуметтік әрекеттің теориясын шығарды. Оның ойынша объективті әлеуметтік заңдарды табу (үшін) мүмкін емес, сондықтан адамдардың өзіндік салған әрекетін түсіну керек. Тек субъективті мән арқылы адамның тәрбиесін түсіндіруге болады. Вебер социологиясы әрекет туралы ғылым ретінде қарастырады, ол ғылым - бұл адамның жасаған субъективті мағынасы бар қадам. Социология идеяларды, мотивті зерттеуі керек бұл адамның әрекетінде қойылған.

Оның шығармашылығында келесі негізгі білімдерді көруге болады. М. Вебер әлеуметтік тәртіптің концепциясын ашты (бұл идеяларды тәртіптеу теориясы). Оның идеалды тип деген түсінігі көп қолданылады. Оны ол төрт идеалды типтерге бөлді, яғни адамның әлеуметтік тәрбиесі: 1)мақсатты-рационалды, 2)бағалы-рационалды, 3)аффектті, 4)дәстүрлік мақсат-рационалды тәртібі бар мақсатқа жету үшін (ақша жинау..). Бағалы-рационалды, бұл да мақсатқа орын алған. Бұл бағытпен өзінің абыройын, ұлтын

қолдайтын адамдар жүреді. Аффектті, бұл адамның жан сырындағы құпияларын көрсетеді. Дәстүрлі тәртіп, бұл дінги нанымдарға табынатын адамдарды суреттейді.

Бұл көз қарасты Вебер экономикалық қатынастарды жүргізгенде қарастарды, бұл оның «шаруашылық және қоғам» деген еңбегінде көрсетілді. М Вебердің "Концепция свободы от ценности» деген еңбегінде ол қоғамның бағалығын социологтың бостандығын талап етті. Оның ойынша, фактордың бағасы-саясаткерлердің жұмысы. Ал әлеуметтік факторлардың табылуы - социологтардың жұмысы. Әлеуттік қолтаңбалы қызметті ол әлеуметтік өмірдің сәйкесі оның ішкі табиғатымен байланысты Вебердің капитализм туралы ілімі, мұнда ол еуропалық каптализмнің себептері мен пайда болу шарттарын қарастырды. Өзінің «Шаруашылық тарихы» мен «Протестант этикасы мен капитализмнің рухы» деген еңбектерінде ол шаруашылықтың дамуын және еңбек этикасы туралы анализ жасады.

Рационалды капиталист үшін ақша мақсатқа айналады. Оның басты мақсаты- өнеркәсіптің тауар дайындау, жаңа жұмыс орындар жаңа еңбек құралдары.

М. Вебер капиталисттік шаруашылықтың басты қорғаушы күші Христианның дамуы деп айтқан. Протестантты этика нарықтық жүйелі болу, оның менталитеттің сәйкесін, экономикалық өсуді реттейді. Вебердің идеясы бойнша адам және оның еңбекке қабілеттігі қоғамның дамуына негіз болады. Вебер идеяны сынады, себебі әлеуметтік өзгерістердің негізін ол экономикалық қатынастарда көргені үшін.

Вебердің төртінші ілімі бюракратия туралы болды («жаңаша капитализм мен бюракратия», «бюракратия және социализм»). Ол бюракратиялық ұжымдардың мінезді сызақтарын көрсетті: еңбектің бөлінуі мен жоғаруы кәсіптену қызыметшілірдің біліктілгін өсуіне мүмкіндік береді; иерархиялық, билік құрылымының дәлдігі, ережеледің дұрыстығы.

Вебердің «бюрократия» деген сөзінде негативті ұғым болмайды. Мұндағы бюракратизм қазірге иерархиялық ұжымдар және түсінігі басқарудың рационалды формасы ретінде көрсетіледі. Бұл ілімі, яғни бюракратия ілімі әлі де қолданылады. Вебердің социологиясы 20 ғ батыстың социологиясына әсері, шешуші әрекет жасады.

Белгілі әлеуметтанушы **Питирим Сорокин** (1889-1968 ж.ж.) 1922-ші жылға дейін Ресейде тұрып, кейін Батыс Еуропа елдеріне эмиграцияға кетуге мәжбүр болды. Ең құнды еңбектеріне: **«Социология жүйесі», «Революция әлеуметтануы», «Әлеуметтік жылжымалылық (мобильдік)»** т.б Ол әлеуметтік стратификация, яғни, қоғамда топқа, жікке бөліну және әлеуметтік мобильдік (қозғалу, ауысу) мәселелеріне эмпирикалық зерттеу жүргізе отырып, оларды әлеуметтік ірі мәселелермен тығыз байланыстырды. П.А.Сорокин әлеуметтанудың ірі тұжырымдамасын жасап, дүние жүзіндегі өзгерістердің болашағын түсіндірді. Оның бұл жөнінде екі тұжырымдамасы болды. Біріншісі, әлеуметтік-мәдени динамика, екіншісі – қоғамның тұтастық (біріктіруші) тұрпаты. Бірінші тұжырымдамасына қандай да бір тарихи өзгеріс болмасын,

оны мәдени типтердің дамуы ретінде қарады. Ал, мұндағы әрбір мәдени тип бір бүтін ерекше құбылыс ретінде көрінеді. П.Сорокиннің пікірінше, осындай негізгі топтардың үш түрі болады. Олар: сезімдік, ақыл-парасаттылық (рациональный), идеалистік. Сорокиннің пайымдауынша, революция «бұқараның өмірінің материалдық және рухани жағдайларын жақсартудағы ең нашар жолы», өйткені «ол неге қолы жетсе де оған жеткізетін тым үлкен, шамасы келмейтін ұлы құн төленеді». Барлық іргелі және нағыз өрлеу үдерістері білімнің, бейбітшіліктің, ынтымақтастықтың, бірігіп еңбек етуі мен махаббаттың нәтижесі, бірақ ұлы революцияға ілесіп жүретін жек көрушіліктің, мейірімсіздіктің, есалаңдық күрестің нәтижесі бола алмайды. Сорокин арамтамақ, паракор, әрі дарынсыз дамудың тұсауына айналған ақсүйектер тобын жақтамайтынын айқын көрсетеді. Бірақ революция орасан зор дерт, болжап айтуға келмейтін құбылыс болғандықтан мен оған қарсымын, - деп түйіндейді Сорокин өзінің атақты «Революция социологиясында». П.Сорокиннің дүниетанымдық көзқарастары жалпы адамзаттық құндылықтарды дәріптеуі біздің қазіргі қоғамның дамуындағы маңызы зор.

Т.Парсонс (1902 – 1979) – құрылымдық структурализм деген атқа ие болған жалпы социологиялық теорияның негізін салушы. Бұл теорияның іргетасы – «әлеуметтік әрекет» тұжырымдамасы болды. Қоғамдық өмір – адамдар (индивидтер) қарым – қатынасының шексіз көптігі мен шырмауы, ал қоғам – адамдардың дәлелді бірлескен әрекет және ол белгілі бір ортада әрекет ететін индивидтерден тұрады. Парсонстың пікірінше, кез келген әлеуметтік құбылысты адам мінез құлығын (жеке әлеуметтік әрекетін) зерттеу арқылы түсіндіруге болады. Парсонста әлеуметтік әрекеттің субъектісі моральдық индивид болып саналады.

Әлеуметтік әрекеттің белгілі бір құрылымы бар: әрекет етуші тұлға, мақсат, ситуация, нормативті бағдар, әрекетзатының реакциясы. Осының бәрі индивид неге осылай әрекет еткеніне түсінік беруі тиіс. Ең алдымен, адамның мінез – құлығы адамға қоғамның таңып беретін (міндеттейтін) мәртебелік – рөлдік мінез – құлығының мазмұнымен байланысты. Осылайша адам әлеуметтік сахнадағы «актерге» айналады.

Т. Парсонстың жалпы социологиялық теориясында құрылымдық талдау мәселесі маңызды орын алады. Бұл жерде ол әлеуметтік жүйені (құрылымды) қызмет ету тұрғысынан емес, даму тұрғысынан да қарастыруды ұсынады. Бұл үшін ол тең дәрежелі және интеграция идеяларына, «тәртіп», «әрекет», «құрылым», «талап» түсініктеріне назар аударады.

Парсонс төрт негізгі қызметін ететін мәселені көрсетеді:

1) Тиімді ұйымдастыру және материалдық, адами, мәдени ресурстарды бөлу мәселесі. Бұл функционалды талаптар бейімделу мәселесі ретінде белгілі: өмір сүруі үшін жүйе ішкі жағдайларға да, сондай – ақ сыртқы өзгерістерге де бейімделуі керек. Бұл функцияға экономика сәйкес келеді: қоғам мүшелері өмір сүре алатындай белгілі бір қажеттіліктерді қанағаттандыруға қажетті материалдық өнімдерді жеткізеді және бөледі. Көрсетілген жүйе салаларына

бейімделу процестерін реттейтін зауыттар, банктер, дүкендер және т.б. сияқты әлеуметтік институттар сәйкес келеді.

2) Негізгі мақсаттарды анықтау және соған жетуге қолдау көрсету процесі мәселесі. Бұл функцияға саясат және саяси ұйымдар – партиялар, қозғалыстар және т.б. сәйкес келеді. Олар мақсат қояды және функционерлер арқылы қоғам мүшелерін осы мақсатқа жұмыс істеуге ынталандырып саяси әрекеттермен айналысады.

3) Интеграция мәселесі – тұрақтылықты, бірлік, ынтымақтастықты сақтау. Бұл функцияны жалпы нормалар мен құндылықтарды, белгілер жиынтығы мен жалпы мәдениетті құру және оған қолдау көрсету жолымен әлеуметтік бақылау институттары жасайды. Адамдардың мінез – құлқына қоғамның әдейі әсер етуі арнайы ұйымдар – мемлекеттік аппарат пен заңды институционалды құралдар арқылы жүзеге асырылады, олар теңдіктің бұзылуы мен жүйені қайта өндіруді талаптану және мәжбүрлеу формалары арқылы табысты жүргізуге мүмкіндік береді.

4) Мінез – құлық қолдау көрсету, қайраткерлердің өздерінен талап етілетін әлеуметтік рольдерін орындау кезіндегі дәлелдемелері мен жеке тұлғалар дәлелдемелері жүйесіндегі жасырын шиеленістерді жою мәселелері. Берілген тәртіпті сақтау үшін әлеуметтік жүйе адамдардың өз дербестігін алуына және сонымен бірге берілген қоғамдағы норма – рольдерді игеруіне, бұл нормаға бағыну қажеттілігін дамытуы үшін әлеуметтендіру процесі мен механизмін жасауы керек.

Р.Мертон (1910–ж.) – құрылымдық – функционалдық мектептің екінші маңызды өкілі. Оның негізгі еңбектерінің тақырыптары мынандай: «Әлеуметтік теория және әлеуметтік құрылым» (1957), «Айқын және жасырын міндетті қызметтер» (1968).

Спенсердің биологиялық көзқарасын одан ары дамытып, Мертон функционализм негізін қалайды. Қоғамның организмге ұқсастығын мойындасақ, оның жеке бөліктері бір – бірімен тығыз байланыста болып, өз міндетті ісі арқылы оларды нығайтуға талпынады. Басқаша айтқанда, қоғамда бәрі бір – бірімен тығыз өзара тәуелдік байланыста болады. Сондықтан әлеуметтанушының міндеті «әлеуметтік деректер мен объектілердің ішкі мазмұны туралы ойлана бермей, айқын, көрінетін, тексеруге және талдап қорытуға оңай міндетті істердің салдарларын жай алып қараған жөн». Осындай салдарлары арқылы міндетті қызметтері де өздерін айқындайды. Функция деп, бақылауға болатын нақты жүйенің өзін - өзі реттейтін не оны ортаға бейімдейтін құбылыстардың салдарларын айтады.

Мертон функционалдық талдаудың үш негізгі шартын көрсетеді.

Олар: 1. Социологиялық талдаудың «функционалдық бірлігі» әлеуметтік деректердің шексіз тереңдігінде жатады. Олардың міндетті қызмет етуінің анықтығы әлеуметтік өмірді тұтастыққа біріктіріп қосатын күшке ие болады. Қоғам бірыңғай жабық жүйе болғандықтан, оның барлық бөліктері еклісілген түрде жүктелген міндетті істерін атқарады.

2. «Функционализмнің әмбаптылығын» өмір сүретін мәдениеттің барлық тұрпаттарына қызмет етудің қасиеттері тән екенін көрсетеді. Сол уақытта әлеуметтік құрылымның әр бөлшегі пайдалы қызметін біртұтас жүйенің шеңберінде ғана атқарады.

3. «Ықтиярсыздық» немесе «қажеттілік» қағидасы белгілі міндетті қызметтердің еркіне қоймай істелетіндігін, болмай қалмайтындығын көрсетеді. Ал бұл барлық қоғамдық институттардың функционалдық шарттылығына әкеледі. Бірақ олардың баламалары, онын алмастырушылары болуы мүмкін. Қажетті бөлшектердің болуы әлеуметтік жүйенің үздіксіз өмір сүруін қамтамасыз етеді. Тұтас алғанда, функционалды талдауды тұрақты және бір үлгіде келтірілген объектілерге қолданады.

Мертонның ғылыми қағидасы мағыналық және ұғымдылық көрнекілікпен тартымды әрі құнды. Орта деңгейдегі ойтұжырым негізінде Мертон аномия және ауытқу мінез-құлқын таңдап берді. Оның пікірінше, әлеуметтік аномия – ол моральдық құндылықтар жүйесінің ыдырауымен және мұраттардың қуыстығымен сипатталатын жекелік және қоғамдық сананың ерекше құлықтық-психологиялық күйі. Американдық қоғамда аномияның себебі – ол үстем мәдениеттің жекешілдік мөлшері – мақсаттары (байлыққа, билікке, табысқа ұмтылуы) және бұл мақсаттарға жетуге рұқсат етілген құралдары араларындағы қайшылық. Бұл қайшылық көпшілікке қойылған мақсаттарын заңды түрде орындауға мүмкіндік бермейді. Осының салдарынан қылмыс, селқостық пен түңілушілік кең тарады. Бұл қайшылықты Мертон капиталистік қоғамның өнімі ретінде емес, жалпы индустриалдық қоғамға тән жанжал деп қарайды.

Әдебиет тізімі:

1. И.Шәмшәтұлы, М.Дәкенов, Д.Дәуіт, Н.Күнхожаев Әлеуметтану 1999 ж.
2. А.Д.Жүсіпова, А.И.Икенов Әлеуметтану негіздері. Алматы, 2004ж.
3. З.Райнес, Қ.Жақып. Социология негіздері. Қостанай, 1997ж.
4. М.Тәжин, Б.Аяғанов.Социология негіздері. Алматы «Ана тілі» 1993ж.
5. Ә.Тұрғынбаев.Социология. Алматы білім 2001ж.
6. Р.Әбсатаров, М.Дәкенов Әлеуметтану. Алматы. Қарасай.2007ж.
7. Ғабдуллина Қ.Құқық социологиясы.Алматы 2004ж.

Тапсырмалар:

Тапсырма 1

Кестені әлеуметтік теориялармен толықтырып,толтырыңыздар:

Теорияның атауы	Авторлары	Мазмұны
Әлеуметтік әрекет теориясы		
Қақтығыс теориясы		
Әлеуметтік айырбас теориясы		

Құрылымдық функционализм		
Символикалық интеракционизм		
Этнометодология		
Феноменология		
Структурациялау		
Әлеуметтік алмасу		
Коммуникация		
Социометрия		

Тапсырма 2

Кестені толтырыңыздар «Әлеуметтік ойдың негізгі тарихи кезеңдері»

Тарихи кезеңі	Тарихи кезеңің жалпы сипаттамасы	Негізгі ойшылар ы	Ілімдердің негізгі идеялары		
			Қоғамдағы адамның орны жөнінде	Мемлекет туралы	Қоғамдағы заңдар туралы

Тапсырма 3

Төменде берілген әлеуметтанушылардың әлеуметтік көзқарастарының ерекшеліктерің көрсетіңіздер:

О.Конт	Г.Спенсер	Э.Дюркгейм	М.Вебер

Тапсырма 4

Әлеуметтану бойынша сөздікті қолдана отырып, келесі ұғымдарға түсініктеме беріңіз: құрылымдық функционализм, социометрия, феноменология, психоанализ, коммуникация, тобыр, мұқтаждықтар теориясы.

Тапсырма 5

Дұрыс жауабың жазыңыздар:.....

1. П. Сорокин бойынша мәдениеттің түрлері.....

2.Т. Парсонс; Р. Мертон бойынша қоғамның негізгі функцияларына жатады.....

3. Г. Зиммель бойынша әлеуметтік өмірдің мағынасы.....

4. Ф. Теннис бойынша «Гемейншафт» және «Гезельшафт» дегеніміз
5. Дж. Мид бойынша символ және интеракция дегеніміз.....
6. Козер, Дарендорф бойынша әлеуметтік қайшылықтар қоғамның....
7. Д. Хоманс әлеуметтік алмасу теориясы дегеніміз.....
8. Этнометодология бойынша социологиялық зерттеудің нысаны.....
9. Феноменология бойынша «феномен» дегеніміз.....
10. Коммуникация теориясының мазмұны.....
11. Г. Лебон бойынша тобырға келесі ерекшеліктер тән.....

Талқылау сұрақтары:

1. О. Конттың қандай әлеуметтік ойлары қазіргі әлеуметтануда көкейтестілігің сақтап қалды ?
2. Г.Спенсердің әлеуметтік көзқарастарының кемшілігі неде?
3. Егерде Конт пен Дюркгейм үшін ең бастысы – қоғамды тұрақтандыру болса, онда К.Маркс үшін – жою, оның орнына жаңа, одан да әділетті тәртіппен ауыстыру болып табылады. Қай ойшының ұстанымын дұрыс деп тануға болады?
4. К.Маркстың, Э.Дюркгеймнің, М.Вебердің қоғам туралы көзқарастарының негізгі айырмашылығы неде?
5. Дюркгейм бойынша «әлеуметтік фактілер» деген не және оның «әлеуметтікті әлеуметтікпен түсіндіру керек» деген ойын қалай түсінуге болады?
6. Т.Парсонстың құрылымдық функционализмнің жақсы және кемшілік тұстары қандай?
7. А.Құнанбайұлы мен Ш.Уәлихановтың әлеуметтік көзқарастарының арасында айырмашылықтар бар ма ?

Шығармашылық тапсырма

1. «О.Конттың эволюциялық танымының үш кезеңі». Сұлба жасаңыз.
2. М.Вебердің қоғам дамуының теориясын түсіндіру үшін, үлгісің салыңыз.

Баяндамалар мен рефераттар тақырыптары

1. Әлеуметтанудың ХІХ ғасыр басында ерекше ғылым ретінде пайда болуы.
2. Әлеуметтанудың рухани бастаушылары: ХІХ ғасырдағы позитивизм және марксизм.
3. О.Конт және позитивистік әлеуметтанудың пайда болуы.
4. Г.Спенсердің әлеуметтанушылық тұжырымдамасы.
5. Теориялық әлеуметтанудың классикалық концепциясының қалыптасуы мен дамуы.
6. Г.Спенсердің эволюциялық концепциясы.
7. О.Конт әлеуметтанудың негізін салушы ретінде.
8. ХІХ-ХХ ғасырлар. Қазақстандағы әлеуметтану туралы ойлардың дамуы.

9. XIX ғасырдың II жартысы мен XX ғасыр басындағы батыс және орыс әлеуметтанудың дамуы.

10. Э. Дюркгеймнің әлеуметтанушылық тұжырымдамалары

11. М. Вебер - әлеуметтану тарихында.

12. П. А. Сорокин - орыс және американдық әлеуметтануының дамуында.

13. П. А. Сорокин әлеуметтік стратификация және мобильдік теориясының негізін салушы ретінде.

14. Қазіргі батыс әлеуметтануының негізгі бағыттары мен мәселелері.

15. Абай Құнанбайұлының әлеуметтік көзқарастары.

16. Ш. Уәлихановтың әлеуметтік тұжырымдамасы.

17. Ы. Алтынсариннің әлеуметтік ұстанымы.

2.3 Қоғам әлеуметтік жүйе ретінде

Сабақтың мақсаты: қоғамды тұтас әлеуметтік жүйе ретінде қарастыру, оның құрылымымен, белгілерімен, әлеуметтік институттарымен, кішігірім жүйелерімен танысу. Қоғамның негізгі тарихи типтері және әлеуметтік тұтас жүйе ретінде даму үрдісі анықтау.

Негізгі түсініктер: қоғам, әлеуметтік жүйе, әлеуметтік құрылым, интеграция, экономикалық жүйе, саяси жүйе, коммуникация, модернизациялау.

Адамзаттың қауымдастығы ретінде қоғам барлық қоғамдық ғылымдардың негізгі объектісі әрі басты категориясы екендігі белгілі. Соған байланысты ғылыми әдебиеттерде қоғамның 150-ден астам анықтамалары бар. Біз үшін қоғамның әлеуметтану ғылымының басты категориясы ретіндегі анықтамасы мәнді. Бұл қоғамды жүйе ретінде талдауға мүмкіндік береді.

Қоғам дегеніміз адамзат дамуының белгілі бір тарихи кезеңінде өз қажеттерін қанағаттандыру мақсатында әлеуметтік нормалар мен әдет-ғұрыптар негізінде өзара әлеуметтік әрекетке түскен, өзін-өзі басқарып, өзін-өзі жетілдіріп, толықтырып отыратын, тұрақты және біртұтас қалыптасқан әлеуметтенген адамдардың жиынтығы. Бұл анықтамадан қоғам өзі-өзінен дамитын әлеуметтік организм ретіндегі жүйелі құрылым екендігі байқалады.

Оның бөліктері - әлеуметтік тұлға, әлеуметтік топтар, әлеуметтік институттар және әлеуметтік нормалар мен ережелер, осылардың негізіндегі өзара әрекеттестік. Әлеуметтанулық оқулықтарда қоғамның бұдан басқа да анықтамалары берілген. Мысалы, әлеуметтану ғылымының негізін салушы француз ғалымы Огюст Конт қоғамды белгілі бір қызмет атқаратын, ынтымақтастық пен қоғамдық еңбек бөлінісіне негізделген жүйе деп тұжырымдайды. Ал көрнекті неміс ғалымы Макс Вебер: "Қоғам - адамдардың бір-біріне ықпал, әсер етуінен туындайтын әлеуметтік байланыстардың жиынтығы" деді.

Американдық әлеуметтанушы Талконтт Парсонстың пікірінше, қоғам - адамдар арасындағы қарым-қатынастардың жүйесі, ал ол қарым-қатынастардың негізі - ережелер (нормалар) мен құндылықтар болып табылады.

Әлеуметтанудың XX ғасырдағы кіндік шешесі атанған Карл Маркс қоғамды адамдардың бірлесіп қызмет етулерінің нәтижесінде пайда болып, тарихи дамып отыратын қатынастардың жиынтығы ретінде түсіндірді. Рас, бұлар жеке-жеке қоғамның әлеуметтанулық анықтамасын толық беріп тұрған жоқ. Алайда, біздің пәнімізге қатысты бірнеше принципті мәселелер туындап тұр, солардың жиынтығы қоғамның мәнін толық көрсете алады: 1) қоғамның белгілі қызмет атқаратындығы; 2) оның ынтымақтастық пен еңбек бөлінісіне негізделгені; 3) қоғам бір-біріне ықпал, әсер ететін әлеуметтік байланыстар мен қарым-қатынастардың жиынтығы екендігі; 4) және ол қарым-қатынастардың негізі нормалар мен ережелер болып табылатындығы; 5) қоғамның адамдардың бірлесіп қызмет етулерінің нәтижесінде пайда болғандығы; 6) қоғамның тарихи дамып отыратындығы. Осы принципті мәселелер жиналып келіп қоғамның толық анықтамасын бере алады. Қоғамның әлеуметтік жүйесі адамдардан тұрмайды, олардың қарым-қатынасынан тұрады.

Сол себепті пән ретінде әлеуметтанудың негізгі зерттейтін мәселесі саналы түрдегі әлеуметтік әрекет болып саналады. 2. Француз ғалымы Огюст Конт алғашқылардың бірі болып қоғамды организм, жүйе ретінде қарастырып, ол жүйенің тұтас, бөлінбейтін сипатын, оның бөліктерінің өзара байланыстылығы мен ықпалдастығын атап көрсеткен болатын. Бұл қағидадан «жүйе» деген ұғымды айқындап алған жөн.

Жүйе дегеніміз өзара бір-бірімен байланыста, қарым-қатынаста болатын, тәртіптелген және тұрақтылықты құрайтын, бірінің өзгерісі екіншісінің немесе басқаларының өзгерісіне әкелетін көптеген элементтердің тұтас жиынтығы. Ал әлеуметтік жүйе деп әлеуметтік нормалар мен әдет-ғұрыптар негізінде өзара қарым-қатынас пен байланыста, өзара ықпалдастықта болып, тұтастықты қамтамасыз ететін әлеуметтік элементтердің жиынтығын айтамыз. Енді қоғамның әлеуметтік жүйесінің негізгі элементтерін не құрайды деген мәселе туады. Олар: адамдар, әлеуметтік топтар мен ұйымдар, әлеуметтік қауымдастықтар мен институттар, әлеуметтік байланыстар мен қатынастар, әлеуметтік ықпалдастық, әлеуметтік нормалар мен ережелер және т.б. Әлеуметтік жүйенің негізгі элементтерінің ішінде әлеуметтік нормалар мен ережелердің орны бөлек, оларды бар әлеуметтік әрекетті реттеп, жүйелеп, біріктіріп және тұтастырып отыратын «әлеуметтік дирижерлар» деуге болады. Ал әлеуметтік нормалар мен ережелер конституция, заңдар, қаулы-қарарлар, әдет-ғұрыптар мен салт-саналарды және т.б. қамтиды. Жекелеген адамдар және адам топтарының қызметі басшылыққа алатын әлеуметтік нормалар мен ережелер, солардың негізінде болатын байланыстар, қарым-қатынастар және өзара ықпалдасу сияқты әлеуметтік жүйенің басты элементтеріне де арнайы тоқтай кетейік. Бұл адамдар арасындағы аса маңызды әлеуметтік әрекеттестіктің мәнін айқындай түседі.

Әлеуметтік байланыс - адамдар немесе адамдар тобының арасында белгілі кеңістік пен уақытта нақты мақсатқа жету үшін бірлесе қызмет ету үдерісі Әлеуметтік өзара әрекеттестік — жеке адамдар мен адам топтарының бір-біріне әсер немесе ықпал етулерінің нәтижесінде пайда болатын оң не теріс үдерістер. Әлеуметтік қарым-қатынастар — адамдар және топтар, әлеуметтік институттар арасындағы тұрақты өзара байланыстар мен өзара әрекеттестік. Кез келген адам өз өмірінде, отбасында, туған-туысқандарының арасында, құрбылары мен жолдастарының ортасында, қызмет орнында және т.б. әр түрлі әлеуметтік ортада ретіне қарай сан қилы қарым-қатынастарға түседі. Сонымен қоғамның тұтастығын қамтамасыз ететін әлеуметтік жүйенің басты элементтерінің (адамдардың) орналасуында белгілі бір тәртіп болады. Басқаша айтқанда, ол тәртіп белгілі координация (үйлестіру) мен субординациядан тұрады. Мысалға отбасын алып, түсіндірген жөн. 3. Қоғамды әлеуметтік жүйе ретінде қарастырғаннан кейін, оның әлеуметтік құрылымын білудің мәні зор. Әлеуметтік құрылым деп еңбектің бөлінісіне негізделген, әлеуметтік нормалар мен әдет-ғұрыптар негізінде қалыптасқан сан алуан байланыстар, қарым-қатынастар мен ықпалдастықтан тұратын қоғамның ішкі құрамы, оның элементтерінің жиынтығы. Қоғамның әлеуметтік құрылымын айқындап, оның негізгі элементтерінің ғылыми классификациясын жасау және олардың арасындағы байланыстардың, қарым-қатынастардың, өзара ықпалдастықтың сырын, заңдылықтарын ашу - әлеуметтанудың негізгі объектісі ғана емес, аса маңызды міндеті де. Қоғамның әлеуметтік құрылымы өте күрделі, оның басты элементтеріне: а) өзара тығыз байланыста, қарым-қатынаста болатын индивидтер немесе адамдар жатады; ә) қоғам мүшелерінің бірігуі, топтасуы негізінде пайда болып, дамып отыратын әлеуметтік топтар мен қоғамдастықтар; б) қоғамда қалыптасқан, белгілі бір функцияларды атқаратын әлеуметтік институттар. Адамның қоғамдағы орны көптеген әлеуметтік белгілерімен сипатталады. Оған ұлты, тұратын жері, қоғамдық өндіріске қатысуы (не қатыспауы), қоғамдық еңбек бөлісіндегі орны (өндіріс құралдарына меншік қатынасы, еңбекті қоғамдық жолмен ұйымдастырудағы рөлі, еңбектің мазмұны мен сипаты), кәсібі, білімі, табыс мөлшері, саяси билікті іске асыруға қатынасы және т. б. жатады. Қоғамдағы немесе әлеуметтік жүйедегі мүдделері мен құндылықтары ортақ, мақсаттас адамдардың біршама тұрақты қауымдары мен бірлестіктерін әлеуметтік топ дейміз. Өзінің қоғамдағы орнына байланысты адамдар бір уақытта әр түрлі әлеуметтік топтардың мүшесі бола алды. Мысалы, студент, ол қазақ, ол үлкен қаланың тұрғыны т. б. Әлеуметтік топ өзін құраушылардың ортақ, этникалық белгілері бойынша (ұлттар, халықтар, диаспоралар), материалдық жағдайларына қарай (ауқаттылар, орташа ауқаттылар, кедейлер), кәсіби және рухани жетілу деңгейіне қарай (зиялылар, кәсіпкерлер, жұмысшылар және т.б.), тұр-ғылықты жері мен аймағына байланысты (қала, кент, ауыл тұрғындары), жыныс немесе жас мөлшеріндегі айырмашылықтар негізінде (ерлер, әйелдер, жастар, егделер) бөлінеді. Қоғамдық өмірді әр түрлі әлеуметтік топтардың өзара әрекеттестігінің нәтижесі деуге болады. Адамның жеке белгілеріне қарай қоғам құрылымының

негізгі түрлерін айқындауға, атауға болады. Оған әлеуметтік-демографиялық (жынысы мен жасына қарай әлеуметтік топқа бөлу), әлеуметтік-таптық, кәсіби және елді мекендік құрылым жатады. Марксистік қоғамтану әлеуметтік құрылымының негізгі түрі деп қоғамның таптық сипатын алды. Мұнда таптың негізгі белгісі ретінде өндіріс құрал-жабдықтарына қатынастың бірдей болмауы көрсетілді. Ол адамның қоғамдық өндіріс жүйесіндегі орнын және оның жалпы әлеуметтік жағдайын айқындайды деп саналды. Қалған белгілердің бәрі соған байланысты. Мұны тұтастай теріске шығаруға болмайды. Бірақ сонымен қатар қоғамдағы әлеуметтік жіктелуде басқа да, мысалы, адамның билік құрылымындағы орны мен рөлі, табысының мөлшері, әлеуметтік мәртебесі, қабілет дәрежесі, білім-білігі және т.б. белгілер ерекше рөл атқарады. 4. Қазіргі Қазақстан қоғамының әлеуметтік құрылымын, оның бағыттары мен болашағы туралы айту үшін біздің қоғамның адамзат дамуының қай деңгейінде тұрғанына назар аударған жөн.

Әлеуметтану ғылымында қоғамды сараптаудың көптеген тәсілдері қалыптасқан. Маркстік теория бойынша қоғамның типін белгілеуде өндіріс тәсілі, яғни өндіріс құрал-жабдықтарына меншіктің түрі мен қоғамның таптық құрылымы алынады. Осы тұрғыдан талдай келе, марксизм қоғам дамуын 5 тарихи сатыға, қоғамдық-экономикалық формацияларға жіктейді: а) алғашқы қауымдық құрылыс; ә) құл иеленушілік қоғам; б) феодалдық қоғам; в) капиталистік қоғам; г) коммунистік қоғам. XX ғ. 50-60-жылдарында американ және француз әлеуметтанушылары Даниел Белл, Уолт Ростоу және Раймон Арон қоғам дамуының үш сатысы туралы теория ұсынды. Бұлар адамзат қоғамының дамуын әлемдік шеңберде үш кезеңге бөледі: 1) индустриалдық сатыға дейінгі қоғамдар, оларды аграрлық немесе дәстүрлі қоғам деп те атайды; 2) индустриалдық қоғамдар; 3) постиндустриалдық қоғамдар. Алайда бұл үш сатыда да негізгі айқындаушы элемент - өндіріс тәсілі екенін ескеру керек. Яғни қоғамның типін белгілеуде өндіріс тәсілі шешуші рөл атқарады деген маркстік теорияны теріске шығару қиын. Индустриалды қоғам ең алдымен еңбек бөлінісінің дамуы және күрделі жүйесі арқылы сипатталады. Ал еңбек бөлінісі өндіріс құрал жабдықтары кімнің меншігі екеніне байланысты. Индустриалды қоғамда индивидтің еркіндігі мен мүддесін ортақ принциптермен үйлестіруге мүмкіндік туады. Екіншіден, мұндай қоғамда кең көлемде жаппай тауар өндіру қалыптасады. Үшіншіден, бұл қоғам өндірісті автоматтандыру мен механикаландыруға және басқаруға иелік етеді. Төртіншіден, индустриалды қоғам ғылыми-техникалық революциямен сипатталады. Бүгінгі жағдайымызды ескерсек, бізге индустриалды қоғам дәрежесі сәйкес келеді. Бірақ индустриалды қоғамға тән сипаттарға біз түгелдей ие емеспіз. Өйткені индустриалды қоғам теориясын жасаған ғалымдардың пікірінше, қоғам, біріншіден, еңбек бөлінісінің дамуы және күрделі жүйесі арқылы сипатталады, бұл өндірістің нақты салаларға мамандандырылуы мен басқару жүйелерінен байқалады. Бұл сипатты біздің қоғамнан тапқанмен индустриалды қоғамға тән рынокқа арнап кең көлемде жаппай тауар өндіру және отандық тауар өндірісіне, ғылыми-техникалық

прогреске көңіл бөлу бізде жеткілікті деп айтуға әлі ерте сияқты. Дегенмен қазіргі жағдайда нарықтық экономикаға, әртүрлі меншіктің дамуына, саяси алуандыққа, көппартиялыққа өтуге байланысты әлеуметтік құрылымның бөлінуі күшейе түсуде. Республикамызда бұрыннан белгілі жұмысшылар мен шаруалардан басқа фермерлер, жалгерлер, кооператив мүшелері, жеке және ұжымдық меншік иелері, жеке саудамен айналысатын құрылымдар, кәсіпкерлер және т.б. бар. Еліміз егемендік алғаннан кейінгі кезеңде қоғамда меншік иесі жоғарғы тап пайда болды. Бұл тапқа солармен қатар көлеңкелі экономиканың пысықтары, алыпсатарлықпен айналысқан кәсіпкерлер және т.б. кіреді. Бұл таптың өкілдері де халықтың белгілібір пайызын құрайды. Сонымен бірге меншік иелерінің арасында бұрын-сонды болмаған миллиардерлер мен байлар тобы пайда болды. Олардың да, орта таптың да халқымыз арасындағы үлес салмағы туралы қолымызда мәліметтер жоқ болуына байланысты бірдеңе айту қиын. Ал қазіргі өркениетті елдерде орта тап 50-60, тіпті одан да жоғары пайызды құраса, АҚШ-та жоғары тап бүкіл халықтың 1-5 пайызын құрайды. Қазір қоғамның саяси тұрақтылығын қамтамасыз ететін орта тап өзінің білімділігі мен іскерлігіне байланысты қоғамның саяси тұрақтылығын қамтамасыз ететін, оның демократиялық дамуына, нарықтық экономиканың қалыптасуына негіз болып отыр. Сондықтан біздің басым бағытымыздың бірі — осы орташа тапты күшейту. Ол үшін ұсақ және орта кәсіпшілікті қолдау, халықтың кәсіптік білімін арттыру және кәсіптік кеңістікті демократияландыру және т.б. істерді жүзеге асыру керек. Бұл бағытта мемлекетіміздің атқарар тірлігі ұшан-теңіз.

Қоғам дамуының постиндустриалдық сатысы туралы тұжырымдамаға сүйенсек, болашақ - білімде, ғылымда. Қоғамдағы демократиялық институттарды жетілдіре түсу де аса маңызды болып отыр. 1. Қоғамды белгілі бір қызмет атқаратын, ынтымақтастық пен қоғамдық еңбек бөлінісіне негізделген жүйе деп тұжырымдаған. 2. "Қоғам - адамдардың бір-біріне ықпал, әсер етуінен туындайтын әлеуметтік байланыстардың жиынтығы" деген. 3. Қоғам - адамдар арасындағы қарым-қатынастардың жүйесі, ал ол қарым-қатынастардың негізі - ережелер (нормалар) мен құндылықтар болып табылады деген. 4. Қоғамды адамдардың бірлесіп қызмет етулерінің нәтижесінде пайда болып, тарихи дамып отыратын қатынастардың жиынтығы ретінде түсіндірген. 5. Алғашқылардың бірі болып қоғамды организм, жүйе ретінде қарастырып, ол жүйенің тұтас, бөлінбейтін сипатын, оның бөліктерінің өзара байланыстылығы мен ықпалдастығын атап көрсеткен. 6. Өзара бір-бірімен байланыста, қарым-қатынаста болатын, тәртіптелген және тұрақтылықты құрайтын, бірінің өзгерісі екіншісінің немесе басқаларының өзгерісіне әкелетін көптеген элементтердің тұтас жиынтығы. 7. Әлеуметтік нормалар мен әдет-ғұрыптар негізінде өзара қарым-қатынас пен байланыста, өзара ықпалдастықта болып, тұтастықты қамтамасыз ететін жүйе элементтерінің жиынтығы. 8. Адамдар немесе адамдар тобының арасында белгілі кеңістік пен уақытта нақты мақсатқа жету үшін бірлесе қызмет ету үдерісі. 9. Жеке адамдар мен адам топтарының бір-біріне әсер немесе ықпал етулерінің нәтижесінде пайда болатын оң не теріс үдерістері.

10. Адамдар және топтар, әлеуметтік институттар арасындағы тұрақты өзара байланыстар мен өзара әрекеттестік. 11. Қоғамның құрылымын айқындап, оның негізгі элементтерінің ғылыми классификациясын жасау және олардың арасындағы байланыстардың, қарым-қатынастардың, өзара ықпалдастықтың сырын, заңдылықтарын ашу. 12. Еңбектің қоғамдық бөлінісіне негізделген ішкі құрамы, оның элементтерінің жиынтығы және олардың арасындағы әлеуметтік нормалар мен әдет-ғұрыптар негізінде қалыптасқан сан алуан байланыстар, қарым-қатынастар мен ықпалдастық. 13. Өзінің білімділігі мен іскерлігіне байланысты қоғамның саяси тұрақтылығын қамтамасыз ететін, оның демократиялық дамуына, нарықтық экономиканың қалыптасуына негіз болатын.

Әдебиет тізімі:

1. И.Шәмшәтұлы, М.Дәкенов, Д.Дәуіт, Н.Күнхожаев Әлеуметтану 1999 ж.
2. А.Д.Жүсіпова, А.И.Икенов Әлеуметтану негіздері. Алматы, 2004ж.
3. З.Райнес, Қ.Жақып. Социология негіздері. Қостанай, 1997ж.
4. М.Тәжин, Б.Аяғанов. Социология негіздері. Алматы «Ана тілі» 1993ж.
5. Ә.Тұрғынбаев. Социология. Алматы білім 2001ж.
6. Р.Әбсатаров, М.Дәкенов Әлеуметтану. Алматы. Қарасай. 2007ж.
7. Ғабдуллина Қ. Құқық социологиясы. Алматы 2004ж.

Тапсырмалар

Тапсырма 1

Кестені толтырыңыздар:

	Дәстүрлі қоғам	Индустириалды қоғам	Постиндустриалды қоғам
Әлеуметтік құрылым			
Негізгі әлеуметтік институттар			
Экономикалық сала			
Жеке тұлғаның еркіндігі және автономдығы			

Тапсырма 2

Gemeinschaft және Gesellschaft қоғам түрлерінің айырмашылықтарын негізге алып, кестені толтырыңыздар:

Салыстыру критериясы	Gemeinschaft	Gesellschaft
----------------------	--------------	--------------

Өзарабайланыс сипаты		
Еңбекті бөлу қағидасы		
Өзара әрекет етуді реттеу сипаты		
Басқару жүйесі		

Тапсырма 3

Кестені толтырыңыздар «Қоғам туралы анықтамалар»

	Анықтама	Авторлар

Тапсырма 4

Кестені толтырыңыздар «Қоғамның тарихи типтері мен түрлері»

	Қоғамның тарихи типтері мен түрлері	Тарихи кезеңі	Сипаттамасы

Талқылау сұрақтары:

1. Сіздің пікіріңше, қоғам табиғат сияқты тірі организм болып табылады ма?
2. Г.Спенсердің қоғамды биологиялық организмге теңеуі дұрыс па? Пікіріңізді дәлелдеңіз
3. Дамуы арта қалған елдер үшін экономикалық жаһандану жақсы немесе жаман фактор болып табылады ма?
4. Марксистік әлеуметтік-экономикалық формация неше сатыдан тұрады?
5. Постиндустриалдық қоғамдағы негізгі тапты атап, сипаттаңыз?

Шығармашылық тапсырма

1. Қоғамның индивидтердің қарапайым жиынтығына айырмашылығы неде? Негізгі сипатың атаңыздар. Жазбаша түрде.
2. Әртүрлі ақпарат көздеріне сүйеніп қазіргі таңда қазақ қоғамындағы көкейтесті мәселелердің бірі-жерді жеке меншікке беру туралы тақырыпты екі топқа бөлініп, пікір- талас ұйымдастырып, талқылаңыздар.
3. Елбасы Н.Назарбаевтың «Рухани жаңғыру» мақаласын негізге алып, қазақ қоғамының рухани модернизациялануын қалай көретіндіктеріңді баяндаңыз. Эссе жазыңыз.

Баяндамалар мен рефераттар тақырыптары

1. Ұлттық идеяны және мемлекеттік идеологияны жасаудың проблемалары.
2. П.Сорокин: әлеуметтік теңдік жөніндегі ойлары.
3. Әлеуметтік бақылау, қоғам және жеке тұлғаның өзара қарым-қатынас жасауының мәселелері.
4. Қазіргі Қазақстан жағдайындағы ауылдың мәдени және әлеуметтік-экономикалық мәселелері.
5. Қазіргі заманғы қала- әлеуметтанудың зерттеу объектісі ретінде.
6. Бизнестің және кәсіпкерліктің әлеуметтік қоры.
7. Еңбек нарығын талдау- әлеуметтік-экономикалық тәсілдер.
8. Қоғамды біріктірудегі және тұрғындарды әлеуметтік қорғаумен қамтамасыз етудегі БАҚ рөлі (Қазақстан немесе Қостанай облысы бойынша материалдар негізінде).
9. Элиталық білім беру және әлеуметтік әділеттілік.
10. Еңбек саласында әлеуметтанушылық қызметтің рөлі (қазіргі жағдайы және мәселелері).
11. Экономика және еңбек әлеуметтануы.
12. Қала және ауыл әлеуметтануы.
13. Бюрократ және менеджер басқарушылардың әлеуметтік типі ретінде.
14. Маркетингтің экономикадағы рөлі.
15. Қазіргі жағдайларда мамандарды дайындауды ұйымдастыру-экономикалық мәселелер.
16. Қоғам және экономикадағы кәсіпкерліктің рөлі.
17. Қазақстан Республикасындағы экономикалық реформалар: нәтижелер және болашағы.

2.4 Әлеуметтік стратификация

Сабактың мақсаты: қоғамның таптық жіктелуін, стратификацияның тарихи типтерін, жіктелу өлшемдерін, қазіргі қоғамдардың таптық құрылымын, әлеуметтік мобильдіктің көрсеткіштері мен типтерін зерттеу.

Негізгі түсініктер: қоғам, стратификация, таптық жіктелу, құлдық, каста, қанау, теңсіздік, әлеуметтік мобильдік.

Әлеуметтік стратификация – бұл адамдар арасындағы табиғи және әлеуметтік теңсіздік: бұл теңсіздік олардың арасындағы жоғарыдан төмен қарай болатын (иерархиялық сипаттағы) теңсіздігінен көрінеді; бұл теңсіздікті түрліше сипаттағы саяси мекемелер берік сақтап реттеп отырады.

Стратификацияның тарихи типтері – құлдық дәуірі, касталар, сословиялар – бұлар жабық қоғамды сипаттайды. Ал, таптар болса – бұлар ашық қоғамды айқындайды. Жабық қоғамда төменгі сатыдан жоғары сатыға әлеуметтік тұрғыда көтерілуге тыйым салынған. Ашық қоғамда бір сатыдан екіншісіне өтуге ресми түрде ешқандай да шек қойылмайды.

Стратификация теориясының құрамдас бөлігі - **әлеуметтік мобильдік** теориясы.

Әлеуметтік мобильдік әлеуметтанулық категория ретінде индивидтің әлеуметтік құрылымдағы өзгерісін бейнелейді. Әлеуметтік мобильдік дегеніміз – адамның немесе әлеуметтік топтың қоғамның әлеуметтік құрылымындағы әлеуметтік жағдайының өзгеруіне байланысты жүзеге асатын әлеуметтік процесс. Әлеуметтік мобильдік категориясын 1927 жылы әлеуметтануға орыс-американ ғалымы П.Сорокин енгізді. Әлеуметтік мобильдік түсінігін талдаудың методологиялық теориясы және әлеуметтанудағы әлеуметтік-құрылымдық бағыт болып есептеледі. П. Сорокин әлеуметтануда алғаш рет әлеуметтік мобильдік түсінігінің анықтамасын жасап, оны зерттеу принциптерін негіздеді. Осы проблемаға байланысты ол «Әлеуметтік мобильдік» деп аталатын еңбек жазды. Ол әлеуметтік мобильдікті горизонтальды және вертикальды деп екіге бөлді.

Қазіргі қоғамның әлеуметтік құрылымы дамуында негізгі екі тенденция байқалады. Оның біріншісіне қоғамның белсенді түрді әлеуметтік тұрғыда жіктелу процесі, халықтың жаңа әлеуметтік топтары мен қабаттарының пайда болуы жатады. Екінші тенденция – бұл бүкіл дүниежүзінде жүріп жатқан экономикадағы интеграция процесі, ол қоғамның әлеуметтік құрылымына сөзсіз әсер етеді.

Қазіргі Қазақстанның әлеуметтік құрылымы пирамида түріндегі геометриялық фигураға ұқсас. Келешек даму барысында осы сипаттағы әлеуметтік құрылым дамыған елдердегі тәрізді ромба түріндегі геометриялық фигураға ұқсауы тиіс. Келешек қоғам орта таптың қоғамы болуы тиіс.

Әдебиет тізімі:

1. И.Шәмшәтұлы, М.Дәкенов, Д.Дәуіт, Н.Күнхожаев Әлеуметтану 1999 ж.
2. А.Д.Жүсіпова, А.И.Икенов Әлеуметтану негіздері. Алматы, 2004ж.
3. З.Райнес, Қ.Жақып. Социология негіздері. Қостанай, 1997ж.
4. М.Тәжин, Б.Аяғанов.Социология негіздері. Алматы «Ана тілі» 1993ж.
5. Ә.Тұрғынбаев.Социология. Алматы білім 2001ж.
6. Р.Әбсатаров, М.Дәкенов Әлеуметтану. Алматы. Қарасай.2007ж.
7. Ғабдуллина Қ.Құқық социологиясы.Алматы 2004ж.

Тапсырмалар:

Тапсырма 1

Кестені толтырыңыздар«Қоғам туралы анықтамалар»

	Анықтама	Авторлар

Тапсырма2

Кестені толтырыңыздар « Қоғамның тарихи типтері мен түрлері»

	Қоғамның тарихи типтері мен түрлері	Тарихи кезеңі	Сипаттамасы

Тапсырма 3

Аталған терминдерге анықтама беріп, кестеңі толтырыңыздар:

	Терминдер	Анықтамасы
	Әлеуметтік мобильдік	
	Көлденен мобильдік	
	Тігінен мобильдік	
	Әлеуметтік теңсіздік	
	Қоғам	
	Тап	
	Әлеуметтік институт	

Тапсырма 4

Кесте әзірлеу. «Әлеуметтік стратификацияның тарихи типтері.»

	Типі	Сипаты

Тапсырма5

Ұсынылғандардың ішінде таптық және жеке мобильділік факторларың таңданыз. Оларды кестеге еңгізіңіз:

- ә) әлеуметтік революциялар;
- а) әскери төңкерістер;
- б) билікті иелену;
- в) табиғи апаттар;
- г) демократияны құру.
- д) неке;
- ж)білім алу

Мобилділік түрі	Жеке мобилділік	Таптық мобилділік
Фактор		

Тапсырма 6

Постиндустриалдық қоғамдағы негізгі таптарды атап, сипаттаңыз.

Презентация жасаңыз.

Тапсырма 7

Келтірілген қоғамның тарихи әлеуметтік жіктелу типтерің сипаттап, келесі кестені толтырыңыздар:

Құлдық стратификациялық жүйе	Касталық стратификациялық жүйе	Таптық стратификациялық жүйе

Талқылауға арналған сұрақтар

1. Экономикалық теңсіздіктің үш белгісі-табыс, байлық және жалақыны негізге алып, тұрғындардың өмір сүру деңгейін анықтауға бола ма?

2. Қаншалықты қоғамның белгілі бір мүшесі байы түседі (адал еңбегімен), соншалықты қоғамда байыды деген пікірмен келісуге бола ма?

3. Қазіргі Қазақстан қоғамындағы қандай таптарды атауға болады? Оларды сипаттаңыздар

4. Ғасырлар бойы көптеген ойшылар жеке меншікті теңсіздіктің және зұлымдықтың қайнар көзі деп есептеді. Оны жоюды ұсынды. Қалай ойлайсыз, егерде жеке меншікті қоғамдық меншікпен ауыстырса адамдардың арасындағы қарым-қатынас жақсарады ма? Өзіңіздің көзқарасыңызды дәлелдеңіз.

5. Адамзат тарихында құлдыққа, кастаға, сословияға, таптарға бөлінудің себебі неде болды?

6. Ф. Теннистің ойынша, сословия қауымдастыққа, ал таптар қоғамға негізделген. Қаншалықты оның пікірімен келісуге болады. Ф. Теннистің еңбегін оқыңыздар.

7. К. Дэвис және У. Мурдің теңсіздіктің функционалдық теориясының мазмұнын ашыңыздар.

8. АҚШ-тағы кәсіби бедел шкаласының мазмұнын ашыңыздар. Қалай ойлайсыздар, не себепте біздің елде мұндай шкала жоқ?

9. К. Маркстың таптық теориясының негізгі ерекшелігін сипаттаңыз.

10. М. Вебердің таптар теориясының мазмұны неде?

11. А. Гоулднердің жаңа тап теориясының мазмұнын ашыңыздар. Қандай тапты «мәдени буржуазия» деп атады?

12. Кейбір ғалымдардың ойынша, адамдардың кедейленуі елдің өнеркәсіптік арта қалуынан емес, ал оларды мемлекетпен аса қанауынан туындайды. Мемлекет орта таптың бастамасын тежейді. Ал, егерде қоғамда

мықты орта тап болмаса, сол елде бай мен кедейге бөлінуі кең етек алады. Қаншалықты сіз осы көзқараспен келісесіз?

13. Сіздің ойынша, кедейлікпен қалай күресуге болады?

14. Марксистік әлеуметтік-экономикалық формация неше сатыдан тұрады?

Шығармашылық тапсырма

1. Қазіргі Қазақстанның көше-қон саясатын сипаттаңыз. Эссе жазыңыздар.

2. Абсолютті және салыстырмалы кедейлікті жеңуге септігің тигізетін әлеуметтік шаралар жүйесін тізбектеп, ұсыңыздар. Презентация жасаңыздар.

3. Салыстырмалы зерттеу «Кәсіби топтардың беделдерін анықтаңыз».

ә) оқытушы;

ж) инженер;

а) физик;

е) сот;

б) етікші;

и) әлеуметтанушы;

в) менеджер;

к) тележүргізуші;

г) министр;

л) қасапшы;

д) дәрігер;

м) кәсіпкер.

Беделділік 100ден(максималды) 1 ге (минималды) дейін өлшенеді. Беделділіктің орташасын шығарыңыздар.

4. Өзіңіздің ата-анаңыздан және өзге жасы үлкен тұған-тұыстарыңыздан олардың әлеуметтік мобильділігі (әртүрлі әлеуметтік баспалдақты пайдаланып, жоғарға қарай көтерілу) қалай болғандығын сұрап біліңіздер.

Қазіргі таңдағы әлеуметтік мобильділікпен салыстырыңыз.

5. Таңдау бойынша, екі тапты алып, олардың өмір салтын, табысын, баспана жағдайын, тұтынушылық мүмкіндігің сипаттаңыз. Сұлба жасаңыздар.

Баяндамалар мен рефераттар тақырыптары

1. Қазіргі кезеңдегі этнодемографиялық және әлеуметтік-аумақтық процестердің ерекшеліктері

2. Әлеуметтік теңсіздіктің стратификациялық үлгілері. реттеуші ретінде.

3. Қақтығыс әлеуметтік өзара әрекет жасаудың түрі

4. Бюрократия және оның әртүрлі жүйелердегі рөлі.

5. Әлеуметтік басқару мәселелері. Басқаруда әлеуметтанушылық тәсілдердің қолданудың ерекшеліктері.

6. Басқару мәдениеті: әлеуметтік басқарудағы объективтілік пен субъективтіліктің өзара әрекет жасауы.

7. Қазақстанда кедейлікті төмендетудегі әлеуметтік шаралармен қамтамасыз ету мәселелері.

8. Еңбек нарығындағы гендерлік кемсіту мәселелері.

9. Қоғамның гендерлік стратификациясы.

10. Әлеуметтік стратификацияның және әлеуметтік мобильдіктің мәні.

- 11.Қазіргі Қазақстан ұлтының әлеуметтік мобильдік және дифференцияциялық үрдістері..
- 12.Қазіргі Қазақстандағы әлеуметтік демографиялық процестер.
- 13.Ауыл- қалалық және қала- аралық миграцияның мәселелері.

2.5 Тұлға әлеуметтік феномен ретінде

Сабақтың мақсаты: тұлғаны әлеуметтік қатынастың объектісі мен субъектісі ретінде қарастыру, әлеуметтендіру процесімен, оның тетіктерімен танысу, әлеуметтанудағы «адам», «индивид», «тұлға» ұғымдарының мазмұнын анықтау.

Негізгі түсініктер: адам, индивид, тұлға, әлеуметтендіру, идентификациялау, мәртебе, әлеуметтік рөл, рөлдік қашықтық, рөлдік қатығыс.

Берілген қоғамда сәттілі жетістіктерге жету үшін, сол тұлғаның әлеуметтік норманы, тәрбие үлгілерін, құндылықтарды үйрену барысы. Басқаша айтқанда әлеуметтендіру – кішкене бала кезден басталып қартайғанға дейін, яғни осы уақыт аралығында әлеуметтік рөл мен мәдениеттік нормаларды білу. Әлеуметтендіру – адамның биологиялық түрден әлеуметтік түрге көшуін түсіндіреді.

Феральды адамдар (маугли) – адамзат өмірінен, тұрмыстан айырылып, жануарлар қоғамында өмір сүру. Әлеуметтендіру біріншілік, екіншілік болады. Біріншілік әлеуметтендіру адамға жақын ортаның, онымен байланысына тәуелді болады. Екіншілік әлеуметтендіру оқу орындар және институттар әсерінен пайда болады. Әлеуметтендірудің агенттері бұларға жалпы адамдарды мәдени нормаларға оқыту және әлеуметтік рольдерді қабылдау, оқуларына мойындаушылықты алатын ұйым. Біріншілік әлеуметтендіру агенттері: ата- ана, туған туыс т.б. Екінші әлеуметтендіру агенттері: мектептер, әскер ұжым т.б

3.Фрейд әлеуметтендірудің психологиясының механизмін көрсетеді: имитация, идентификация, қорғаушылық және кінә мен ар-ұят сезімі:.

Имитация – баланың нақты тәрбие моделін қайталауы.

Идентификация – бір қоғамның белгілі бір құндылықтарды қабылдау.

Қорғаушылық – бала тәрбиесін түзету, яғни оның іс-әрекетіне оң және теріс баға беріп, оны оған түсіндіру.

Кінә және ар-ұят – кейбір тәртіп үлгілерін қолдануға тыйым салады. Екі тенденцияның қарама-қайшы келуі мүмкін.

Унификация – тұлғаның оны қоршаған ортамен байланыста болу тәртібі.

Индивидуализм - өзіндік “мен” тұлғаны шығару, яғни қоғам арасында қандай да бір дәрежеде ерекшеленуі.

Тұлғаның әлеуметтік түрлері дегеніміз – бір тұлғаның өзінде өмірлік, яғни өмір сүруге қажетті қасиеттердің болуы. Социология тұлғаны белгілейтін үш түрді бөлуге болады: 1. көрнекті; 2. нормативті; 3. шынайы тұлға. Көрнекті тұлға – қоғамның топтарын қанағаттандыратын, яғни саясаттық монофисті,

діни сыйлаушы тұлға болады. Нормативті тұлға – берілген социумының дамуының кейбір объективті құрылымын беру. Шынайы тұлға зерттеулермен тіркеліп статика дамытылған тұлға эмперикалық байқалады. Теориялық рольдердің негіздеушісі Р. Мертон мынадай түсініктер енгізді: модельді және нормативті тұлға. Нормативті тұлға берілген мәдениетінің көрнекті тұлғасы. Модалді тұлға – статикалық жан-жақтан таралған тұлға. Р. Мертон негізгі адаптация түрі мен негізі тұлға түрінің бес қарсылықты адаптация және тұлға түрін көрсетеді:

1. Егер де тұлға қоғамның және мәдениеттің мақсаттарына өзін бағындырса, онда ол бейімделудің өзіндік моделін көрсетеді; ол тұлғаны өзіндік деп атайды.

2. Бейімделудің жекелік моделі дегеніміз бұл тұлғаның қоғамшылдық мақсатын қабылдауы, бірақ мақсатқа жету үшін ұнамсыз ғылыммен ұмтылады. Бұл модельге жеке тұлға сәйкес келеді.

3. Ритуалдық – бұл адамның өзі қоршаған қоғамның мақсаты мен құндылығын бағаламайтын және сол уақыттағы жағдайлармен әлеуметтік жеңіске жетудің әсерін айтады. Бұл тұлғаны – ритуалды деп атайды.

4. Эскейпизмдік – бұл тұлғаның өзіндік ойлауымен, қоғамның мақсатын қабылдайтын түрге жатады. Бұны эскейпизмді тұлға деп атайды.

5. Мінез-құлқының спецификалық моделінің бірі – төнкеріліс. Ол қоғамның нормалары толық қарсылық білдіреді.

Ешқандай шетел, ресей т.б практикаларда әлеуметтік зерттеулерде бір сөз қолдалылмайды. Кейбір туындыгерлер-әдіс, басқалары-техника, үшіншілері-процедура немесе әдіснама дейді. В.В. Ядоров келесі сөздерді ұсынды: зерттеу әдісі мен процедуралары- бұл жерте ақпаратты анализдеуге және тексеруге құралған. Әдіс-белгілерді анализдеу және тексеруге арналған негізгі жинау тәсілі.

Техника-кез келген әдісті дурыс қалдануға арнаулы үлгілер.

Әдіснама-буған техникалық үлгілер, жиі қолдану операциялар олардың тізбектігі және байланысы жатады. Мысалы: халық пікірін білу үшін әдіс ретінде сауалнама қолданады. Сурақтың жартысы ашық, 50%-жабық болады. Бұл екеуі сұраушы техникасын құрайды. сауалнама парағы және оған деген құралдар осы кезде сауалнамаларда әдіснама болады.

Процедура – барлық операциялар тізбектігі, әрекеттің жалпы жүйесі және зерттеу ұйымдастыру тәсілі. Осылар нәтижесінде әлеуметтік ақпарат жинағы тексеруден өтеді.

Әдебиет тізімі:

1. И.Шәмшәтұлы, М.Дәкенов, Д.Дәуіт, Н.Күнхожаев Әлеуметтану 1999 ж.
2. А.Д.Жүсіпова, А.И.Икенов Әлеуметтану негіздері. Алматы , 2004ж
3. З.Райнес, Қ.Жақып. Социология негіздері .Қостанай, 1997ж.
4. М.Тәжин, Б.Аяғанов.Социология негіздері. Алматы «Ана тілі» 1993ж.
5. Ә.Тұрғынбаев.Социология. Алматы білім 2001ж.
6. Р.Әбсатаров, М.Дәкенов Әлеуметтану. Алматы. Қарасай.2007ж.

7. Ғабдуллина Қ.Құқық социологиясы. Алматы 2012ж.

Тапсырмалар:

Тапсырма 1

Тұлғаны зерттеудің әлеуметтік теорияларың атап, кестені толтырыңыздар:

	Теория	Авторлар	Мазмұны

Тапсырма 2

Қоғам мен тұлғаның ара қатынасы туралы тұжырымдамаларды анықтап, толықтырып, кестені толтырыңыздар:

	Тұжырымдамалардың авторлары	Сипаттамасы
	Э. Дюркгейм	
	М. Вебер	
	К. Маркс	

Тапсырма 3

Әлеуметтану бойынша сөздікті қолданып, келесі ұғымдарға түсініктеме беріңіз: әлеуметтену, девиация, әлеуметтік аномия, әлеуметтік норма, тұлға, ар-ұят бостандығы, азаматтық қоғам.

Тапсырма 4

Дұрыс жауабың жазыңыздар:

- 1.«Үлгілі тип» тұлғасына жататындар.....
2. «Әлеуметтік мінез-құлық» теориясы.....
- 3 «Мен – айна» ұғымы білдіреді.....
4. «Елеулі басқалар» ұғымы білдіреді.....
5. «Рольдік» теория дегеніміз.....
- 6.Ж. Пиаже бойынша тұлғаның 1жастан 30 жасқа дейінгі әлеуметтенудің кезеңдері.....
7. Әлеуметтендірушілердің алғашқы және кейінгі топтары.....

Тапсырма 5

Ұғымдар мен анықтамаларды мағынасы бойынша дұрыс жұптаңыздар:

1 нұсқа

- | | |
|---------------|-------------------------|
| 1) маргинал | а) ауытқушы адам |
| 2) аутсайдер | б) келісуші адам |
| 3) лидер | в) беделді адам |
| 4) девиант | г) топта шеттелген адам |
| 5) конформист | д) «жартылай» адам |

2 нұсқа

- | | |
|-------------------|--------------------------------|
| 1) әйелі (зайыбы) | а) өзгелерді сыйлау |
| 2) мұғалім | б) көмекке әзір болу |
| 3) әріптес | в) білімді болу |
| 4) көрші | г) тамақты дәмді пісіру |
| 5) досы | д) қиын-қыстауда қол ұшын беру |

Тапсырма 6

Әлеуметтенудің кезеңдерінің дұрыс ретін анықтаңыздар:
Имитация, идентификация, итериоризация, өзін-өзі тану.

Талқылау сұрақтары:

1. Адамдардың әлеуметтік мінез-құлықтың қалай түсінесіз және оны анықтайтын қандай негізгі факторлар бар?
2. Адамдардың әлеуметтік статусы нені білдіреді, оның негізгі түрлері қандай? Әлеуметтік рөл және статустық-рөлдік қақтығыстар дегеніміз не?
3. Тұлғаның рөлдік тұжырымдамасының қандай қарама-қайшылығын байқайсыз?
4. Фрейд бойынша, тұлғаның ішкі қақтығыстар немен анықталады? Оларды жеңу тәсілдері бар ма?

Шығармашылық тапсырмалар

Өзіңіз иеленіп отырған әлеуметтік статустарыңыз бен рөлдеріңізді жазыңыз:

Статустар	Рөлдер

Баяндамалар мен рефераттар тақырыптары

1. Тұлға түсінігі. Тұлғаны әлеуметтік қырынаң зерттеу.
2. Тұлғаның рөлі мен статусы.
3. Тұлғаны әлеуметтендірудің кезеңі мен тетіктері.
4. Тұлғаның зерттеудің негізгі әлеуметтік тұжырымдамалары.
5. Қазақ ойшыларының тұлғаны тәрбиелеуге қатысты көзқарастары.

2.6 Девианттық мінез-құлық әлеуметтануы

Сабақтың мақсаты:әлеуметтанудағы жеке тұлға түсінігін, қоғам мен жеке тұлғаның өзара қарым қатынасын,әлеуметтендіру процесін, девианттық мінез- құлықты қарастыру.

Негізгі түсініктер:әлеуметтік мінез-құлық, әлеуметтік норма, санкция, әлеуметтік бақылау, конформизм, девианттық мінез-құлық, делинквенттік мінез-құлық, аномия, әлеуметтік таңба.

Әлеуметтенудегі девиантты мінез-құлық тұжырымдамасын қалыптастырған француз әлеуметтанушысы Эмиль Дюркгейм. Ол әлеуметтік девиацияны түсіндіру үшін аномия тұжырымдамасын ұсынды. «Аномия» термині француз тілінен аударғанда ұжымның, заңның болмауы.

Ал, Роберт Мертон мінез-құлық ауытқушылығының себебін қоғамның мәдени мақсаттары мен оған жетудің әлеуметтік мақұлданған жолдарының арасындағы үйлеспеушілік деп түсіндіреді.

Девиантты мінез-құлықтың сыртқы физикалық жағдайларына климаттық, геофизикалық, экологиялық факторларды енгіземіз. Мысалы, шу, геомагниттік, өзгеріс, таршылық, т.б жағдайлар үрей туғызып агрессивті және басқа да қажетсіз мінез-құлықтың көрінуінің бір себебі болады. Сонымен бірге әлеуметтік орта әсерлері де өз ықпалын тигізеді:

- қоғамдық үрдістер (әлеуметтік-экономикалық жағдай, мемлекеттік саясат, салт дәстүр, бұқаралық ақпарат құралдары, т.б.);
- тұлға бар әлеуметтік топ мінездемесі (этикалық құрылым, әлеуметтік мәртебе, референтті топ,);
- микроәлеуметтік орта (отбасының өмір стилі және деңгейлері, отбасындағы өзарақарым-қатынас типі, отбасындағы тәрбие стилі, достар, басқа да маңызды адамдар).

Девиация бірнеше типтен тұрады: девиантты, делинквентті және криминалды мінез-құлық. Девиантты мінез-құлық - әлеуметтік нормалар мен ережелерге сәйкес келмейтін мінез-құлықты айтады. Ол ауытқыған мінез-құлықтың бір түрі. Кейбір әдебиеттерде бұл типті «антидисциплиналық» деп те атайды.

Девиантты мінез-құлықтың көрсеткіштеріне: агрессия, демонстрация, оқудан, еңбектен бет бұру, үйден кету, алкоголизм, наркомания, қоғамға жат қылықтар, жыныстық жат мінез-құлық, суицид т.б. жатады.

Девиацияның екінші түрі - делинквентті мінез-құлық. Ол заң бұзушылықпен ерекшелінеді. Оның мынадай типтері бар:

1.Агрессивті-зорлаушылық мінез-құлық. Бұл жеке тұлғаға көрсетілетін дөрекілік, төбелес, күйдіріп-жандыру сияқты жағымсыз іс-әрекеттерде көрініс береді.

2. Ашкөздік мінез-құлық (корыстное поведение): майда ұрлықтар, қорқытып-үркіту, автокөлік ұрлау т.б. жалпы материалдық пайдакүнемдікке байланысты жат мінез-құлық.

3. Наша сату және тарату.

Криминалды мінез-құлық заң бұзушылық болып табылады. Балалар сот үкімі арқылы жасаған қылмысының ауырлығына байланысты жазаланады.

Девиацияның негативті формалары әлеуметтік патология болып табылады: алкоголизм, токсикомания, нашақорлық, жезөкшелік, суицид, заң бұзушылық және қылмыскерлік. Олар жалпы қоғамға, айналадағы адамдарға және ең бірінші өздеріне үлкен зиян келтіреді.

Девиацияны зерттеуші көптеген ғалымдар девиантты мінез-құлықтың пайда болу факторларын түрліше түсіндіреді. Біріншілері оларды екі үлкен топқа ішкі және сыртқы факторлар деп бөлсе, екіншілері оларды бөлмей:

- жанұяда берекенің болмауы;
- ата-ананың «ерекше» қамқарлығы;
- тәрбие берудегі кемшіліктер;
- өмірде кездесетін қиыншылықтар мен күйзелістерді жеңе алмау;
- өмірлік дағдының болмауы, айналысындағы адамдармен, құрбыларымен жарасымды қатынасқа түсе алмауы;
- сырттан келген қысымға төтеп бере алмау, өз бетінше шешім қабылдай алмау, сынаушылық ойды дамыта алмау;
- психоактивті заттарды жиі пайдалануы;
- агрессиялық жарнаманың ықпалды болуы;
- мектептерде психологиялық көмек көрсету қызметінің нашар дамуы;
- балалар мен жасөспірімдердің бос уақытының проблемалары,- деп көрсетсе, үшіншілері оларды негізгі бес факторға бөліп қарастырады.

Оларды жекеше қарастыратын болсақ:

1. Биологиялық факторлар – баланың әлеуметтік бейімделуіне кедергі жасайтын физиологиялық және анатомиялық жағымсыз ерекшеліктер. Оларға мыналар жатады:

- ұрпақтан-ұрпаққа берілетін немесе ананың жүкті болғанда дұрыс тамақтанбауы, арақ-шарап, нашақорлы заттарды пайдалануы, темекі тартуы, ананың физикалық, психикалық т.б. сырқаттары себеп болатын генетикалық факторлар: ақыл-ой дамуының бұзылуы, есту, көру кемшіліктері, жүйке жүйесінің зақымдауынан пайда болған денедегі кемшіліктер.

- психофизиологиялық факторлар: психофизиологиялық күш, дау-жанжал, келіспеушілік жағдайлар, адам организмдеріне кері әсер ететін, қоршаған ортаның химиялық құрамы, соматикалық, аллергиялық, токсикалық ауруларға душар ететін энергетикалық технологияның жаңа түрлері;

- физиологиялық факторлар: сөйлеу дефекттері, адам бойындағы соматикалық кемшіліктер.

Бұлардың бәрі адамның қоршаған ортаға, жеке адамдарға деген жағымсыз қарым-қатынасын тудырады, ал балалар болса, өзіндік сезім мен

танымдық деңгейіне байланысты, құрбы-құрдастары арасында, ұжымда еркін сезіне алмайды, қатынасы бұзылады.

2. Психологиялық факторлар. Бұған баладағы психопатологиялар мен мінездегі кейбір қасиеттердің басым болуы т.б. жатады. Бұл ауытқушылықтар жүйелік-психикалық ауруларда, психопатияда, неврастенияда т.б. көрінеді. Акцентуациялық сипаттағы мінезді балалар өте ашушаң, дөрекі болады. Оларға міндетті түрде әлеуметтік-медициналық реабилитация, сонымен қоса, арнайы ұйымдастырылған тәрбиелік жұмыстар жүргізу керек.

Баланың әрбір даму сатысында, олардың психикалық қасиеттері, тұлғалық және мінездегі ерекшеліктері қалыптасып, дамып отырады. Бала даму барысында әлеуметтік ортаға бейімделуі немесе керісінше бейімделмей, жатсынып кетуі мүмкін.

Егер, балаға ата-ананың жылуы, махаббаты, ықыласы жетіспесе, онда, ол ата-анасынан шеттеніп кетеді. Шеттену - невротикалық реакциялар, қоршаған ортамен қатынастың бұзылуы, сезімдік (эмоционалық) тепе-теңсіздік және суықтық, ашуланшақтық, психикалық аурулар және психологиялық патологиялар сияқты жағымсыз мінез-құлықтың пайда болуына жол ашады. Егер, балада адамгершілік құндылықтар қалыптаспаса, онда, ол пайдакүнемдік, қанағатсыздық, зорлаушылық, дөрекілік т.б. сияқты жағымсыз қасиеттерге бейім тұрады.

3. Әлеуметтік-педагогикалық факторлар. Олар мектептік, отбасылық, қоғамдық тәрбиедегі кемшіліктердің нәтижесінде, баланың оқудағы үлгермеушілігіне байланысты. Мұндай балалар көбінесе мектепке дайындығы жоқ, үйге берілген оқу тапсырмаларына және бағаларға парықсыз қарайтындар. Бұның бәрі баланың оқудағы бейімсіздігін көрсетеді. Оқушының оқудағы бейімсіздігінің (дезадаптация) қалыптасуы мынадай сатылардан өтеді:

- оқудағы декомпенсация – баланың жалпы мектепке деген қызығушылығы жоғары, бірақ бір немесе бірнеше пәнді оқуда қиыншылықтарға тап болуынан;

- мектептік бейімсіздік (дезадаптация) – бала сабаққа үлгермеуімен қатар, оның мінез-құлқы өзгеріп, мұғалімдермен, сыныптастарымен қарым-қатынасы бұзылып, сабақтан қалуы көбейеді немесе мектептен біртіндеп қол үзе бастайды;

- әлеуметтік бейімсіздік – баланың оқуға, мектепке, ұжымға деген қызығушылығы жойылады, асоциалдық топтармен араласып, алкогольге, нашақорлыққа қызыға бастайды;

- криминалдылық – кейбір отбасындағы әлеуметтік жағдайдың өте төмен болуы, балаларды да өз ортасындағы әлеуметтік теңсіздікке әкеледі, ал мектеп оқушысы, жасы жетпегендіктен жұмыс істей алмайды, содан барып олар қылмысты іс-әрекеттермен айналыса бастайды.

Баланың психоәлеуметтік дамуындағы ауытқушылықтардың негізгі факторы – ата-ана. Баланың бойындағы асоциалды мінез-құлықты қалыптастыратын отбасы қатынасының бірнеше жағымсыз стилдері бар:

- дисгармонды стиль - бір жағынан ата-ана баланың барлық тілектерін орындайды, үлкен қамқорлық жасайды, екінші жағынан конфликті жағдайларға баланы итермелейді;

- тұрақсыз, конфликті стиль – толық емес отбасындағы, ажырасу кезіндегі, ата-ана мен балалар бөлек тұрған жағдайдағы тәлім-тәрбиелік кемшіліктерден туындайды;

- асоциалды стиль - ата-ананың арақ ішуі, нашақор заттарды пайдалануы, криминалды іс-әрекет, аморальді өмір сүру жағдайы, отбасылық қаттыгездік, зорлаушылық жатады.

Балаға көрсетілген қатыгездік қатынасқа жататындар: қинаушылық, физикалық, эмоционалды, жыныстық зорлық-зомбылық. Қатыгездік үйде, далада, мектепте, балалар үйлерінде, ауруханада көрсетілуі мүмкін. Мұндай іс-әрекетке душар болған балалар қалыпты түрде даму көрмей, қоршаған ортаға бейімделе алмай қалады. Соның әсерінен, бала өзін жаман, керексізбін деп сезінеді. Баланың қаттыгездікке жауап беру түрі баланың жасына, тұлғалық ерекшелігіне, әлеуметтік тәжірибесіне байланысты. Психикалық реакциялардан басқа (қорқыныш, үрей, ұйқының бұзылуы, тәбеттің болмауы т.б.) балалардың мінез-құлқы да өзгереді: агрессия жоғарылайды, төбелескіш, өзіне сенімсіз, ұялшақ, өзіне деген бағасы өте төмен болады. Зерттеулерге қарағанда, зорлық-зомбылықты көп көрген балалар өскенде зорлаушы рөлінде болуды қалайды.

4. Әлеуметтік-экономикалық факторлар. Әлеуметтің теңсіздігі, қоғамның кедей және бай болып бөлінуі, жұрттың кедейленуі, жұмыссыздық, инфляция, әлеуметтік кернеу, т.б.

5. Моральді-этикалық факторлар. Қазіргі қоғамның адамгершілік қасиеттерінің деңгейі төмен болуы, рухани құндылықтардың бұзылуы.

Девиантты мінез-құлықты балаларды түзету күрделі әрі қиын әрі ұзақ процесс. Оны іске асыруда көп шыдамдылық пен белсенділік қажет. Қазіргі, осы саладағы әлеуметтік, педагогикалық талаптар мен жүзеге асырылып жатқан тәжірибелер негізінде, бұл саладағы тәрбие міндеттерін жүзеге асыруда мынадай шарттарды орындау қажеттігі туады:

- балаға ілтипатпен, ізгі тілектестікпен қарау;
- оның жағымды қасиеттеріне сүйену;
- оның адамгершілік күшіне, потенциалды мүмкіндіктеріне сену;
- оқушыларды салауатты өмір салтын қалыптастыру үшін жасалған жалпы білім беретін бағдарламаларды тиімді пайдалану;
- салауатты өмір салтын қалыптастыруға, қауіпсіз тіршілік етуге бағытталған тәрбиелік бағдарламаларды ұштастыра пайдалану;
- девиантты мінезге ие балалардың білім алуы мен бос уақытын пайдалы іс-әрекеттермен өткізу жолдарын қарастыратын жаңа кешенді бағдарламалар құру;

Қорыта айтқанды, девиантты мінез-құлықты балалармен тәрбиелік жұмыстарын жүргізуде римдік философ Сенеканың: «әрбір адам өмірінің тек кейбір жақтарын ойлап талдайды, бірақ ешкім жалпы өмір туралы ойланбайды» деген ой-пікіріне сүйене отырып, девиацияға коррекция жасаушы әрбір маман

ұстаз, баланың тек кейбір мінездік кемшіліктерін түзетіп қана қоймай, оларды, қоғамдық өмірдің талаптарымен ұштасқан дұрыс қарым-қатынас жолына қайтып әкеліп, ары қарай қалыптаса дамуына, әлеуметтенуіне көмектесуі қажет. Бұл педагогикалық іс-әрекеттер мазмұны, қоғам өмірінде бекіген адамгершілік қадір-қасиеттер мәнімен, талаптарымен тікелей байланыстыра, адамдар арасындағы қарым-қатынастар (достық, жолдастық, туыстық, сүйіспеншілік, махаббат т.б.) нормаларымен ұштастырыла жүзеге асырылғанда, балалар бойында девиантты мінез-құлықтың өріс алмауына және оларды мектеп қабырғасынан бастап әлеуметтендіруге мүмкіндік жасалады.

Ауытқыған мінез-құлық әлеуметтануында девиацияның пайда болуының себептері мен жағдайларына қатысты бірыңғай көзқарас жоқ. Мәселен, XIX ғасырдың аяғында итальяндық доктор (дәрігер) **Цезаре Ламброзо** қылмыстық мінез-құлық пен белгілі бір дене белгілерінің (физические черты) арасында байланыстың бар екендігін айқындады. Ол биологиялық құрылымы бойынша мінез-құлықтың белгілі бір типіне бейім адамдар, яғни «қылмыстық типтер» адамзат эволюциясының неғұрлым ерте сатысына қайта оралумен байланыстырылады. Мұндай типтер төмендегідей белгілері бойынша ажыратылады: төменгі жақ сүйегі алға шығып тұрады, сақалы сирек, ауруға деген сезімталдығы төмен болып келеді. Ламброзоның осы теориясы кеңінен таралды. Девиацияны түсіндірудің биологиялық типінің өкілдерінің бірі **Шелдон** болып табылады. Ол девианттардың белгілі бір дене құрылымы бар екендігі жөнінде және осы дене ерекшеліктері девиацияға себеп болатындығы жөніндегі теорияны ұсынды. Осы сияқты девиацияны биологиялық түсіндірудер XX ғасырдың басында да танымал болғанымен, оларды кейінгі зерттеу нәтижелері ығыстырып шығара бастады.

Психоаналитиктер болса, девианттық қылықтар мен көптеген психологиялық проблемалардың арасындағы байланыстарды анықтайтын теорияны ұсынды. Мысалы, австриялық дәрігер-психиатр **Зигмунд Фрейд** «өзін кінәлі сезінетін потенциалды қылмыскерлер» туралы ұғымды енгізді. Яғни, өздерін кінәлі деп есептегендіктен ұсталып, жаза тартуды қалайтын адамдар туралы. Алайда, бір ғана психологиялық ерекшеліктермен қылмыстың немесе мінез-құлықтың басқа да типінің мәнін түсіндіруге болмайды.

Девиацияның пайда болуының алуан түрлі социологиялық теориялары да бар. Мысалы, өзінің аномия теориясында **Э.Дюркгейм** девиация – бұл көбіне өзіне-өзі қол жұмсау деп, ол нормалардың жоқтығынан болады деп есептейді. Осы теорияны дәлелдеуші американдық әлеуметтанушы **Р.Мертон** девиация қоғамның мақсаттары мен оған қол жеткізудің мойындалған құралдарының арасында алшақтық пайда болған кезде орын алатындығын тұжырымдады. **Шоу мен Маккей** негізін салған әлеуметтік азғындау теориясы бойынша девиацияның көптеген түрлері мәдени құндылықтар, нормалар мен әлеуметтік байланыстар әлсіреген кезде, немесе олар қарама-қайшылыққа ұшыраған кезде немесе мүлдем болмаған жерде туындайды. Әлеуметтік ауытқушылықтың типологиясы бұл құбылыстың алуан түрлілігін көрсетеді, оларды бөліп тұратын шекараларды айқындауға мүмкіндік береді. Әлеуметтік

ауытқушылық бірнеше себептер бойынша классификацияланады. Солардың ішінде кең таралғаны бұзылатын норманың (құқық, мораль, қатынас ережесі және т.б.) типі бойынша ауытқудың әр алуан түрге бөлінуі. Соған байланысты жағымсыз ауытқу қылмыс, басқа да құқық бұзушылық (әкімшілік, азаматтық, еңбекке қатысты, қаржылық және т.б.), адамгершілікке жат қылықтар және т.б. болып бөлінеді. Бұл классификацияның практикалық мәні оған қатысты қандай жаза тағайындалатындығымен, сондай-ақ кінәлілерді анықтап, жазалауға байланысты болып келеді. Бұзылатын нормалардың сипаты бойынша ауытқуды ұлттық деңгейдегі және халықаралық деңгейдегі ауытқу деп те бөлуге болады. Мінез-құлықтың көптеген түрлері белгілі бір елдегі өмір сүріп тұрған құқық нормаларының, моральдың, үлгі-өнегенің, әдет-ғұрыптардың бұзылуы болып саналса, оның кейбір түрлері халықаралық құқық пен моральдың (агрессивті соғыстар, нәсілдік қорлаушылық, геноцид, халықаралық терроризм және басқалары) жалпыға бірдей қолданылатын нормалары мен принциптерінің бұзылуымен байланысты.

Әлеуметтік ауытқудың объективті және субъективті жақтарымен байланысты тағы бір классификация бар. Ол екі топқа бөлінеді. а) экстравертивті (сыртқы ортаға бағытталған мінез-құлық, ол мақсатты, алдынала жоспарланған немесе аффективті болуы мүмкін, мысалы, отбасындағы дау-жанжал); ә) интравертивті (адамның өз-өзіне бағытталған мінез-құлық – ішімдік ішу, алкоголизм, өзін-өзі өлтіру, нашақорлық және басқасы).

Әлеуметтік бақылау

Мұндай мінез-құлықтың бірінші тобы да, екінші тобы да әлеуметтік бақылаудың әлеуметтік нормаларымен және құралдарымен тартысқа түседі. Қоғамдық жүйе үшін жекелеген тұлғалар мен әлеуметтік қауымдастықтардың, жіктердің, топтардың және т.б.-ының қызметіне әлеуметтік бақылау жасау өмірлік маңызды болып табылады. Әлеуметтік бақылау деп әлеуметтік жүйенің өзін-өзі реттеуін қамтамасыз ететін адамдардың мінез-құлқын және олардың өзара қарым-қатынастарын нормативті реттеу түсініледі.

Әлеуметтік бақылау - әлеуметтік институттардың элементі. Ол арқылы индивидтердің әлеуметтік нормаларды, қызмет ережелерін және әлеуметтік шектеулерді басшылыққа алып әрекет етуі қамтамасыз етіледі. Адамның тіршілік-қызметін реттеудің мұндай тәсілі қоғамның тұрақтылығын ұдайы қамтамасыз етеді. Әлеуметтік бақылауды ретке келтіруде қоғам мен индивидтің өзара қарым-қатынасы проблемасы маңызды орын алады. Теориялық тұрғыдан алғанда қоғам мен тұлғаның қарым-қатынасы әлеуметтік бақылау жағдайында барынша қарапайым түрде көрініс береді: яғни, индивидуалдық сапаларды әлеуметтік стандартқа сәйкес жәнге келтіру. Әлеуметтік бақылау тұлғаның индивидуалдық мінез-құлқына қоғамның, әлеуметтік қауымдастықтың реакциясы арқылы іске асырылады. Соған байланысты қоғам әр түрлі санкцияларды қолданады.

Ал мәнін ашу бұл «норма» түсінігімен байланысты. Әлеуметтік норма – бұл нақты қоғамда тарихи түрде пайда болған дара тұлғаның, әлеуметтік топтың немесе ұйымның шектелген іс-әрекеті. Норманың бұзылуы қоғам ,

әлеуметтік топтар тарапынан нақты негативті реакцияны тудырады, яғни норманың бұзылуы- девиация, яғни әлеуметтік ауытқу болып табылады. Қазіргі жағдайда девиацияның негізгі түрлеріне қылмысты, маскүнемдікті, нашақорлықты, суицидті, жезөкшелікті жатқызуға болады.

Қылмыс – бұл мәселені зерттеуде оның динамикасына әсер ететін өте көп факторларды атауға болады. Мысалы әлеуметтік жағдай айналысатын іс түрі, білім, кедейшілшік бұл өз алдына жеке фактор, декласстау, яғни индивид және әлеуметтік топ арасындағы байланыстардың құлдырауы мен нашарлауы, қылмыстық жағдайда, нарықтық қатынасқа өтудің әсері зор. Бұл бәсекелестік, жұмыссыздық, инфляция сияқты феномендердің пайда болуымен сипатталады.

Маскүнемдік – адамзатқа мас қылатын сусындар бұрыннан белгілі. Ол ХҮІ-ғ пайда болды. Түбегейлі өзгерістер этил спирті өнеркәсіптік әдіспен алудан соң басталды. Міне, осы алкогольді бұқараның тұтынуына алып келеді және ХҮІІІ-ғ маскүнемдік Еуропа елдерінде :Англия, Германия, Швеция және т.б. кеңінен етек алады. Осы уақытта Россияда арақ тұтыну пайда болды. Бұл ХІХ-ғ пайда болды, ал ХХ-ғ-да бұл адамзат өркениетінің ең күрделі мәселесіне айналды, яғни алкоголизм мәселесіне. Шын мәнінде алкоголь біздің өміріміздегі әлеуметтік салттың бір элементі болып кірді.

Мысалы мерекелер, уақыт өткізудің кейбір әдістері және мәселені шешу. Бірақ осыған байланысты біздің қоғамымызда көптеген негативті жағдайларда көбейіп кетті.

Нашақорлық – (бұл грек тілінде narke- ағытылу және mania- құтырушылық, ақылсыздық дегенді білдіреді) Бұл жайлап адам ағзасының физикалық және психологиялық функцияларының терең жүдеуіне алып келетін есерткелік заттардан физикалық және психологиялық тәуелділікте болатын ауру. Нашақорлық – бұл әлеуметтік жаратылыс ретінде есірткіні қолданудың таралып кету дәрежесімен сипатталады немесе соларға ұқсастардың медицинаның рұқсатынсыз қолданумен сипатталады. Негізгі есірткіні қолданушы адамдарды жасы 30-жас шамасында болады. 60 % -нашақорлар 19-жасқа дейін өмірінде бірінші рет қолданады. Міне осылайша нашақорлық ең алдымен жастар мәселесі сонымен қатар нашақорлардың көп бөлігі , әсіресе радикалды есірткіні қолданылатындар жасы жеткенге дейін күтпейді.

Суицид – бұл өз өмірін қиюшылық, яғни өз-өзін өлтірудің жоғарғы батылдығы керітартпа ғадеттің пассивті түрі өмірдегі шешілмейтін мәселелерден кетуден, өмірден кетуден сипатталады. Суицид көбінесе дамыған елдерге тән және бүгінгі күні бұның санының көбеюіне алып келетін тенденциялар пайда болды.

Әдебиет тізімі:

1. И.Шәмшәтұлы, М.Дәкенов, Д.Дәуіт, Н.Күнхожаев Әлеуметтану 1999 ж.
2. А.Д.Жүсіпова, А.И.Икенов Әлеуметтану негіздері. Алматы , 2004ж.
3. З.Райнес, Қ.Жақып. Социология негіздері .Қостанай, 1997ж.
4. М.Тәжин, Б.Аяғанов.Социология негіздері. Алматы «Ана тілі» 1993ж.
5. Ә.Тұрғынбаев.Социология. Алматы білім 2001ж.

6. Р.Әбсатаров, М.Дәкенов Әлеуметтану. Алматы. Қарасай.2007ж.

7. Ғабдуллина Қ.Құқық социологиясы.Алматы 2004ж.

Тапсырмалар:

Тапсырма 1

Кестені толықтырыңыз:

	Әлеуметтік бақылаудың түрлері	Әлеуметтік бақылауды іске асыру әдістері

Тапсырма 2

Девианттық мінез-құлықтың негізгі түрлері:

	Девианттық мінез-құлықтың формалары	Сипиттамасы

Тапсырма 3

Әлеуметтану бойынша сөздікті қолданып, келесі терминдерге анықтама беріңіздер: делинквенттік мінез-құлық, девианттық мінез-құлық, суицид, аномия, норма, қылмыс, заң, маскүнемдік.

Талқылау сұрақтары:

1. Адамдардың әлеуметтік мінез-құлықтың қалай түсінесіз және оны анықтайтын қандай негізгі факторлар бар?

2. Адамдардың әлеуметтік статусы нені білдіреді, оның негізгі түрлері қандай?

3. Әлеуметтік рөл және статустық-рөлдік қақтығыстар дегеніміз не?

4. Тұлғаның рөлдік тұжырымдамасының қандай қарама-қайшылығын байқайсыз?

5. З.Фрейд бойынша, тұлғаның ішкі қақтығыстар немен анықталады? Оларды жеңу тәсілдері бар ма?

6. Қазіргі уақытты девианттық мінез-құлықтың қай түрі жие кездеседі, оның себебі неде деп ойлайсыз?

7. Құмар ойыны девианттық мінез-құлыққа жатама?

8. Қылмыс жасаудың жасаруы немен байланысты деп ойлайсыз?

Шығармашылық тапсырмалар

1. Дөнгелек үстел «Жастар арасындағы девианттық мінез-құлықтық орын алуының себебі». Топ ішінде ұйымдастыру.

2. Девианттық мінез-құлықтың бір формасын негізге алып, презентация дайындаңыздар.

3. Девианттық мінез-құлықтың зардабын түсіндіретін әлеуметтік жарнама түріндегі кішігірім қойылым жасаңыздар.

Баяндамалар мен рефераттар тақырыптары

1. Әлеуметтік ереже және әлеуметтік бақылау.
2. Девианттық мінез- құлықты зерттеу теориялары.
3. Ішімдікке салыну девиацияның формасы ретінде.
4. Нашақорлық девиацияның формасы ретінде.
5. Құмар ойын ойнау девиацияның формасы ретінде.
6. Жезөкшелік девиацияның формасы ретінде.
7. Суицид девиацияның формасы ретінде.

2.7 Отбасы және неке әлеуметтануы

Сабақтың мақсаты: отбасын кішігірім әлеуметтік топ және әлеуметтік институт ретіндегі атқаратын қызметтерің қарастыру; оның қалыптасуының тарихи себептерің анықтау; неке институтымен танысу.

Негізгі түсініктер: отбасы, неке, моногамия, ажырасу, полигамия, полиандрия, экзогамия, эндогамия.

Отбасы әлеуметтануы—отбасын әлеуметтік институт ретінде зерттейтін социологиядағы негізгі бағыттардың бірі. Негізгі мәселелері отбасылардың өз қызметін орындау сипатын, әр түрлі типтегі отбасылардың өмірін, ажырасу себептері мен салдарын және т.б зерттеу болып табылады.

Отбасы сияқты әлеуметтік институттардың табысты қызмет өтуін тарихтың қозғаушы күшіне жатқызуға болады. Отбасының дүниеге келу сәті бізге белгісіз, бірақ оның пайда болуы отбасылық үй шаруасы, отбасының бірлескен әлеуметтік және өндірістік әрекеттері негізінде отбасын нығайтудағы әр түрлі қызметке байланысты.

Социологтардың отбасын бірнеше ондаған жылдар бойы зерттегеніне қарамастан, қоғамның осы бөлігін анықтауда келісім де, оны зерттеуде бір ізді әдіс те жоқ. Социологияның пайда болуымен есімі тығыз байланысты Огюст Конт қоғамды отбасы арқылы тану керек, өйткені отбасы — адамзат тегін жалғастырушы, ондай қоғам антропологиялық деңгейде дами алмайды,- дейді. Адамзаттың сақталуы - әлеуметтік ұымдасу әрекетінің қорытындысы, әлеуметтік жүйенің табысты нәтижесі. Конт отбасын зерттеу адамның өндірістік әрекетін түсіну мүмкін емес дейді. Оның отбасы тұжырымдамасында ажырасуды айыптайды.

XX ғасырдың ортасынан қазіргі кезге дейін социологиялық әдістің бес түрі қалыптасты: интеракционистік, құрылымдық – функционалдық, жағдаяттық, эволюциялық және институционалдық. Отбасы ұғымын анықтаудағы әр түрлі пікірлерді ескере отырып, төмендегі дефиницияға келісуге болады:"Отбасы — ортақ тұрғын үйімен, экономикалық

кооперациямен, ұдайы өндірумен сипатталатын әлеуметтік топ. Отбасына ең болмағанда екеуі әлеуметтік бағытталған жыныстық қатынас жасайтын және бір немесе одан да көп өз балалары, сондай-ақ тәрбиелеуге алған балалары бар ересек жыныс өкілі кіреді".

Билік формасына қарай отбасы **патриархалды**(күйеуі отбасының басшысы),**матриархалды**(әйелі басшы), құрамына қарай — отбасы **нуклеарды**(ата-анасы мен балалары), **кеңейтілген**(нуклеарды отбасы және бірнеше ұрпақтан тұратын туыстары) болып бөлінеді. Отбасы пайда болуы үшін экономика мен жеке меншіктің болуы, билік қатынасы мен бағыну, яғни отбасында, бүтіндей қоғамдағы сияқты, билікті бөлу тәртібі бар, онда кімнің материалдық игілігі көп, сол басқарады. Отбасында билікті бөлуге жұбайлар арасындағы маххабат әсер етеді, мұнда сүйетін жұбай аз билікке ие, яғни психологиялық бағыныштылық болады. Егер жұбайлар бір-бірін бірдей мөлшерде сүйсе, онда отбасында бірдей билікке ие.

Отбасын, қоғамның бір бөлігі ретінде, социологтар оның қызметін орындауға қатысты қарастырады. **Отбасының қызметі дегеніміз** отбасы мен оның мүшелерінің белсенділігі, тіршілік әрекеті. Қоғамның отбасына қатысты, отбасының тұлғаға қатысты және тұлғаның отбасына қатысты қызметтерін анықтауға болады. Осыған байланысты отбасының қызметін әлеуметтік (қоғамға қатысты) және жеке (тұлғаға қатысты) деп бөлуге болады. Отбасы қызметі отбасы институтындағы қоғам қажеттіліктері мен отбасы тобына жоятын жеке тұлғаның қажеттіліктерімен тығыз байланысты. Отбасы қызметінің тарихы тереңде жатыр, қоғамның әлеуметтік-экономикалық жағдайымен тығыз байланысты, сондықтан уақыт өте келе қызмет сипаты қалай өзгерсе, иерархия да солай өзгереді. Отбасының негізгі қызметтері ретінде төмендегілерді атауға болады: репродуктивті, тәрбиелік, шаруашылық - тұрмыстық, экономикалық, алғашқы әлеуметтік бақылау (әлеуметтену), әлеуметтік-мәртебелік, демалыс және т.б.

"Отбасы" ұғымы "**неке**" ұғымымен тығыз байланысты. Социологияда неке дегеніміз — отбасын қалыптастыру мен оған қоғамдық бақылау жасаудың дәстүрлі тәсілі, жыныстардың еркек пен әйелдің, арасындағы бір-біріне және өз балаларына, ата-анасына қатысты құқықтары мен міндеттерін белгілейтін қатынас формасы.

Некенің төмендегідей формалары бар: **моногамия**(бір еркек пен бір әйелдің арасындағы неке, бұл бүгінгі күнде ТМД, АҚШ Еуропа елдеріндегі бірден-бір форма) және **полигамия**(бір индивид пен бірнеше индивидтің арасындағы неке).

ҚР Парламентінде неке мен отбасы туралы жаңа Заңды талқылау кезінде көп әйел алу (полигиния) пікірталас болды, бірақ БАҚ-тың хабарлағанындай, әйелдер де көп еркекке шығу (полиандрия) туралы мәселе көтергеннен кейін, көп әйел алу мәселесі күн тәртібінен алынып тасталды.

Некелік серік таңдаудың екі түрі бар: **эндогамия**(серіктер бір топтың ішінде) және **экзогамия**(неке мен белгілі бір топтан тыс, мысалы, рулар арасында болады).

Нормативті актілерде некеге анықтама берілмейді және оның құқықтық табиғаты жөніндегі мәселе осы күнге дейін заңдылықтарда да, құқықтық доктринада да шешілген жоқ. Неке туралы үш түрлі көзқарас айтылып жүр: **неке - келісім шарт, неке - мәртебе, неке - сыбайластық**.

Соңғы уақыттарға дейін алыс шетелдерде неғұрлым кең тараған тұжырымдама келісімшарт негізінде болды, ол некеге отыру тәртібін, оның әрекет шарттарын, некені бұзу кезінде жұбайында болатын шығындарды заңда отыратын шарттарға, яғни келісімшартты заңдылықтармен қарастыруға негізделеді. Неке келісімшартында жұбайлар мүлкінің келісімшарт режимін белгілеу мүмкіндігі жазылады.

Келісімшарт тұжырымдамасына қарсылар неке келісімшарт болуы мүмкін емес, өйткені жұбайларда заңда қарастырылған құқықтар мен міндеттер болуы мүмкін және тараптар оны өз еркімен өзгерте алмайды дейді. Жұбайлардың мүлік режимін белгілейтін неке келісімшартына отыру жағдайы келісімшарт тұжырымдамасының пайдасы үшін жеткілікті дәлел бола алмайды, өйткені некенің **мақсаты – отбасын құру, бала туу және тәрбиелеу**. Сондықтан неке субъектінің заңда қарастырылған әрекеттері орындауы нәтижесінде мәртебеге ие болады. Бұл мәртебе ие болу субъектіні үйленген адамдар санатына жатқызады.

Соңғы жылдары неке сыбайластыққа негізделеді деген идея кеңінен тарауда. Сыбайластық неке тұжырымдамасы әлеуметтік зерттеулерде көрініс тапты. Бұл тұжырымдамада әйелдердің неғұрлым тәуелсіздігі, некедегі жұбайлардың тең құқықтығы насихатталады.

Маңызды мәселе дәстүрлі отбасы, некенің дәстүрлі формасы болып саналады. Батыс Еуропаның кейбір елдерінде ажырасу саны көбейіп, некеге тұрушылар саны азаюда, "сынама неке" деген түрі кеңінен тарауда немесе оны зерттеушілер "екі қадамдық неке" деп атайды, яғни адамдар қай кезде бала жасағысы келсе, сонда барып некелеседі. Мәселені зерттеушілер сондай-ақ "алмаспа неке", "ашық неке" үрдісінің бар екенін көрсетіп жүр, яғни әр жұбай кез келген қатынасты, соның ішінде жыныстық қатынасты да, үшінші адаммен ашық жасай береді. Бірақ жалпы қорытынды мынадай: қоғамда отбасы мен отбасылық қатынастарға жоғары құндылық ретінде қарау сақталған және қоғамның көпшілігі некенің жаңа түрлерін қолдамайды.

Қоғамдық пікірге талдау жасау әлеуметтік – экономикалық, саяси, нақты-тарихи жағдайлар - неке отбасылық қатынастардағы қоғамдық санаға қалай әсер ететінін анықтауға мүмкіндік береді.

Бүгінде қоғам әмірінің барлық салаларында дәстүрлі құндылықтарға қайта баға берілуде. Осыған байланысты әлеуметтік зерттеулерде мынадай негізгі сұрақ қойылды: неке отбасылық қатынастардағы отбасы қызметі неке сапасы, билік құрылымына байланысты пікірлер қай бағытқа өзгерді? Социологтарды сондай-ақ біздің елімізде болып жатқан оқиғалардың бүтіндей отбасылық идеологияны қандай дәрежеде өзгертетіні қызықтырады.

Лонгитюдті зерттеулер неке – отбасылық қатынастарға айрықша мен берілетінін көрсетіп отыр. Біздің респонденттеріміздің жауабы отбасы мен

неке құндылығының халықтың барлық тұрғындары үшін өз маңызын жоймағанын; әйелдер санының арту үрдісін көрсетеді. Әйелдер үшін отбасы - бірінші кезектегі құндылық, әйтсе де біздің қоғамымызда жұмысқа да, отбасына да бірдей қарайтын әйелдер саны көбірек (80 процентке дейін). Отбасын құру, некелесу себептері прагматизмінің өсуіне қарамастан, респонденттердің көп бөлігінің ойынша, бұл "ең жарқын және жоғары сезімдер көзі" және "бүкіл қоғамдық өмірдің негізі".

Отбасын құрудағы заңды және нақты көзқарасын зерттеулер барысында адамдардың некенің тұрақты болуы бірлесе өмір сүру кезіндегі ("сынама неке") таныстығының ұзақтығына байланысты еместігін көрсетеді. Жауап берушілер некені тіркеу қажет деп есептейді: "бірлескен өмірдің басында" (63 процент), бір жыл өткен соң" (32 процент), "2 жылдан соң" (2,5 процент), "5 жыл өткен соң"(2,5 процент).

Барлық сұралған респонденттердің тек 23,3 проценті ғана әлеуметтік және білім деңгейі күйеу мен қалыңдық үшін кедергі болады деп есептейді. Некеге дейінгі бұл фактордың құндылығына жоғары білімді 51,4 процент респондент және 44,2 процент орта білімі барлар (оның ішінде арнайы білімі барлар) жауап берді. Көпшілігі (60 процент) некеге тұру кезінде әлеуметтік жағдайы мен білім деңгейіндегі айырмашылықты ескермеу керек деп есептейді.

Отбасындағы психологиялық ахуал қандай факторларға байланысты? "Жұбай таңдау теориясы" деген бар, бұл бойынша, жұбайлардың өздері отбасында қандай роль атқаратынын таңдауына байланысты болады. Бұл

рольдер: а) ана мен бала қарым-қатынасына біреуге арқа сүйегісі келетін күйеуіне қамқорлық жасайды; ә) күшті де, қабілетті күйеуіне жар және көнгіш, мәпелеуді қажет ететін кішкене қуыршақ тәрізді әйеліне қамқорлық жасайды; б) қожайын мен қызметші әйелдің иерархиялық қарым-қатынасына ұқсас, яғни мейірімді күйеуіне қабілетті әйелі күтім жасайтын отбасы; в) іскер әйелі қорқып және көңілі қалған еріне басшылық жасайтын отбасы.

Отбасының маңызды қызметі **репродуктивті және тәрбие беру болып** саналады. "Бүгінде қанша бала болған жақсы?" деген сұраққа: сұралғандардың жартысы екеу десе, 41 проценті — біреу, 7 проценті - үшеу, 2 проценті - төрт және одан да көп бала болғаны жақсы десе, 0,3 проценті "біреуі де болмағаны жақсы!" деп сеніммен айтады. Басқа бір социологиялық зерттеудің қорытындысы бойынша, отбасындағы баланың тууын жоспарлауға мүмкіндік бермейтін негізгі себептер айқындалды (процентпен көрсетілген):

- материалдық жағдай мүмкіндік бермейді-26,4;
- некеде тұрмаймын-15,6;
- денсаулығым көтермейді-15,4;
- тұрғын үй жоқ - қалғандары.

Отбасы мүшелерінің санының аз болуын қалайтындар тек "бюджеттегілер" (мұғалімдер, дәрігерлер, әскерилер және т.б) ғана емес, кәсіпкерлер мен бизнесмендер де бар.

Неміс ғалымдары қызықты формула шығарды: ананың жасы әкесінің жасының жартысына 7 жас қосқанға тең болуы керек. Зерттеушілердің байқауынша, ата-аналары неғұрлым үлкен және даналау болған сайын, тәрбиелеу факторы соғұрлым салмақты, баланың таланты байқалып, дами алу мүмкіншілігі көп болады. Ф.М.Достоевскийдің "Алдымен – университет, сосын бала ту",- деген сөзінің жаны болса керек.

Балалар үшін отбасындағы **психологиялық климат**, әсіресе, маңызды. Зерттеушілердің байқауынша, әкесінің не шешесінің болмауы немесе олардың адамгершілікке жат қылығы жеке тұлғаның девианттық (ауытқу) мінез-құлықпен қалыптасуына ықпал ете бермейді. Жеке тұлғаны тәрбиелеуде отбасы құрамы аса маңызды фактордың бірі десек те, бұл да әсер етпейді, ең маңыздысы - **балаға эмоционалдық қарым-қатынас**, қоғамның қандай тұлға алатыны оның қабылдауы мен қабылдамауына байланысты. Бала жасында қандай психологиялық қасиеттеріне ықпал еткеніне байланысты ортаның әсері қабылданады. Қолайсыз адамгершілік әсер кезіңдегі психологиялық, эмоционалдық жайсыздық, өмірлік міндеттерді шешуде индивидтің қоғамға қарсы тәсілдерді игеруі қылмысқа ұрындыруы мүмкін. **Бала отбасында неғұрлым жайсыз тұрған сайын, соғұрлым қоғамның өзінде мәселелер күрделене түседі.** Социологтар өз зерттеулерін жүргізе отырып, қоғамға қылмыс жасауға бейім балалардың саны артып келе жатқанын ескертеді. Белгілі бір шамада тұрақты болып есептелген 1991 жылы "Артекте" демалып жатқан пионер жасындағы

балалардың 20 проценті қылмыс жасауға қабілеттісің бе деген сұраққа сенімді түрде жауап берді (8 проценті ескертумен, 12 проценті ешқандай ескертпесіз).

Кеңейтілген отбасы ұйымшылдығы мәселесі қойылды, өйткені отбасының үлкендерінің (ата-аналарында) өз өмірінің соңына дейін балаларымен немерелерімен қалуға мүмкіншілігі шамалы: 57 проценті "жас отбасы ата-анасымен бірге өмір сүрмеуі керек" десе, 34 проценті тек объективті жағдайларда, яғни "тұрғын үй жоқ болса" (20 процент), ата-анасының денсаулығына байланысты (14 процент) деп жауап берсе, қалғандары (аз бөлігі) "дәстүрді сақтау үшін", "ата-анаға қартайғанда көмектесу үшін" және "ата-анамен бірге тұру экономикалық жақтан пайдалы" деп жауап берді.

Кең тараған феминистік тұжырымдамаға сәйкес, отбасы табиғатын шын мәнінде түсіну - бұл эмоционалдық не туыстық қарым-қатынасқа талдау жасау, ал отбасының өзі - бұл әр мүшесінің мүддесі мен басқа мүшелердің және бүтіндей қоғамның мүддесімен кикілжіңге түсетін "күрес орны". Қазіргі әлемде "ұрыс алаңын" "отбасы идиллиясы алаңына" болмаса да, ең болмағанда, жұбайлық кикілжіңдердің уытын басып, қажеттілік болып жатса, ажырасу салдарын жеңілдеу көтеруге мүмкіндік беретін арнайы механизмдер жасалуда.

Бұл, ең алдымен, көптеген елдерде ұзақ уақыттан бері келе жатқан және кеңес дәуірінен кейінгі елдер тұрғындар санасына тек голливуд жұлдыздары

мен мұхиттың арғы бетіндегі миллиардерлерде болады деп қабылданған **неке келісімшарты институты**. Бұл елдерде азаматтардың келісімі сияқты некенің барлық маңызды мәселелері келісіледі, некенің бұзылу салдарларын, тараптардың мүлдік жағдайларын, кәмелетке толмаған балалардың ажырасқан жағдайда қай ата-анасымен тұратынын, ықылассыз жұбайға қандай айыпшұл салынатынын түгел көрсету қабылданған.

Сәтті құрылған отбасыларда неке келісімшарты жұбайлық өмірдің мүмкін болатын қиын-қыстау кезеңдердің алдын алуға арналады, яғни бұл некені неғұрлым ұзақ уақыт сақтауға арналады. Мысалы, Питсбургтағы жас жұбайлардың неке келісімшарты 27 беттен тұрады, сондықтан "Гиннесс рекордтар кітабына" енген, осы келісімшарттағы мына бір пункттің несі жаман: "Бюджетті қатаң сақтау, жеке қажеттіліктер мен ойын-сауыққа аптасына 20 доллардан артық жұмсау"? Бұл пункт өте пайдалы, әрине, оны экономикасы құнсызданбайтын елде ғана шын мәнінде жүзеге асыруға болады.

Орта топтағы адамдар некеге кіруде қазір көбіне неке келісімшартына отырады. Әрине мұның негізгі себептерінің бірі ажырасудың санының артуына, соған сәйкес өзін егер неке сәтсіз болып жатса, моральдік болмағанымен, материалдық шығыннан сақтауға ұмтылған адамдардың санының артуына байланысты.

Неке келісімшарты отбасылық қатынастардың бастамасын анықтайды, бірақ некелесуге міндетті шарт бола алмайды. Заң бойынша неке келісімшарты некелесуді тіркегенге дейін де некелік өмірдің кез келген кезеңінде де жасалады. Неке келісімшарты жазбаша түрде жасалып, ол нотариалды түрде ресімделеді. Жұбайлардың барлық мүлкіне, оның жекеленген түрлері мен әр жұбайдың жеке мүлкіне бірлескен, үлестік не бөлістік мүлкі болады. Неке келісімшартына отыру сыртқы әсерге тәуелсіз болуы керек.

Мамандар неке келісімшартын құқықтық қырынан басқа құқықтық емес, яғни әлеуметтік, психологиялық және этикалық қырларын да көрсетеді. Мәселен, зерттеу барысында анықталғандай, екінші не келесі некеге тұратындар - бірінші некеден, "кемесі қайырылғандар". Неке келісімшартына отыруға әр жұбай кәсіпкер болып, жеке бизнесі болғанда қызығушылық танытады. Неке келісімшартына жоғарыда аталған санаттардан басқа ері мен әйелінің жас айырмашылығы едәуір болып, ерінің (не әйелінің) экономикалық базасы берік және алдыңғы некедегі ересек балаларының мүлдік мүддесі олардың ата-анасына ықпал ететіндей жұбайлар үшін де қолайлы.

Психологиялық қыры: неке келісімшартында ажырасқан жағдайда әркімге тиесілі мүлдік жұбайлар анықтай алатын болғандықтан, яғни осындай нәтиже жобаланатындықтан, некенің нәтижесі ажырасу болмай ма, неке келісімшарты - ажырасу катализаторы болып саналмай ма деген қауіп туады.

Неке келісімшартының этикалық қыры жұбайлардың бірін қолайсыз жағдайға қалдырмау мүмкіндігіне байланысты. Әр жұбайда жасалған келісімшарттан жұбайының құқы мен мүддесіне нұқсан келтіру жолымен

өзіне пайда табуды көздемейтіндей іштей тыйым салынуы қажет. Келісім шартқа отыруда екі жақтың бір-бірінің құқығына құрметпен қарауы сақталуы керек. Егер келісімшартқа отыру кезінде жұбайлардың біреуі өз мүлкін сақтап қалуды ғана емес, сонымен бірге екінші жұбайдың мүлкіне қол сұғуға ниет білдірсе, бұл неке келісімшартының мақсатына қарсы - некедегі мүліктік қатынастарды реттеудің не ажырасу кезінде қолданылатын

өркениетті әдісі болуы керек. Жеке тұлғаның еркіндікке құштарлығы қоғамдағы этикалық нормалардың бұзылуына әсер ететін шектен асып кетпеу керек.

Неке келісімшартына отыру маңызда қызмет атқарады: ол - **білімдік қызмет**, өйткені "Неке мен отбасы туралы" заң мазмұнымен танысу қолданыстағы заңдылықтар арқылы отбасылық өмір туралы шынайы түсінік береді; реттегіштік қызмет - отбасылық қатынастардағы құқықтар мен міндеттердің тұтас жиынтығы қарастырылады. Заң отбасындағы тараптардың теңдігінен шығады, бірақ көбінесе некедегі жұбайлардың бірі кедей, бірі дәулетті болады. Бұл әсіресе, ажырасудан соңғы материалдық жағынан, айырмашылық әсіресе кәмелетке толмаған балалары бар отбасыларынан байқалады.

Мүліктің құқықтық режимінен басқа неке келісімшартына азаматтық айналыстағы (акциядан дивиденттер, салым проценттері, усадбалық учаскедегі өнімді тапсырудан түскен өнім және т.б) заттар мен ақша түріндегі отбасы кірістеріне қатысын анықтау да кіреді. Жұбайлар, заңгерлердің пайымдауынша, отбасы шығыны кең де заңда толық қамтылмағанына қарамастан, оны бөлу тәртібі де қарастырылады. Шығындар отбасының материалдық қамтылуы мен мұқтаждықтарына сәйкес (тұрғын үй, көлік, тамақпен қамтамасыз етілуі, саяжайды күтуге, сондай-ақ білім беру, медициналық күтім, демалыс және т.б қатысты төлемдер) топтастырылады. Үй шаруашылығын басқарудан бастап, қандай да бір капиталға ие болуға дейінгі отбасы шаруашылығының көп түрлілігі келісімшарттағы заңды негіздемені талап етуі мүмкін.

Үй шаруашылығын басқарудан бастап қандай да бір қаржыны иелік еткенге дейінгі шаруашылық қызметтердің әр түрлілігінің кең ауқымы заңды келісілген негіздемені талап етуі мүмкін.

Отбасы өміріндегі кең тараған жағдайлардың бірі әйел күйеуге шығып, бала туған кезде ұзақ уақытқа дейін аяқталмаған білімі немесе біліктілігінен айырылуы нәтижесінде үй шаруасындағы әйел болады. Неке бұзылған сәтте мұндай әйел өте ауыр жағдайда қалды: балаларды күтуге бөлінетін алимент аз және әсіресе, біздің кезімізде жүйелі төленбейді. Сонымен бірге алименттер ресми танымал көздерден түскен пайдадан есептеледі, бірақ жұбайының шынайы табысы одан асып түсуі мүмкін. Сондай кезде жасалған неке келісімшарты балалар мен жұбайының алдындағы экономикалық жауапкершілігін арттырып, неке сәтсіз болған жағдайда мүліктік мәселелерге, жақын адамдарға байланысты жұбайлардың қаржылық мәселелері ақылмен шешілуі керек.

ҚР-ның "Неке мен отбасы туралы" (1999 жылдың 1 қаңтарындағы) жаңа заңында неке келісімшарты туралы айтылады. Онда неке келісімшарты дегеніміз некеге түсуші тұлғалардың немесе жұбайлардың келісімі екендігі некедегі не оның бұзылуы кезіндегі **жұбайлардың мүліктік құқықтары мен міндеттерін** анықтайтыны айтылған.

Неке келісімшартына отыру мүмкіндігі заң жүзінде 1993 жылдың қазан айынан бері белгілі. Бірақ 1996 жылдың 1 шілдесіндегі жағдай бойынша республикада не бары 13 неке келісімшарты жасалып, нотариалдық куәландырылған (некеге отырғандар саны 10 мың есеге артық). Бұл тек Алматы қаласында ғана, ал Қазақстанның өзге қалалары мен облыстарында мұндай жағдай мүлде жоқ. Қазіргі кезде статистика айтарлықтай өзгере қойған жоқ.

Зерттеушілер мынадай сұрақ қояды: некелесушілер мен некеде бұрыннан тұрғандар таласты жағдайларды шешуге арналған неке келісімшарты бойынша өздерінің мүліктік құқығы мен міндеттерін шешуге тілек білдіретіндер саны неге аз? Біздің қоғамда мазасыздануға негіз жоқ шығар? Бірақ практика көрсеткендей, статистика нақтыланғандай: үш жұп некелесуге өтініш білдірсе, екі жұп ажырасуға тілек білдіреді. Ажырасудың жалпы коэффициентінің арту үрдісі 2015 жылға дейін болжанған. Ал бұл әлі де көптеген отбасылық жұптар олардан рухани, дене және материалдық шығындарды қажет ететін процестерге тартылатынын көрсетеді. Көріп отырғанымыздай, біздің қоғамымызда ажырасу коэффициенті өте жоғары. Бірақ отбасын жеке өмірді ұйымдастыру формасы ретінде тұрақты және салыстырмалы түрде жоғары мәртебе санайтын отбасылар да азаймайды. Бірақ ажырасуға әкеп соғатын драмалық жағдайлар жойылып кете ме? Оның үстіне, ажырасуға дәлелді себептер де негіз болуы мүмкін, оған түсіністікпен қарау керек.

Әдебиет тізімі:

1. Ж.Сәрсенова, Т. Тәңірбергенова. Әлеуметтану. Алматы, 2000ж.
2. Ә.Х.Тұрғанбаев. Социология курсы. Алматы «Білім» 2001ж.
3. Р.Әбсаттаров, Дәкенов., Әлеуметтану. Алматы, 2004ж.
4. А.И.Иекенов. Әлеуметтану негіздері. Алматы, 2004ж.
5. К.Габдуллина. Социология. Алматы, 2005ж.
6. Социология. Оқулық. Алматы, 2005ж.
7. Социологиялық сөздік., Алматы, 2003ж.
8. Ш.Қарабаев.Әлеуметтану негіздері., Алматы, 2007ж.
9. Қ.Рахметов, А.Болатова, З.Исмагамбетова Социология. Алматы, 2005
10. Г.Әбдікорова.Тұлғаның саяси әлеуметтенуі. Алматы, 2002
11. Ф.Шарков. Социология, 2007
12. А.Нысанбаев.Адам және ашық қоғам, Алматы, 1998.

Тапсырмалар:

Тапсырма 1

Жалпы адамзат қоғамының тарихында болған және қазіргі уақытта бар неке-отбасылық қатынастарға, келтірілген кестені негізге алып, анықтама беріңіздер.

Түсініктер	Анықтамалар
1. Полигамия	1.
2. Экзогамия	2.
3. Моногамия	3.
4. Эндогамия	
5. Полиандрия	
6. Кросс-кузендік неке	

Тапсырма 2

Отбасылық өмірдің циклінің негізгі кезеңдерін белгілеңдер:

Кезеңдер	Сипаттама

Талқылауға арналған сұрақтар

- Отбасының пайда болуының себебі неде?
- Отбасының құрылымы қандай?
- Отбасылық жүріс – тұрыстың типтері қандай?
- Отбасындағы қатынас қалай жүзеге асады?
- Қазіргі таңда отбасы өзін әлеуметтік институт ретінде құндылығын сақтап қалдыма?
- Ажырасудың негізгі әлеуметтік себептері неде деп ойлайсыздар?

Шығармашылық тапсырма

- Отбасы мен неке туралы көзқарастардың өзгеруі неде көрінеді? Екі топқа бөлініп, пікір- талас өткізіңіздер.
- Ата-анаңыздың отбасылық өмірің негізге алып, идеалды отбасылық қатынас үлгісің ойластырыңыз. Эссе жазыңыздар.

Баяндамалар мен рефераттар тақырыптары

- Отбасының әлеуметтік институт және кіші топ ретіндегі өзгешеліктері.
- Отбасы мен некенің әлеуметтік қызметтері.
- Отбасы және некенің тарихи типтері.
- Қазіргі отбасылық - некелік қатынастардың негізгі үрдістері.
- Ажырасудың әлеуметтік себептері.

2.8 Мәдениет әлеуметтік құбылыс ретінде

Сабақтың мақсаты: мәдениет әлеуметтануының ғылыми және оқу пәні ретіндегі мазмұны мен мәнін ашып, көрсету; мәдениеттің негізгі әлеуметтанушылық тұжырымдамаларымен танысу, мәдениеттің қоғамдағы орны мен рөлі анықтау.

Негізгі түсініктер: мәдениет, құндылық, салт, әдеттер, нормалар, заңдар, мәдени ену, субмәдениет, бұқаралық мәдениет, халық мәдениеті, контрмәдениет.

Мәдениет әлеуметтануы жалпы әлеуметтану ғылымының бір саласы. Оған әлеуметтанудың тұтас ғылым ретіндегі ортақ, жалпы заңдылықтары тән және оның өзіндік ішкі заңдылықтары, өзіндік ұғымдар жүйесі бар. Оларды түсіну үшін қоғамдық құбылыс ретіндегі мәдениеттің мәнін түсіну қажет.

Балалық шақтан бастап, тілді меңгергеннен кейін, біз адамзаттың мәңгілік құндылықтар дүниесіне шығамыз, бізді қоршаған қайсыбір заттардың қолданыс аясын білеміз, оларды қолдануды үйренеміз, біз мектепте ең алғашқы, жер үстінде жатқан мәдениетті меңгереміз, бұл дүниенің есігін ашамыз. Адам дамуы оның бүкіл өмірі бойы іске асатын, өшпейтін мәдениет құндылықтарының шексіз әлеміне ену. Кейде мәдениетті тек «адамзат жинақтаған құндылықтардың жиынтығы» ретінде қарастырады, оны көркем мәдениет құндылықтарымен шектеу де кездеседі. Мәдениетті мұндай тұрғыдан қарастыру өте тар шеңберге соқтырады, сондықтан да ол қате. Адам кез келген практикалық қызмет процесі барысында дүниені өзгертеді, өл реалды өзгерту ғана емес, сонымен қатар идеалды, яғни өз санасында өзгертеді. Дүниені өзгерту арқылы әзінің қабілеттерін жетілдіреді, қажеттіліктерін қанағаттандырады, білімін көтереді, дүниетанымын кенейтеді, әлеуметтік сезімін жетілдіреді, бір сөзбен айтқанда, әзінің әлеуметтік күштерін жетілдіру арқылы адамның өзі де өзгереді.

Жалпы айтқанда, мәдениет «адамзат тарихының кесіндісі», ол тарихи даму барысындағы адамдағы өзгерісті көрсетеді. Мәдениет оның әлеуметтенуінің құралы болып табылады, яғни оның қоғамдық тұтастықпен қарым-қатынасын, қоғам мүшесі болып қалыптасуын білдіреді. Бірақ осы әлеуметтенудің өзі мәдениетті меңгеру барысында тұлғаның индивидуалдығы ретінде жүзеге асады, оның өзгеге ұқсамайтын «менің» игеру ретінде көрінеді. Әлеуметтендіру мен индивидуалдандыру — мәдениетті меңгеру процесінің екі жағы.

Мәдениеттің орнықты түсіндірмесі ағартушылық дәуірге сай келеді. Осы кезде мәдениет табиғатқа қарама-қарсы ұғымда түсіндірілді. Бұл екі түрлі сипатта көрінді: табиғат — жетілдіруден алыс тұрған, бастапқы қалып, ал мәдениет — осы кемелденуге жетудің жолы, құралы немесе, керісінше, табиғат — үйлесімдіктің идеалы, ал мәдениет — қолдан жасалған бір түзілім болғандықтан бұзушылықты, әр түрлі кемістікті, т.б. өзіне жинақтаған. Осымен байланысты Руссо мен Вольтер арасында талас туғаны мәлім. Руссо мәдениет адамды бұзады, адамның жетілуі тек табиғаттан беріледі, ал одан әрі мәдениеттің араласуы жетілуді баяулатады, адамды езеді, бұрмалайды,

қатынастарды әлсіретеді, ең бастысы, оларға екі жүзділік енгізеді дейді. Вольтер, керісінше, адамзат тарихының жабайы күйден басталатынын, адамды адам еткен тек мәдениет екенін дәлелдеп бакты. Мәдениетке деген бұл екі көзқарас қоғамның әлеуметтану нұсқасын жасауда белгілі дәрежеде ықпал етті. Руссоның пайымдауынша, бұл тек адам қоғамы. Оның негізіне қоғам мүшелерінің ең төменгі қажеттіліктері алынған. Вольтердің қоғамында байлықты, материалды және рухани игіліктерді дәріптеу орын алды, ал қоғам мүшелеріне күштеу көрсетілмейді, бірақ олардың жағдайы индивидуалдық қабілеті мен талантына байланысты болады. XVIII ғасырдың соңына қарай мәдениеттің келеңсіз жақтарына баса көңіл аудару тоқтады, ал мәдениеттің әзі құрал ретінде түсіндірілді, соның көмегімен адам биіктейді, өзінің табиғи шектеулігін жояды. Германия мен Ресейде XVIII-XIX ғасырлар қарсаңында жоғарыда айтылған пікірлерге қарама-қарсы мәдениет және өркениет идеясы пайда болды. Рухани, моральдық және эстетикалық құндылықтарды шоғырландырушы ретіндегі мәдениетке адам үшін утилитарлық, сыртқы және екіншілік ретіндегі өркениет қарама-қарсы тұрды. Өйткені ол ең алдымен Материалдық - технологиялық прогресспен байланыстырылды, ал мәдениет болса көбіне стихиялы болып келеді. Сондықтан бұған прогресс категориясын қолдануға болмайтын еді, ол өзінің негізінде жоғары азаматтық құндылықтары бар рухани процесспен байланысқанды.

XX ғасырда мәдениет көркем - шығармашылық процесс ретінде түсінілумен қатар, қоғамда орын алып отырған әдет-ғұрып, құндылықтар, көзқарастар, яғни адамның өзін-өзі әлеуметтік тұрғыда түсінуінің бүкіл саласы ретінде танылды. Осыдан адамзаттың әмір сүруінің сыртқы жағдайын жетілдіруге және адамның өзінің ішкі табиғатына деген қызығушылық артты. Мәдениет ұғымының мазмұнын анықтай келе қазіргі зерттеушілер, әдеттегідей, оны қоғамда әлеуметтік бағдар функциясын атқаратын нормалар, құндылықтар, идеалдар жиынтығымен теңестіреді. Бұл материалдық және рухани еңбек нәтижелерінде, әлеуметтік нормалар мен институттардың, рухани құндылықтардың жиынтығында көрінетін адамзат тіршілігін ұйымдастыру мен дамытудың ерекше әдісі. Мәдениет адам мен табиғат, адам мен қоғам, адам мен адам арасындағы қатынастардың жүйесі ретінде қарастырылады.

Сайып келгенде, мәдениет рухани және материалдық құндылықтар жиынтығы іспетті, оларды жасауда, таратуда және сақтаудағы адамның тіршілік еңбегі ретінде түсіндіріледі.

Мәдениет сөзінің аталмыш мәні өзінің шығу тегімен және кең мағынадағы ұғымымен өзара байланысқан. Бұлардың бәрі өте маңызды.

Алайда, мәдениет сөзіне ұнатпай қарауда орын алған. Мұндай көзқарас өнер мен өмірдегі эстетизмге жауап ретінде Англияда XIX ғасырда пайда болды. XX ғасырдың алғашқы он жылдығында орыс және шетел нигилисттері мен авангардистері, кейіннен, 60—70 жылдары Батыс ел жастарының көсемдері және бұқара халық мәдениетті қиратуды қуаттайды, олардың түсінігінде мәдениет ескі дәстүрдің тірегі және адамзат болашағы жолындағы басты кедергі болып табылады.

Әлеуметтік ғылымдар мәдениетті ең алдымен нақты, яғни адам қызметінің нәтижелерінің жиынтығы ретінде түсінеді, ал ол нәтиже материалдықта, белгілі бір жағдайларға жауап беретін идеялар сипатында да болуы мүмкін. Адам қызметінің барлық нәтижелері мәдениетке жата бермейді. Мысалы, бұған авторлар шығарған, бірақ жазылмаған, материалдық жағынан баянды етілмеген, ездерінің тәжірибесіне киын соғатын өлеңдер мен музыкалық шығармаларды айтуға болады. Өйткені олар жоғалады. Жазылып немесе ауызша берілген қайсыбір шығармалар қалайда адамдардың санасында сақталғанда, олардың рухани дүниесінің бөлігі болғанда ғана, адамдардың мінез-құлық қалпын анықтайтын, олардың талаптарын айқындайтын, яғни қоғамдық өмірді қалыптастыратын күшке айналғанда ғана мәдениеттің элементі деуге болады.

Мәдениеттің ішкі құрылымы бар. Себебі ол адамзат қауымдастығынан тыс өмір сүрмейді, сондықтан оны индивидтің жеке мәдениеті және қауымдастық мәдениеті деп бөледі.

Индивидтің жеке мәдениеті — бұл оның өзіндік тәртіп үлгілерінің, қызмет әдістерінің, сол қызмет нәтижелерінің, оның ойлары мен идеяларының жиынтығы. Индивидтің жеке мәдениетінің қауымдастық мәдениеті шеңберінде өзіндік орны болады, бірақ оған біржола сіңіп кетпейді, белгілі бір дербестігін сақтайды, бұл оның жалпы мойындалған үлгілерден ауытқуынан көрінеді. Бірақ мұндай ауытқу жалпы мойындалған үлгілерді қиратуға және айыптаушылыққа жол беруге тиіс емес.

Қауымдастық мәдениеті — шығармашылық туындылардың, қауымдастық мойындап қабылдаған құндылықтар мен тәртіп тәсілдерінің жиынтығы оның мүшелері үшін маңыздылығы артып, олардың тәртібін анықтап, өмір сүрудің ортақ та міндетті ережелерін белгілейді.

Мәдениеттің әлеуметтанулық зерттеу пәні: біріншіден, біртұтастық ретінде мәдениеттің бүкіл жүйесі немесе басқа қоғамдық жүйелермен өзара әрекеттегі оның кез келген түрі болуы мүмкін; екіншіден, мәдениеттің езге элементтерімен арақатынасына немесе басқа қоғамдық жүйедегі арақатынасына орай алынған мәдениет социо динамикасының, мәдени коммуникацияның әрбір элементтері зерттеу пәні бола алады.

Бірінші жағдайда: сол социум өмірінде мәдениеттің рөлі мен орны зерттеледі. Мұндай зерттеудің мақсаты — қайсыбір әлеуметтік - демографиялық топтардың мәдени деңгейін қарастыру. Бұл аса күрделі және көлемі жағынан өте ауқымды зерттеу. Шындығында, зерттеуші бұл жағдайда материалдық және рухани мәдениеттің барлық түрлеріне талдау жасауы қажет болады, бұл жерде әрбір индивидтегі мәдениеттің әр түрінің дамуының біркелкі болмауы оның мүдделері мен бейімділіктерін, оның кәсіби қызметінің ерекшелігіне байланыстығын ескеруді қажет етеді. Сондықтан батыстық әлеуметтану әдебиеттерінде «саяси адам», «көркем адам», т.б. солар сияқты терминдер кеңінен тараған. Мәдениеттің бүкіл түрін бірдей меңгеру ешқашан да болған емес. Сондықтан адамның (немесе топтың) мәдени дамуының интегративті көрсеткіші шартты және салыстырмалы түрде ғана.

Екінші жағдайда зерттеудің негізгі үш аспектісі туралы айтуға болады:

мәдени коммуникация элементтерінің ішкі өзара әрекеттері зерттеледі. Осы тұрғыдан алғанда, мәдениетті жасау, сақтау, бөлу және тұтыну арасындағы өзара әрекет зерттеудің пәні бола алады, сондай-ақ осы элементтердің кез келгенінің басқаларымен арақатынасы да зерттеу пәніне жатады. Сонымен қатар, кәсіби немесе мәдениетті өз бетінше жасаушылардың тұтынушылармен (мысалы, жазушы - оқырман, идеолог саяси әрекетке қатысушылар, артист - көрермен, т.б.), сынау - басқару органдарымен, т.б. өзара қарым-қатынасын зерттеу кең тараған. Осыған сәйкес осындай зерттеу пәні мәдениетті сынаушы немесе тұтынушы, яғни мәдени коммуникацияның кез келген қатысушысы бола алады; 2) мәдени коммуникацияның жоғарыда аталған элементтерінің кез келгенінің өзге де қоғамдық жүйелермен (экономикалық, саяси, отбасы - тұрмыстық, экологиялық, көркемдік және т.б.) арақатынасы зерттелуі мүмкін. Осы қоғамдық жүйелердің «түйісер» жерінде мәдениетті әлеуметтанулық зерттеудің ерекшелікті пәні — өндіріс, отбасы, тұрмыс, демалыс, тәрбиелік қызмет және т.б. пайда болады; 3) қайсыбір мәдениет түрін тұлғаның, топтың немесе қоғамның меңгеру деңгейін салыстырмалы түрде зерттеуге болады, бұл жағдайда олар зерттеу пәніне айналады (мысалы, адамгершілік, көркем шығарма және мәдениеттің басқа түрлері).

Зерттеудің бағыты мен сипаты, әлеуметтанушы қолданатын құралдар көбіне-көп мәдениет әлеуметтануының пәнін дәл анықтауға байланысты. Қазіргі зерттеушілердің назары, өкінішке орай, мәдениеттің ез ішкі заңдылықтарына емес, оған өзге қоғамдық жүйелер ететін ықпалға аударылып жүр.

Адам қызметінің түрі қанша болса, мәдениеттің де сонша түрі бар. Сондықтан әлеуметтануда мәдениетті зерттеудің пәнін анық табу ерекше маңызды. Жоғарыда аталған мәдениеттің түрлерінде ортақ заңдылықтар болуымен қатар, олардың әрқайсысына тән ерекше заңдылықтар да бар, мәдениеттің нақты бір түрін зерттейтін адам осыларды ескеруі қажет. Сөйтіп, мәдениет әлеуметтануы езіне бірнеше салыстырмалы түрдегі дербес ғылыми пәндерді қосқан, олар бір-бірімен байланысқан үш топқа бірігуі мүмкін:

1) негізінен материалдық мәдениетті зерттеуге бағытталған әлеуметтанулық пәннің тобы:

- а) материалдық өндіріс мәдениетінің әлеуметтануы;
- б) тұрмыс мәдениеті әлеуметтануы;
- в) физикалық мәдениет әлеуметтануы;
- г) сексуалдық мәдениет әлеуметтануы;

2) негізінен рухани мәдениетке жататын әлеуметтанулық пәндер тобы:

- а) білім беру әлеуметтануы;
- б) ғылым әлеуметтануы;
- в) адамгершілік мәдениеті әлеуметтануы;
- г) діни мәдениет әлеуметтануы;
- д) көркем мәдениет әлеуметтануы;

3) материалдық және рухани мәдениетке, яғни вертикальды қиылысуға жататын әлеуметтанулық пән топтары:

- а) саяси мәдениет әлеуметтануы;
- б) құқық мәдениеті әлеуметтануы;
- в) экономикалық мәдениет әлеуметтануы;
- г) эстетикалық мәдениет әлеуметтануы;
- д) экологиялық мәдениет әлеуметтануы.

Әлбетте, зерттеуші мұнын бәрін қамтуы тіптен мүмкін емес, ол үшін мәдениеттің әрбір түрі туралы арнайы танымы болуы керек, ал бұл түсінікті себептерге байланысты мүмкін емес. Сондықтан дүниежүзілік практикада мәдениет әлеуметтануы, әдетте, жоғарыда аталған «буындардың» екіншісімен, яғни рухани мәдениет әлеуметтануымен шектеледі. Соның өзінде де әлеуметтанушы мәдениеттің бір ғана түрін зерттеумен шектеледі, айталық, білім әлеуметтануы, ғылым, мораль, дін, өнер. Қазіргі кезеңде одан да тар мамандандыру байқалады. Айталық, өнер әлеуметтануынан ерекше ғылыми пән ретінде театр әлеуметтануы, кино, концерттік қызмет, бейнелеу өнері әлеуметтануы бөлінді. Білім әлеуметтануынан орта мектеп әлеуметтануы, кәсіптік-техникалық білім, жоғары мектеп әлеуметтануы бөлінді. Әлеуметтану пәні бұдан әрі де жетіле, тереңдей беретін сияқты.

Мәдениет әлеуметтануының өзге әлеуметтану пәндері сияқты өзінің ұғымдық аппараты бар. Оның ең басты ұғымы — «мәдениет» жоғарыда қарастырылды. Сонымен қатар, белгілі бір жүйені құрайтын оның басқа да негізгі ұғымдары бар. Мәдениет негізгі үш «буынды» құрайды: когнитивтік, жүріс-тұрыс (тәртіп), пракссологиялық. Әлбетте, мұндай бөлу шартты ғана, өйткені бұл «буындардың» бәрі бір-бірімен өзара тығыз байланысқан, өзара әрекеттес. Бірақ мәдениетке әлеуметтанулық талдау жасау үшін, оның ұғымдар жүйесін терең түсіну үшін мұндай бөлудің белгілі бір мәні бар.

Когнитивтік «буын» мәдениеті адамзат баласының жинақтаған дүниетанымдық парадигма, білім, дағдылар, іскерліктер — әлеуметтік қызметтің барлық түрлерін әлеуметтік тәжірибенің қозғалысы, даму жиынтығы ретінде сипаттайды. Оның негізгі әлеуметтанулық бірлігі ретінде мәдениет құндылықтары ұғымы алынған. Кейде мәдениет құндылығы деп оның қайсыбір шығармаларын және зат формасындағы: кітап, сурет, мүсін және т.б. есептейді. Алайда, мұндай тұрғыдан қарау өте тар және дәл емес. Мәдениеттің құндылығы қызмет түрінде де өмір сүре алады, оның авторынан ажырамайды. Орындалатын еңердің бүкіл түрлері - би, жеке ән салу, актердің сахнада ойнауы, эстрада еңері және т.б. орындаушының қызметі ретінде өмір сүреді және бұл қызмет белгілі бір уақыт аралығында ғана іске асады. Бұл қызметті таспаға жазып алу, пленкаға түсіру осы қызметті сақтау, қалпына келтіру болады. Мұғалімнің, шешеннің, лектордың, адвокаттың, діндардың қызметі туралы да осыны айтуға болады.

Сонымен, мәдениет құндылығы мәдени қызметтің нәтижесі ретінде немесе қайсыбір адамдардың әлеуметтік қауымдастықтары үшін жалпы маңызды мәдени құндылығы бар осы қызметтің езі қарастырылады. Мұндай

қауымдастық ретінде қайсыбір адам топтары, мамандық (мамандық мәдениеті құндылығы), діни қауымдастық, әлеуметтік - демографиялық топтар (мысалы, жастар мәдениетінің құндылығы), тап, халық, ұлт, бүкіл адамзат қарастырылуы мүмкін.

Адамның қызметі мәдениеттің тәртіп «буыны» арқылы да реттеледі. Мұндай реттеудің мақсаты — қоғамның әлеуметтік күтілсін, қызметтің сәйкестігіне қол жеткізу. Осы реттеу құралы ретінде мәдениет нормалары алға шығады. Бұл нормалар қызметтің сапасына және осы қауымдастық мүшелерінің тәртібіне қойылатын әлеуметтік қауымдастықтың тұрақты топтары болып табылады.

Ең алдымен нормативтік құқықта адамгершілік мәдениетіне тән, соңғысы адамдардың қоғамдағы күнделікті жеке басының тәртібін өзіне жинақтаған этикет нормаларын да қамтыған. Десек те, нормалар жүйесі ғылымға да, көркем мәдениетке де ортақ. Сонымен қатар, барлық кәсіби мәдениет нормативті, өйткені ол осы мамандықтағы адамдарға ең жоғарғы үлгідегі — «дүниежүзілік стандарт» деп аталатынға сәйкес талаптар қояды. Мәдениет нормаларын салт-дәстүр, әдет-ғұрып, салт-жоралар, тыйым салу нақтылай түседі. Бұл әлеуметтік институттардың өздері де қайсыбір нақты жағдайда қажетті тәртіп үлгісін орнықтыратын нормалар болып саналады. Құндылықтар мен мәдениет нормалары тығыз байланысқан, яғни нормалардың өзі мәдени құндылықтар болып табылады. Мәдени құндылықтар мен нормалардың бірлігі мәдениет субстанциясын, оның «денесін» құрайды.

Когнитивтік және тәртіп «буындары» праксеологиялық «буынмен» синтезделеді. Бұл буын адамдардың мәдени қызметінің өзін реттейді, сондықтан оны «мәдениетті ұйымдастырушы» деп те атауға болады. Мәдениетті мұндай реттеудің құралы, дәлірек айтқанда, оның өзін-өзі ұйымдастыру құралы мәдениеттің әлеуметтік институттары болып табылады.

Мәдениеттің институттендірілуінің бастауы ежелгі заманнан, Абыздардың салт-жораларды ұйымдастыруынан басталған. Бұл процесс біртіндеп мәдениеттің барлық түрлері мен салаларын қамтыған. Әлеуметтік институттар ретінде білім, ғылым, құқық, дін, мораль, өнер қалыптасты. Олардың әрқайсысы, өз кезегінде, өз құрылымдарында олардың қызметін ұйымдастыратын көптеген әлеуметтік институттарды қалыптастырды.

Мәдениеттің тұлғалық аспектісін зерттеуде ол ұғымдар жүйесіне арқа сүйейді, олардың ең маңыздысы «мәдени қажеттіліктер, мүдделер, ұстанымдар», «мәдени қызмет», «мәдени орта» және т.б. Бұл жағдайда тұлға әлеуметтануының, оның бір қырынан алынған — мәдениетте қолданылатын жалпы ұғымдық аппарат қолданылады. Дегенмен, бұл жерде ең негізгі

ұғым «мәдени қызмет» болуы керек. Ол адам қызметінің материалдық-өндірістік, саяси, экономикалық, педагогикалық және т.б. ерекше, жеке түрі ретінде байқалмайды. Бұл кез келген әлеуметтік қызметтің саласы, адам дамуы үшін осы қызметтің маңызының сипаттамасы.

Мәдени қызмет мәдениет құндылықтарын жасауға, таратуға және тұтынуға бағытталған қызмет болғандықтан кез келген әлеуметтік қызметтің:

материалдық-өндірістік, экономикалық, тұрмыстық және т.б. құрамдас бөлігі болып табылады. Бірақ, қызметтің осы түрлерімен айналыса отырып, адам өз алдына өзгеше, утилитарлық мәдениеттен тыс міндеттер қояды.

Қызмет, егер де ол тұлғаның дамуына ықпал ететін болса, мәдени деп аталады. Сонымен қатар, тек тұлғаның дамуын арнайы мақсат еткен қызмет те бар. Мұндай қызметті тар және қатаң мағынада «мәдени» (культурный) деп атайды. Тек осындай қызметті ғана әдетте мәдениет әлеуметтануы зерттейді.

Бұл қызметтің қайнар кезі адамның мәдени қажеттіліктері болып табылады. Бұған адамның ең жоғарғы әлеуметтік қажеттіліктері — дамуы, өзін-өзі танытуы мен өзін-өзі баянды етуі, өз өмірінің шығармашылығы, оның мақсаты мен мәнін іздеу жатады. Тек осы қажеттіліктер ғана адамның мәдени, рухани деңгейін сипаттайды. Кең мағынада мәдени деген ұғымға, егер де оның жүзеге асуы тұлғаның дамуымен байланысты болса (культурный), кез келген қажеттілікті жатқызуға болады. Дәл осындай пікірді қажеттіліктерді нақтылайтын мүдделер мен нұсқаулар туралы да айтуға болады. Мәдениеттік байланыс белгілі бір мәдени ортада іске асады. Мәдени орта деп отырғанымыз әлеуметтік субъектіні қоршаған және оның мәдени дамуына, әрі мәдени қызметіне тікелей ықпал ететін заттық және тұлғалық элементтердің тұрақты жиынтығы. Кеңестік әлеуметтану әдебиеттерінде осы тұрғыдан қала, ауыл, еңбек ұжымы, жатақхана, отбасы, т.б. мәдени орта ретінде зерттелді.

Мәдени ортаның заттық элементтерінің қатарына:

а) мәдениет мекемелерінің саны және күйі, олардың материалдық базасы мен кадрлары (он мың адамға шаққандағы);

б) әлеуметтік кеңістіктегі аймақ мәдениеті (қала, ауыл, қоғамдық мекеме, баспана және т.б. мәдениеті);

в) жұрттың жеке меншігіндегі ұзақ пайдаланылатын мәдени заттар жатады.

Мәдени ортаның тұлғалық элементтері мыналар:

а) халықтың білім және мамандық деңгейі;

б) мәдениет қызметіне үстем етуші нұсқаулар;

Кең мағынада айтар болсақ, мәдениет әлеуметтануы әлеуметтанудың жай ғана саласы емес, ол қоғамдық өмірдің бүкіл проблемаларын қамтып, оларды өзіндік ерекше көзқараспен қарастырады.

Сонымен, әлеуметтанушының мәдениетті эмпирикалық зерттеуі негізгі элементтердің тізбегін: мәдени қажеттіліктерді — мәдени ортаны — нақты мәдени қызметті қарастыруға саяды. Жоғарыда айтылғандардан келіп мәдениеттің негізгі функциясы айқындалады:

-адам шығармашылығы (Ізгіліктік), яғни адамның шығармашылық қуаты оның өмір тіршілігінің барлық формасында дамиды (басты функция);

-мәдениет таным құралы және қоғамның, әлеуметтік топтың, жеке адамның өзін-өзі тануы болғандықтан, гносеологиялық (танымдық) міндеттер атқарады;

-ақпараттық - бұл әлеуметтік тәжірибені хабарлап, басқаларға қарағанда уақыт байланысын — өткенді, бүгінгіні және болашақты қамтамасыз етеді;

-коммуникативтік — бұл өзара түсіністіктің бірдейлігін қамтамасыз ететін әлеуметтік қарым-қатынас (общения) міндеті;

- құндылық - бағдарлық міндеті, яғни мәдениет өзіндік ерекше «әмірлік құндылықтар картасы» іспетті белгілі бір бағыт жүйесін береді, соның негізінде адам өмір сүреді және оған бағыт ұстайды;

-нормативтік - реттеушілік (басқарушылық) міндетінде мәдениет адам мінез-құлқына әлеуметтік бақылау құралы ретінде көрінеді.

Мәдениет ұғымының әр түрлі түсіндірілуі оны әлеуметтану тұрғысынан зерттеуде түрлі-түрлі тұрғыдан қарауға себепші болды. Мәдениет әлеуметтануы мәдениет дамуының әлеуметтік заңдылықтарын және сол заңдылықтардың адам қызметінде көріну формаларын зерттеумен шұғылданады. Өйткені олар қоғамдағы қатынастарды, сонымен қатар қоғам мен табиғат арасындағы қатынастарды реттеп отыратын идеяларды жасаумен, меңгерумен, сақтау және таратумен, түсініктермен, мәдени нормалармен және құндылықтармен, мінез-құлық, тәртіп үлгілерімен байланысқан.әлеуметтік қызметтен, айталық, еңбек, тұрмыс саясат, денсаулық сақтау, білім беру, т.с.с. мәдени мазмұнды табуға болады. Мәдениет әлеуметтануының тар мағынада қолданылуы рухани салада топталған өзінің жеке пәнінің болуында. Әлеуметтануда мәдениетті зерттеу кезінде оның аксиологиялық мәселесінің құнды компоненттерін бөліп көрсетудің ерекше маңызы бар, бұл әр түрлі деңгейде мәдениет элементтерін, атап айтқанда, жалпы қоғам, әлеуметтік топтар, тұлғалардың өзара байланысын қамтамасыз ететін мәдениет элементтерін бір жүйеге біріктіруге мүмкіндік береді. Мәдениетті әлеуметтану тұрғысынан зерттеуде мына міндеттерді шешу керек: дұрыс идеяларды анықтау, оны жасаушыларды белгілеу, оларды тарататын әдістер мен құралдарды анықтау, идеялардың әлеуметтік топтардың, институттардың және қозғалыстардың қалыптасуы.

Әдебиет тізімі:

1. Ж.Сәрсенова, Т. Тәңірбергенова. Әлеуметтану. Алматы,2000ж.
2. Ә.Х.Тұрғанбаев. Социология курсы. Алматы «Білім» 2001ж.
3. Р.Әбсаттаров, Дәкенов., Әлеуметтану. Алматы, 2004ж.
4. А.И.Иекенов. Әлеуметтану негіздері. Алматы, 2004ж.
5. К.Габдуллина. Социология. Алматы, 2005ж.
6. Социология. Оқулық. Алматы, 2005ж.
7. Социологиялық сөздік., Алматы, 2003ж.
8. Ш.Қарабаев.Әлеуметтану негіздері., Алматы, 2007ж.
9. Қ.Рахметов,А.Болатова,З.Исмагамбетова Социология. Алматы, 2005
10. Г.Әбдікорова.Тұлғаның саяси әлеуметтенуі. Алматы, 2002
11. Ф.Шарков. Социология, 2007
12. А.Нысанбаев.Адам және ашық қоғам, Алматы,1998.

Тапсырмалар:

Тапсырма 1

Кестені толтырыңыздар «Мәдениеттің анықтамалары».Кем дегенде бес мысал келтіріңіздер.

Анықтамалар	Авторлары

Тапсырма 2

Кестені толықтырып, толтырыңыздар «Өркениеттің тарихи типтері»

Тарихи уақыты	Тарихи типі	Мазмұны

Тапсырма 3

Кестені толтырыңыздар «Мәдениеттің формалары»

Атауы	Сипаты

Баяндамалар мен рефераттар тақырыптары

1. Мәдениет әлеуметтік феномен ретінде.
2. Мәдениеттің формалары.
3. Қазіргі Қазақстан мәдениетінің ерекшелігі.
4. Өркениет түсінігі және тарихи типтері
5. Өркениет тұжырымдамалары.
6. Субмәдениет түсінігі және типтері
7. Жастар субмәдениеті.
8. Контрмәдениеттің ерекшелігі.
9. Бұқаралық мәдениет түсінігі және сипаты.
10. Қазіргі қазақ жастарының мәдени талғамы.

Талқылау сұрақтары:

1. Соңғы жылдары біздің тұрмыстық өмірімізді жеңілдететін көптеген замануи техника түрлері пайда болды: компьютерлер, смартфондар, ноутбуктар,ыдыс аяқ жуатын машина және т.б. Қалай ойлайсыздар,осылардың бәрі адамдардың өмір салтың,мінезің, тіл табысу сипатың өзгерте ме?

2. Қоғамда әр түрлі субмәдениет типтерінің қалыптасу себептерің көрсетіңіздер? Қандай белгілер адамның субмәдениетке жататындығың аңғартады?

3. Элитарлық, халықтық және бұқаралық субмәдениеттерге қандай шығармашылық және өнер туындылары жатады?

4. Зейнеткерлердің, студенттердің, оқытушының субмәдениеттік ерекшеліктерің сипаттаңыз. Олардың айырмашылығы неде

5. Қалай ойлайсыздар, қазақ халқының кең пейілдігі мен қонақ жайлығы немен байланысты?

6. Сіздің ойыңызшы, жаппай жаһандану үрдісі қазақтың ұлттық болмысына қаншалықты қауіпті? Несімен қауіпті?

7. Бірқатар ана тілің білмейтің азаматтарымыздың ойынша, тілде сөйлеу немесе сөйлемей қазақтың білдірмейді. Ең бастысы еліңге бір пайданды әкелсе болды. Сіз қаншалықты осы ұстаныммен келісесіз?

Шығармашылық тапсырма

1. Қазақ мәдениетің асқақтатуға үлес қосқан көрнекті тұлғаларды негізге алып, ашық сабақ ұйымдастырыңыздар.

2. «Қазақтың ұлттық киімі және қазіргі сәндегі киім үлгілері». Салыстырмалы талдау. Презентация жасаңыздар

2.9 Жастар және білім әлеуметтануы

Сабақтың мақсаты: жастар және білім әлеуметтануының зерттеу пәнің анықтау, жастардың әлеуметтік топ ретіндегі қоғамдық рөлі және мүдделерімен танысу, білім саласының өзекті мәселелерің қарастыру.

Негізгі түсініктер: жастар, білім, ювентизация, әлеуметтендіру, бейімделу.

Жастар социологиясы – жастар әлеуметтік топтарының әлеуметтік сана-сезімі мен мінез-құлқын, жастар әлеуметтенуі үрдісін, аға ұрпақпен қарым-қатынастарын, қоғамдық түйінді мәселелерді шешудегі рөлі мен орнын зерттейтін ғылыми сала. Жастар социологиясы жеке ғылыми сала ретінде тұңғыш рет 1970 ж. Варна қаласында өткен Халықаралық әлеуметтанушылық конгресте мойындалды. Бұл осы салада теориялық та, қолданбалы-тәжірибелік те мазмұндағы ақпараттар көп жиналғанын көрсетті. Жастар әлеуметтік мәселелері әлемдік әлеуметтану ғылымының ең белсенді зерттеліп жатқан бағыты болып табылады. Бұған 1960 ж. кейін бірқатар елдерде орын алған бұқаралық жастар шерулері үлкен әсер етті. Социологиялық ғылыми зерттеу бағыттары жастар қозғалыстары, жастар субмәдениеті, жастардың еңбек және қоғамдық белсенділігі, жастардың тәуелсіз еңбек жолына түсуі, құндылықтық танымдарындағы өзгерістер, жастардың бейресми бірлестіктері, жастар әлеуметтік-психологиялық ерекшеліктері және т.б. көптеген мәселелерді қамтиды.

Жастар өзекті мәселелерің зерттеумен **Л.Розенмайер, К.Штарке, Э.Гидденс** сияқты белгілі социологтар айналысты.

Жастар социологиясы көптеген арнайы социологиялық теориялармен тығыз қарым-қатынаста дамиды. Әскери социология, қала социологиясы, өнер, ұжымдық топталу, мәдениет, жеке адамды зерттеу, бұқаралық коммуникация, денсаулық сақтау, мораль, білім, қоғамдық ұйымдар, дін, саясат, еңбек, басқару және т.б. көптеген әлеуметтік мәселелер жастар социологиясының дамуына үлкен әсер етті. Әлеуметтану ғылымында жастар өзекті мәселелері бүкіл қоғамның негізгі құрылымдық өзгерістерімен байланыстағы ерекше әлеуметтік топ ретінде зерттеледі. Қазақстандық жастар мәселелері бүкіл әлемде жүріп жатқан ғаламдастыру, урбанизация, ұлттардың қартаюуы, дүниеге бала әкелудің кемуі мәселелерімен байланысты.

Жастық шақ - адамның балалық пен үлкен өмір аралығындағы қалыптасу мен даму кезеңі. Адамның балалық шақтан үлкен өмірге аяқ басуы екі кезеңнен өтеді: жасөспірім және жастық бұл кезеңдердің хронологиялық (уақыт) шегі дәл айқындалмаған. Психологтар жасөспірім 14-18 жас, жастық 16-18 жас аралықтарын көрсетеді. Барлық халықтарда жас ерекшелігі адамның хронологиялық жасы емес, оның әлеуметтік мәртебесін белгілейтін ұғым болып табылады. Себебі көптеген жағдайларда адамның жасына қарай, оның қоғамдағы орны белгіленеді.

Қоғамдық еңбек бөлінісі адамның жасы мен жынысын есепке алуға негізделген. Көптеген еңбек түрлері адам жасына тікелей тәуелді. Жастық шақ әдетте білім алу немесе отбасын құру сияқты үлкен өмірге бастама болатын қоғамдық маңызды әлеуметтік қадамдар атқарады.

Жас стратификациясы әлеуметтік-психологиялық күтілістер мен санкциялар жүйесінен тұрады. Адам жастық шақтан бастап өзінің не қалайтынын және өз жауапкершілігін сезіне бастайды. Адамның денесі мен ақыл-ойы толығып, әлеуметтік өмірге белсенді араласуға әзір болады.

Дәстүрлі қоғамда жастар әлеуметтік қызметтер мен ролдерді тез игереді. Күрделі қоғамдарда жастар белгілі бір уақыт аралығында кәсіби даярлықтан өтуі қажет.

Әлеуметтік дәстүрге сай жастық шақ адамның өз отбасын құруымен аяқталады. Себебі бұдан соң адам бойында тәуелсіздік пен жауапкершілік пайда болады. Қазіргі таңда жастардың жеке таңдау мүмкіндігі шектелмеген. Бұқаралық ақпарат құралдары дамуының арқасында жастардың психологиялық жетістігі тек өз ортасымен ғана шектелмейді. Бұл жастардың әлеуметтік орта туралы жан-жақты хабардан болуын қамтамасыз етіп, интеллектуалдық дамуына жағдай жасайды.

Жас адамның шыққан тегі мен ата-анасының әлеуметтік мәртебесі, оның психологиялық және физиологиялық дамуына үлкен әсер етеді. Сонымен қатар бұған ұлттық мәдени орта, достарының әсері де қосылады. Әдетте жастар әлеуметтік өмірдің белсенді қатысушысы емес, тәрбиеге зәру адамдар ретінде қарастырылып келді. Қазіргі замандағы жастар ұйымдары мен бейресми топтар бұл тұжырымның қателігін дәлелдеді.

Жаңа фрейдизм теориясы. Жастық шақтың теориялық мәселелерін зерттеуге психосұрыптау теориясы үлкен әсер етті. Оның негізін австрия

психиатры З.Фрейд қалады. Ол жастар жыныстық, сезімдік дамуына арналған бірқатар ғылыми тұжырымдар енгізді.

З.Фрейд тұжырымдарын дамытып жаңа фрейдизм зерттеу бағытын қалыптастырған белгілі американ психологы Эрик Эриксон (1902-1982) болды. Жас адамның дамуы бір-біріне байланысты үш үрдістен құрылады. Физиологиялық дамуды биология, саналық дамуды психология, әлеуметтік дамуды әлеуметтану зерттейді.

Эриксон пікірінше негізгі даму заңы «эпигенетикалық ұстаным». Бұл ұстанымға сәйкес әрбір жаңа даму кезеңінде жаңа қасиеттер мен құбылыстар пайда болады. Жаңа кезеңге өту уақытында жас адам психологиялық тоқырауға ұшырайды. Біреулер үнсіз көтерсе, біреулер өзін қоршаған адамдармен егес-жанжалға түседі.

Эриксон адам өмірін сегіз кезеңге бөлді. Әрбір кезеңнің адам үшін пайдалы немесе пайдасыз шешілетін ерекше мақсаттары болады. Бұл кезеңдер: 1) Сәби шақ - басты мақсаты сәби бойында санасыз сенім қалыптастыру. Егер ата-ана қамқорлығы мен сүйіспеншілігі болмаса сәби бойында санасыз сенімсіздік қалыптасып, оның психологиялық дамуына нұқсан келтіреді. 2) Ерте балалық кезеңі – бала бойында жеке түсініктер, күмәнді ұғымдар қалыптастырады. Оның дұрыс рухани қалыптасуы күнде көретін адамдарына байланысты. 3) Ойын жасы – бастама сезімдерін қалыптастырады. Бұл жаста топтық ойын, өз құрдастарымен ойнау маңызды ролге ие. Бұл бала ойы мен қиялын қалыптастырады.

Қазіргі өркениетте білім әлеуметтік институттардың арасында алдыңғы қатардағы орындардың бірінде тұр. Қоғамдағы технологияның, экономиканың, саяси прогресстің қарқыны, мәдениеттің жағдайы, адамның аман-есендігі білімнің сапасына шешуші тұрғыда тәуелді болып келеді. Білім әлеуметтануы – келеңсіз тенденцияларды жоюға көмек көрсететін және қазіргі адамның мәдениетіне ықпал ететін жаңа күштерді іздестіретін ғылымдардың бірі. Білім әлеуметтануы нені зерттейді? Оны қызықтыратын саланы қысқаша түйіндеп айтар болсақ, онда оның білімді әлеуметтік-мәдени институт ретінде, оның генезисін, өмір сүруін, құрылымын, ұйымдастыру тәсілдерін, білім беру саласының әлеуметтік құрылымы динамикасын, осы саланың басқа қоғамдық институттармен және адам өмірінің өзге де салаларымен өзара әрекеттерін зерттейді. Білім әлеуметтануының объектісі қызметін білім жүйесі және ол туралы ақпарат атқарады. Ал осы саланың пәні жөніндегі анықтама белгілі бір пікір тартыстарын туғызады. Оқу адам өмірінің үлкен кезеңін қамтиды, оның жемісті шығармашылық жылдарын алып қояды. Орта деңгейлі кәсіби мамандыққа талпынған жас адам он үш жыл оқуы тиіс, ал жоғары білікті мамандық алу үшін оның оқуының мерзімі жиырма жылға жетеді. Оқу - адамның білім саласындағы негізгі әректінің түрі. Оқушының бүгінгісімен ертеңі, білім саласындағы әрекеттердің барлық факторлары, түптеп келгенде, оқу қызметінің мазмұны мен анықталады. Әдебиеттерді оқу процесін белгілеу үшін мынандай терминдер қолданылады: оқу, білім беру, ғылым, білім және т.б. Бәріне ортақ ұғым ретінде «оқу» түсінігі алынған. Оқу термині басқа да

мазмұнда да айтылып, тек білімді меңгеруді білдіріп қана қоймай, белгілі бір білім жүйесін(ғылыми, теория, тұжырымдама) игеруді білдіреді. Ресей ғылымында оқуды «білімді меңгеру ретіндегі» түсінудің теориялық негізін көрнекті психолог С.Л.Рубинштейн қалыптастырған еді. Ол оқу мен ғылыми танымды әртүрлі деп есептеді.Оқу, түптеп келгенде, ерекше жағдайда оқушыларға білім беру мен олардың танымын басқарудағы танымның түрлерінің бірі. Соған сәйкес оқудың негізгі компоненттеріне: талдау, синтез,абстракциялау, «бүкіл таным үрдісінің жалпы бөлгіш» ретіндегі қорытындылау қызметін атқарады. Әлеуметтік өмірде оқу 1) адамның мәдениетті меңгеруіне, қоғамдық практикаға, еңбек қызметіне кіруіне қажетті дайындық кезеңі; 2) оқудың функциялары субъектіде қызметтің мәдени механизмдерін жасауға, яғни қайсыбір социумның мәдени жетістіктеріне негізделген қызмет болып табылады; 3) оқу тәжірибені меңгеруді ұйымдастырады;Орта оқу орнының қалыптасуы мен білім жүйесінің құрылымы.Мектеп - қазіргі білімнің негізгі, базалық институты. Оның өзіне тән функциясы – оқыту. Мектепті ұйымдастыру оқытушылар мен оқушылардың арасында белгілі бір өзара қарым-қатынасты бекіткен және солардан туындайтын басқа адамдармен өзара қарым-қатынастарды бекіткен. Әрбір мектепте оқытудың стандарты бар, оның міндеті оқушыларға белгілі бір деңгейде нақты міндеттерді атқаруға дайындау. Оқытудың басқа формаларынан мектепті әмбебаптық, көп тәртіптілік дайындық ерекшелейді.Білім жүйесінің құрылымы тұрақты элементтердің жиынтығын көрсетіп, олардың өзара әрекеті бүкіл қоғамдағы білім берудің институттық өмір сүруін қамтамасыз етеді. Бұл жүйенің құрылымы білімнің әлеуметтік зерттеу объектісі ретінде қарастыруға толық мүмкіндік береді.Білім беруде келесі функциональді жүйешелерді бөліп көрсетуге болады:- әр деңгейдегі басқару және үйлестіру;

- қаржы және материалдық-техникалық қамтамасыз ету жүйесі;
- қызметтің ғылыми негіздерін жасауға, соның ішінде білім негіздерін дайындауға жауапты жүйе;
- мамандар дайындау және олардың білімін көтеру жүйесі;
- оқу-тәрбие қызметінің жүйесі;
- әлеуметтік-тұрмыстық қамтамасыз ету,рекреация жүйесі;
- әлеуметтік-мәдени даму жүйесі;
- білім жүйесін дамытуға қатысатын қоғамдық бірлестіктер.Білім мекемелері білім жүйесіндегі салыстырмалы түрдегі өз алдына жеке құрылымды көрсетеді. Алайда олар өз кезегінде бірнеше негіздер бойынша құрылымданады:

- білім беру деңгейі бойынша;
- стандарттаудың және біліми табыстарды құжаттандырудың сипаты бойынша;
- меншіктік формасы мен мекемелердің жататын ведомствалары бойынша;
- мекемелердің азаматтық ұйымдастырылуы сипаты бойынша;

- білімдік дайындықтағы жетекші пәндердің бағыты бойынша;
- білім беру үрдісін ұйымдастыру формасы бойынша;
- білім дамуының типі бойынша;
- «нормальды» және балама;

Білім берудің негізгі функциональдық салаларына жататындар:

- өз бетінше білімін көтеру және білім беру;
- көпшілікке, топқа және жеке адамға арналған білім беру;
- интеллектуалдық, гуманитарлық, политехникалық, жаратылыстану ғылымдары, физикалық;

- іргелі-ғылыми және қолданбалы білім. Білім беру жүйесінде индивидтердің және топтардың жіктелуіне сол қоғамда орныққан кешенді әлеуметтік өзгерістер себепші болды. Мұндай жіктелудің негізделуін шетелдік әлеуметтанушылар көбінесе жекелеген топтардан: орта мектепті бітірушілерден, студенттерден, мұғалімдерден іздестіруде. Шындығында жіктелу аса күрделі сипатта жүреді және оның негізделуі сол қоғамдағы қалыптасқан әлеуметтік теңсіздік жүйесімен ғана емес, сонымен қатар білім жүйесінің өзіндік құрылымының ерекшеліктерімен де байланысты болады.

Әдебиет тізімі:

1. Ж.Сәрсенова, Т. Тәңірбергенова. Әлеуметтану. А. 2000ж.
2. Ә.Х.Тұрғанбаев., Социология курсы, Алматы «Білім» 2001ж.
3. Р.Әбсаттаров, Дәкенов., Әлеуметтану. Алматы, 2004ж.
4. А.Иекенов.Әлеуметтану негіздері. Алматы, 2004ж.
5. К.Габдуллина. Социология. Алматы, 2005
6. Социология. Оқулық. Алматы, 2005ж.
7. Социологиялық сөздік., Алматы, 2003ж.
8. Ш Қарабаев. Әлеуметтану негіздері., Алматы, 2007ж.
9. Қ.Рахметов, А.Болатова.Социология. Алматы, 2005ж.
10. Г.Әбдікорова.Тұлғаның саяси әлеуметтенуі. Алматы, 2002ж.
11. Ф.Шарков.Социология, 2007ж.
12. А.Нысанбаев.Адам және ашық қоғам, Алматы,1998ж.

Тапсырмалар:

Тапсырма 1

Кестені толтырыңыздар: «Жастар және білім әлеуметтануының зерттеу пәні»

Жастар әлеуметтануы	Білім әлеуметтануы

Тапсырма 2

Кестені толтырыңыздар «Жастар әлеуметтануының теориялары»

Теориялар	Авторлары	Мазмұны
-----------	-----------	---------

Тапсырма 3

Әлеуметтану бойынша сөздікті қолданып, келесі терминдерге анықтама беріңіздер: жас ұрпақ, білім, жастар субмәдениет, ювентизация, әлеуметтік желі, сән.

Талқылау сұрақтары:

1. Қазақ жастарымен өзге ұлт жастарының арасында қандай айырмашылық бар деп санайсыз?
2. Қазақ жастары не нәрсеге ұмтылуы керек?
3. Қазіргі білім жүйесінің жақсы және кемшілік тұстары қандай деп ойлайсыз?
4. Сәндінің бәрі жарасымды әрі әдемі ма?
5. Қазақ жастары өз бойына қандай ұлттық құндылықты сіңіріп, тәрбиеленуі керек деп ойлайсыз?
6. Еліміздегі студенттік жастардың мәселелерін шешу үшін қандай ұсыныс енгізер едіңіз?
7. Батыс елдерінің білім жүйесі біздің білім саласымен салыстырғанда әлде қайда сапалы деген пікірмен қаншалықты келісесіз?

Шығармашылық тапсырмалар

1. «Қазіргі табысты жас адам» портретін сүреттеңіз.
2. Сәнді әрі көрікті қазіргі қазақ қызың сүреттеп, қағаз бетіне түсіріңіз.

Баяндамалар мен рефераттар тақырыптары

1. Жастар әлеуметтік-демографиялық топ ретінде.
2. Жастарды әлеуметтендіру процесінің ерекшелігі.
3. Жастардың саяси өмірге араласу мәселесі.
4. Қазіргі жастар арасындағы діни сауаттылық.
5. Жастар және қоғам: өзара ықпал ету.
6. Жастардың мәдени талғамдары.
7. Жастар еңбек нарығында: әлеуметтік мәселе ретінде.
8. Жастардың бойында патриоттық сезімді тәрбиелеу мәселесі.
9. Қазақтың ұлы ойшыларының жас буынды тәрбиелеуге қатысты ойлары.
10. ҚР жастар туралы мемлекеттік саясат бағдарламасы.

2.10 Нақты әлеуметтанулық зерттеу жүргізудің әдісі мен техникасы.

Сабақтың мақсаты: социологиялық зерттеудің мәнін, қызметі мен түрлерін, методологиясы мен әдіс-тәсілдерін анықтау.

Негізгі түсініктер: социологиялық зерттеу, сұрау-салу, сауалнама, сұхбат, бағдарлама, іріктеу, техника.

Социологиялық зерттеу-социологтардың қазіргі уақытта назарын аударып отырған әлеуметтік құбылыс туралы білім алуға бағытталған іс-әрекет. Бүгінгі күндердегі социологиялық зерттеу алуан түрлі жұмыстардың бүтіндей бір кешені болып табылады. Әлеуметтік зерттеуді бір мақсат көздейтін бір-бірімен тығыз байланысты әдістеме білімдік, әдістемелік және ұйымдық-техникалық рәсімдер жүйесі деп блген жөн: мақсат-зерттеменің құбылыс немесе үрдіс туралы айқын деректер жинап, оларды пайдалану.

Социологиялық зерттеулер мынадай қызмет атқарады:

1.әлеуметтік құбылыстардың, үрдістердің нақты жайкүйін бейнелеу немесе оларды өзгертуге әсер етер факторларды анықтау;

2. басқару шешімдерін негіздеп, оларды жүзеге асыру тиімділігін бағалау;

3.кездесер қиыншылықтарға талдау жасап, әлеуметтік субъектілердің мүмкіндіктерін, әлеуметін толық пайдалануға бөгет жасар қиындықтарды жою жөніндегі ұстанымдарды белгілеп беру;

4. әлеуметтік субъектілердің мүмкіндіктерін белгілеп беру;

Әлеуметтік зерттеулердің үш түрі бар. Алға қойылған мақсатқа, орындалатын міндеттердің көлеміне, күрделілігіне, талдау ісінің мән-маңызына сәйкес барлау жүргізетін, жазып көрсететін және талдау жасайтын зерттеулер болып бөлінеді.

Бұлардың ішінде ең күрделісі-талдау жасайтын зерттеу. Оның негізгі-жете ойластырылған бағдарламада және тыңғылықты тексерілген әдіс құралдарында (анкете, бланк, сұхбат т.б). Мұндай зерттеу арқылы зерделенетін терең себептер де айқындалатын болады.

Жазып көрсететін зерттеу-қарапайым әдіс. Оның мақсаты зерделенетін құбылыстар және олардың құрылымдық элементтері туралы бүтіндей бір тынанымдық көзқарас беретін деректер жинастыру.

Барлау жүргізетін зерттеу-аталған үш зерттеудің ішіндегі ең қарапайымы, өйткені ол мазмұны жағынан мейлінше шектеулі міндеттерді атқарады. Ол әдетте, зерттелетін шағын жинақтарды қамтиды, күрделі бағдарламаны керек етпейді, онда көлемі жинақты әдістер қолданылады. Оның басты артықшылығы-жедел социолоргиялық ақпарат жинауда. Бұл орайда терең үрдістер, олардың болу себептері зерттелмейді, үстірт жатқан ақпарат қана жинастырылады.

Кез-келген нақты социологиялық зерттеу мынадай бес негізгі кезеңдерден тұрады:

1.Зерттелетін құбылыстарды анықтап, бастапқы гипотезаларды тұжырымдау;

2.Зерттеу жоспарын жасау;

3.Мәліметтер жинау;

4.Жиналған мәліметтерді тәртіпке келтіру;

5.Ғылыми түсіндірме жасап, оны тексеру

Зерттеу объектісін анықтау және жоспарын жасау қоғамдық құбылысты ғылыми танып білудің бірінші кезеңі болып табылады, өйткені жинақталған фактілердің объективтігі мен ақиқаттығы, қорытындының ғылыми дұрыстығы көп болып табылады. Алдымен практикалық мақсатқа жетуге, әлеуметтік проблемаларды шешудің алгоритмдерін іздеуге, практикалық ұсыныстар жасауға бағытталады. Мұндай зерттеулерде жаңалық болуы міндетті емес, проблеманы белгілі бір дәрежеде «типтік» сипаттама шешілуі керек.

Мақсатты дәл айқындау-бағдарламаның аса маңызды методологиялық талабы. Эмпериялық зерттеудің мақсатын белгілегенде, міндетті түрде тапсырыс берушімен келісу керек. Талдамалық зерттеу бағдарламасында мақсат қарастырылып отырған құбылыстың, процесстің құрамдас бөліктерін сипаттап қан қоймай, оның пайда болуы, даму себептері мен деректерін анықтауға бағытталуы керек.

Социологиялық зерттеу жұмыстарын жүргізген кезде зерттеушілер әр түрлі әдіс-тәсілдер жиынтығын қолданды. Бұлар:

1. Сұрау салу әдісі;
2. Бақылау әдісі;
3. Сынақ әдісі;
4. Құжаттарды талдау әдісі;

Бұл әдістерді қолданған кезде әр түрлі проблемалар туындау мүмкін.

Сұрау салу әдісінің негізгі түрлеріне анкеталық сұрау мен әлеуметтік интервью жатады. Олар кейбір белгілеріне қарай: тұтастай және ішінара, тікелей және саралап, ауызша және жазбаша, бетпе-бет және сырттай, бір реттік, көп реттік болып жіктеледі.

Бұл әдістің атауының өзі-ақ оның құрылымын көрсетіп отыр: зерттеуші (сұрау әдісінің негізгі құжаттарын жасаушы, анкетаны тікелей жүргізуші) мен респондент (сұраушы), сондай-ақ оларды байланыстыратын аралық буын анкета.

Ең алдымен анкета-жүргізуші құрал жабдықтарды ойластырушы болғандықтан да зерттеу жұмыстарының мақсаты мен міндеттерін білу үшін қажетті ақпаратпен қамтамасыз етілуі тиіс. Әрбір анкета жүргізушінің ұйымдастырушылық қабілетімен бірге көпшіл, тіл тапқыш, сауалнамаға қатысушының іске тарта білуге қабілетті, анкета толтыру кезінде сенімділік пен тиімді жұмыста қалыптастыруға қабілетті болуы керек. Бірақ бұндай адамды табу өте оңай емес.

Сұрау салу біткен соң, анкета жүргізуші есеп құжаттарын толтырған анкеталарды, маршрут парақшаларын, сұрау салу туралы есепті жинақтап, өңдеп тапсырады.

Сондай жұмысты жүргізу барысында анкета жүргізуші көптеген материалдық шығындарға ұшырауы да мүмкін.

Бақылау-зерттелетін объектіге қатысты социологиялық мағлұматтарды көзбен көріп, құлақпен есту арқылы жинау әдісі.

Социолог-бақылаушы бақылау нәтижелерін тіркеп отыруға байланысты ұдайы қиындықтарға ұшырап отырады. Ереже бойынша нәтижелерді тіркеу

зерттеушілермен байланысты кейін жүзеге асады. Мұнда да өзіндік проблемалар туындайды: кейбір қажетті жағдайлар ұмытыла бастайды. Кейде тіркелген нәтижелер шындыққа сай келмей жатады; өйткені оған бақылаушының өзіндік көзқарасын, Ұстамынан туындайтын субъективтік бағалары әсер етпей қоймайды.

Сынақ әдісі кезінде барлық шартты түрде дербес тәжірибелік факторларды жоспарлы түрде енгізіп отыру, бақылап отыру қажет.

Мәліметтерді талдау қажеттілігі маңызды алғы шарты болғандықтан, бұл жұмыс көп қиындықтарды талап етеді, яғни мұндай талдау арқылы, қорытынды жасау керек.

Болашақта анкета таратылатын адамдарды оқыту, үйрету ісі көбінесе нұсқаушы семинар түрінде өткізіледі. Содан кейін олардың дайындық дәрежесі өткізіледі.

Зерттеу жұмысының жоспарын жасаған кезде болашақта жиналатын мәліметтерді реттеу және талдау тәсілдеріне байланысты белгілі бір техникалық құралдар сатып алу немесе уақытша пайдалану үшін жалдау жағы ескеріледі, бұл үшін қаражаттың мөлшері атап көрсетілуі қажет.

Әдебиет тізімі:

1. Ә.Тұрғынбаев.Социология. Алматы білім 2001ж.
2. Р.Әбсатаров, М.Дәкенов Әлеуметтану. Алматы. Қарасай.2007ж.
3. Ғабдуллина Қ.Құқық социологиясы.Алматы 2004ж.
4. Әлемдік әлеуметтану анатомиясы. Алматы,2005ж.
5. Әлемдік саясаттану Антологиясы. 8-том, Алматы , 2007ж.

Тапсырмалар

Тапсырма 1

Әлеуметтік зерттеудің түрлеріне сипаттама беріңіз:

	Түрлері	Сипаттама

Тапсырма 2

Кестені толықтыру қажет :

	Ұғым	Анықтама
	Анкета	
	Сұхбат	
	Сауалнама	

	Мәліметтер	
	Зерттеу объектісі	

Тапсырма 3

Кестені толтырыңыздар:

Зерттеу әдісі	Түрлері	Қолдану мүмкіндігі
Сұрау-салу		
Бақылау		
Құжатты талдау		
Эксперимент		

Тапсырма 4

Әлеуметтану сөздігің пайдаланып, келесі терминдерге анықтама беріңіз:
әдіс, социологиялық тәсіл, техника, іріктеу жүргізу, құжатты талдау, эксперимент.

Тапсырма 5

Кестені толтырыңыздар:

Сұрақтарды классификациялау Критериясы	Сұрақ түрлері	Сұрақтардың сипаты	Қолдану мақсаты	Сұрақтардың үлгілері
1. Формасы бойынша	Ашық			
	Жабық			
2. Құрастыру тәсілі бойынша	Тікелей			
	Жаңам а			
3. Мазмұны бойынша	Негізгі			
	Негізгі емес			
	ә) сүзегі-сұрақтар			
	а) қақпан-сұрақтар			

	б) бақылау сұрақтары			
--	----------------------------	--	--	--

Тапсырма 6

Төменде берілген сауалнаманы құрастырғанда жіберілген қателіктерді көрсетіңіздер.

Сауалнама

1. Аты-жөні _____
2. Жасыңызды көрсетіңіз _____
3. Жыныс белгісі: ә) ер; а) әйел;
4. Отбасыңыздың айлық табысың көрсетіңіз _____
5. Сіздің қандай банкіде есеп -шотыңыз бар ?

Талқылау сұрақтары:

1. Социологиялық зерттеудің негізгі кезеңдерін атаңыз?
2. Қандай социологиялық әдістер бар?
3. Сұрау-салу әдісін сипаттаңыз?
4. Не себепте социологиялық зерттеулердің пәні тұрақсыз?
5. Қандай негізге сүйеніп социологиялық зерттеудің тақырыптары таңдалып алынады деп ойлайсыз?

Шығармашылық тапсырмалар

Тізімде берілген тақырыптың бірің алып, бағдарламасың әзірлеп, студенттер арасында (топ ішінде немесе факультет шеңберінде) социологиялық сауалнама жүргізіңіз.

Тақырыптар:

- 1.Қазіргі қазақ жастарының музыкалық талғамдары.
- 2.Патриоттық сезім:қазақ жастарының түсінігі.
- 3.Ішімдікке салыну әлеуметтік дерт ретінде.
- 4.Жастар арасындағы нашақорлық мәселесі.
- 5.Жастар арасындағы суицид: әлеуметтік дерт ретінде.
- 6.Қазіргі Қазақстанның еңбек нарығы: жұмыссыздықтың себептері.
- 7.Қазіргі студенттің әлеуметтік сүреті.
- 8.Ұрпақ сабақтастығы:қазақ жастарың ұлттық дәстүрде тәрбиелеу мәселесі.
9. Қазақ тілінің қоғамдағы орны: әлеуметтік мәртебесің көтеру жолдары мен амалдары.
- 10.Үштілдік оқыту:пайдасы мен зияңы.

Баяндамалар мен рефераттар тақырыптары

1. Жұмыс жоспары және оның қызметі.
2. Әлеуметтік зерттеу және оның түрлері.
3. Әлеуметтік зерттеудің бағдарламасы.

4. Әлеуметтанудағы әдісінің түсінігі. Әлеуметтік әдістердің топтасуы.
5. Сұрау-салу- мәліметтер жинақтау әдісі ретінде.
6. Құжаттарды талдау- мәліметтер жинақтау әдісі ретінде.
7. Бақылау- мәліметтер жинақтау әдісі ретінде.
8. Экперимент- мәліметтер жинақтау әдісі ретінде.

3-тарау Саясаттану

3.1 Саясаттану ғылым ретінде

Сабақтың мақсаты: саясат түсінігі, саясаттану пәнінің анықтамасы, саясаттанудың қоғамдық пәндер жүйесіндегі орнын анықтау, саясат туралы ғылымның негізгі қызметтерің және әдістерің қарастыру, қоғам өміріндегі саясаттың рөлін талдау.

Негізгі түсініктер: саясат, саясаттану, саясаттану қызметтері, саясаттану әдістері, саясаттану пәні, саясаттану объектісі, саяси ғылымның зерттеу мен зерделеудің негізгі проблемалары.

Бүкіл әлемде, оның ішінде түбегейлі бетбұрыс жасап демократиялық өзгерістерді іске асырып жатқан елімізде, саясаттан тыс тұрған адам жоқ. Сондықтанда кәсіби мамандығына, әлеуметтік мәртебесіне қарамастан, әрбір адамға қажет деп тұжырымдау орынды, өйткені ол қоғамда өмір сүріп отырып, басқа адамдармен және мемлекетпен өзара іс-қимыл жасайды. Саясат туралы білім алу қоғамдағы өзінің алатын орны мен атқаратын рөлін түсінуі, өз қажеттерін басқа адамдармен бірлесе отырып жақсырақ қанағаттандырғысы, оларды мемлекет ауқымында іске асырудың мақсаттары мен құралдарын таңдап алуға ықпал жасағысы келетін әрбір адамның мүдделеріне сай келеді. Ал саясатты түсінбеу және оны әдейі елемей келеңсіз зардаптарға ұрындырады, адам тіршілігінен шектеп қалуға, ал ең қиын жағдайда оның негіздерін өзіне қатер төнуіне апарып соғады. Дүниежүзілік қауымдастықта және Қазақстанда қалыптасып отырған тарихи жағдай саяси білімдер деңгейіне, әрбір азаматтың белсенді саяси тәжірибеге араласудың

дәрежесіне біздің өміріміздің, біздің ойлау жүйеміздің, саяси іс-әрекетіміздің іс жүзінде байланысты екенін дәлелдейді.

Саясаттану адам және қоғам туралы өзге де ғылымдар сияқты адамның білімін қалыптастыруға, өткенді, қазіргіні, келешекті дұрыс түсініп, орнын анықтауға көмектеседі.

Саясаттану сөзі гректің **«politika»** және **«logos»** деген сөздерден шыққан, **саясат туралы ғылым** деген мағынаны білдіреді. Саясат термині мемлекетпен, өкімет билігі қатынастарымен, адамдар мен қоғамға басшылық ету ғылымдармен байланысты көне заманғы ұғымдарға негізделген.

Дәстүрлі түсінік бойынша **саясат** дегеніміз, ең алдымен, мемлекеттік және қоғамдық істер, адамдар, әлеуметтік топтар, халықтар мен мемлекеттер арасындағы айқын көрінетін және өкімет билігі жөніндегі қатынастармен байланысты қызмет саласын білдіреді. Әлеуметтік сирек ұштасатын құбылыс ретінде оған саяси институттар мен ұйымдардың қызмет атқаруы, саяси нормалар мен дәстүрлері, адамдардың басқару қызметі, олардың әлеуметтік-саяси мүшелері мен қажеттері, саяси идеялары мен көзқарастары жатады.

Саясат - өкімет билігі мен қоғамды басқару тұрғысындағы таптар мен әлеуметтік топтар арасындағы қатынастардың, қызметтің, тәртіптің, бағдарлардың және коммуникациялық байланыстардың сан алуан әлемі ретінде түсіндірілетін әмбебап қоғамдық сирек ұшырасатын құбылыс.

Саясаттану пәні қоғамның саяси санасын, оның даму заңдылықтарын, қазіргі саяси өмірді ұйымдастырып, басқаруды, оның құрлысы мен сан-алуан қызметтерін зерттейді. Ол адамзаттың қоғамдағы құқығы, еркіндігі мен міндеттері, жеке адамның саяси-құқықтық жағдайы, оның саяси өмірге қатынасу тәсілдері, саяси өзгерістердің түрлері, саяси мәдениетті қалыптастыру жолдары, қазіргі заманғы сан түрлі саяси идеалық көзқарастар, саяси сананың дамуы туралы, дүниежүзілік дамудың қозғаушы күштері туралы түсінік береді. Ол өткендегі және қазіргі саяси жүйелерді, адамдардың санасындағы, көзқарасындағы, мақсат-мүддесіндегі және мінез-құлық, іс-әрекетіндегі саяси өзгерістерді қарастырады. Ал, бір жағынан жиналған деректерді қорытады, екінші жағынан, құбылыстардың өзара ұқсастығы бойынша болашаққа болжам жасайды.

Салыстырмалы (comparative) әдіс- екі немесе одан көп саяси объектілерді бір бірімен салыстыру арқылы зерттеме жасау. Бұл әдіс арқылы объектілердің жалпы ұқсастығы және айырмашылығы табылады. Кезінде бұл әдіспен Аристотель, Платон, Монтескье зерттемелерінде қолданған. Салыстырмалы әдіс арқылы: 1) саясат туралы дәлелденетін білім жүйесін қалыптастыруға; 2) саяси тәжірибені, тәртіпті және саяси процесстерді бағалауға; 3) саяси құбылыстарды, оның келешегін болжауға мүмкіндік табуға болады. Саяси әлімнің шын мәнін түсіну үшін, оның әр түрлі аумақтардағы, региондардағы ар алуан түрлерін зерттеу керек. Мысалы, мемлекет құрылымы, заң шығару органдары, партиялар, сайлау жүйелері және тағы басқалары. Социологиялық әдіс –саяси өмірдің құбылыстарын талдау үшін

бағытталған нақты социологиялық зерттемелердің жиыны: анкетирование, сұрақ қою, эксперименттер, статистикалық анализ, математикалық модель жасау. Социологиялық әдіс арқылы саяси болжамдау жасалынады. Қазіргі заманда осы әдістің негізінде қолданбалы саясаттану пайда болды, осында зерттемелердің нәтижесі интеллектуалды тауар болып табылады. Ал оған тапсырыс беруші – билік органдары, саяси партиялар, мемлекеттік ұйымдар.

Психологиялық әдіс – саяси тәртіптің субъективті механизмдерін, мінездемелерін, индивидуалды қасиеттерін зерттеуге арналған тәсіл. Бұл әдістің негізінде Аристотельдың, Сенеканың, Макиавеллидың, Ж.Ж.Руссоның, Т.Гоббстың тұлға мен билік, адам табиғаты туралы, азамат тәрбиелеу жайында идеялары жатыр. Психоаналикалық зерттеме арқылы көбіне саяси елбасшылық феномені зерттелінеді, оының ішінде – психобиографиялық және психотарихи бағыт. Психобиографиялық бағыт бойынша, басшылық феномені адамның бала және жасөспірім кезіндегі ерекшеліктерімен байланысты. Бұл әдіс бірнеше зерттемелерде орын тапқан: З.Фрейд және У.Буллит еңбегінде «Томас Вудро Вильсон, 28-і президент АҚШ. Психологиялық зерттеме», Г. Лассуэл «Психопатология және политика», В.Витгенштейн «Революциялық тұлға. Ленин. Троцкий. Ганди» және т.б.

Экономика — бұл адамның және қоғамның өз тіршілік әрекетін материалдық камтамасыз етуінің саласы. Ол екі жақты бөлінбейтін бірлігі бар сабақтас тарабы - саймандар, өндірістің құралы, еңбек ресурстарді жиынтығынан құрастырылатын өндіргіш күштер және өндірістік қатынастар бір жағынан, басқа жағынан - заттар, еңбек құралдар, үлестірілу және шығарылған өнімдердің тұтынуы жөніндегі адамдардың арасындағы қатынастардың жиынтығы.

Бұл адамның және қоғамның өз тіршілік әрекетінің материалды камтамасыз етудің екі тараптары диалектикалық өзара байланыстарда болып дамиды. Өндіргіш күштердің дамуы нақтылы оған сәйкес өндірістік қатынас деңгейін талап етеді. Өндірістік қатынастар, өз кезегінде, өндіргіш күштердің дамуына, олардың жылдамдатып өрлеуіне немесе баяулатуына белсене ықпал етеді. Аталған екі тараптардың арасындағы дауының шешілуіне саясат ықпалін тигізеді. Экономика және саясат өзара әрекетте және өзара байланыста болады.

Батыстың индустриалды дамыған елдері, жақында ғана индустриалды өндірістен жоғарғы технологиялар мен ғылыми-технологиялық өндіріске өткел болған, бүгінде терең дағдарыстың табалдырықтарында тұр. Экономикалық хаосқа мемлекеттік биліктерінде үлкен өзгерістерден өткен көптеген шығыс Еуропаның елдері кіріп тұр. Бұл Елдерде қалың қарапайым халық пен байсымақтар арасындағы қарымқатынасы алыстауда. Сонымен қатар, Кеңес одағының жақында ғана дүниелік державаның аумағында пайда болған егеменді мемлекеттіктерінің де заманы оңай емес: инфляцияның өсуі, жұмыссыздық, өнеркәсіптің өнімі және ауыл шаруашылығының өндірісі түсуде.

Сонымен, саясат және экономиканың өзара байланысы өте тығыз. Осындай өзара байланысты анықтайтын рөлін экономика орындайды. Ол саясаттың материалды негізін құрайды. Экономикалық процесстердің дамуы саясаттың дамуын бағыттайды. Саясаттың мазмұны, не бір саяси шешімдер және әрекеттер ақырында адамдардың экономикалық мүдделерімен анықталады. Экономикалық заңдарды саналы қолдану - шынайы саясат болып тұр. Саясаттың және экономиканың өзара байланысының бір жағы осылай айқындалады. Алайда осы байланыс біржақты болып табылмайды.

Саяси өмір толығымен экономикаға тәуелді болғанымен, саясаттың өз алдына экономикаға ықпалы бар. Осыған дәлел бола алатын өзіміздің еліміздің тарихы. Көптеген саяси шешімдер қоғамдық өмірдің өрістеріне, экономикалық салаларының өзгерістеріне келтірген. XX ғасырдың басындағы Қазан төңкерісінен туындаған коллективизация халқымызды қиын жағдайға ұшыратты. Ал Кеңес Одағы кезіндегі алкогольге қарсы үкіметің әрекеті, қайта жаңғырту (перестройка), бағалардың либерализациясы да оңай өткен жоқ. Сондықтан, Саясат та экономикалық дамуға үлкен әсер етеді, өйткені ол экономикалық шешімдердің құралы болып табылады.

Әдебиет:

1. Балғымбаев А.С. Саясаттану. Оқу құралы. -Алматы, 2003.
2. Жамбылов Д.Ә. Саясаттану. Оқулық. -Алматы: Жеті Жарғы, 2010.
3. Құндықов Е.С. Саясаттану негіздері. Астана, 2000.
4. Раздыков, С. З. Основы политологии - Астана : Фолиант, 2008.
6. Политика. Толковый словарь под ред. Айна Маклина. – М., 2001

Тапсырмалар

Тапсырма1

1. Кестені толтырыңыз «Саясат туралы анықтамалар»

	Анықтамалар	Авторлары

- 2.Кестені толтырыңыз «Саясаттану әдістері»

	Әдістің аталуы	Негізгі мазмұны

Тапсырма 2

Саясаттың деңгейлері бойынша Қазақстандағы саясатты талдап көріңіз.

Тапсырма 3

Кестені толтырыңыз:

	Тарау	Нені зерттейді
	Саяси философия	
	Саяси әлеуметтануы	
	Саяси антропология	
	Саяси тарих	
	Саяси жантану	
	Саяси география	

Тапсырма 4

Дұрыс жауабың жазыңыз:

1. Саясаттану зерттейді.....
2. Саясаттанудың объектісі.....
3. Саясаттанудың зерттеу пәні.....
4. Саяси процестердің олардың кеңістік жағдайымен, аймақтық, климаттық және басқа да табиғи факторлармен өзара байланысын зерттейтін саясаттанудағы бағыт.....
5. Саяси ғылымдардың Халықаралық ассоциациясы құрылды.....
6. Саясатты оқып - білуді жеке адамдар мен топтардың алуан түрлі мінез-құлқын нақтылы зерттеу арқылы іске асыратын саясаттанулық әдіс.....
7. Қазіргі және болашақтағы байланысымен айқындай отырып қарастыратын саясаттану әдісі.....
8. Түрлі елдердегі саяси құбылыстарды өзара салыстырып, олардың жалпы ортақ және жеке ерекшеліктерін ажыратуға оны танып білуге мүмкіндік беретін саясаттанудың әдісі.....
9. Саясаттанудың функциялары.....
10. Тоталитаризмнің идеялық негізін қалаған аникалық ойшы.....

Талқылауға арналған сұрақтар

1. Саясат-бұл тек қана ғылым емес, соңымен қатар өнер. Осы оймен келісесізбе?
2. Не себепте саясат пен экономиканың өзара байланысы әлеуметтік мүдделермен және адамдардың арақатынастарымен белгіленіп, қалыптасады? Пікіріңізді негіздеп, білдіріңіз.
3. Саясаттанудың функциялары
4. Саясаттанудың қоғамдық ғылымдар мен байланысы неде?
5. Саясат деген не және ол қашан пайда болды?
6. Саясаттан тыс адам өмір сүре ала ма?
7. Саясаттанудың негізгі қарастыратын мәселелері қандай?
8. Саясаттың қызметтеріне не жатады?
9. Саясат пен моральдың ерекшеліктері неде?
10. Теориялық және қолданбалық саясаттанудың ара қатынасы қандай?
11. Басқа әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдардың ішінде саяси ғылымның орны қандай?

12. Тұлғаның саяси мәдениетін қалыптастыруды, оның демократиялық құндылықтарды бойына сіңіруге саясаттанудың әсері қандай?

Шығармашылық тапсырмалар

1.Берілген тақырыпқа эссе жазыңыз «Мамандарды кәсіби дайындаудағы саясаттанудың рөлі»

2.Саясаттудың жеке білім саласы ретінде қалыптасуының тарихи себептері мен факторларын сипаттаңыз.

3.Берілген тақырыпқа эссе жазыңыз «Саясат лас іс пе әлде жоқ па?»

4.Саясат пен мораль сәйкес келеме? Саясаткер моральды ұстанып,қызметің атқара ала ма ?

Баяндамалар мен рефераттардың тақырыптары:

1. Саясат және мәдениет: өзара қарым-қатынасы.
2. Саясаттанудың саяси білімнің дамуындағы рөлі.
3. Экономика және саясат: арақатынасының ерекшелігі.
4. Гуманитарлық білім жүйесіндегі саясаттану
5. Қазіргі Қазақстандағы саяси ғылымның дамуы.

3.2 Саясаттану ғылымының қалыптасуы мен дамуы

Сабақтың мақсаты: саяси идеялардың пайда болуын түсіндіру,олардың дамуының негізгі кезеңдерің; ежелгі дәуір мен ортағасырдағы саяси ойды қарастыру; Жаңа дәуірдің саяси теорияларын, қазіргі саяси мектептерді, қазақ саяси ойының негізгі бағыттарың қарастыру.

Негізгі түсініктер: антикалық полис, тирания, аристократия, олигархия, охлократия, полития, демократия, «қоғамдық келісім» теориясы, билікті бөлу теориясы , консерватизм, либерализм, социализм, бихевиоризм.

Саяси ойлар тарихы адамзат өмірінде ерекше орын алатын сөзсіз қажетті ғылыми, мәдени мұра болып табылады. Ғасырлар бойы жинақталған зерттелген, қоғамның пайда болуы мен дамуы олардың саяси жүйелерінің қызметтері туралы мол мағлұматтар береді. Саяси ілімдер тарихынан хабардар болу, оны танып білу бүгінде жүріп жатқан тіршілік үшін, қоғам, мемлекет, үкіметтер үшін өте қажет. Әлемдік деңгейдегі ойшылдардың саяси ілімдер тарихына қосқан ғылыми зерттеулері адамзат баласы үшін маңызы өте зор.

Саяси ілімдердің аяғынан тік тұрып қалыптасу кезеңі адамзаттың діни-мифологиялық танымынан өтіп ақыл-ойға сүйенген мезгілімен қабаттас келді. Сондай-ақ, бұл кезең қоғамдық өндірістің даму сатысындағы таптар мен мемлекеттің шығуымен тұстас еді.

Б.э. дейінгі (І-ІІ мың жылдықты) ежелгі Египеттіктердің қытайлықтардың, үнділердің, гректердің, римдіктердің әлеуметтік саяси

түсініктері діни-аңызға негізделген сипатта болды. Олардағы өкімет билігі, басқару тәртіптері көбінесе құдаймен байланыстырылды.

Б.э.д. VIII -VI ғасырларда сол кездегі өмірде, тіршілікте адамдар арасындағы қатынастарда оның ішінде мемлекет, билік, құқық, ұғымдары, бұрын беймәлім болып келген өзге де жаңа пікірлер айтыла бастады. Сондай-ақ, діни-аңызға негізделген көзқарастардан біртіндеп арылу тенденциясы да байқалды. Ендігі жерде өмірге көзқарас көбінесе ғылыми негізге сүйене бастады. Көзқарастардың бұлай өзгеруіне Заратуштраның (Перссия), Конфуцийдің, Мо-цзының (Қытай), Будданың (Индия) ілімдері басты рөл атқарды.

Ежелгі Қытай ойшылы **Конфуций** (б.з.д. 551-479 ж.ж.) өзінің саяси доктринасын моралды максималарға негіздендірді, үлгілі адам концепциясын жасады. Конфуций бойынша, ондай адам адмгершілікті (*жень*), адал, таза ниетті болуы керек. Ойшыл идеяларын жанұйя, қоғамға, мемлекет ұйымдастыруға байланыстырған. Конфуций ел басқарудың «адамгершілікті басқару» принципін ұсынды. Басшы адам негізгі шешім қабылдауда тұрақты және адал болып өз халқының жағдайын ойлап тұру керек деген. Дана адам-басқарушы жақсы біледі – адамның бәрі абырой мен байлаққа ұмытылады, ал кедейлік пен беделсіздіктен қашады. Жалпы айтқанда, Конфуций үшін әлеуметтік дифференциацияны жақтау және қоғам мүшелері арасында міндеттерді иерархиялық бөлу сипаттамалы.

Гректің ғұлама ойшылы Гераклит б.э. дейінгі шамамен 520-460 жылдарда өмір сүрген. Ол: "Әлемде бәрі қозғалысқа түсіп, бәрі біртіндеп өзгеріске ұшырайды" - дей келіп әлеуметтік теңсіздік жаратушы күш арқылы реттеледі деп түсінеді. Аристократия жағындағы Гераклит құлдықтың сақталуын қорғап, мемлекеттегі заңдардың тұрақты болуына үлкен мән береді.

Гераклит: "қарама-қарсылықтар бірінсіз-бірі өмір сүре алмайды. Яки белгілі бір қарама-қарсылық, екінші бір қарама-қарсылыққа өтеді. "Суық жылынады, жылылық суынады, ылғал кебеді, құрғақ ылғалданады" деген тұжырымға сүйенген ол өмір мен өлімді, түзу мен қисықты, жақсылық пен жамандықты, күн мен түнді, жоғары мен төменді бір таяқтың екі ұшы іспетті деп біледі. Бұлар бір-бірімен бірлестікте әрі қарама-қарсылықта. Қарама-қарсылық өзара мәңгі күресте.

Демокрит (б.э. дейінгі 460-370 жылдар шамасында) өмір сүрген, құлдык демократияны жақтаған, антикалық материализмнің өкілі болды. Егер адамдар бір-бірін күндемесе, зияндық жасамаса, бір-біріне сенсе онда заңдардың да қажеті шамалы деген пікір айтады. Сондай-ақ, ол қоғамның пайда болуы мен даму сырын зерттеуге талпынады.

Әйгілі ежелгі грек ойшылдары **Платон** және **Аристотель** алдыңғы тарихи материалдарды талдап саяси өмір туралы біртұтас ілім құрастырған. **Платонның** (б.з.д.427-347) мемлекет жайлы ойының философиялық негізі – идеализм болып табылады, ол мемлекеттің идеалды үлгісін құрастыруін мақсат еткен. Идеалды мемлекет туралы Платон «Мемлекет», «Заңдар»,

«Софист», «Парменид» еңбектерінде айтады, бұнда ол адал мемлекетті адам мен салыстырады, мысалы: адамның жанының үш бастамасына (ақылдығы, қаһарлығы мен қозулығы) мемлекеттің үш бастамасы сәйкес (келісімділігі, қорғаныстығы, іскерлігі). Ал осы соңғы үш бастамаға елдің үш қатары сәйкес: басшылар, жауынгерлер, жұмысшылар. Адалдыққа келгенде, осы әр қатардың адамдары тек өз қатарымен араласып тек өзінің ісімен айналысуы керек, сонымен басқа қатардың жұмысымен араласпасын дейді. Және де осы бастамалар бір бірінің алдында иерархиялық бағынуда болғаны міндетті, мысалы: ақылды бастаманың өкілдері - философтар басшы болу керек, қаһарлық – жауынгерлер елін қорғау керек, қозулық бастаманың өкілдері - жұмысшылар ел басшыларына жағдайын жасап бағынуі міндет.

Платон бойынша, ең дұрыс идеалды мемлекетті іріктелген, асыл тұқымның адамдары басқарады, басшысы бір болса – **монархия**, ал ақ сүйекті басшылары бірнеше болса – **аристократия** болады. Платон аристократиялық басқаруды идеалды деп белгілейді және оған керісінше нашар мемлекетті басқару түрлерін көрсетеді. Егер елде осындай иерархиялық бағыну жойылса, жер мен үйлер жеке меншікке айналса, құлдар еркін адам қатарына қосылса, таза асыл тұқымды ақ сүйекті адамдар шекке шығарылып, **атаққұмарлық адамдардың билігі- тимократия** орнайды. Бұл мемлекеттің адамдары басшылыққа дана, ақылды адамды жолатпайды, және байлық біршама адамның қолында ғана болғандықтан **олигархия – азғантай бай адамдардың билігі** орнайды. Сонымен, кедейлік көбееді, бай адамдарға жек көрушілік белгілі бір уақыттан кейін міндет түрде төнкеріске келтіреді, ал осының нәтижесінде **халық билігі – демократия** пайда болады. Платон бойынша, осы кезде «шексіз бостандық» адамдарды бұзады, қара тобыр адамдар билікке сайлаған адамын шығарады, ал қара тобыр халық көбіне сауатсыз болғандықтан билікке ешқандай дайынғы жоқ адамды шығарады. Ондай адамның билігі белгілі бір уақыттан кейін **тиранияға - қатал, мейірімсіз, езуші адамның билігіне** айналады. Сондықтан, тирания – басшылықтың ең нашар түрі. Платон айтқан: «Заңға бағынбайтын мемлекет тез қирайды, ал егер де басшы – заң болса мемлекет өрлейді, елі Құдайлардың ризалығында болады».

Аристотель(б.з.д. 384-322) мемлекет деген де оны Полис – ежелгі грек еліндегі қоғам мен мемлекеттің саяси-экономикалық ұйымы, қала-мемлекетті айтады. Негізгі саяси еңбектері - «Саясат», «Афиналық полития», «Этика», «Риторика». Аристотель бойынша, биліктің дұрыс түрі – монархия, аристократия, политияны жатқызады. Ал бұрыс түріне – тирания, олигархия мен демократияны.

Аристотель бойынша, демократия белгілі бір уақыттан кейін **охлократияға – қара тобыр адамдардың билігіне** айналады. Жалпы айтқанда, ойшыл демократияның барлық түріне қарсы болған. Аристотель: **«адам – саяси жануар»** деген.

Орта Заман саяси ой діннің ықпалы түседі. Үкімет басында дін иелері болды. Билік Құдайдың күдіретінен деп шығарылды. Осы заманның көрнекті

өкілдері – **Аврелий Августин, Фома Аквинский** және көптеген басқалары. А.Августиннің саяси көзқарасы «Құдай қаласы туралы» деген еңбегінде баяндалған.

Христиан дінінің теориясын жасап, шыңына жеткізген монах Фома Аквинский (1225-1274) өмір сүрді. Оның саяси көзқарастары "Билеушілердің басқаруы туралы", "Теологияның жиынтығы" деген еңбектерінде қаралды.

Аквинский өз шығармаларында Аристотельдің көзқарастарын католик дінінің қағидаларына бейімдеуге тырысты. Атап айтсақ ол Аристотельдің адам қоғамдық және саяси тірі жәндік деген пікірін негізге алды. Жалғыз адам әу бастан өз мұқтаждығын, қажеттілігін жеке - дара қанағаттандыра алмайды. Сондықтан бірігіп мемлекет болып өмір сүру адамдардың пешенесіне әуел баста жазылған деп түсіндірді. Мемлекеттік биліктің мақсаты - "ортақ игілікке" жету, адамдарға лайықты, ақылға сыйымды өмір сүруге жағдай жасау. Ол үшін феодалдық-сословиелік жіктелудің сақталуы шарт. Жоғарғы сословиеге бәрі бағынуы тиіс. Фоманың ойынша, билік құдайдың құдіретімен орнайды және соның бұйрығымен жүзеге асырылады. Билік басындағылардың халыққа жасаған жақсылықтарының бәрі бір жаратушының арқасы деп түсіндірді. Сондықтан патшалық билік жоғары діни билікке бағынуы тиіс. Оның пайымдауынша аспанда құдай, жерде Рим папасы билеуі керек. Ол биліктің монархиялық түрін жақтады. Осыған ұқсас саяси көзқарас мұсылман дінінде де орын алды. Онда билік дін басыларының қолында болуын көздеді. Құранның талабы бойынша қай мұсылман болмасын Аллаға, оның өкіліне және билік иесіне бағынуы тиіс.

Әйгілі араб ойшылы Ибн Хальдун (1332-1406 жж.) өмір сүрген. Ол "өзінің Тарихқа кіріспе" деген еңбегінде қоғам мен билік түрін ғылыми талдап береді. Адамның жануардан айырмашылығы сол ол билікті қажет етеді деген пікір айтады. Оның осы пікірі екі түрлі саяси қағидаға негіз болды:

- а) қоғамдық топтардың өзара дау-жанжалын шешудің қағидасы;
- б) басшы топтар билігінің шеңберлі айналу түрінің қағидасы.

Қайта Өрлеу дәуірінің көрнекті өкілдері – Никколо Макивелли, Жан Боден.

Никколо Макиавелли (1469-1527) буржуазиялық жаңа саяси ойдың негізін салушы болды. Оның атақты шығармалары «Патша» («Тақсыр»), «Тит Ливийдың бірінші онкүндігі жөніндегі ойлар», «Флоренция тарихы». Макиавелли дінге қарсы болды. Саясаттану ғылымына жасаған жаңалығы: саясатты теологиялық түсінуден арылтып, саяси ойды қоғамдағы табиғи өмірден туған мәселелерді шешуге бейімдеді. Шындықтың тәжірибесі сенім емес, тәжірибе дейді, өткенді түсініп, осы күнгіні басқаратын – тәжірибелі ғылым. Саяси ойға «мемлекет» ұғымын алғашқы рет енгізген. Оның әйгілі қағидалары: «Мақсат амалды ақтайды», «Басшы астындағы бағыныштылардың сүйіспеншілігіне бөлінбесе де қаһарына ұшырамас үшін елді қорқытып қатал болу керек» және басқалары.

Томас Мюнцер (1493-1525 жж.) Германиядағы Ұлы шаруалар көтерілісі кезіндегі "халық реформасы" ағымының ірі саяси қайраткері. Ол

қоғамда шешуші рөл атқаратын саяси бағдарлама жасауды ұсынды. Бағдарламадағы негізгі талап, жеке меншікті жою мүліктерді біріктіріп, таптық айырмашылықтарды теңсіздікті, болдырмау жалпы бірдей теңдікті кіргізуді жақтады. Мюнцердің мұндай негізсіз, қарапайым коммунизмі кейіннен діни мазмұн алып өзгеріске ұшырады. Ниеті түзу прогресшіл рөл атқарғанымен, оның іс жүзіне асуы өте күрделі еді.

Мюнцердің замандастары алғашқы социалист утопистер Т. Мор мен Т. Кампанелла да халық мүддесін ойлап, келешек адамды адам қанамайтын қоғам туралы өз ойларын, тұжырымдарын білдірді.

3. Жаңа заманның буржуазиялық революциялары арқылы орналды, Ұлы Француз революциясының ұраны: бостандық, теңдік, бауырмашылық болды. Осы кездің әйгілі ойшылдары – **Т.Гоббс, Джон Локк, Шарль Луи Монтескье, Жан Жак Руссо**. Осы ойшылдардың еңбегінде қоғамдық келесімдік теориясы пайда болды. Бұл дәуірдің ағылшын ойшылы Томас Гоббс «мемлекет- жасанды дене, басындылар – тұтастың бөлігі» деген.

XVII-XVIII ғ.ғ. Солтүстік Американың Атлантикалық жағалауы Британия колонияларына айналды. **Метрополия – колостында колониялары бар мемлекет**. Колониялар метрополиядан толық тәуелді болатын. Америка халқының демократия жолында азаттық күресі Томас Джефферсон (1743-1826) атымен байланысты. Ол сол кездегі АҚШ-тың «Тәуелсіздік Декларациясы» авторы.

19 ғасырда коммунисттік және утописттік көзқарастарды қалыптастырған француз ойшылы **Фурье** болатын. Осы заманда утописттік социализм ілімін қалыптастырған – Сен-Симон, Фурье, Оуэн.

Экономикалық ілімді біріктіріп бір ғылым жүйесінде топтастырушы **Адам Смит** (1723-1790) болып табылады. Ол Шотландияда шенеуніктің жанұясында дүниеге келді. 1740 ж. Глазго қаласындағы университетті тамамдап, өзінің білімін әрі қарай жетілдіру үшін Оксфорд университетіне оқуға түсті. Философия, әдебиет, тарих, физика, математика пәндерімен айналысты. Ол 28 жасында Глазго университетінің философия және мораль пәндерінің профессоры болды. 1764 ж. Францияға келіп, мұнда Дидро, Кенэ, Тюрго сияқты атақты адамдар мен кездесті. 1759ж. жарияланған А.Смиттің «Моральдық сезім теориясы» деген еңбегі, оның атағын шығарды. Смит 1778ж. Эденбург қаласының кеден комиссары қызметін атқарды, ал 1787ж. Глазго университетінің ректоры болды.

А.Смит өзіне дейінгі **экономикалық ой-пікірлерді бір жүйеге келтіріп, ғылыми талдау** жасады. Оған өзінің ұстанған және ұсынған методологиясы тірек болды. А. Смит классикалық саяси экономия методологиясын дамытуға айтарлықтай үлес қосқан адам. Ғылым ретінде **саяси экономия** екі мәселені шешуі тиіс: экономикалық шындықты объективті талдап, оның даму заңдылығын ашу (позитивтік жағы), мемлекет пен фирмалардың экономикалық саясаты үшін нақты ұсыныстар беру (нормативтік жағы). Оның тағы бір жаңалығы - **логикалық абстракцияны** одан әрі дамытып, тереңдетті.

А. Смит экономиканы зерттеу барысында ең басты, негізгі, заңды анықтауші белгілерді атап көрсетіп, кездейсоқ, жеке, жай элементтерден ойды алшақтатты. Осылай А. Смит құбылыстардың ішкі байланыстарын, сырт қарағанда көрінбейтін ішкі заңдылықтарды көргісі, ашқысы келіп талпынды.

А.Смиттің экономикалық жүйесі екі жақты қайшылықта болды. Бір жағынан, ол экономикалық категориялардың ішкі заңдылықтарын, байланыстарын ашуға тырысса, екінші жағынан, құбылыстарға бәсекенің әсерін, ықпалын талдап, адамдардың оларды түсінбейтініне сенді. Оның ойынша, адам өндіріспен айналысып, тек соны ғана ойлайды.

А.Смит еңбек бөлінісінің айырбас пен ақшаның теориялық мәселелерін терең зерттеген адам. Ол мануфактура ісіндегі, қоғамдағы және түрлі кәсіпорындар мен шаруашылық салаларының арасындағы еңбек бөлінісінің ерекшеліктерін ашты. **Еңбек – байлықтың көзі дегенге қосыла отырып, қоғамды еңбек одағы, сауда одағы** деп тың ойлар айтты. Мануфактуралық еңбек бөлінісі мамандануды көрсетіп жай айырбасқа, ал қоғамдық еңбек бөлінісі сатып алуды, сатуды қажет етеді деп көрсетті.

А.Смит өзінің экономикалық ілімінде капитал туралы, оның құрылымы, қорлануы, қоғамдық капитал, ұдайы өндіріс мәселелеріне ерекше тоқталады. Бір жағынан, Смит **капиталды жалдамалы еңбек арқылы жасалатын құн** дейді. Екінші жағынан, капиталды заттардың қоры, өндіріс құрал - жабдықтарының жиынтығы деп көрсетеді.

Әдебиет:

1. Балғымбаев А.С. Саясаттану. Оқу құралы. -Алматы, 2003.
2. Жамбылов Д.Ә. Саясаттану. Оқулық. -Алматы: Жеті Жарғы, 2010.
3. Назарбаев Н.Ә. Ғасырлар тоғысында. -Алматы: «Өнер», 1996.
4. Кокебаев Г. Халықаралық қатынастар тарихы. Хрестоматия. А., 1997.
5. Аристотель. Политика. Соч. М. 1989 .

Тапсырмалар

Тапсырма 1

Кестені толтырыңыз:

Саяси ғылымның қалыптасуының негізгі кезеңдері	Ерекше белгілері және сипаты	Көрнекті ойшылары
Ежелгі Шығыстың саяси ілімі (Мысыр, Екі өзең ортасы, Үнді, Қытай)		
Антикалық дәуірдің саяси ілімі (Ежелгі Греция, Ежелгі Рим)		

Ортағасырдағы саяси ілім		
Қайта Өрлеу және Ағартушылық дәуірлерінің саяси ілімі.		
Жаңа дәуірдің саяси ілімі		
XIX- XX ғ.басындағы саяси ілім		
XXғ.Шетел саясаттануы		

Тапсырма 2

Дұрыс жауабың жазыңыз:

1. Шығыстың ойшылы, «Мейірімді қала туралы трактат» атты еңбектің авторы.....
2. Аристотельдің пікірі бойынша басқарудың аса жетілген түрі.....
3. Биліктің патерналистік тұжырымдамасының авторы.....
4. Саяси ғылым негіздері туралы ең алғаш жүйелі мазмұндама берген ойшыл.....
5. Утопиялық социализм теориясының негізін салушы.....
6. Егемендік тұжырымдамасының авторы.....
7. «Сот реформасы жайындағы хат» шығармасының авторы.....
8. Билікті заң шығарушы, атқарушы және сот билігі деп жіктейтін теорияның авторы.....

Тапсырма 3

Н.Макиавеллидің «Патша» еңбегің оқып шығыңыз және келесі сұрақтарға жауап беріңіз :

Ә)Билеуші қандай болуы керек?

А)Макиавеллидің түсінігі бойынша мораль мен саясат қаншалықты бір-бірімен сәйкес келеді?

Б)Аталмыш еңбектегі қай ой қазіргі уақытта әлде де көкейтесті? (мысал келтіріңіз)

Талқылауға арналған сұрақтар

1. Саяси ғылымның тарихын оқып білудің маңызы неде?
2. Аристотель мемлекеттің түрін бөлгенде қандай өлшемді басшылыққа алды?
3. Платон мен Аристотельдің жекеменшікке көзқарастары қандай болды?

4. Платон мен Аристотель мемлекетті басқарудың түрі ретінде демократияға не себепті қарсы болды?

5. Орта ғасырлық саяси идеялардың ерекшеліктері неде?

6. Батыс Европадағы қайда өркендеу дәуіріндегі процестермен қазіргі біздің елдегі саяси процестердің арасындағы ұқсастық бар ма? Болса қандай?

Шығармашылық тапсырмалар

1. Не себепте антикалық ойшылар демократияны билеу формасы ретінде ең нашар деп есептеп, оны сынға алды? Эссе жазыңыз.

2. Шығыс және батыс саяси ойшыларының көзқарастарындағы айырмашылықтарды атаңыздар. Презентация дайындаңыздар.

3. Кейбір саясаттанушылардың пікірінше, Платоның ілімі тоталитаризмнің теоретикалық негізі болып табылады дейді. Қаншалықты олармен келісуге болады? Екі топқа бөлініп, пікір талас ұйымдастырындар.

Баяндамалар мен рефераттар тақырыптары:

1. Конфуцидің мемлекеттік-саяси доктринасы.

2. Платонның мемлекет туралы ілімі.

3. Аристотельдің саясат пен мемлекетке қатысты көзқарастары.

4. Цицеронның тұжырымдамасы.

5. М. Вебер және протестантизмнің саяси этикасы.

6. Мемлекет туралы маркс-лениндік ілім.

7. Ф. Аквинаттың саяси көзқарастары.

8. Аль-Фарабидің саяси көзқарастары.

9. Ш. Монтескье және оның билік тармақтарың бөлу теориясы.

10. Ислам саяси ойы.

3.3 Билік саяси феномен ретінде

Сабақтың мақсаты: биліктің мазмұнының, саяси биліктің құрылымы мен негізін, билікті жүзеге асыру тетігін талдау, биліктің легитимділігі мен тиімділігінің сәйкестігін сипаттау.

Негізгі түсініктер: кратология, билік, үстемділік, бедел, саяси билік, легитимділік, легальдік, легитимді үстемділіктің түрлері, билік негізі, билік ресурстары.

Билік жөнінде ғалымдар арасында әр түрлі анықтамалар мен тұжырымдамалар бар. Солардың негізгілеріне қысқаша тоқтала кетейік.

Телеологиялық анықтама билікті белгілі бер мақсатқа, белгілеген нәтижеге, қорытындыға жету мүмкіндігі деп түсіндіреді. Мысалы, ағылшын ойшылы Т. Гоббс (1588-1679) билік болашақта игілікке жетудің құралы және өмірдің өзі өле-өлгенше билік үшін үздіксіз ұмтылыс деп жазды.

Бихевиористік анықтама бойынша билік деп басқа адамдардың жүріс-тұрысын, өзін-өзі ұстауын өзгерту мүмкіндігіне негізделген іс-әрекеттің ерекше түрі.

Инструменталистік анықтама билікті белгілі бір құралдарды, амалдарды (зорлық-зомбылық, күштеу сияқты шараларды) пайдалану, қолдану мүмкіндігі деп біледі. Мәселен, Американың белгілі саясаттанушысы Р. Даль (1915 жылы туған) билік бір адамға екінші адамды өз еркімен жасамайтын іс-әрекетті жасауға мәжбүр ету мүмкіндігін береді дейді.

Структуралистік анықтама билікті басқарушы мен бағынушының арасындағы қатынастың ерекше түрі деп ұғады. Олар кейбір адамдарды туғанынан, табиғатынан әміршіл, басқарғысы келіп тұратын болады, ал басқалары көнбіс, көнгіш, басқа біреу өз ырқын билеп, басқарып, жол көрсетіп тұрғанын ұнатады, қалайды дейді. Солардың арасында, олардың ойынша, билік қатынастары туады.

Конфликтік анықтама билікті дау-жанжал жағдайында игілікті бөлуді реттейтін мүмкіндік, шиеленісті шешудің құралы деп түсіндіреді.

Біраз ғалымдар билікті кең мағынасында басқаларға тигізілетін жалпы ықпал ретінде қарайды.

П. Моррис, А. Гидденс сияқтылар, жоғарыдағы көзқараспен келіспей, билікті біреуге немесе бірдеңеге тигізетін жай ғана ықпал, әсер емес, оларды өзгертуге бағытталған іс-әрекет дейді.

Америка саясаттанушылары Г. Лассуэл мен А. Каплан «Билік және қоғам» деген кітабында билікті шешім қабылдауға қатысу мүмкіндігі ретінде сипаттайды.

Биліктің объектісі және субъектісі болады. Ол саяси өзгерістерге байланысты ауысып отырады.

Әдетте, «билік» деген сөз әр түрлі мағынада қолданылады. Оны ықпал ету бағытына, объектісіне байланысты былай етіп бөледі: ата-аналар билігі, мемлекеттік, экономикалық, саяси, әлеуметтік, құқықтық, әскери, рухани билік және т.б.

Саяси билік бар жерде теңсіздік бар. Мұнда біреулер билік етуге құқыты да, екіншілері оларға бағынуға міндетті. Бұл теңсіздік неден туады? Ол үшін саяси биліктің қарамағында теңсіздікті қамтамасыз ететін әдіс-құралдары бар. Оған жататындар:

Экономикалық қор. Қандай саяси билік болмасын оған қаржы-қаражат керек. Ұлттық валюта, алтын қор, материалдық құндылықтар, пайдалы қазба байлықтары және т.б. кіреді. АҚШтың Конституциясында кез келген АҚШ азаматы Президент бола алады деп көрсетілген. Бір тарихтағы президенттердің бірде-бірі кедей отбасынан шықпаған.

Әлеуметтік әдіс-құралдар. Үстемдік етіп отырған билік өзін қолдайтын, оның одан әрі өмір сүруіне мүдделі адамдар іздейді. Ондай рөлді ең алдымен оның мәртебелі, абыройлы, жалақысы мол қызметтерді атқаратын, көптеген жеңілдіктермен пайдаланатын қызметкерлері орындайды. Оларға көптеген рөлдер мен статустар беріледі.

Күш жұмсау құралдары. Олар мемлекетті қорғайды, ішкі тәртіпті сақтайды, саяси билікті құлатуға әрекет етушілерге мүмкіндік бермейді. Оған жататындар: әскер, полиция, қауіпсіздік органдары, түрме және т.б.,

Ақпарат құралдары. Қоғамдық пікір тудырып, саяси өмірге ықпал ету жағынан оны төртінші билік деп те атайды. Кейбір саяси қайраткерлер кім теледидарды бақыласа, сол бүкіл әлемді бақылай алады деп санайды. ХХІ ғасыр ақпарат ғасыры деп тегін айтылмаған.

Саяси биліктің өзіндік қызметтері болады. Оған жататындар: қоғамның саяси жүйесін қалыптастыру; оның саяси өмірін ұйымдастыру (ол мемлекет пен қоғам, таптар мен топтар, ассоциациялар, саяси институттар, мемлекеттік басқару органдары мен аппараттары, партиялар, азаматтар және т.б. арасындағы қатынастарды қамтиды); әр түрлі деңгейдегі қоғам мен мемлекеттің істерін басқару; өкімет органдары, саяси емес процестерге басшылық ету; саяси және басқа да қатынастарды бақылау және түптеп келгенде, белгілі бір қоғамға сәйкес басқарудың түрін, саяси тәртіпті және мемлекеттік құрылысты, ашық және жабық қоғамды құру, қоғамдық тәртіп пен тұрақтылықты қорғау; дау-дамай, шиеленістерді ашып, оларға шек қою және дер кезінде шешу; қоғамдық келісімге, мәмілеге келу және т.б.

Саяси экономикадағы мораль және билік сәйкестілігі

Саясат пен мораль – адамдардың тәртібін реттейтін біршама өзіндік тәсіл. Саясаттың қоғамдық қатынастардың саласы ретінде өзектілігін, мемлекеттің, қоғамның, тұлғаның игілігі үшін биліктің тетіктерін және ресурстарын тиімді пайдалану құрайды. Моральдің негізінде саяси қызмет мақсаттарының адамгершілігін, амалдары мен әдістерін дәлелдеу, тәжірибелік саясатты қоғамдық пікірмен бағалау және оны адамгершілік нормаларымен өлшемдеу. Бұл мораль мен саясаттың өзара әрекетіне себепші болады.

Біздің заманымызда саясаттың моральдық аспектілері үлкен өзектілікке ие болуда, баспасөзде ғылыми әдебиетте белсенді талқылануда. Кейде **саясат пен адамгершілік** ұғымдары жалпы үйлесімді ме, бұл категориялар бірін-бірі өзара жоққа шығармай ма деген сұрақтар да қойылады. Саясат пен моральдің ара- қатынастары саяси қарсыластарымен, әсіресе, сайлау науқандары. билік үшін күресте, қызмет орындары үшін тайталастарда шиеленіседі. Ал, **саяси билік үшін күресте барлық амал жақсы дегендей**. Міне, сонда саясат пен моральдің арасындағы өзіндік шиеленіс алаңында саяси қимылдар өріс алады. Бұның бәрі – саясаттың өнегелі беделін кетіретін сыртқы көлеңке, «сырт пішіні».

Саясат пен моральдің арақатынасы турасынан саяси режимге тәуелді болады. Құқықсыз күш көрсету, террор, билікті асыра пайдалану, бюрократизм және коррупция жайлаған антидемократиялық, реакциялық режимді елдерде саясат пен моральдің аралары үзіледі. Керісінше, демократиялық режим жағдайында гуманизм мен адамгершіліктің бастауымен саясат заңдылық шеңберінде жүзеге асады.

Бұл арада атап өтетін нәрсе, ол мораль мен саясаттың басты қоғамдық функциялары сәйкес келеді. Саясат пен мораль жалпы игілік пен әлеуметтік

әділдікті қорғауға негізі бар, бірақ та ол осындай адамгершілік міндеттерді орындаудан көп жағдайда қалыс қалады. Саясат оның ерекше қосымшасы ретіндегі моральдің реттеушілік сипатының жетіспеушілігінен туындайды. Сондықтан да, осы фактыны еске ала отырып, ежелгі дәуірдің ойшылдары саясатты этиканың бір бұтағы деп қараған. Саясат пен моральді бөлуді және ол туралы ілімді бірінші болып, тек қана ХУ ғ. аяғы мен ХУІ басында **Николо Макиавелли** атап көрсетті.

Саясат адамгершіліктің өзін-өзін бақылау тетіктерінің объективтілеу түрі, сыртқы көрінісі ретінде көрінеді. Мысалы, моральге тән өздерінің бағаларын құқық түрінде беретін және белгіленген нормаларды бұзушыларға тиісті жаза тағайындайтын ар-ұжданы функциясын сот орындайды.

Элементтерінің жалпылығына қарамай, саясаттың моральден түбірлі айырмашылығы бар. Олардың ішінде ең маңыздысы саясаттың шиеленістілігі. Бұрын аталғандай, саясат бүкіл қоғамды қамтитын және билікті қолдануды қажет ететін топтық әлеуметтік жанжалдарды шешуге бағытталған қызмет болып табылады. Ал, мораль көбіне саяси шиеленіске жете бермейтін жеке жанжалдардан тұратын адамдар арасындағы күнделікті қатынастарды сипаттайды.

Саясаттың тікелей қайнар көзі экономикалық және басқа да қажетті мүдделері болады, оның ішінде ең бірінші, ірі әлеуметтік топтардың мүдделері: ұлттар, таптар, қалың бұқара топтары, т.б. Моральдің тікелей қайнар көзі жалпыадамзаттық, тағы басқа да ұжымдық құндылықтар болып табылады, бірақ оған ілесу тұлғаға ешқандай жеке пайда бермейді. Сондықтан да мінез-құлықтың моральдық және саяси сарындарының бәсекелестігі – бұл рухани құндылықтардың және тікелей, ең алдымен материалдық, жеке мүдделердің күресі.

Көптеген моральдің императивтері идеалды сипат алады, олармен өз әрекеттеріңді біріктіру қажет, бірақ та шынайы өмірде оған жетуге ешкімнің қолы жете бермейді. Мысалы, өмірінде ешбір қулыққа бармаған, тек шындықты ғана айтқан, немесе христиандық адамгершілік өсиеттерімен өзін сүйген сияқты әрбір өзінің жақындарын сүйген адамды кездестіру қиын.

Мораль ылғи жеке дара болып келеді, оның субъектісі және жауапкершісі – өзінің адамгершілік таңдауын жасайтын жеке адам. Ал, саясат топтық, ұжымдық сипатта болады. Онда индивид жеке бөлік немесе таптың, ұлттың, партиялардың өкілі ретінде көрінеді. Оның жеке жауапкершілігі ұжымдық шешімдер мен әрекеттерде зым-зия жоқ болып кетеді.

Саясат жағдаятты болады. Табысқа бет түзей отырып, ол мақсаттарға жетуге әсер ете алатын шынайы жағдайларды, барлық факторларды есепке алуы қажет. Ал, моральдық талаптар өз негізінде универсалды және өз кезегінде, нақты жағдайдан тәуелсіз болады.

Саясаттың ең маңызды ерекше айырмашылығы күшке сүйену, талаптарды орындамғандарға мәжбүрлеу санкциясын қолдану болып табылады. **М.Вебердің** сөзімен айтсақ, саясат, «ерекше амалдың көмегіне сүйенеді – ол оның артында тұрған билік».

Ал, мораль шын мәнінде күшті мінейді және ең бастысы ар-ұжданға арқа сүйеді. Жеке басының ар-ұжданы, егер ол дамымаған болса, тіпті адамды қылмыс жасағаны үшін де кешіруі мүмкін. Ал, саясат тек қана дұшпандары мен қылмыс жасағандарды ғана емес, кейде адамдарға қорқыныш тудырып, кінәсіздерді де жазалайды.

Жоғарыда көрсетілген мораль мен саясаттың ерекшеліктері осы өмір қызметі салаларының өздерінің дербестігін дәлелдейді де, саясат пен моральдің өзара әрекеттестігі, ара-қатынастары туралы әртүрлі пікірлердің тууына негіз болады.

Атап өту керек, саясат пен моральдің өзара қарым-қатынастары туралы әлемдік әлеуметтік-саяси өмірде төрт негізгі көзқарас бар екенін бөліп айтамыз. Олардың ішінде тарихи жағынан ең бірінші моральдық көзқарас болып табылады. Бұл көзқарас тұрғысында, саясат жоғары адамшылық мақсаттарға ие болып қана қоймай (жалпы игілік, әділеттілік, т.б.), сонымен бірге қайсібір жағдайларда да мүмкін болатын адамшылық амалдардың көмегімен адамшылық принциптерді бұзбау (шыншылдық, адамдарға мейірбанды болу, адалдық және т.б.)

Тіпті Жаңа заманға дейін қоғамдық ойда үстемдік еткен саясаттағы моральдық көзқарас ХХІ ғасырда да өзінің маңызын жойған жоқ. Гректің ұлы ойшылы **Аристотель: «рақымдылықсыз адам ең ұждансыз және өте жабайы жәндікке айналады»** деп пайымдаған. Сондықтан да саясат азаматтар алдында билік құрылымдарының міндеттері бар әлеуметтік этика, өнегелілік философия болып табылады.

Айта кету керек, бүгінгі күні ұшқарылықтан айырылған моральдық көзқарас, мысалы, қазіргі заманның ең ықпалды саяси қозғалыс болып табылатын христиан – демократиялық қозғалыстың идеологиясында көрініс тауып отыр. Мұндай көзқарас саясат субъектілерінің адамгершілік бағыты деп түсіндіретін, олардың оны әлеуметтік шындықты еске ала отырып, инабаттылық ету саясатты гуманизациялауға көмектеседі. Сонымен бірге өмір көрсеткендей, моральдық абсолютизм рухында саясатты адамгершілікке толық бағындыру оны тиімсіздікке апарып соғады да, мораль мен саясаттың абыройын төгеді.

Саясат пен моральдің өзара қатынастары проблемаларына екінші көзқарас Жаңа дәуір заманының алғашқы кезінде пайда болды және ол **Н.Макиавелли** есімімен байланысты. Оның негізінде моральды саясаттан бөлу идеясы жатты және оның әрбіреуінде өз заңдылықтары қызмет етеді деп танылды. Н.Макиавеллидің пікірінше:

1. *Мораль* - мәңгілік саласы, ол олардың белгілі ережелерді өз еркімен орындау арқылы адамдардың жеке қатынастарын реттейді. Адамдар өздерінің қарым – қатынастарында игілік пен жауыздық туралы, адамгершілік өсиеттері, идеалдар туралы өз түсініктерін басшылыққа алып, идеалдың талаптарын универсалды, барлық жағдайларда дұрыс деп есептейді.

2. *Саясатта мақсаттылық үстемдік етеді* және көптеген әлеуметтік топтардың мүдделерін қорғайды: таптардың, ұлттардың, қалың бұқара

топтардың, т.б.; осы мүдделердің мазмұндары нақты сипатта болады; оларды жүзеге асыру олардың әсерімен саясаттың субъектілері өз мақсаттарын өзгертуіне мүмкін болатын белгілі жағдайларда болады; әртүрлі жағдайлар мен мүдделердің күресі кезіндесаясатта күшті, озбырлықты, алдауды игілікті мақсаттарға жету үшін қолданылуы орынды болады.

Н.Макиавелли адамгершіліксіздік саясаттың негізгі болып саналатын «**Мақсат амалдарды ақтайды**» деген қағиданың авторы. Оны қолданудың салдары бүлдіруші жәнеқайғылы. Ол утопиялық «жарқын келешек» идеясының құрбаны болған миллиондардың өмірі ғана емес, сонымен бірге адамның тұлға ретінде адамгершілік тұрғыдан өзгеруі, еркіндік, индивидуалдық, меншік , т.б. қарапайым адами құндылықтардың шайылған екі жақты, тіпті үш жақты стандарттардың үстемдігі еді.

Айта кету керек, саясатты адамгершілікті бағалаудан бөлу амалдары, оны игілік пен жамандықтың арғы жағына қою амалдары, әдетте, адамгершілікке қарсы әрекеттерді ақтау үшін, немесе ең құрығанда, саясатты сыннан қорғау болып табылады. Саясаттың адамгершілік құндылықтарын ескермеушілігі оны құлықсыз қылады. Шынайы өмірде саясаттың адамгершіліксіздігі – көп тараған құбылыс. Бұл **саясат пен моральды - игілік (мораль) және жамандықты (саясат)** бітіспейтін жақтар етіп түсіндіруге негіз болады. Бұл олардың ара- қатынасын көрсететін үшінші көзқарас.

Анархизм саясатты ең келеңсіз бағалайды. Саясат және оның негізгі атқарушысы – мемлекет, «тек қана күшпен, күшпен ғана ашық және жасырынған үстемдікке», деп жазды орыс анархизмінің атасы **М.А.Бакунин**. Жауыздық, деп жалғастырды ол, саясаттың өзінің табиғатында жатыр – ол билік. «Кім билікке ие болса, өзгермейтін әлеуметтік заңға сәйкес қалайда қоғамның қысым көрсетушісі және қанаушысы болады». Сонымен бірге билік оның иелерін ғана емес, онымен қатар оған бағынуға мәжбүр болғандарды да бұзады.

Саясатты жалпы бағалауда анархизмге жақындау **марксизм** болады. Ол қанаушылық, таптар және әлеуметтік теңсіздіктердің, келеңсіздіктердің, күш көрсетудің болуы жағдайында саясат болмай қалмайды деп түсіндіреді. Бірақ та бұл келеңсіздіктерді пролетариатқа қанаушыларды құлатуға, олардың қарсылықтарын басуға және әлеуметтік теңдік, қоғамдық өзін-өзі басқару және тұлғаның еркіндігіне негізделген саяси емес коммунистік қоғам орнатуға пайдалану қажет.

Саясаттың жағымсыз бағаларын либералдық ойшылдардан да табуға болады. Мысалы, орыстың белгілі философы **Н.А.Бердяев** былай деген: «Менде оны сыртқа шығаратын, адамзат тіршілігінің ең қатерлі түрі ретінде саясатқа жиіркеніштемін». Ол ылғи өтірікке негізделген. Саясат көп жағдайда адамдарды меңгеріп алатын, олардың қанын ішетін арамтамақ өсік, сондықтан ол жалған болып табылады».

Саясат пен моральдің ара-қатынасына төртінші көзқарас – бұл **ымырашылдық** көзқарас. Бұл көзқарас бүгінде ғалымдар мен

саясаткерлердің арасында үлкен орын алады. Ол саясаттың ерекшелігін ескере отырып, адамгершіліктің оған әсер етуін мойындау қажеттігін айтады.

Ымырашылдық көзқарастың ең белгілі негізін қалаушылардың бірі Макс Вебер. Ол этика мен саясатты түгел бөлудің қажеті жоқ деп есептеді, бірақ соңғының ерекшелігін өте ұқыпты ескеру керек. Жолдастарың мен бәсекелестеріңе, қызмет бабы мен отбасылық қатынастарға, іскерлік пен жеңісқұмарлыққа, т.б., бәріне бірдей қолданатын біріңғай адамгершілік кодексінің болуы мүмкін емес. Оның ойынша, этика саясаттың, оның ішінде ең негізгісі күш қолдану болып табылатын ерекшелігін ескеруі қажет. Дәл айтқанда, адамзат одақтары қолындағы заңды күштердің ерекше амалы, - деп көрсетті ол, – саясаттың барлық этикалық проблемаларының ерекшелігіне себепші болады.

Саясатқа адамгершіліктің әсері шекарасын белгілеу үшін М.Вебер моральді сенім этикасы және жауапкершілік этикасы деп бөледі. Шығындар және құрбандармен есептеспей, қандай нәтижеге келуіне қарамастан сенімнің этикасы адамгершілік принциптері жолымен жүретіндігін көрсетеді.

Керісінше, жауапкершілік этикасы нақты жағдайды есепке алуды, саясатты ең алдымен оның салдарына бағыттау, саясаткерлердің болжамдауға болатын үлкен зұлымдықты алдын-ала болдырмау, сонымен қатар кішкентай зұлымдықтың көмегімен өз әрекеттерінің нәтижесіне ішкі жауапкершілігін талап етеді. Нақты әрекеттерде жауапкершілік этикасы мен сенім этикасының ара-қатынасын анықтайтын саясатшының өзі болады.

М.Вебердің мораль мен саясаттың ара-қатынастары туралы осы идеялары әлемде кең тарады. Бірақ та өзіндік шынайлығына қарамастан оның бірқатар осалдығы бар. Ең әуелі М.Вебер саясатты шындығында күш амалдарын ашық қолдануға саяйды да, сонымен бірге адамгершіліктің саясатқа әсерінің мүмкіншілігін тарылтады. Бірақ та, саясаттың міндеттері, әсіресе, қазіргі демократиялық мемлекеттерде, күш қолданудан да көбірек күрделі. Бірқатар саяси мәселелерді шешуде күш қолдану немесе оны қолдану қаупі істерге кедергі келтіруі мүмкін. Саяси акторлардың азаматтық жауапкершілігінсіз, ымыраға дайындықсыз, ынтымақсыз және кооперациясыз қазіргі замандағы құқықтық мемлекет мүмкін емес. Саясат мазмұнының күш қолдану саласының ар жағына шығуы онда адамгершілік құндылықтарын кең қолдануға мүмкіндік береді.

Жалпы алғанда моральдің саясатқа әсер етуі бірқатар бағыттарда іске асыруға болады және асыру керек. Бұлар – адамгершілік мақсаттарын қою, оларға теңбе- тең және шынайы жағдайлардың әдістері мен амалдарын таңдау, қызмет процесінде моральдық принциптерді есепке алу, саясаттың тиімділігін қамтамасыз ету. Әрине, шынайы саясатта осы барлық талаптарды орындау – өте күрделі міндеттер. Іс жүзінде адамгершілік тек жарияланған мақсаттарға тәуелді болмай, қайта оларға қол жеткізуде қолданылатын әдістер мен амалдарға байланысты болады.

Қорыта айтқанда, мораль саясатқа саяси процеске қатысушылар қызметінің нәтижесі мен тәртібін бағалау, оларға моральдық талаптар қою

арқылы әсер етеді. Өз кезегінде, саясат моральға азаматтардың саяси мәдениетін қалыптастырып, оларды мемлекет пен қоғамды басқаруға итермелеу арқылы әсер етеді. Адамгершілік саясат үлкен өзгертуші күшке ие болады. Керісінше, саясаткерлердің моральдық нормаларды ескермеуі олардың қызметінің әлеуметтік тиімділігін төмендетеді, қоғам мен тұлға үшін бүліншілікпен айналып келеді. Сонымен, саясат ылғи да бар және келешекте де оның субъектісінің моральдық жауапкершілігінің саласы болады. Саясат моральмен одағынсыз оған жоғары қоғамдық мақсаттарды және оларды өмірге енгізетін гумандық амалдарды көрсететін компастан айырылады. Адамгершіліксіз саясат қоғамда демократиялық өзгерістерді және оның прогресін, адамды рухтандыратын және көтеретін идеалдар мен құндылықтарды қамтамасыз ете алмайды.

Саясат мұратында ғылымның, моральдың және өнердің қорытпасы, синтезі болуға тиісті. Ғылыми саясат өзіне тек қана адамгершілікті ғана емес, ол сонымен бірге әртүрлі фактілер мен шындықтың оқиғаларына теориялық талдау жасайтын өнерді де, шеберлікті де, жанжақтылықты да және икемділікті де өзіне қосып алады.

Әдебиет:

1. Балғымбаев А.С. Саясаттану. Оқу құралы. -Алматы, 2003.
2. Жамбылов Д.Ә. Саясаттану. Оқулық. -Алматы: Жеті Жарғы, 2010.
3. Назарбаев, Н. Ғаламдық қоғамдастықты түбегейлі жаңарту стратегиясы және өркениеттер серіктестігі - Астана : АРКО ЖШС, 2009.
4. Дәрімбет Батырхан. Демократия мен Автократия: Саяси өмір шежіресі.-Алматы: 2.Өркениет, 2004
5. Қазақстан Республикасының мемлекет сәйкестілігі қалыптастыру тұжырымдамасы. Алматы, Қазақстан, 1997.
6. Назарбаев Н. Ғылымдар тағысында. Алматы, 1996.
8. Қозыбаев М. Киелі тәуелсіздік. //Парасат. №3, 2001.
9. Ерменов К. Демократиялық даму жолы. /Саясат. №1, 10, 1998.
10. Нұрсұлтан Назарбаев : фотосуреттер. - Алматы : Қазақ энциклопедиясы, 2010.

Тапсырмалар:

Тапсырма 1

Төмендегі кестені толтырғанда легитимділіктің әртүрлі типтеріне келтірілген мысалдардан қателіктерді табыңыздар.

Легитимділіктің типі		
Дәстүрлі	Харизматический	Рационально- легальный, правовой
Жәңгір хан	Мұхаммед пайғамбар	А.Меркель
М.Ганди	Аблай хан	Тәуекел хан
Д.Қонаев	Д.Трамп	Н.Назарбаев

Тапсырма 2

Кестені толтырыңдар:

Легитимді биліктің белгілері	Билікті делегитимизациялаудың белгілері
1	1
2	2
3	3
4	4

Тапсырма 3

Кестені толтырыңдар «Саяси билік туралы анықтамалар»

Авторы	Анықтамалар

Тапсырма 4

Кестені толтырыңдар «Саяси биліктің қызметтері»

Қызметтері	Мазмұны

Тапсырма 5

Дұрыс жауабың жазыңыз:

1. Саяси ұйымдасқан қоғамды анықтау үшін «мемлекет» терминін алғаш қолданған.....
2. Әр-түрлі саяси ілімдерде ең жақсылар билік ететін мемлекеттің түрі.....
3. Аристотель бойынша көпшілік билейтін идеалды мемлекеттің түрі.....
4. Мемлекеттің құдайдың қалауымен құрылғанын түсіндіретін тұжырымдама.....
5. Мемлекеттің шығуын басқарушы мен азаматтардың арасындағы келісімінен деп түсіндіретін тұжырымдама.....
6. Қай елдерде абсолюттік монархия орын алған.....
7. Мемлекетті басқару түрі ретінде президенттік республика алғаш енгізілген ел.....
8. Бірнеше егеменді мемлекеттік құрылымдар бір одақтық мемлекетке бірігетін мемлекеттік құрылыс формасы.....

9. Мемлекет территориясы құрамында федеративтік бөліктер болмайтын, оның орнына, әкімшілік-аймақтық бөліктерге бөлінетін құрылы формасы.....

10. Мемлекеттердің, өз тәуелсіздіктерін сақтай отырып қандай да бір мәселелерді (саяси, экономикалық, әскери) шешу үшін уақытша біріккен құрылым формасы.....

Талқылауға арналған сұрақтар:

1. Әлем тарихынан билік тарапынан жүргізілген әрекет заңсыз бола отырып, легитимді болғаның көрсететін мысал келтіріңіздер.

2. Елдегі тәртіпті ұстап тұрушың билік қаралау және зорлық көрсету әрекеттерді пайдалануға құқылы. Қаншалықты бұл легитимділікпен сәйкес келеді?

3. Қазақстан мен өзге мемлекеттердегі билік тармақтарың бөлу қағидасың жүзеге асырылуына қатысты әлемдіктәжірибені негізге алып,салыстырыңыз(мысал ретінде Батыс және посткеңестік мемлекеттерді алыңыз).

4. Қазіргі Қазақстандағы билік құрылымдарының өзарақатынасын талдаңыз.Қайсысының ықпалы ең беделді деп ойлайсыз?

5. Қоғам биліксіз өмір сүре ала ма?

6. Биліктің қандай анықтамаларын білесіз?

7.Биліктің қорына нелер жатады?

8. Егемендік деген не?

9. Биліктің легитимділігіне не жатады?

10.Билік легитимділігінің қандай түрлерін білесіз?

11.Саяси билік пен мемлекеттік биліктің айырмасы неде?

12.Қазіргі Қазақстандағы билік легитимділігінің түрі қандай?

13.Қазақстандағы қазіргі саяси тәртіп биліктің қандай түрлерін пайдаланады?

Шығармашылық тапсырма

1. Белгілі саясаттанушылар мен әлеуметтанушылардың саяси билік туралы айтқан пікірлерің негізге алып,эссе жазыңыз.

2.Дөңгелек үстел өткізу «Бюрократия- басқару жүйе ретінде: кері және жақсы жақтары».

Студенттер екі топқа бөлінеді. Бірінші топ бюрократиялық жүйенің ұтымды жақтарың, ал екінші топ-кемшіліктерің көрсетуі керек. Студенттер талқылау барысында нақта теорияларға сүйенулері керек: М.Вебер, Л.фон Мизес, Р.Мертон, К. Маркс және т.б.

Баяндамалар мен рефераттардың тақырыптары:

1. Легальдық және легитимділік: түсініктердің айырмашылығы.

2. Билік тармақтарың бөлудің теориясы мен принциптері.

3. Саяси биліктің ресурстық әлуеті.

4. Билік және оппозиция: арақатынас амалдары мен сипаты.
5. Билік және мәдениет. Билік субмәдениерінің ерекшелігі.
6. «Билік харизмасы»: дәстүр және қазіргі заман

3.4 Саяси жүйе

Сабақтың мақсаты: саясатты жүйелік тәсілмен қарастыру; Д.Истон мен Г.Алмондтың саяси жүйе үлгілерінің талдау; саяси жүйенің құрылымы мен қызметтерінің анықтау; саяси жүйенің түрлерінің ажырату белгілерінің білу; саяси жүйе үлгілерімен «саяси тұрақтылық» және «саяси тәуекелділік» ұғымдарын сәйкестіру.

Негізгі түсініктер: саяси жүйе, талап қойю және қолдау, саяси жүйенің құрылымы мен қызметтері, коммуникация, жүйеге «кіру» және одан «шығу», артикуляция және мүдделерді тоғыстыру, саяси жүйенің түрлері, саяси тұрақтылық және саяси тәуекелділік.

Саяси жүйе - билікті жүргізуші әлеуметтік топтар, таптар, ұйымдар мен мемлекеттер арасындағы өзара қатынастарды реттейтін, қоғамда тұрақтылық пен тәртіпті қамтамасыз ететін ұйымдар, мекемелер мен институттар жиынтығы. Оның негізгі элементтеріне мемлекет, саяси партиялар, дін орындары, қоғамдық-саяси ұйымдар және т.б. жатады.

Саяси жүйелердің жіктелуі - саяси жүйенің жіктелуі жөнінде ғалымдар арасында ортақ пікір жоқ. Саяси жүйені жіктеу зерттеушілер таңдаған өлшемге байланысты. Саяси жүйені жіктеудің ең кең тараған тәрізі, оның саяси тәртібіне қарай тоталитарлық, авторитарлық және демократиялық деп бөлінуі.

Француз саясаттанушысы **Ж.Блондель** саяси жүйені басқарудың мазмұны мен түрлеріне сай оны 5 түрге бөледі:

1) **либералдық демократия**. Ол саяси, мемлекеттік шешімдерді қабылдағанда меншікке иелік етуі, жекешілдік, еркіндік сияқты құндылықтарды басшылыққа алады;

2) **коммунистік жүйе**. Ол әлеуметтік игілікті тең бөлуге бағдар ұстайды;

3) **дәстүрлі саяси жүйе**. Ол ат төбеліндей ақсүйектердің саяси және экономикалық үстемдігіне негізделеді;

4) **дамып келе жатқан елдерде қалыптаса бастаған саяси жүйе**. Онда авторитарлық басқару белең алады;

5) **авторитарлы-консервативтік жүйе**. Онда әлеуметтік және экономикалық теңсіздік сақталады, халықтың саяси билікке қатысуына шек қойылады.

Г.Алмонд саяси мәдениет деңгейі мен құндылықтар жүйесінің негізінде саяси жүйені: ағылшын-американдық, құрылықтық-еуропалық, жарым-

жартылай индустрияланған, тоталитарлық деп жіктейді. Саяси жүйенің ағылшын-американдық түрі ондағы саяси мәдениеттің бірыңғайлылығымен, біртектілігімен сипатталады. Құрлықтық-еуропалық саяси жүйенің саяси мәдениеті, ұстанатын құндылықтары әр түрлі келеді. Жарым-жартылай индустрияланған саяси жүйеге аралас мәдениет тән. Тоталитарлық саяси жүйеде саяси мәдениеттің таптық сипаты бар.

Қоғамның саяси жүйесі - елдің саяси қызметіне қатысып, саяси билікті жүзеге асыратын саяси институттардың, ұйымдардың, топтар мен жекелеген адамдардың жиынтығы.

Бұл барлық органдары бар мемлекет; қызметтерінде айқын саяси бағыты бар партиялар мен қоғамдық ұйымдар, қатаң саяси реңкі болмаса да, мемлекеттің саясатына манызды әсер ете алатын, (кәсіподақ, кооперативтік, діни және т.б.) қоғамдық, ұйымдар, сондай-ақ өскелең ұрпақты тәрбиелеу мен білім беруді (мектеп, институт, театр) жүзеге асыратын барлық мекемелер.

Кейбір саясаттанушылар қоғамның саяси жүйесіне заңға енгізілген идеялар, принциптер, идеологиялар моральды, сондай-ақ саяси мақсатты көздеген жекелеген адамдардың қызметін қосады.

Демократия ұғымын бірнеше мағынада қолдануға болады: 1) мемлекеттің типі мен жалпы саяси жүйесі; 2) мүшелерінің теңдігіне, басқару органдарының мерзімді сайлануы және көпшілік дауыспен шешімдер қабылдау принциптеріне негізделген кез келген ұйымның ұйымдастыру түрі; 3) қоғамдық құрылымның мұраты (идеалы) және соған сәйкес көзқарастар.

Демократияның классикалық теориясы антикалық дәуірден бастау алады. Бірақ өзіндік ерекшелігі ең алдымен барлық адамдар тең, бәрі де саяси шешімдерді қабылдауға қатысуы керек деген тезиске байланысты. Оны «Қоғамдық келісім» атты еңбегінде Ж.Ж. Руссо жан-жақты қарастырады. Оның ойынша, саяси процеске тартылған өз бетінше саналы іс-әрекет жасайтын, ақылды адамдар қосылғанда жаңа сапа пайда болады. Олар жабылып ортақ игілік теориясын ойлап табады. Бұл идея саясаттың басшы принципіне айналады және ортақ ерік, жігер, қайрат негізінде қалыптасады. Бәрі бас қосқан сайыстан кейін нашар жақтары алынып тасталып, жақсылыққа жету жолдары іздестіріледі. Сөйтіп, жалпы жұрттың ықтиярын, көзқарастарын жинап, топтастырып ортақ игілікке жетудің шешімін қабылдайды. Бұл тұжырымдама ХІХ ғасырға дейін басымдық етті.

Иозеф Шумпетер (1883-1950) австрия әлеуметтанушысы өзі аттас «шумпетерлік» теорияның негізін қалады. Оның ойынша, жалпы ықтиярлық, тілек барлық халықтың еркімен қалыптаспайды, оны жасайтын соған мүдделі кәсіби топтар. Демек, демократия ешқашан халықтың басқаруы болған емес. Халық тек белгілі бір арадағы институтты сайлайды. Ол өз кезегінде ұлттық атқарушы органды немесе үкіметті қалыптастырады. Бұдан кейін көпшілік іс жүзінде саясаттан шектейді. Сондықтан демократиялық тәсіл – Шумпетердің ойынша, жеке адамдардың халық дауысын алу үшін бәсекелік күрес нәтижесінде жететін институционалданған шаралар жүйесі. Қорыта келгенде,

басқаратын халық емес, жеке адамдардың арасында бәсекелік күрес жүреді, ал халық бұл күресте солардың біріне дауыс береді.

Шумпетердің ойынша, демократияның ойдағыдай жұмыс істеуі үшін төрт жағдай керек:

Маңызды мемлекеттік қызметтерге сайлауға болатын айтарлықтай білікті, маман өкілдер тобы болуға тиіс.

Саяси органдар халық, негізінен, жақсы қабылдап, оларға өз көзқарастарын айта алатын шешімдер қабылдауы тиіс. Олай болмаса, шешімдердің легитимдігі жөнді болмайды.

Жауапкершілікті толық сезінетін, қызмет орнының абыройын жоғары бағалайтын дайындығы бар жақсы ұйымдасқан бюрократия болуы керек. Ол құрам орта тап өкілдерінен құралуы тиіс.

Саяси теорияның ғана емес, саяси мәдениеттің де элементі болып табылатын демократиялық өзін-өзі бақылау болғаны өте маңызды. Саяси процеске қатысушы әрбір адам өзін-өзі тежеп отырмаса, қандай демократия болуы мүмкін.

Біздің Республикамыздың жағдайында **демократиялық мемлекет** – ең алдымен Конституция қабылдап, тікелей мемлекет басшысын және Парламентті сайлайды, өкілетті мерзімі біткен соң оларды ауыстыруға халықты құрылтайшылар арқылы қатыстырады. Басқару тәртібінің нысанына (президенттік, парламенттік) қарамастан, мемлекеттің жоғарғы органдары арқылы көпшіліктің еркін анықтауға және барынша жүйелі қорғауға қажетті жағдайлар жасайды.

Сонымен қатар демократиялық мемлекет әлеуметтік және ұлттық нысандарына, тағы басқа да ерекшеліктеріне қарамастан жекелеген азаматтардың өз мүддесін білдіруіне, оның есепке алынуына да мүмкіндік береді. Бұл ретте Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес сөз, ар-ұждан бостандығы, тілі мен ұлтын өзі анықтауын қамтамасыз ете отырып, бірлесу, митингілер, демонстрациялар, шерулер өткізу ереуілге шығу құқығымен қоса, жекелей және ұжымдық, еңбек дауын шешу, сондай-ақ мемлекеттік қызметке араласып, мемлекеттік, тағы басқа да істерді басқару қызметіне қатысуға тең құқықтар беріледі.

Демократиялық мемлекеттің сипаттық ерекшелігі республика азаматтарының мемлекеттік қызметке араласуын ретке келтіру болып табылады. Мемлекеттік қызмет институтын реттеу 1995 жылғы Конституцияда қарастырылды.

Демократиялық мемлекет ретіндегі Республика қызметінің түбегейлі принциптерінің бірі – қоғамдық татулық пен саяси тұрақтылық. Демократиялық мемлекет саяси тәртіп жүргізудің демократиялық тәсілдері мен әдістерін көбірек қолданады.

Қазақстан Республикасы – **зайырлы мемлекет**. Бұл ұғым Қазақстандағы діни мекемелер мен діннің мемлекеттен ажыратылғандығын білдіреді. Қазақстандағы ислам мен православиелік, тағы басқа нанымдық ағымдардың ісіне мемлекет араласпайтындығын білдіреді. Діни негізде партия құруға жол

берілмейді. Мемлекет органдары қағидалық заң негізінде емес, Конституция негізінде құрбылы, жұмыс істейді.

Сонымен бірге әркімнің ар-ұждан бостандығына құқығы бар, оны жүзеге асыру мемлекет алдындағы міндет. Наным немесе атеизм мәселесі - әркімнің өзіндік ұстанымы.

Қазақстан – **құқықтық мемлекет**. Қазақстан Республикасының Конституциясы – құқықтық мемлекеттің бастауы әрі шарты.

Оның негізгі принциптері:

азаматтар үшін – “заңды тыйым салынбағанның бәріне рұқсат етіледі” ,

мемлекеттік органдар мен лауазым иелері үшін – “заңда нақты не көрсетілсе, соған ғана рұқсат” болып табылады.

Құқықтық мемлекет жұртшылық пен мемлекеттік лауазым иелерінің құқықтық мәдениетін арттыруды, барлық заң жүйесін жақсартып, әділеттілікті жоғары дәрежеге көтеруді мақсат тұтады. Құқықтық мемлекеттің сапалық белгісі – адам және азамат құқығы мен бостандығына халықаралық, өлшем деңгейінде кепілдік беру болып табылады. Сот билігінің тәуелсіздігі мемлекет пен азаматтың өзара қатынасының дәйекті жүргізілетініне кепілдік бере алады. Конституция нормаларында атаған белгілер айқын көрініс тапқан.

Қазақстан - **әлеуметтік мемлекет**. Конституцияда көрсетілгендей, Қазақстан Республикасы демократиялық, зайырлы, құқықтық мемлекет болуымен қатар, әлеуметтік мемлекет болып та табылады.

Әлеуметтік мемлекет жекелеген топтарға немесе ұлыстарға емес, тұтас қоғам мен азаматтарға қызмет етеді. Ол мемлекеттік қор есебінен барлық азаматтарға мүмкіндігінше игіліктер көрсетіп, қоғамдағы ауыртпалықтарды да теңдей бөлу жолымен әлеуметтік теңсіздікті болдырмауға әрекет етеді. Мемлекеттің әлеуметтік сипатын Республика Конституциясында көрсетілгендей, білім беру, денсаулық сақтау, ғылым, мәдениет, халықты жұмыспен қамтамасыз ету, еңбекті қорғау, әлеуметтік қамсыздандыру және жағдайы төмен отбасыларына көмектесу сияқты шаралардан көруге болады. Әлеуметтік мемлекет азаматтың ең төменгі күнкөріс қажеті мен өмір сүрудің лайықты жағдайларын жасауды талап ету құқығын мойындады. Бұған денсаулық пен адам өміріндегі қауіпсіздік мәселелері де кіреді.

Бұл шараларды әлеуметтік мемлекет жалпы және мақсатты әлеуметтік бағдарламалар арқылы жүзеге асырады. Қоғам мен азаматтардың нақты бір категорияларының мүддесі үшін күрделі экономикалық жоспарлауға және бюджеттік қаржыландыруға жүгінеді. Мәселен, Қазақстан Республикасының Үкіметі 1995 жылғы желтоқсанда “1996-1998 жылдары реформаны тереңдету жөніндегі іс-қимыл бағдарламасын” қабылдады. Оның негізгілерінің бірі – “**әлеуметтік саясат**” аталатын үшінші бөлім болды. Сондай-ақ 1995 жылы желтоқсанның 19-ында Қазақстан Республикасының Президенті қабылдаған “Қазақстан Республикасы тұрғындарының әлеуметтік тұрмыс жағдайларын жақсарту жөніндегі шаралар туралы” Жарлығы да осындай игілікті істердің қатарына қосылады.

Алайда әлеуметтік мемлекетті “Социалистік мемлекет” деген ұғыммен шатастыруға болмайды. Әлеуметтік мемлекет нақтылы экономикалық мүмкіндіктерге сай әлеуметтік қамқорлықтарды өз міндетіне алады және азаматтардың еңбек пен кәсіпкерлік белсенділігінің төмендеп, теңгермелік көңіл-күйдің болуына жол бермейді. Сондықтан Қазақстан Республикасы Конституциясының екінші бөлімінде азаматтың құқығы, бостандығын және міндетін бекіте отырып, жеке адамның өмірін және еркін жетілуін қамтамасыз ету мемлекеттің міндеті емес, алдымен оның өзінің санасы мен ерік-жігерінің ісі екендігін атап көрсетеді. Әлеуметтік мемлекет бірінші кезекте жеке бастамалар мен қоғамдағы экономикалық еркіндік үшін қажетті жағдайлар туғызуға міндетті. Осы жағдайлар арқылы “бүкіл халықтың игілігін көздейтін экономикалық даму” үйлестіріледі.

Республикалық референдум - Конституция, Конституциялық заңдар мен басқа да Қазақстан Республикасының мемлекеттік өміріндегі өте маңызды мәселелер жөніндегі шешімдердің жобалары бойынша, Республиканың барлық аумағында өткізілетін бүкілхалықтық дауыс беру. Бұл халық билігін тікелей жүзеге асырудың ең маңызды тәсілі саналады. Референдум қабылдаған шешім ең жоңғары талап етуші күшке ие. Оның Қазақстанның барлық аумағына бірдей міндетті күші бар және әлдеқандай органдар тарапынан бекітуді қажет етпейді. Конституцияның, Конституциялық заңдардың, басқа да құқықтық актілер мен заңдардың арасында сәйкессіздік болған жағдайда, ол өзгешеліктер Конституцияны және басқа да аталған актілердің барлығын Республикалық референдум қабылдаған шешімге сай жүйелендіру жолымен түзе тілінді.

Республикалық референдумға азаматтар ерікті түрде қатысып, жабық дауыс береді. Он сегіз жасқа толған Республика азаматтары тегіне, әлеуметтік, лауазымдық, мүліктік жағдайына, жынысына, нәсіліне, ұлтына, тіліне, дінге көзқарасына, нанымына, мекен-жайына немесе басқа да жағдайларына қарамастан, республикалық референдумға қатысуға құқықты. Әр азамат референдумда теңдей дауысқа ие.

Сот іс-әрекетке қабілетсіз деп таныған, сондай-ақ сот үкімі бойынша бас бостандығынан айыру орындарында отырған азаматтардың референдумға қатысуға құқығы жоқ.

Республикалық референдум өткізудің ерікті сайлаумен ортақ жағы көп. **Референдум мақсаты – адамды сайлау емес, мәселе шешу.** Референдумға қойылатын мәселе азамат оған “иә” немесе “жоқ” деп бір жақты жауап беретіндей, не ұсынылған бірнеше шешімдердің біреуін тандай алатындай деңгейде болуы тиіс. Қатысуға құқықты азаматтардың жартысынан астамы дауыс беруге қатысса, референдум өткізілген болып есептеледі. Республикалық референдум өткізу жөніндегі шешімді, Конституцияға сай, Республика Президенті қабылдайды. Республикалық референдум өткізу жөніндегі ұсыныс, сондай-ақ, Парламент пен Үкімет тарапынан және республикалық референдумға қатысуға құқықты кемінде екі жүз мың республика азаматының қолдауымен қойылуы мүмкін. Республикалық

референдумді ұйымдастырып, өткізу мен оның нәтижесін анықтау Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 2 қарашадағы конституциялық күші бар “Республикалық референдум туралы” Жарлығы бойынша жүзеге асады. Күшіне енген жаңа Конституцияға сәйкес және дамыған демократиялық, елдердің тәжірибесіне сүйене отырып қабылданған бұл актіде республикалық референдумға негіз бола алмайтын мәселелердің жеткілікті тізімі келтіріледі. Тәуелсіз мемлекет тарихындағы алғашқы республикалық референдум Қазақстанда 1995 жылғы сәуір мен тамыз айларында өткізілді. Оларда Қазақстан Республикасының бүкіл халық сайлаған Президенті Н.Ә.Назарбаевтың өкілеттік мерзімін 2000 жылға дейін ұзарту және Қазақстан Республикасының жаңа Конституциясын қабылдау жөніндегі мәселелер шешімін тапты. Соңғы референдумның алдында Н.Ә.Назарбаев ұсынған Конституция жобасы талқыланды. Жалпыхалықтық талқылаудың мақсаты – көпшіліктің ұсынысын есепке ала отырып, Заң жобасын жетілдіре түсу және оған қолдау көрсету.

Қазақстандық демократияның ажырамас конституциялық институты, сонымен бірге мемлекеттік жоғары лауазымды адамның (Президенттің) орнын алмастыру мен өкілдік органдарды (Парламентті, мәслихаттарды және жергілікті өзін-өзі басқару органдарын) құру тәсілі – **ерікті сайлау**.

Ерікті сайлау үшін негізгі үш жағдай сақталуы тиіс. Біріншіден, баламалы ұйғарындылық, (альтернативтік), сайлаушының бірнеше кандидаттың біреуін ұйғару мүмкіндігін; екіншіден сайлау науқанының барлық сатысындағы қоғамдық бақылау үшіншіден, сайлаушылардың өз **еркімен** дауыс беруі. Қазақстан Республикасындағы сайлау өткізудің принциптері Конституцияда бекітіліп, Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 28 қыркүйектегі Конституциялық Заң күші бар **“Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы”** Жарлығында, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясының құқықтық-нормативтік сипаттағы актілерінде егжей-тегжейлі белгіленген. Осы ереже бойынша, 1995 жылдың желтоқсанында Қазақстан Республикасының Парламенті депутаттарының сайлауы өткізілді. Мемлекеттік биліктің бірлігін, үстемдігі мен тәуелсіздігін анықтайтын – елдің егемендігі. Қазақстан Республикасында мемлекеттік биліктің біртұтастығы, аумағының бөлінбейтіндігі іске асырылды. Республика мемлекеттік билігінің тәуелсіздігі оның мемлекетаралық қатынастағы егемендігі болып табылады. Қазір Қазақстан Республикасын бүкіл әлем елдері танып отыр. Шекара туралы шарттарға қол қойылады.

Қазақстан егемендігі, тәуелсіз мемлекет болып қалыптасты, ол қамтамасыз етілді. Демократия және құқықтық дәрежеге өту процесі одан әрі жалғасуда. Жергілікті атқарушы органды Қазақстан Республикасы Президенті мен Үкіметінің өкілі болып табылатын тиісті әкімшілік аймақтың әкімі басқарады.

Әдебиет:

1. Балғымбаев А.С. Саясаттану. Оқу құралы. -Алматы, 2003.
2. Жамбылов Д.Ә. Саясаттану. Оқулық. -Алматы: Жеті Жарғы, 2010.
3. Жамбылов Д.Ә. Тәуелсіздік және саяси сана. -Алматы: Жеті Жарғы, 1999.
4. Назарбаев, Н. Ғаламдық қоғамдастықты түбегейлі жаңарту стратегиясы және өркениеттер серіктестігі - Астана : АРКО ЖШС, 2009.
5. Дәрімбет Батырхан. Демократия мен Автократия: Саяси өмір шежіресі.-Алматы: 2.Өркениет, 2004
6. Саяси сөздік. Алматы, 1989
7. Қазақстан Республикасының мемлекет сәйкестілігі қалыптастыру тұжырымдамасы. Алматы, Қазақстан, 1997.
8. Ортақ үйімізге татулық пен келісім болсын. Алматы, 1995.
9. Қозыбаев М. Киелі тәуелсіздік. //Парасат. №3, 2001.
10. Менлибаев К.Сапернализм және ұлтаралық қатынас мәдениеті. Саясат. №5, 2001
11. Ақтай С.А. Қазақстандағы демократия бары мен жоқ – Қазақстан өзін қорғай алатын мемлекет болу керек. /Парасат. №4, 1998.
12. Ерменов К. Демократиялық даму жолы. /Саясат. №1, 10, 1998.
13. Назарбаев Н. Біздің жолымыз – бірлік жолы. /Егемен Қазақтан, 7 қаңтар, 2003

Тапсырмалар:

Тапсырма 1

Кестені толтырыңыз «Саяси жүйе туралы анықтамалар»

	Анықтама	Авторлар

Кестені толтырыңыз «Саяси жүйе туралы теориялар»

	Теория	Авторлар	Мазмұны

Кестені толтырыңыз «Саяси жүйенің типтері»

	Типтері	Сипаты

Тапсырма2

Кестені толтырыңыз «Саяси жүйенің құрылымы»

Саяси жүйенің жүйеліктері	Сипаты
---------------------------	--------

Инстиуционалдық	
Нормативтік	
Коммуникативтік	
Мәдени-идеологиялық	

Тапсырма 3

Кестені толтырыңыз « Г.Алмондтың саяси жүйені топтастыруы»

Саяси жүйенің түрлері	Сипаттамасы
Англо-американдық	
Континентальды-европалық	
Тоталитарлық	
Индустриалдық кезеңге дейінгі	

Тапсырма 4

Дұрыс жауабың жазыңыз:

- 1.Саяси жүйелер теориясының негізін салған:-----
2. Саяси жүйе орындайтын саяси әлеуметтендіру қызметінің мәні:-----
- 3. Саяси жүйе атқаратын саяси коммуникация қызметінің мәні:-----
4. Саяси жүйенің институционалдық жүйешесі:-----
5. Саяси мәдениет типіне байланысты саяси жүйелердің қандай түрлері ажыратылады:-----
6. Биліктің шоғырлануына және бөлінісіне қарай саяси жүйелер мынандай болып жіктеледі:-----
7. Саяси режимнің сипатына қарай саяси жүйелер мынандай болып бөлінеді:
8. Әлеуметтік – экономикалық құрылым формациясы мен сипатының типіне сәйкес саяси жүйелер мынандай болады:-----

Талқылауға арналған сұрақтар

1. Қоғамның саяси жүйесі деп нені атайды?
2. Саяси жүйе қандай қызметтерді атқарады?
3. Саяси жүйенің басты элементіне не жатады?
4. Г.Алмонд пен Д.Истонның саяси жүйе теорияларындағы айырмашылықтар қандай?
5. Саяси жүйені жіктегенде қандай өлшем қолданылады?
6. Саяси жүйені топтастыру түрлері қандай?
7. Қазақстанның қазіргі саяси жүйесі қандай түрге жатады?
8. Саяси жүйенің қандай түрі тұрақты келеді?

Шығармашылық тапсырмалар

1.Саяси жүйенің тұрақты болуы, оның дамуының жоқтығын білдіре ме? Өзіңіздің пікіріңізді негізденіз.

2.Қазақстан Республикасының Конституциясына сүйене отырып, қазақстан қоғамының саяси жүйесінің құрылымдық элементерін атаңыз.Презентация дайындаңыз.

3.Қоғамның саяси жүйесінің атқаратын қызметтеріне сүйеніп, қазіргі қазақстанның саяси жүйесімен қайсысы жүзеге тиімді асырылатындығын анықтаңыз.Өзіңіздің жауабыңызды дәлелденіз.

Баяндама мен рефераттардың тақырыптары:

1. Саяси жүйе теориясының дамуының қазіргі үдерісі.
2. Қазақстанның қазіргі саяси жүйесінің өзгеруінің ерекшеліктері.
3. Қоғамның саяси жүйесі: ішкі құрылымы және сыртқы орта.
4. Саяси жүйенің түрлері және салыстырмалы талдау.
5. Саяси жүйе және әлеуметтік мүдделер.

3.5 Мемлекет және азаматтық қоғам

Сабақтың мақсаты: мемлекеттің негізгі тұжырымдамаларымен таңысу, мемлекеттік құрылым және билеу формаларын қарастыру, әртүрлі билеу формаларында жүзеге асатын мемлекеттік басқару институттарымен, азаматтық қоғамның қалыптасуымен, Қазақстандағы азаматтық қоғамның ерекшелігімен таңысу.

Негізгі түсініктер: мемлекет, егемендік, мемлекеттік құрылым формалары, билеу формалары, федерация, конфедерация, унитарлық мемлекет, президент, үкімет, парламент, сот, азаматтық қоғам.

Мемлекет ұғымы екі мағынада қолданылады. Біріншісі, «ел», «жұрт» деген мағынада тұтас территориясы халқымен алып түсіндірілсе, екіншісінде тек жоғарыда қолында билігі бар басшылар тобын ғана айтады.

Мемлекеттің белгілері:

- Территори
- Тәуелсіздік немесе егемендік
- Мемлекеттік билік
- Халық
- Салық салу құқығы

Мемлекеттің пайда болуы туралы бірнеше тұжырымдамалар бар.

Олар:

Қоғамдық келісім теориясы (Дж. Локк, Т. Гоббс);

Т. Гоббс: Мемлекет әлеуметтік келіспеушіліктерді шешуге және күш көрестуді легитимді қылдыру үшін құрылған.

Дж. Локк: Мемлекет билікті шектеу мақсатында құрылған
Зорлық-зомбылық тұжырымдамасы (Л. Гумплович);
Маркстік концепция (К. Маркс);
Теологиялық тұжырымдама (А. Августин);
Патриархалдық теория (Конфуцийден бастау алады).

Мемлекет түрлері мен қызметі

Мемлекет бірнеше түрлерге бөлінеді.

Басқару түріне байланысты: монархия (абсолюттік, дуалистік және конституциялық) және республика (президенттік, парламенттік және аралас).

Абсолюттік монархияға Сауд Аравиясы, Катар, Кувейт, Оман, Бруней жатады.

Конституциялық монархияға Бельгия, Испания, Люксембург, Монако, Ұлыбритания, Дания, Швеция, Нидерланды, Жапония, Норвегия жатады. Дуалистік монархияға жататындар: Иордания, Марокко, Тунис.

Абсолюттік монархияның белгілері:

монарх билігі Конституция немесе заңдармен шектелмеген;

Парламент жоқ, немесе оның іс-қимылы барынша шектелген;

Конституциялық монархияның белгілері:

- Конституция монарх билігін шектейді;

- монарх мемлекет символы ретінде, бірақ нақты биліктік құзыреті

жоқ;

- үкімет монарх алдында жауапты емес.

Дуалистік монархия белгілері:

- билік монарх пен парламент арасында бөлінген;

- монарх үкіметті тағайындайды;

- монарх парламент шығарған заңға вето жариялай алады.

Парламенттік республикаға жататындар: Италия, Германия, Израиль, Индия, Греция, Австрия.

Президенттік республикаға жататындар: АҚШ, Индонезия, Иран, Ирак, Кипр, Швейцария (бұл мемлекетте үкіметтің міндетін президент атқарады, ол Парламент (Федералдық Жиын) арқылы Федералдық Кеңес (Үкімет) мүшелерінен бір жыл мерзімге сайланады, бір-ақ рет).

Президенттік республика белгілері:

· Президент мемлекет басы және атқарушы билікті басқарады;

· Президент үкіметті құрады;

· Үкімет президент алдында жауапты;

· Президент парламент шығарған заңдарға вето қоя алады.

Парламенттік республика белгілері:

· Мемлекеттегі басты күш Парламент болып табылады;

· Президентті парламент сайлайды;

· Үкімет парламент алдында жауапты;

· Үкімет парламентте көп орын иеленген партия арқылы құрылады;

· Парламент үкіметке сенімсіздік вотумын жариялай алады.

Аралас республикаға жататындар: Франция, Перу, Португалия, Финляндия, Исландия.

Оның белгілері:

- Президент жалпы сайлау арқылы сайланады;
- Президент кең құзыреттерге ие;
- Президент пен атқарушы билікті басқаратын премьер-министр

Парламент алдында жауапты.

Мемлекеттік құрылымына байланысты: унитарлық (Польша, Франция, Турция, Египет, Япония, Швеция), федеративтік (Россия, АҚШ) және конфедеративтік болып бөлінеді.

Унитарлық мемлекетті біріктіреді:

- ортақ Конституция;
- ортақ заң шығарушы орган;
- ортақ әкімшілік-территориялық бөліну;
- ішкі шекараның болмауы;
- ортақ саясат.

Унитарлық мемлекеттің кемшіліктері:

- заң шығарушы аппараттың икемсіздігі;
- аймақтардың мәселелерін ескермеу;
- этностық топтардың пікірімен санаспау.

Федеративті мемлекет белгілері:

- бірнеше Конституция, азаматтық құқық бар;
- федеративті және аймақтық сот және атқарушы билік қатар жұмыс істейді;
- территориялық бірліктердің өз бетімен федерациядан шығуға құқығы жоқ;
- саяси салада орталыққа бағынған.

Конфедерация белгілері:

- ортақ Конституция жоқ, тек құжаттарды қабылдағанда бірігеді;
- азаматтық ортақ емес;
- ортақ конфедеративтік сот жүйесі жоқ.

Діни белгісіне байланысты: зайырлы және діни болып бөлінсе, саяси режимнің қалыптасуына байланысты демократиялық, авторитарлық және тоталитарлық болып үшке бөлінеді.

Негізгі приоритетті қызметіне байланысты құқықтық және әлеуметтік деп бөлеміз.

Қазақстан Республикасы осылардың ішінде қайсына жатады?

Мемлекет негізгі екі қызмет атқарады: ішкі және сыртқы. Ішкі қызметіне жататындар:

- экономикалық салада мемлекет кәсіпкер, жоспаршы, үйлестіруші ретінде мәселелерді шешеді;
- әлеуметтік өмірді ұйымдастырады;
- заңдылықты қамтамасыз етеді;
- мәдени-тәрбиелік салада жұмыс атқарады;

- Сыртқы қызметіне жататындар;
- мемлекеттің тұтастығы мен қауіпсіздігін қорғау;
- өзін-өзі билеу, егемендігін сақтау;
- ауқымды мәселелерді шешуге араласу;
- басқа мемлекеттермен қарым-қатынас жасау;

Сайып келгенде мемлекеттің басты міндеті – қоғамның тұрақтылығын орнатып, қалыпты тіршілігіне жағдай жасау.

Құқықтық мемлекет пен азаматтық қоғам мәні

Бұл екі ұғым көптің аузына соңғы жылдары ғана ілікті. Бұрын 20-жылдары, кейінірек алпысыншы жылдардың басында біршама қолға алынып, кейін ұмыт болған-тын. Оның есесіне жалпы халықтық мемлекет және қоғамдық өзін-өзі басқару тіркестері қолданыла бастаған.

Қазір азаматтық қоғам мен құқықтық мемлекет қайтадан құжаттарға еніп, ғалымдар ден қоя бастады. Ал шындығында бұл екі ұғымның мән-мазмұны неде, ара-қатынасы қандай, шығыстық ойда қандай көрініс тапқан? Осы сұрақтарға жауап іздеп көрелік. Саяси ой тарихында азаматтық қоғам туралы ой-тұжырымдамалар **Г.В. Гегель** еңбектерінде орын тапқан. Гегель бойынша, «азаматтық қоғам – жеке меншіктілердің бірлестігі», және де азаматтық қоғам тарихи процесстің диалектикалық дамуының ерекше кезені болып табылады. Сонымен қатар, азаматтық қоғам туралы идеялары **марксизм** де ерекше орын алады. Гегель мен бірдей, К.Маркс азаматтық қоғамды тарихи феномен деп қарастырған. Әсіресе оның «Капитал», «Саяси экономияны сынау» еңбектерінде осы мәселеге көп көңіл аударған.

Азаматтық қоғам тарихи жағынан мемлекеттен бұрын пайда болған, \. Азаматтық қоғам-адамдардың өмір сүруіне, тіршілік етуіне қажетті өзара қарым-қатынасының шарты. Өйткені адам тіршілік ету үшін бір-бірімен қатынас жасап, өзара қауымдасып еңбек етеді. Сөйтіп адамдар жаңа материалдық игіліктер жасайды, сол игілікті бөлісу, айырбастау, бірлесіп пайдалану үшін, бір сөзбен айтқанда, тіршілік тоқырап қалмау үшін түрлі әрекеттер жасайды, отбасы құрылып, бала сүйеді, топтарға, ұйымдарға бірігіп өз мүдделерін қорғайды. Адамдардың қауымдасуы өзінің белгілі бер даму кезеңінде өз қауымдастарының жеке бастары мен отбасы мүшелерінің, бірлестіктері мен ұжымдарының мүддесін қорғау, тыныштығын қамтамасыз ету үшін саяси күшті қажет етеді. Мұндай күш ретінде өмірге мемлекет келеді.

Мемлекет өзін азаматтық қоғамның өзу туғызып, оны соның өзі асырап, оның іс-әрекетін бақылап отырғанын кейде ұмытып, бар билікті өзуысында ұстауға тырысады. Азаматтық қоғам өз ықпалын әлсіреткен жағдайда, мемлекет өзінің зор күшіне еніп, жыртқышқа айналады. Қоғамның бүкіл ұңғыл-шұңғылына араласып, адамды басып-жаныштайды, адам бостандығы мен құқын аяққа басуға дейін барады.

Адамның өзі дүниеге келтірген саяси күш – мемлекет бірте-бірте оның өзіне ауыз салады, экономикалық қыспаққа салады, алым-салықты үдетіп,

саяси жағынан қыспаққа алады, құқықтарын шектейді, заңсыздықтарға барып, адамдарды кейде жазықсыздан-жазықсыз жазалайды, айдауға жіберіп, түрмелерге жабады. Осыған орай адам мемлекеттің зорлық зомбылығын шектеуді қажет етеді. Азаматтық қоғамға иек артып, соның мемлекетті шектеу ықпалын пайдаланып, соған арқа сүйемек болды. Азаматтық қоғамды дамытуға күш салды.

Азаматтық қоғамның ең радикалды концепциясын **Т.Пейн** «Адам құқығы» еңбегінде ұсынған. Ол бойынша, азаматтық қоғам мемлекетке қарсы тұрады, мемлекет – ол ұлы зұлымдық. Көпшілік арасында азаматтық қоғам мен ұлттық мемлекетті бір біріне қарсы қойып, оларды бірін бірі теріске шығаратын антиподтық ұғым деп түсіну кеңінен етек алып отыр. Бұл әрине дұрыс емес. Азаматтық қоғам мемлекеттің ұлттық сипатына ешқандай да қарсылық көрсетпейді, керісінше ол құқықтық мемлекеттің қалыптасуына қызмет етеді.

Құқықтық мемлекет орнықпайынша, әкімшіл-әміршіл жүйе бой көрсетуден танбайды, жеке адамның заңды құқы аяққа тапталып, мүлт кеткен шалыс қадамы жазаланып отырылады. Төрт-бес күнге көршілес елге барып қайту үшін де мемлекеттен рұқсат сұрап, әуре-сарсаңға түседі. Мемлекет өз үстемдігін толық жүргізіп, адамдардың жеке ісіне, отбасына, сенім-нанымына да қол сұғып, жөн-жосықсыз араласудан біржола арыла алмайды. Мұны тәртіпке келтіріп, мемлекеттің шексіз билігіне шектеу жасап, оның бәрін әділ қабылданған заңдармен реттеп, заңдастырып отыру – құқықтық мемлекеттің қызметі.

Азаматтық қоғам ұлт мүддесіне қарсы әрекет етпейді. Керісінше, адам құқығын қорғауға күш салады. Алайда, азаматтық қоғам мен ұлттық мемлекет деген ұғымдар қарсы қоюшылық та осындайдан туған. Бұл екі ұғым бір-біріне қарсы болатындай емес, екеуі екі деңгейде өрбитін ұғымдар. Азаматтық қоғам мемлекеттің ұлттық сипатына емес, мемлекеттің адам құқығы аяқ асты ететін әрекеттеріне қарсы бой көтереді, нағыз демократия үшін күреседі. Осыны ажырата білген абзал.

Азаматтық қоғам мен құқықтық мемлекеттің қалыптасуы бір бірімен өзара тығыз байланысты.

Азаматтық қоғам дегеніміз мемлекеттен өзін тәуелсіз сезінетін өндірушілер, игілікті жасаушылар, өздерін өздері басқарып отыратын кәсіпкерлер, кәсіподақтар, партиялар мен қозғалыстар, мәдени бірлестіктер, ғылыми қоғамдар, отбасы және дін ұжымдарының жиынтығы болып табылады. Ол мемлекеттің болат құрсауынан біртіндеп құтылып, жаңа әлеуметтік қауымдасуға бет алады. *Азаматтық қоғамда адамның мәртебесі биіктеп, мәні арта түседі.* Адам мемлекет үшін емес, мемлекет адам үшін қызмет етеді. Бүкіл әлеуметтік топтар, қауымдар заң жүзінде белгіленген құқықтар мен мүмкіндіктергі ие болып, өз мүдделерін қорғауға мүрсат алады.

Азаматтық қоғам адамдар қауымдасуының жаңа сипаттағы биік белесі болып табылады. Бұл қоғамның қалыптасуы тек материалдық игіліктердің даму дәрежесімен ғана өлшенбейді, ол қоғам мүшелерінің рухани жетілу

дәрежесімен, биік кескін-кейпімен сипатталады. Мұндай белес-дәреже біз үшін таяқ тастам жерде немес анау қырдың астында болмай тұрғаны белгілі. Сондықтан да азаматтық қоғам алғаш тәуелсіздік алған мемлекеттерде – алда тұрған жаңа белес.

Құқықтық мемлекеттің қалыптасуы да бір жылдың ісі емес. Бұл мемлекет тұсында нендей бір таптың, партияның, топтың, билеуші бюрократияның диктатурасына жол бермейді, оның есесіне қоғам мүшелерінің барлығына мемлекеттік және қоғамдық істерді басқаруға қатысуға. Лауазымды қызметтер атқаруға кең жол ашылады.

Демократиялық жағдайда қабылданған заңдар алдында мемлекет те, қоғамның әрбір мүшесі де бірдей жауапты. Заң мемлекетке де, азаматқа да бірдей қызмет етеді. Құқықтық мемлекет жағдайында заң қағидалары әрбір азаматтың бостандығын, пікір әрқилылығын, жариялылықты қорғауға тиісті. Құқықтық мемлекет беделге бас июшіліктен, шындықтан, әділдіктен жалтарудан аулақ болуға тиіс.

Азаматтық қоғам адамдардың өздерін еркін сезінуін, бас бостандығын, азаматтық қадір қасиетін, ар-ожданын қамтамасыз етеді.

Азаматтық қоғам тұсында адамдардың теңдік, қауіпсіздік құқықтары толық жүзеге асырылады. Адамның теңдігі дегеніміз олардың заң алдында бірдей құқықпен пайдалануы деген сөз, заң әрбір адамды қорғаса да, жазаласа да әрбір адамға ол бірдей талап қояды.

Әдебиет:

1. Балғымбаев А.С. Саясаттану. Оқу құралы. -Алматы, 2003.
2. Жамбылов Д.Ә. Саясаттану. Оқулық. -Алматы: Жеті Жарғы, 2010.
3. Жамбылов Д.Ә. Тәуелсіздік және саяси сана. -Алматы: Жеті Жарғы, 1999.
4. Раздыков, С. З. Основы политологии - Астана : Фолиант, 2008.
5. Назарбаев, Н. Ғаламдық қоғамдастықты түбегейлі жаңарту стратегиясы және өркениеттер серіктестігі - Астана : АРКО ЖШС, 2009.
6. Саяси сөздік. Алматы, 1989
7. Қазақстан Республикасының мемлекет сәйкестілігі қалыптастыру тұжырымдамасы. Алматы, Қазақстан, 1997.
8. Ортақ үйімізге татулық пен келісім болсын. Алматы, 1995.
9. Ақтай С.А. Қазақстандағы демократия бары мен жоқ – Қазақстан өзін қорғай алатын мемлекет болу керек. /Парасат. №4, 1998.
10. Ерменов К. Демократиялық даму жолы. /Саясат. №1, 10, 1998.

Тапсырмалар:

Тапсырма 1

Кестені толтырыңдар «Мемлекеттің қалыптасу теориялары»:

Теория	Мазмұны
Теократиялық	

Патриархалдық	
Келісімдік	
Басып алу	
Марксистік	
Органикалық	
Ирригациялық	

Тапсырма 2

Төменде келтірілген кесте негізінде республикалық билеу формасының типтерінің айырмашылығын ашыңыздар:

Салыстыру критериялары	Президенттік республика	Парламенттік республика	Аралас Республика
Үкіметті жасақтау тәртібі			
Үкімет қызметің қадағалау құқығы			
Премьер-министр лауазымының болуы			

Тапсырма 3

Кестені толтырыңыз «Мемлекет туралы анықтамалар»

Анықтама	Авторлар

Тапсырма 4

Кестені толтырыңыз «Мемлекеттің атқаратын қызметтері және белгілері»

Қызметтері	Белгілері	Мемлекеттік билік деңгейлері

Тапсырма 5

Кестені толтырыңыз «Мемлекеттік басқару формалары»

Форма	Сипаттамасы

Тапсырма 6

Кестені толтырыңыз «Азаматтық қоғамның элементтері»

Азаматтық қоғамның элементтері	Сипаттамасы

--	--	--

Тапсырма 7

Кестеде келтірілген белгілерге сүйеніп мемлекеттік-әкімшілік құрылым типтерінің негізгі айырмашылықтарын көрсетіңіздер:

Белгілері	Унитарлық	Федеративтік	Конфедеративтік
1.Биліктің таралу көзі			
2.Аумақ			
3.Әкімшілік-аумақтық бірліктердің дербестігінің деңгейі			
4.Конституция			
5.Азаматтылық			

Тапсырма 8

Әкімшілік-аумақтық формалары бойынша бірнеше мемлекеттерді негізге алып төмендегі кестені толтырыңыз:

Унитарлық мемлекеттер	Федеративтік мемлекеттер	Конфедеративтік мемлекеттер
1	1	1
2	2	2
3	3	3
4	4	4
5	5	5

Тапсырма 9

Кестені толтырыңыз:

Билеу формасы	Президент	Атқарушы билік	Заң шығарушы билік
Президенттік республика (АҚШ)			
Парламенттік республика (Алмания)			
Аралас республика (Франция)			
Президенттік республика (Қазақстан)			

Тапсырма10

ҚР Конституциясына сүйене отырып, адамның негізгі құқықтырынын мазмұның анықтаңыз. Кестені толтырыңыз:

Жеке (азаматтық) құқықтар	Саяси құқықтар	Әлеуметтік- экономикалық құқықтар
1. ...	1. ...	1. ...
2. ...	2. ...	2. ...
3. ...	3. ...	3. ...

Тапсырма 11

Дұрыс жауабың жазыңы:

1. Мемлекеттің қызметі дегеніміз:-----
2. Басқа билік түрлері үшін жоғары болып табылатын билік түрі:-----
--
3. Саяси биліктің негізгі көздерін атаңыз:-----
4. Билікке оң баға беру, оның заңдылығын, басқару құқын мойындау және бағынуға келісушілік:-----
5. Мемлекеттің әлеуметтік қызметі – бұл:-----
6. ҚР Конституциясы бойынша Үкімет мүшелерінің кандидатурасын ұсынады:

7. Нарық еркіндігі мен кәсіпкерлікті қолдайтын саяси идеология:-----

8. Саясаттың алғашқы субъектісі – бұл:-----
9. Бір аймақта тұратын, мәдениеті, тілі, сана-сезімі, психологиялық құрылымы ортақ, экономикалық қауымдасумен және мемлекеттің ортақтығымен сипатталатын, даму үрдісінде тарихи қалыптасқан адамдардың тұрақты қауымдастығы:-----

Талқылауға арналған сұрақтар

1. Мемлекеттік пайда болуы туралы қандай теорияларды білесіз?
Оның қайсысың дұрыс деп санайсыз?
2. Қоғамдық өмірдің мемлекеттенуі деген не?
3. Мемлекеттің белгілері қандай?
4. Мемлекет қандай қызметтерді атқарады?
5. Азаматтық қоғам деген не?
6. Құқықтық мемлекеттің айырмашылықтары неде?
7. Қазақстанда азаматтық қоғамның даму дәрежесі қандай

Шығармашылық тапсырма

1. Саяси және құқықтық ғылымда адамдардың құқықтары жағымды және жағымсыз болып екі түрге бөлінеді. Жағымсыз құқықтар: тұлғаның автономиялық жағдайы, мемлекеттің тұлғаның әлеуметтік және жеке өміріне араласпауды білдіреді. Жағымды құқықтар: адамның кез-келген әлеуметтік және экономикалық құндылықтарың сақтауға қамтамасыз етеді.

2. Төменде келтірілген құқықтардың қайсылары жағымсыз, қайсылары жағымды болып саналады?

ә) өмір сүру және ар-намысты сақтау құқығы;

а) меншікті иелену құқығы;

е) білім алу құқығы;

б) еңбек ету құқығы;

ж) еруілге қатысу құқығы

в) ой-пікір білдіру құқығы;

з) қамтамасыз етілу құқығы;

г) сайлау құқығы;

и) діни көзқарасты ұстану

құқығы.

3. Әлеуметтік қанағаттылық беретін бес негізгі басты құқықтарды тізбелеп шығыңыз. Кішігірім топтарға бөлініп, талқылаңыздар.

4. Көрнекті француз ойшылы Ш.Л.Монтескье өзінің «Заңдар рухы туралы» атты еңбегінде биліктің тармақтарың бір қол астына жиңақтаудың салдары өте кері әсер береді деп түсіндіреді. Сізде оның ойың негізге алып осындай біріктірудің қандай салдары болу мүмкіндігің болжап көріңіз.

5. Неге құқық пен бостандық субъектісі азамат емес, адам болып табылады? Жауабыңызды негіздеп, түсіндіріңіз.

6. Қазіргі қазақстан қоғамының «билеу формасын», «мемлекеттік құрылым формасын», «саяси режимің» анықтаңыз.

Баяндамалар мен рефераттар тақырыптары:

1. Саяси институт ретіндегі мемлекеттің ерекшелігі.

2. Заң шығарушы және атқарушы институттар.

3. Құқықтық мемлекет және азаматтық қоғам.

4. Әлеуметтік мемлекет: негізгі белгілері мен қызметтері.

5. Қазіргі мемлекеттердің үлгілері.

6. Мемлекеттік билеу формалары: түрлері, негізгі белгілері.

3.6 Саяси партиялар және қоғамдық қозғалыстар

Сабақтың мақсаты: партияны саяси институт ретінде қарастыру; қоғамның саяси жүйесінде партияның орның мен рөлің анықтау; партиялық жүйелерді салыстырмалы талдау және топтастыру; қазақстандық партиялық жүйелердің ерекшелігің анықтау.

Негізгі түсініктер: саяси партия, партология, кадрлық және бұқаралық партиялар, партиялық жүйе, қоғамдық-саяси қозғалыс, оппозиция, қысым жасау топтары.

«Партия» деген ұғым латын тілінен аударғанда «бөлік, бөлшек» деген мағынаны білдіреді. Алғашқы партиялар ежелгі Грецияда пайда болған. Жалпы партиялардың даму кезеңдері:

аристократиялық котерийлер (үйірмелер);
саяси клубтар;
көпшілік партиялар.

Саяси партиялардың түрлері өте көп. Мысалға: кадрлық, көпшілік, консерваторлық, реформаторлық, революциялық, заңды, заңсыз, басқарушы, оппозициялық, оңшыл, солшыл, орталық, парламенттік және антипарламенттік болып бөлінеді. Бұл партиялардың идеяларында, бағдарламаларында ерекшеліктері көрсетілген.

Қоғамдағы партиялардың санына байланысты, бірпартиялық, қоспартиялық және көппартиялық жүйелер қалыптасады.

Партиялардың негізгі қызметтері:

жекелеген пікірлерді, мүдделерді біріктіру, жүйелеу, қоғамдық деңгейге көтеру;

басқа партиялармен бәсекелестікте болу;

белсенді мүшелерін саяси элитаға енгізу;

мемлекет пен азаматтық қоғам арасындағы байланысты тұрақты ету, дамыту;

қоғамның дамуына байланысты белсенді жұмыстар атқару.

Саяси партиялардың қоғамдық ұйымдардан айырмашылығы, олардың басты мақсаты – мемлекеттік билікке ұмтылу, ал қоғамдық ұйымдар билікке ұмтылмайды, тек өзінің алдына қойған жалғыз мәселесін шешуге тырысады.

Қазақстандағы саяси партиялар мен қоғамдық ұйымдар көп. Олардың бағдарламалары, алдарына қойған мақсаттары анық көрсетілген. Партиялардың демократиялық қоғамды орнатуда маңызы өте зор. Қазақстандық партиялар әлі қалыптасу үстінде деп айтуға болады.

Партиялық және сайлау жүйелерінің ерекшеліктері

Мемлекеттің саяси жүйесіндегі маңызды буыны – сайлау. Оның сипаты өкіметтің сайланбалы органдары құрамына әсер ететіні сөзсіз.

Сайлау жүйесі дегеніміз - өкімет органдарына ашық сайлаумен байланысты және сайлау тәртібін айқындайтын қалыпты қоғамдық қатынастар жиынтығы.

Оның негізгі құрамдас бөліктері төмендегідей:

берілген дауысты санау тәсілі мен депутаттық мандат беру мағынасында алып қарағанда, сайлаудың саяси ұйымдастырылуы бейнеленеді;

сайлау процесі сайлаудың тікелей ұйымдастрыу жағын көрсетеді.

Сайлаушылардың берген даусын санау тәсілі мен депутаттық мандат беру ретіндегі сайлау жүйесі дамыған шетелдерде абсолютті көпшілікті мажоритарлық жүйе (Франция), пропорционалды жүйе (Австрия, Бельгия, Франция), аралас жүйе түрінде қолданылады.

Енді осы сайлау жүйелеріне байланысты қолданылатын сайлау кампаниялары, жарнама, ПР, сайлау үлгілеріне тоқталып, олардың

Қазақстанда қолдану ерекшеліктеріне мән беруге тырысамын. Демократия көшіне бет алған тәуелсіз мемлекетіміздің кәсіби тұрпатта кемелденуін саралаудың мақсатты жолында төл сайлау жүйесін жетілдіру үшін әлемдік өркениет тәжірибесіне де назарымызда аударуымыз қажет деп ойлаймын.

Жоғарыда айтылғандарды қарасақ, алыс және жақын шет елдердегі саяси технологиялар тәжірибелерін және либералдық демократиялық дамуын зерттеудегі әдіснамалық негіздің пайда болуы мен даму тарихына деген қызығушылық заңды және негізі бар құбылыс болып табылады. Соңғы жылдары қазақстандық қоғам терең, сапалы өзгерістерді басынан өткеруде, ол әлеуметтік-саяси жүйенің фундаменталды параметрлерін радикалды құрастыруымен байланысты. Мемлекеттің саяси іс-әрекетке монополиясынан бас тартуы, плюралистік және полисубъекті ретінде қазақстандық саяси өмірдің қалыптасуы жаңа парадигмаларды қажет етеді және практикалық қайта құру саласында, саяси нақтылықты теориялық ұғыну жағынан да осындай талаптар бар.

Әдебиет:

1. Балғымбаев А.С. Саясаттану. Оқу құралы. -Алматы, 2003.
2. Жамбылов Д.Ә. Саясаттану. Оқулық. -Алматы: Жеті Жарғы, 2010.
3. Жамбылов Д.Ә. Тәуелсіздік және саяси сана. -Алматы: Жеті Жарғы, 1999.
4. Жандаулетов Т. Қазақ ұлттық идеологиясы мәселелері. -Алматы, 2004.
5. Қазыбеков Н.А. Саяси процестер:Оқу құралы.-Қарағанды:Болашақ баспа,2004
6. Саяси сөздік. Алматы, 1989
7. Ортақ үйімізге татулық пен келісім болсын. Алматы, 1995.
8. Қозыбаев М. Киелі тәуелсіздік. //Парасат. №3, 2001.
- 9.ҚР « Саяси партиялар туралы заңы»//Мысль, № 9, 200

Тапсырмалар:

Тапсырма 1

Қазақстандағы қазіргі саяси партиялары

1.Сұлба бойынша хабарлама дайындаңыз:

- партияның аты;
- партияның лидері;
- партия мүшелерінің саны;
- партияның қысқаша саяси платформасы.

Зерттелінген партиялардың саны 7 – нан кем болмасын

Тапсырма 2

Төменде келтірілген идеологиялар бойынша бірнеше партияларды мысалға алып, кестені толтырыңыздар:

Коммунизм	Әлеуметтік демократия	Либерализм	Консерватизм	Фашизм

Тапсырма 3

Кестені толтырыңыз: «Партиялық жүйелердің кемшіліктері мен артықшылығы».

Көппартиялық жүйе		Екі партиялық жүйе		Екі+бір партиялық жүйе		Бір партиялық жүйе	
+	-	+	-	+	-		

Тапсырма 4

Кестені жалғастырып, толтырыңыз:

Партия	Идеологиялық бағыты	Экономикалық платформасы	Әлеуметтік платформасы	Мүшелер саны
Нұр Отан				
Ақ Жол				
ҚХКП				
Ауыл партиясы				

Тапсырма 5

Дұрыс жауабың жазыңыз:

1. Партия – бұл:-----

2. Саяси партия тарихын үш кезеңге (аристократиялық топтар, саяси клуб, бұқаралық партия) бөлген ғалым:-----

3. Партиялар жалпыұлттық саяси құрылымдар ретінде қашан қалыптасты:-----

4. Кадрлық партияларға тән белгілер:-----

5. Партияға мүшелікке қатысты ережелердегі айырмашылықтарға қарай партиялар мынандай болып бөлінеді:-----

6. Парламенттік, президенттік немесе муниципалдық сайлауларда қандай да бір саяси партияға дауыс беретін сайлаушылар тобы:-----

7. Партияның негізгі саяси қызметі:-----

8. Партиялық жүйе дегеніміз – бұл:-----

9. Бірпартиялық жүйеге тән:-----

10. Саяси процесс дегеніміз:-----

11. Саяси дағдарыс – бұл:-----

Талқылауға арналған сұрақтар

1. Саяси партия дегеніміз не?

2. Басқа қоғамдық-саяси ұйымдардан партияның айырмашылығы неде?

3. Саяси партиялар не себепті пайда болады?

4. Партияның негізгі қызметтері қандай?

5. Партияны жіктеу тәртібі неге негізделеді?

6. Партиялық жүйе деп нені айтады?

7. Бірпартиялық, екіпартиялық және көппартиялық жүйелердің жақсы және осал жақтары қандай?

8. Алаш партиясының идеялары қазіргі таңда уақытта қаншалықты өміршенді және көкейтесті?

Шығармашылық тапсырмалар

1. Не себепті бір адамдар партияға кіреді, екіншілері партиядан тыс болады?

Эссе жазыңыздар.

2. Елдің белгілі бір партиялық жүйені таңдауы қандай факторларға байланысты? Топ ішінде пікір-талас негізінде өз ойларыңызды білдіріңіздер.

3. Авторитарлық, тоталитарлық және демократиялық саяси жүйелерде саяси партиялардың рөлі мен орны қандай? Презентация дайындаңыздар.

4. Алаш қозғалысының саяси бағдарламасымен танысып шығыңыздар. Топ

ішінде талқылаңдар.

Іскер ойын «Партиялардың сайлау науқаны»

Топтан «сайлауға» екі немесе үш «үміткер» шығады, «үміткерлердің штабы» құрылады, топтың қалған бөлігі бақылаушылар мен сайлаушыларды құрайды.

«Сайлау науқаны» үш кезеңнен тұрады: үміткерлердің жарнамасы, басқа үміткерлерді сынға алу, (штабтың мүшелерімен жүргізіледі) және үміткерлердің пікір таласы

Баяндамалар мен рефераттар тақырыптары:

1. Қазақстанның саяси партиялары.
2. Қазақстанда партиялық құрылыстың шығу тегі.
3. Қазақстандағы партиялық жүйе.
4. АҚШтың партиялық жүйесі.
5. Тоталитарлық жүйедегі билеуші партияның рөлі.

3.7 Саяси режимдер

Сабақтың мақсаты: саяси режимдердің негізгі типтерің қарастыру; тоталитаризмнің, авторитаризмнің, демократияның негізгі белгілерің сипаттау; Қазақстандағы саяси режимді сипаттау; демократияның негізгі үлгілерімен танысу.

Негізгі түсініктер: саяси режим, диктатура, демократия, тоталитаризм, авторитаризм.

Саяси режим деп саяси билікті жүзеге асыруға қолданатын әдіс-тәсілдердің жиынтығын және қоғамдағы еркіндік деңгейін айтамыз.

Қазіргі кезде саяси режимдерді үлкен екі топқа бөледі: **демократиялық және антидемократиялық** режимдер.

Демократия көне грек ойшылы Геродоттың еңбегінде кездеседі. Жалпы ежелге дәуірдің ойшылдары демократияны биліктің нашар түрі деп сынаған.

Демократиялық режимге халықты биліктің қайнар көзі деп санап, оған мемлекеттік істерді шешуге құқық берілген және ол үшін қажетті жаңдайлар жасалған биліктің түрі, қоғамның мемлекеттік-саяси құрылысы жатады. Мұндай тәртіпте азаматтардың негізгі құқықтары мен еркіндіктеріне кепілдік беріледі. Саяси мәселелер ашық талқыланады, биліктің шектен тыс шоғырлануына жол берілмейтін тетіктер жасалады, азаматтарға қолайлы құқықтар мен еркіндіктер, олардың саяси көңілін білдіру түрлері айқыедалады, жалпыға бірдей сайлау құқығы орнатылады.

Сонымен қатар, демократиялық режим мынадай белгілермен сипатталады:

Билік көзі халықта;

Сөз бостандығы;

Сайлаудың ашық жүргізілуі;

Азаматтардың тең құқықты болуы;

Азшылықтың көпшілікке бағынуы;

Демократиядағы ең негізгі фундамент ретінде сайлауды айтуға болады.

Адал, шынайы сайыс арқылы, жүйелі түрде өткізілетін сайлау. Ол амал-айласыз, қулықсыз жүргізілсе және оны шынайы жүргізудің жолы табылғанда ғана адал болады. Егер мемлекеттік билік бір партияның қолында болса да сайлау адалдыққа жатпайды. Шынай сайыс арқылы дегенде өзінің кандидатурасын еркін ұсынуға мүмкіндігі бар әр түрлі топтар мен жеке

тұлғалардың болуын айтады. Егер бір топтар қатысып, екіншілері қатыса алмайтындай болса, онда сайлау жарыс арқылы өтпегендігі.

Демократияның негізгі тұжырымдамалары: плюралистік (М.Вебер, Г. Ласки және басқалары); ұжымдық (К. Маркс) және либералистік (Дж. Локк, Ш. Монтескье)

Антидемократиялық режимдерге тоталитаризм және авторитаризм жатады.

Антидемократиялық режимдер

Тоталитарлық (латынның total - бүтін, тұтас деген ұғымын білдіреді) режим деп қоғам, адам өмірінің барлық салалары тұтасымен мемлекеттік бақылауға алынған мемлекеттік-саяси құрылымды айтамыз. Онды өндіріс, экономика, бұқаралық ақпарат құралдары, білім, мәдениет, адамдардың жеке өмірі – бәрі тек мемлекеттің бақылауында болады. Сөз бостандығы болмайды. Жеке меншік, бәсекелестік, нарықтық қатынастарға жол берілмейді. Азаматтық қоғамның элементтері жұмыс істегенімен, ол тұтасымен мемлекеттің қарамағында. Жеке басқа табынушылық, бір партияның идеялық күштілігі байқалады. Халық дін ретінде бір идеологияға сенеді, бағынады. Барлық іс-әрекеттер алдын ала жоспарланған, жоғарыдан түсетін бұйрық арқылы жүзеге асырылады, жекелікке, даралыққа жол берілмейді. Мемлекеттің идеясына қарсы шыққандарды «халық жауы» деп құртады. Оппозицияны болдырмайды.

Тоталитаризмнің үш түрі XX ғасырда болған. Ол Италиядағы Муссолини кезіндегі фашизм, Германиядағы Гитлер кезіндегі национал-социализм және Кеңес Одағындағы Сталин негізін салған коммунизм. Бұл мемлекеттегі идеологияның күштілігінен осы елдер өз уақытында ірі мемлекеттерге айналды.

Авторитарлық режим тоталитарлық қоғамнан демократиялық қоғамға өтетін кезең, бұл күшті тәртіпке негізделген, жеке адамның билігі қалыптасқан режим.

Авторитарлық режим Иордания, Индонезия, Марокко, Сауд Аравиясында, бұрынғы Кеңес мемлекеттерінде және т.б. елдерде қалыптасқан.

Авторитарлық режим кезінде тоталитаризмнің де демократияның да белгілері кездесе береді бұл қоғам өзінің қатаң тәртібі мен тұрақтылығымен ерекшеленеді, себебі мұнда қоғамды өзгеріске ұшырататын идеялар мен топтарға жол бермейді, заң жүзінде оларға қатаң бақылау жасалынға. Қоғамда сайлау, көппартиялық жүйе қалыптасқанымен ол мемлекетке тәуелді. Азаматтар биліктен алшақтатылған, билікті бақылай аламайды. Басқарудың күш көрсету құралдарын пайдалана отырып жүргізілетінін көруге болады. Мемлекет басында тұрған адам өзінің үстемдігін шексіз жүргізе алады. Оны шектейтін демократиялық элементтер, мемлекеттің тармақтарының болуы формалді түрде. Тағы да бір ерекшелік: мемлекет тұтас бақылаудан бас тартқан. Адам саяси жүйеден басқа әлеуметтік, экономикалық, мәдени және тағы да басқа салаларды өз таңдауын жүзеге асыра алады.

Әрине, әр халық өзіне лайық саяси режимді қалыптастыра алады. Бұған тек жоғарыдағы мемлекеттік билік қана емес сонымен бірге халықтың

менталитеті де әсерін тигізеді. Сондықтан қай елде қандай режимнің қалыптасып, дамуы үлкен күрделі үрдіс болып табылады.

Әдебиет:

1. Балғымбаев А.С. Саясаттану. Оқу құралы. -Алматы, 2003.
2. Жамбылов Д.Ә. Саясаттану. Оқулық. -Алматы: Жеті Жарғы, 2010.
5. Назарбаев Н.Ә. Бейбітшілік кіндігі. -Алматы: «Елорда», 2001.
7. Кокебаев Г. Халықаралық қатынастар тарихы. Хрестоматия. Алматы, РБК, 1997.
2. Қазыбеков Н.А. Саяси процестер:Оқу құралы.-Қарағанды:Болашақ баспа,2004
9. Менлибаев К.Сапернализм және ұлтаралық қатынас мәдениеті. Саясат. №5, 2001
10. Ақтай С.А. Қазақстандағы демократия бары мен жоқ – Қазақстан өзін қорғай алатын мемлекет болу керек. /Парасат. №4, 1998.
11. Ерменов К. Демократиялық даму жолы. /Саясат. №1, 10, 1998.
12. Назарбаев Н. Біздің жолымыз – бірлік жолы. /Егемен Қазақтан, 7 қаңтар, 2003

Тапсырмалар:

Тапсырма 1

Кестеңі толтырыңыз

«Саяси режимдердің салыстырмалы сипаттамасы»:

Сипаты	Демократиялық	Авторитарлық	Тоталитарлық
Саяси плюрализм			
Әлеуметтік-экономикалық плюрализм			
Идеология			
Мобилизациялау			
Жетекшілік			

Тапсырма 2

Қазіргі Қазақстанның жағдайындағы демократияның классикалық принциптерінің жүзеге асуын бақылап, негіздеңіз:

Демократияның классикалық қағидалары	Қазіргі Қазақстанда демократиялық қағидалардың жүзеге асуы
Қоғамдағы сан-алуан мүдделерді ескеретін дамыған өкілетті жүйенің болуы	
Билікті қоғамның бақылауы	
Саясатта барлық саяси күштермен демократиялық ережелерді	
Биліктің ауысып отыру тетігінің тұрақты жұмыс жасауы	
Қарулы күштердің үстіне азаматтық бақылаудың болуы және оның саясатқа араласпауы	

Тапсырма 3

Демократияның келесі теорияларың сипаттаңыз:

Либер алдық	парципат орлық	плюра листік	плебисцит арлы-көсемдік	консоци алдық

Тапсырма 4

Дұрыс жауабың жазыңыздар:

1. Саяси режим дегеніміз:-----
2. Тоталитаризм дегеніміз:-----
3. Өзінің қозғалысына сипаттама беру үшін «тоталитаризм» терминін саяси лексиконға енгізуші:-----
4. Тоталитаризмнің түрі ретінде национал-социализм қашан, қай елде пайда болды:-----
5. Тоталитаризмнің бір түрі ретінде фашизм қашан, қай елде пайда болды:-----
6. Авторитаризм дегеніміз:-----
7. Авторитарлық режимнің (тәртіптің) әдеттегі тірегі:-----
8. Авторитарлық қоғамда салынатын тыйымдардың сипаты:-----
9. Демократияның пайда болған жері:-----
10. Демократия кезінде биліктің ресми көзі болып табылатын:-----
-
11. Референдум азаматтардың билігін іс жүзіне асырудың келесі түріне жатады:-----

12. Шешімдерді қабылдауға, талқылауға, дайындауға азаматтардың өздері қатысатын халық билігінің формасы:-----

Талқылауға арналған сұрақтар

1.Тоталитаризм – бұл мақсатпа әлде мақсатқа жету құралы ма?

2.Кез-келген монархия тоталитарлық мемлекет және кез-келген республика құқықтық, демократиялық мемлекет болып табылады ма?

3.Қалай ойлайсыз, қазіргі әлемде авторитаризмнің көптеп орын алуы немен байланысты?

4.«Адамның әділеттілікке деген ұмтылысы демократияны орнығуын мүмкін қылады, бірақ оның әділетсіздікке баруы оны қажетті етеді» деген пікірді қалай түсінесіз?Эссе жазыңыз.

5.Егерде елде сайлау өткізіліп, парламент болса- бұл демократияның бар дегенің білдіре ма ?

6.Қазіргі бірқатар саясаттанушылар, тұрақты демократия тек экономикасы дамыған қоғамдарда ғана орныға алады деген пікірді ұстанады.Осы пікірмен келісуге бола ма ?

Шығармашылық тапсырма

7.Өзіңіздің пікіріңізді жазбаша түрде төменде берілген ойлар жөнінде беріңіз:

ә) «Құлдықтан бостандықтың артықшылығы қандай болса, монархиядағы бақытты өмірден гөрі демократиялық мемлекеттегі кедейліктің артықтығы соншама»(Демокрит)

а) «Демократия — халық үшін, халықтың өзі іске асыратын халық билігі»(Авраам Линкольн)

б) «Халық өзінің еркін өзі шығарған заңдар арқылы білдіреді»

в) «Демократия жағдайында ақымақтар дауыс беруге ие болса , ал диктатурада билеуге ие» (Б.Рассел).

г) Мұжық патшалықта патша болды деп, елде демократия орнады деу қателік»

(В. Вильсон)

Пікір -талас

«Демократия: адамзаттың болашағы ма әлде батыс өркениетінің құбылысы ма ?

Қатысушылар үш топқа бөлінеді: пікір таласқа түсетін екі топ және командалардың пікірің бағалап, талдайтын сарапшылар тобы.Сонында барлық қатысушылар демократияның даму болашағы туралы пікірлерің айтып, талқылайды.

Баяндамалар мен рефераттардың тақырыптары:

1. Демократияның құндылықтық қыры.

2. Жеке басқа табыну билігі тоталитаризмнің бір түрі ретінде.
3. Демократиялық үрдісте көпшілік пен азшылық мәселесі.
4. Дәстүрлі және жаңа авторитаризмнің тұжырымдамасы.
5. Саяси режимдерді талдауда жаңа тәсілдерді қолдану.

3.8 Саяси мәдениет және саяси идеология

Сабақтың мақсаты: саяси мәдениет феноменімен танысу,оның құрылымы мен компонентерің қарастыру, саяси жүйедегі саяси мәдениеттің рөлің анықтау, саяси мәдениеттің негізгі типтерің талдау, саяси әлеуметтендірудің сипаттамасы, саяси әлеуметтендірудің типтері мен үлгілерің анықтау.

Негізгі түсініктер: саяси сана, саяси мәдениет, азаматтық мәдениет, субмәдениет, саяси әлеуметтендіру,әлеуметтендірудің үлгілері,саяси идеология, либерализм, консерватизм, марксизм, социал-демократия.

Саясаттану ілімінде бұл тақырыптың маңызы зор. Ол нақтылы саяси жүйенің сипатын, қазіргі саяси тәртіптің мәнін, қоғамдық топтардың саяси санасы мен іс-әрекеттерінің ерекшеліктерін, саяси процестердің даму жолын және бағытын түсінуге жол береді.

Саяси мәдениет дегеніміз, қоғамдағы саяси идеялардың, принциптердің, құндылықтардың, саяси дәстүрдің жиынтығы. Ол қоғамдағы кез келген саяси іс-әрекетті бағыттап, бақылай алады. Саяси мәдениеттің бірнеше элементтері бар. Олар:

Саяси стереотип (қағида) – саяси билік, саясат туралы қарапайым, эмоционалды сезімге негізделген білімсіз түсінік.

Саяси сана – саналы және санасыз, рационалды және иррационалды, нормативті және эмперикалық сезімдер мен түсініктердің жиынтығы.

Саяси менталитет– ірі әлеуметтік топтардың әлеуметтік-психологиялық сапалы тұрақты жағдайы.

Саяси белгі – саясаттағы коммуникативті қызмет атқарушы.

Саяси әлеуметтену – адамның қоршаған ортаның құндылықтарын меңгере отырып, сол ортаға бейімделу процесі.

Бұдан басқа саяси мәдениетке идеология, дін және саяси ориентация кіреді. Қоғамның саяси өмірінде дін айтарлықтай орын алады. Бұрынғы Кеңес Одағы кезінде дін қудалауға түсіп, саяси өмірден шеттетілуінің, атеистік идеологияның үстемдік етуінің салқыны өз сарқыншағын Қытай қоғамына да қалдырды.

Әдебиет:

- 1.Балғымбаев А.С. Саясаттану. Оқу құралы. -Алматы, 2003.
- 2.Жамбылов Д.Ә. Саясаттану. Оқулық. -Алматы: Жеті Жарғы, 2010.
- 3.Назарбаев Н.Ә. Бейбітшілік кіндігі. -Алматы: «Елорда», 2001.

4.Кокебаев Г. Халықаралық қатынастар тарихы. Хрестоматия. Алматы, РБК, 1997.

5.Қазыбеков Н.А. Саяси процестер:Оқу құралы.-Қарағанды:Болашақ баспа,2004

6.Менлибаев К.Сапернализм және ұлтаралық қатынас мәдениеті. Саясат. №5, 2001

7.Ақтай С.А. Қазақстандағы демократия бары мен жоқ – Қазақстан өзін қорғай алатын мемлекет болу керек. /Парасат. №4, 1998.

8.Ерменов К. Демократиялық даму жолы. /Саясат. №1, 10, 1998.

9.Назарбаев Н. Біздің жолымыз – бірлік жолы. /Егемен Қазақтан, 7 қаңтар, 2003

Тапсырмалар:

Тапсырма 1

Кестені толтырыңыз: «Шығыс пен Батыстың саяси мәдениетің салыстырмалы талдау»

Шығыс елдері	Салыстыру критериялары	Батыс елдері
	1.Биліктің пайда болу көзі	
	2.Саясатқа қатынасы	
	3.Тұлғаның толыққандығы	
	4.Мемлекет пен тұлғаның арақатынасы	
	5.Саясатқа қатысу формасы	
	6.Элита мен жетекшілерге қатынасы	
	7.Приоритет заңов.	
	8.Қоғамның идеологиязациялануы	

Тапсырма 2

Кестені толтырыңыз: либерализм мен консерватизмді салыстырмалы сипаттау

Либерализм	Консерватизм

Тапсырма 3

Дұрыс жауабың жазыңыз:

1. Ғылымға алғаш рет «әлеуметтендіру» терминін еңгізген-----
2. Абай қоғамды өзгертудің негізгі жолы деп есептеді-----
3. Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясы қабылданды-----
 4. Либерализм билік иесіне жатқызады-----
 5. Саяси мәдениетті құрайтын элементтер-----
 6. Вербаның айтуынша саяси мәдениеттің патриархалдық типі сипатталады-----
 7. Саяси көпшілік (плюрализм) дегеніміз-----
 8. Саяси жүйелерді «ашық» және «жабық» саяси жүйелер деп жіктеудегі негізгі өлшем -----
 9. Макиавеллизмнің тұжырымының мәні-----
- 10. Жеке адам мүддесін қоғам мен мемлекет мүддесінен жоғары қояды ұсынып, либерализмді қалаған-----
 11. Саяси мәдениеттің теориясы қалыптасты-----
 12. Мажоритарлық жүйе дегеніміз-----
 13. М. Вебер бойынша легитимділіктің харизматикалық типінің мәні
 14. Федерациялық мемлекетке жатады-----
 15. Тұлғаны жан-жақты сипаттайтын анықтаманы көрсетіңіз-----
-
16. Ерекше маңызды мәселе туралы барлық халықтың пікірін сұрау, анықтау аталады-----
17. Қоғамдағы биліктің, саяси жүйенің толық, түбегейлі өзгеруі саяси процестің келесі түрі арқылы іске асады-----
18. Саяси сана дегеніміз:-----
19. Доктриналарды, идеяларды, бағдарламаларды, ұрандарды қамтитын саяси санының түрі:-----
20. Айналадағы саяси шындық жөніндегі білімдер жүйесін көрсететін саяси санының қызметі-----
21. Идеология дегеніміз:-----
22. Саяси субмәдениет дегеніміз:-----
23. Азаматтардың билікке заңды ықпал жасау құралдарының көмегі (сайлау, шерулер және т.б.) арқылы белсенділік, саяси өмірде қызығушылықпен, рационалдылықпен ерекшеленетін саяси мәдениет түрі:-----
24. Марксистік теория бойынша мемлекет пайда болды-----
25. Саяси процесс дегеніміз-----

Талқылауға арналған сұрақтар

1. Вербаның айтуынша саяси мәдениеттің патриархалдық типі немен сипатталады?
2. Саяси көпшілік (плюрализм) деген не?

- 3.Саяси жүйелерді «ашық» және «жабық» саяси жүйелер деп жіктеуде негізге қандай өлшем алынады?
- 4.Төмендегі тұжырымдардың ішінен макиавеллизмді табыңыз
- 5.Жеке адам мүддесін қоғам мен мемлекет мүддесінен жоғары қояды ұсынып, либерализмнің негізін қалаған
6. Саяси мәдениеттің теориясы қашан қалыптасты?
- 7.Мажоритарлық жүйе дегеніміз
8. М.Вебер бойынша легитимділіктің харизматикалық типінің мәні
- 9.Федерациялық мемлекетке мына аталғандардың қайсысы жатады?
- 10.Тұлғаны жан-жақты сипаттайтын анықтаманы көрсетіңіз
- 11.Ерекше маңызды мәселе туралы барлық халықтың пікірін сұрау, анықтау қалай аталады?
- 12.Қоғамдағы биліктің, саяси жүйенің толық, түбегейлі өзгеруі саяси процестің қандай түрі арқылы іске асады?
- 13.Саяси сана дегеніміз:
- 14.Доктриналарды, идеаларды, бағдарламаларды, ұрандарды қамтитын саяси сананың түрі:
- 15.Айналадағы саяси шындық жөніндегі білімдер жүйесін көрсететін саяси сананың қызметі
- 16.Идеология дегеніміз:
- 17.Саясисубмәдениет дегеніміз:
- 18.Азаматтардың билікке заңды ықпал жасау құралдарының көмегі (сайлау, шерулер және т.б.) арқылы белсенділік,саяси өмірде қызығушылықпен, рационалдылықпен ерекшеленетін саяси мәдениет түрі:
- 19.Марксистік теория бойынша мемлекет қалай пайда болды?
- 20.Саяси процесс дегеніміз не?

Шығармашылық тапсырмалар

- 1.Студенттер мен зейнеткерлердің саяси әлеуметтендіруілерінің айырмашылығы неде? Презентация жасаңыздар.
- 2.Қалай ойлайсыз, қаншалықты билік елдің мәдени саласының даму бағыттарың реттеу үшін араласуы керек.Жауапты жазбаша түрде жасаңыз.

Баяндамалар мен рефераттардың тақырыптары:

1. Идеология, дін және аңыз: ұқсас сипаттары және айырмашылығы.
2. Қазақстанның саяси мәдениетіндегі дәстүрдің орны.
3. Қазіргі Қазақстан қоғамының саяси мәдениеті.
4. Саяси әлеуметтендіруді тетіктерінің тиімділігі.
5. Қазіргі Қазақстандағы саяси әлеуметтендірудің мәселелері.

3.9 Саяси элита және саяси жетекшілік

Сабақтың мақсаты: саяси элиталардың негізгі теорияларымен, типтерімен, атқаратын қызметтерімен және оларды іріктеу тетіктерімен танысу; саяси жетекшіліктің мазмұнын ашу, Қазақстандағы саяси элита мен жетекшіліктің ерекшелігін анықтау.

Негізгі түсініктер: элита, саяси элита, билеуші элита, контрэлита, элиталардың ауысуы, ашық және жабық элиталар, саяси жетекшілік.

«Элита» термині француз тілінен elite – іріктелген, таңдалған деп аударылады. 17 ғасырдан бастап, бұл термин таңдалған, атақты, жоғары мәртебелі адамдарды атауға қолданған.

Элита теориялары - әр әлеуметтік структураның қажетті бөлігі деп жоғарғы, ерекше құқықтары бар қатарды мойындаған әлеуметтік-саяси концепцияларының жиынтығы.

Саясаттың сан алуан субъектілерінің оған ықпалы, әрине әр түрлі. Жеке азаматтар және әлеуметтік топтар күнделікті саяси өмірге тікелей қатынаса бермейді. Күнделікті саясатпен адамдардың ерекше қабаты айналысады, оларды ерекше басшы топ атайды. Саяси элита аталымын қалай түсінуге болады.

20ғ бастап саясаттану мен әлеуметтануда білімі, байлығы, беделі, билігі жоғары адамдардың азғантай әлеуметтік тобын білдіреді. Бұл аталымның этимологиялық маңызының екі аспектісі бар. Оның біріншісі элита өзіне белгілі бір сапалық қасиеттерді, айқын белгіленген интенсивті белгілерді жинақтайды. Екінші аспектісі, осы белгілерді қң жоғарғы өлшеммен бағалайды. Өзінің алғашқы этимологиялық маңызы бойынша элита түсінігінде ешқандай ізгіліктілікке, демократиялыққа қарсылық жоқ. Әдетте, жоғары сапалы жылқы тұқымы, дәннің тұқымы, спорт саласындағы элита т.б түсініктер пайдаланылады. Демек, адамзат қоғамында да адамдар арасында табиғи және әлеуметтік айырмашылықтар орын алып, бұл жағдайлар олардың басқару саласындағы мүмкіндіктерінің әр түрлілігінен, саяси және қоғамдық процестерге әр түрлі ықпалынан көрінеді. Осының өзі саяси элитаны айқын бейнелеген саяси- басқарушылық сапаны иеленуші ретінде сипттауға негіз болады.

Тарихи жағынан алғанда адамдарды ел билеуші таңдаулыларға және олардың дегенін істейтін бағыныштыларға бөлу идеясы өте ертеден бастау алады. Мысалы, **Конфуций** (б.з.б 551-479) адамдарды асыл азаматтарға және төменгі адамдарға бөлді. **Платон** билеуші-философтарға, әскерлерге, егіншілер мен кәсіпшілерге ажыратты. Алайда элитарлық теорияны көзқарастар жүйесі ретінде 20ғ басында итальян ғалымдары **Г. Моска**, **В.Парето**, неміс **Р. Михельс** және т.б қалыптастырды.

Гаэтано Моска (1854-1941) элита теориясын “Саяси ғылым негіздері” деген еңбегінде негіздеді. Онда ол қоғам басқарушылар мен басқарылушыларға бөлінеді деді. Оған ұйтқы болатын қасиеттерге әскери

ерлікті, байлықты, діни дәрежені жатқызды. Осы үш қасиет , оның ойынша, адамға басқарушылар (элита) қатарына кіруге жол ашады.

«Элита» терминін ғылымға алғаш енгізген **Вильфредо Парето** (1848-1923). Ол бойынша элита билік басына алдыңғы қатарлы идеяны ұсынуының арқасында келеді. Ол идея жүзеге асқанда олардың энергиясы азайып, ізденісі баяулай бастайды. Олардың орнына жаңа идеямен жаңа элита билік басына келеді. Мұндай алмасу қоғамда әрқашан болмақ. Яғни, бір элита екіншіні алмастырып, жаңарып, қоғамды алға жылжытып оытрады.

Гаэтано Моска (1854-1941) элита теориясын негіздеді. Онда ол қоғам басқарушылар мен бағынушыларға бөлінеді деді. Оған ұйытқы болатын қасиеттерге әскери ерлікті, байлықты, діни дәрежені жатқызады.. Осы үш қасиет адамға басқарушылар қатарына еруге жол ашады.

Қазақстандағы саяси элитаның қалыптасуы бірнеше кезеңдерге бөлінеді. Бірінші кезеңі – XV ғасырдың ортасынан бастап XIX ғасырдың 20-шы жылдарына дейін, - дәстүрлі дала элитасының қалыптасу дәуірі деп аталады. Қазақтың көшпенді қоғамында билеуші элита құрастыру және оның қалыптасуы көшпенділердің тұңғыштың орны деген салт-дәстүрінен шыққан.

Бұл принцип көшпенділердің Ішкі Азияның кең даласының экстремалды табиғи жағдайына бейімделуінен туындаған. Қоршаған ортаның табиғи ресурстары жайлы, оларды тиімді пайдаға асыру және оларға бейімдену білімдері көшпенділер тайпаларының арасындағы жайлауға, су-бұлақтарына бәсекелестік таласында пайда болып, мындаған ғасырлар бойы жинақталып, атадан балаға тараған.

Орта Заманның соңғы жылдарында қазақ тайпаларының ішінде үш этнотерриториалды бірлестіктер пайда болды: Ұлы жүз, Орта жүз және Кіші жүз. Әйгілі қазақ ғұламалары С.Д.Асфендияров, В.П.Юдин Х.Арғынбаев, Н.Э.Масанов зерттемелері бойынша, бұл үш жүзге бөліну тарихи-географиялық фактормен байланысты – Қазақстанның кеңістігінде табиғи жолымен қалыптасқан үш жағы: Жетісу аймағы, Батыс Қазақстан және Шығыс Қазақстанның төңіректері.

Қазақ қоғамында батырлар, би және үлкен ақсақалдардан алғашқы элитасы құрастырылғанымен, олар билікке, ел басқаруға жолатылмайтын. Тек бір кіші әлеуметтік топқа басқарушылық жүргізе алатын – ауыл болсын, ру немесе елдің басшысы бола алатын.

Қазақ даласының әлеуметтік нормативтері және тәртібі бойынша, ханның тағына легитимді жолымен шығу үшін төре ден болу керек болатын, яғни Шыңғысханның ұрпағынан. Сонымен қоса, ол адам алдында көптеген талаптар қойылатын: шыққан тегі, ерекше ой қабілеті, сот ісіндегі үлкен тәжірибе, басқарушылық және ұйымдастыру қабілеті мен әскери өнерлігі. Әрине, осы қасиеттер үнемі уақыт кеңістігінде заманына сай талабына қарап жанарылып тұратын. Экстремалды кезеңдерде басшының персоналды ерекше харизмасының қажеттілігінен ел арасында хан сайлауына қызығушылықта көтерілетін. Мысалы, ірі бірлестіктер арасында конфликттік жағдай болар кезде жоғарғы билік басшының ағайындарының немесе балдарының біріне берілу

алдында ұзақ процедурадан өтетін: сайлау, жалпы консенсустан өткізу, осындай жолмен билікке келген – Нұралы хан (1748-1786), Батыр хан (1748-1771), Барак хан (1749-1750), Вали хан (1781-1821), Бәкеу Барақұлы (1816-1819). Ал егерде Қазақ Даласындағы сырқы жағынан әлеуметтік шиеленістер болса, хан сайлауы өте күрделі бірнешесатылы процедурадан өтетін: қазақтардың ақсүйектерінің кандидаттарын шығару, ірі тайпалар арасындағы бәсекелестіктен консенсусқа келу, және т.б. Таке хан (1680-1715), Абулхайыр хан (1710-1748), Абылай хан (1771-1780) хандарының жолы осындай болатын.

Соңында, сайланған ханды көпшілік алдында ақ киізге көтеріп, күн жолымен айналып шығатын.

Ал XIX ғасырдың 20-шы жылдарында Қазақ элитасының қалыптасуына әсерін тигізгені – Ресей империясына қосылуы. Орыс патшалығы Солтүстік Қазақстанның аймағын бірнеше административті бірліктерге бөліп (округ, волость, ауыл), әр қайсына басшы «аға сұлтан» және іс жүргізушілері мен жұмысшылар штатын құрастырды. Сонымен, осы заманнан бастап қазақтың элитасының қалыптасуы толығымен Ресей патшалығынан тәуелді болатын.

XX ғасырдың басында жалпы дүниедеге болған ұлт-азаттық қозғалысының әсерінен қазақ қоғамында да жаңа элитаның қалыптасуы басталады – еуропалық көзқарастағы, білімі бар оқыған қазақтарынан. Осы топ саналы түрде Ресейдің колониалды режиміне оппозициялық тұрғыда болатын. Әрине, бұл топты құрастырған білім алуға мүмкіндіктері бар өткен заман элитасының балдары: аға сұлтандардың балдары, би және батырлардың тұқымынан шыққандар, жартысынан көбі – чингизидтер. 1905-1920 ж.ж. қазақтардың алғашқы элитасы «Алаш» ұлттық-либералды партиясының қызметінде орын тапты.

Саяси элита дегеніміз қоғамда билікті, байлықты және танымалдылықты иеленген жоғарғы топ. Қоғамның екіге басқарушыларға және бағынушыларға немесе элита мен бұқараға бөлінуі табиғи нәрсе, оған әсер еткен бірнеше факторларды айта кетуге болады. Олар:

Еңбектік бөлінуі;

- Әлеуметтік құрылымның иерархиялы түрде болуы;
- Басқарушы қызметтің жақсы сипатты иеленуі;
- Көпшіліктің билікке, саясатқа қызықпауы.
- Саяси элита бірнеше түрге бөлінеді. Олар:
- Жоғарғы элита;
- Ортаңғы элита;
- Әкімшілік элита.

Саяси элитаның қалыптасуына байланысты екі жүйе қалыптасқан: **Гильдия және антрепренерлік.**

Антрепренерлік түрде басқарушы қызметке үміткердің ерекше қасиеттері, көпшілік жұртқа ұнай білу қабылеті басты орын алады. Мұнда кандидаттың байлығына. Кәсібіне, біліміне, мамандығына онша мән берілмейді. Жеке басының ерекше қабылеті мен қасиеттері арқасында элита

құрамына өте алады. Элита да ол кандидаттың жеке принциптері мен көзқарастарына тосқауыл қоймайды.

Гильдия жүйесінде үміткер билік сатысы бойынша баяу болса да анық көтеріліп отырады. Мұнда жоғары лауазымды қызметке үміткерге көптеген талаптар қойылады.

Оған кандидаттық білімі, адамдар арасындағы жұмыс тәжірибесі, партиялық стажы және т.с.с. жатуы мүмкін. Егер элитаның идеясына қарсы пікірлері болса ол кандидаттың элитаға өтпей қалуы мүмкін. Антрепренерлік жүйе көбіне демократиялық қоғамда қалыптасса, гильдия жүйесі авторитарлық және тоталитарлық қоғамдарды кең таралған.

Әдебиет:

1. Балғымбаев А.С. Саясаттану. Оқу құралы. -Алматы, 2003.
2. Жамбылов Д.Ә. Саясаттану. Оқулық. -Алматы: Жеті Жарғы, 2010.
4. Назарбаев Н.Ә. Бейбітшілік кіндігі. -Алматы: «Елорда», 2001.
5. Кокебаев Г. Халықаралық қатынастар тарихы. Хрестоматия. Алматы, РБК, 1997.
6. Қазыбеков Н.А. Саяси процестер:Оқу құралы.-Қарағанды:Болашақ баспа,2004
7. Менлибаев К.Сапернализм және ұлтаралық қатынас мәдениеті. Саясат. №5, 2001
8. Ақтай С.А. Қазақстандағы демократия бары мен жоқ – Қазақстан өзін қорғай алатын мемлекет болу керек. /Парасат. №4, 1998.
9. Ерменов К. Демократиялық даму жолы. /Саясат. №1, 10, 1998.
10. Назарбаев Н. Біздің жолымыз – бірлік жолы. /Егемен Қазақтан, 7 қаңтар, 2003

Тапсырмалар

Тапсырма 1

Кестені толтырыңыз: Саяси элитаны жасақтау жүйесі

Антрепренер жүйесі		Гильдия жүйесі
	Іріктеу ережесі	
	Сүзгілер саны	
	Селекторат	
	Іріктеу бәсекелестігі	
	Жетекшілік	

Тапсырма 2

В. Паретаның, Г. Москаның, Р. Миллстің және Р. Михельстің элиталар теориясының негізгі ұстанымдарың салыстырыңыздар:

Тұжырымдаманың мазмұны	В. Парето	Г. Моска	Р. Миллс	Р.Михелс
Элитаны анықтау белгілері				
Қоғамдағы элитаның рөлі				
Элиталар типі				
Үстемділік ету әдістері				

Тапсырма 3

Элиталардың негізгі типтерің атаңыз және олардың сипаттық белгілері мен сапалық құрамың анықтаңыз:

Элита критериялары	Элиталар типі	Сапалық құрамы және белгілері
Қызметтік		
Саяси жүйедегі орны		
Жасақтау және қызмет етуінің өміршендігі		
Құрылымы		
Өкілеттілік дәрежесі		

Тапсырма 4

Дұрыс жауабың жазыңыз:

1. «Арыстандар» мен «түлкілер» деп элитаны екі түрге бөлетін теория:----
2. «Саяси тап» теориясының авторы:-----
3. Кандидаттың тұлғалық сапаларына, оның адамдарға ұнау қабілетіне бағытталған элитаны іріктеу жүйесі:-----
- 4.Элитаның қай іріктеу жүйесі жабықтылықпен, үміткерлерді элитаның өзінің төмен жігінен жоғары лауазымға іріктеумен сипатталады:-----
- 5.Платонның кемелді мемлекетінде басқарушы бола алатындар:-----
- 6.Ортағасырлық ойшылдар монархтың үстемдік құқын немен негіздеді:---
7. Ресми билікке қатынасына байланысты лидердің жіктелуі:-----
- 8.Саяси лидер – бұл бүкіл қоғамды топтастыратын және біріктіретін және өзінің үстемдігін сақтап қалу үшін, қоғамдық тәртіпті ұстап тұру үшін кез келген тәсілдерді қолданатын патша деп тұжырымдаған ойшыл:-----
9. Саяси субмәдениет дегеніміз:-----

10.Саяси мәдениеттің үш «таза» типологиясының авторлары (патриархалдық,тәуелділік, белсенділік):-----

Талқылауға арналған сұрақтар

1. Қалай ойлайсыздар, егерде Алаш көсемдерінің қойған саяси мақсаттары мен көздеген әлеуметтік-экономикалық мұраттары жүзеге асқанда қазіргі Қазақстан қандай болар еді?

2.Ұлы саяси жетекшілердің заманы тарих қойнауына кеткен деген пікірмен келісесіз бе?

3.Ұлы саяси жетекші үшін не нәрсе анықтаушы фактор болып табылады: жеке бас қасиеті ма немесе оларды ерекше шешім қабылдауға итермейлейтің қалыптасқан жағдай ма?

4.Р.Михельс «Саяси партиялар социологиясы»еңбегінде олигархиялық үрдістің «темір заңың» айқындады: «Кез-келген ұйым иерархияға ұмтылады, қандай да болмасын иерархия ұйымдасуға қарай бет бұрады.Ұйымдасу- демократияның соңы. Сіздің ойыңызша,бұл заң бұзылуы мүмкін бе?

5.Саясаттанудың бірқатар теориялары бойынша,мықты,тәуелсіз,өзің мойындатуға бекінген жеке тұлғалар адамдардың жалпы санынаң 5-10% құрайды. Бұл деген элитаризм – биологиялық тұрғыдан «ең қабілетті « тұлғаларды іріктеуді білдіріп , қалған 90-95% адамдардың «үстем етуші топтың» айтқанымен жүруді бұйырама?

6. Саясаттанудың бірқатар теорияларының ұстанымы бойынша, барлық тарихи оқиғалар-ұлы тұлғалардың істерінің жемісі. Бұқара- тарихи үрдісті тежеуге тырысып бағатын пассивті элемент. Бұқара қоғамның дарынды тұлғаларынан билікті алып қоюға тырысқанда, өркениеттің құлауына әкеледі. Қаншалықты сіз осы оймен келісесіз?Осы ойға қатысты тұжырымдарды негізге алып,пікіріңізді дәлелдеңіз.

7.Саяси элитаның құрылымы қандай деңгейлерден тұрады?

8.Элита теориясы бойынша қоғамдағы билікке кім ие болуы тиіс?

9.Импичмент дегеніміз не?

10.В. Парето ең алғашқы болып саяси ғылымға қандай терминді енгізді?

11.Платонның кемелді мемлекетінде басқарушы бола алатындар- философтар деді.Осы оймен келісесіз бе?

12.Ортағасырлық ойшылдар монархтың үстемдік құқын немен негіздеді?

13.Ресми билікке қатынасына байланысты лидердің жіктелуі қандай?

14.Саяси лидер – бұл бүкіл қоғамды топтастыратын және біріктіретін және өзінің үстемдігін сақтап қалу үшін, қоғамдық тәртіпті ұстап тұру үшін кез келген тәсілдерді қолданатын патша деген тұжырыммен келісесіз бе?

Шығармашылық тапсырмалар

1.Алаш зияларының өмірбаянымен танысыңыздар.Презентация дайынданыздар.

1.Сіздің ойыңызша, қазіргі саяси жетекшінің бойында қандай қасиеттер болуы керек? Эссе жазыңыз.

2.Таңдау бойынша саяси жетекшінің портретін жасаңыздар(баяндама түрінде).

1. Н.Назарбаев
2. Билл Клинтон
3. Кофи Аннан
4. Тони Блэр
5. Ху Цзиньтао
6. Д.Конаев
7. Реджеп Эрдоган
8. Нельсон Мандела
9. Фидель Кастро
10. Муамар Каддафи
11. Башар Асад
12. Махмуд Ахмадинежад
13. Саддам Хусейн
14. Д.Трамп
15. Барак Обама
16. Беназир Бхутто
17. Ким Чен Ын
18. Акихито
19. Ангела Меркель
20. Сильвио Берлускони

Баяндамалар мен рефераттардың тақырыптары:

1. Қазіргі саяси жетекшінің саяси сүретін құрастырыңыз (таңдау бойынша).
2. Саяси жетекшінің сипаттық белгілер теориясы.
3. Саяси элитаны іріктеу амалдары.
4. Қазақстанның саяси элитасының ерекшелігі.
5. Қазақстанның саяси жетекшілігінің ерекшелігі.
- 6.Саяси элитаның негізгі теориялары.

3.10 Әлемдік саясат және ҚР мемлекеттік құрылысы мен халықаралық қатынасы

Сабақтың мақсаты: халықаралық қатынастың мәні мен қазіргі түсінігін анықтау; сыртқы саясатты қалыптастыратын негізгі институттармен таныстыру; қазіргі әлемнің жаһандық мәселелерін анықтау; қазіргі халықаралық қатынастағы Қазақстанның рөлі мен орнын қарастыру.

Негізгі түсініктер: халықаралық қатынас, халықаралық ұйымдар, жаһандық мәселелер, ішкі саясат, сыртқы саясат, интеграция.

Әлемдік саясат (*ғылыми зерттеулер саласы ретінде*) - [ағылш. *world politics*] - XX ғасырдың соңғы ширегінде АҚШ-та пайда болған, ғылыми

және білімдік пән; 350 жылдан астам үстемдік еткен Вестфальдық жүйенің орнына келген, жаһандану жағдайында қалыптасқан әлемнің жаңа саяси жүйесін зерттейді. - Вестфаль жүйесі Еуропадағы отыз жылдық соғыс аяқталып, 1648 ж. Вестфаль бейбіт келісіміне қол қойылғаннан кейін құрылды. Ұлттық егемендік принципін негізгілердің бірі ретінде мойындап, Вестфаль бейбіт келісімі жаңа саяси қатынастарға жол ашты. Ол бойынша мемлекеттік егемендік ұғымы орнығып, кез келген мемлекет өз аумағында толық билікке жетті және сыртқы саясатын дербес анықтайтын болды. Бұл құқық басқа мемлекеттермен де мойындалады. Өзіне тән басқару тетіктері мен аппараты, саяси және құқықтық нормалары бар ішкі және мемлекетаралық қатынастар жүйесі қалыптаса бастады. Осы уақыттан бастап мемлекет әлемдік саяси жүйені құрайтын "молекула" күйіне түсті. Классикалық Вестфаль жүйесінде халықаралық қарым-қатынас мүшелері - қандай да бір міндеттерді шешуде коалицияға біріккен немесе өз беттерінше әрекет еткен тек мемлекет болды. Саяси қатынастарды талдаумен айналысатын ғылымдар да пайда болды: мемлекетті талдау деңгейінде - саясаттану; мемлекеттердің қарым-қатынасы деңгейінде - халықаралық қатынастар.

«Көпвекторлы саясат» деген термин «көпжақты, әртарапты және теңдестірілген» саясат деп түсініктеме. Біздің ел көпвекторлы саясат ұстанып келеді.

Қазақстанның көпвекторлы саясаты түпкілікті жүйеге түсті және елдің өсіп өркендеуі мен бақуаттылығына жұмыс істеп жатыр. Өзінің геосаяси орны мен экономикалық әлеуетіне байланысты Қазақстанға дәл осындай саясат жүргізу қажет болды. Қазақстанды екі құрлықта да мүддесі алысты көздеген, ірі еуразиялық мемлекет ретінде қарастыра отырып, орталықазиялық өңірдің ғана акцияларымен шектелетін, тар ауқымды географиямен тұйықталу жөн болмайды. Мұндай ұстаным біздің елдің әлеуеті мен стратегиялық мүдделеріне кереғар келер еді.

Демографиялық саясат - [көне грекше: demos - халық, көне грекше: graphio - жазу] - елдегі және аймақтағы халық санын реттеуге бағытталған мемлекеттің ішкі саясатының бір саласы. **Халық саны** - кез келген елдің дамуының аса маңызды факторы. Сондықтан мемлекет бұл саладағы мәселелерге көз жұмып, елемей қоя алмайды. Ол әлде халық санының өсуіне жағдай тудырады немесе оны қандай да бір жолдармен шектейді, әлде бұл мәселеге нақтылы араласпай, оның табиғи жолмен реттелуін бақылайды. Нақтылы негізделген **Демографиялық саясат** жүргізу үшін, әдетте, жүйелі түрде халық санағы жүргізіліп отырады. **Демографиялық саясат** шеңберінде халық құрамы мен құрылымы, өсуі мен өлімі, оның жұмысбастылығы, көші-қон мәселелері шешіледі. Белсенді **Демографиялық саясат** жүргізу дамыған және дамушы елдерге бірдей өзекті әрі маңызды болып табылады. Көптеген дамушы, әсіресе, халық саны көп елдерде қазіргі адамдардың өмір сүру деңгейі одан әрі құлдырап кетпеуі үшін адамның табиғи өсімін шектеуі, ал,

дамыған елдерде керісінше, бала тууға ынталандыру шаралары жүзеге асырылады.

Демографиялық саясат әртүрлі кешенді шараларды қолданады:

- **экономикалық** (ақысы төленетін демалыс және бала туылған кезден әртүрлі жәрдемақылар, баланың санына, жасына, отбасы жағдайына қарамай жәрдемақылар тағайындау; қарыздар, несиелер, салықтық және тұрмыс, үй жеңілдіктерін беру және т.б.)

- **әкімшілік-құқықтық** (заңнамалық актілер, реттелетін некелер, ажырасу, отбасындағы балалардың жағдайы, алименттік төлем міндеттері, ана мен бала денсаулығын сақтау, жасанды түсік және бала көтеруден сақтану құралдарын қолдану, жұмысқа жарамсыздарды әлеуметтік қамтамасыз ету, жұмысбастылық жағдайлары, жұмыс істейтін әйел-аналардың еңбек тәртібі, ішкі және сыртқы көші-қон және т.б.); Қазақстан — 1995 жылғы 30 тамыздағы республикалық референдумда қабылданған Конституция бойынша өзін демократиялы, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтырды. Қазақстан Республикасы – президенттік басқару нысанындағы біртұтас мемлекет. Республиканың ең жоғарғы өкілді органы – **Парламент**. Ол республиканың заң шығару қызметін жүзеге асырады. Парламент тұрақты жұмыс істейтін екі Палатадан: Сенаттан және Мәжілістен тұрады. Сенатқа әр облыстан және респ. маңызы бар 2 қаладан екі адамнан сайланады. Сенаттың 15 депутатын Парламент өкілеттігі мерзіміне Республика Президенті тағайындайды. Мәжіліс республиканың әкімш.-аумақтық бөлінісі ескеріле отырып құрылған, сайлаушылар саны шамамен тең болатын бір мандатты аумақтық сайлау округтары бойынша сайланатын алпыс жеті депутаттан және партиялық тізім бойынша сайланатын 10 депутаттан тұрады. Президент Үкіметті Конституцияда белгіленген тәртіппен құрады. Тағайындалғаннан кейінгі он күн мерзім ішінде Премьер-Министр Үкіметтің құрылымы мен құрамы туралы республика Президентіне ұсыныс енгізеді. Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі жеті мүшеден тұрады, олардың өкілеттігі алты жылға созылады. Конституциялық Кеңестің төрағасын республика Президенті тағайындайды.

Қазақстан Республикасының Үкіметі — Қазақстандағы жоғары атқарушы билік органы.

Қазақстан Республикасының Үкіметі — мемлекеттік биліктің ерекше тармағы ретінде министрліктерден, агенттіктерден, комитеттерден тұратын орталық атқарушы органдар, облыстық, аудандық және қалалық әкімшіліктерден тұратын жергілікті атқарушы органдар жүйесін басқарады және олардың қызметіне басшылық жасайды. Оның құқықтық мәртебесінің негіздері Қазақстан Республикасының Конституциясында бекітілген (64-бап). Үкіметтің құзыреті, ұйымдастырылуы мен қызметінің тәртібі ҚР Конституциясына сәйкес 1995 ж. 18 желтоқсанда қабылданған “Қазақстан Республикасының Үкіметі туралы” (1999 ж. 6 мамырда өзгерістер мен толықтырулар енгізілген) ҚР-ның конституц. Заңымен белгіленген. Үкімет ҚР Конституциясының, аталған конституц. заңның, ҚР-ның заңдары мен өзге де

нормативтік актілерінің негізінде және оларды орындау үшін іс-қимыл жасайды. Үкіметті Республика Президенті ҚР-ның Конституциясында көзделген тәртіппен құрады. Премьер-Министр Үкімет басшысы болып табылады. Премьер-Министрді Парламенттің келісімімен Президент қызметке тағайындайды және қызметтен босатады. ҚР-ның Премьер-Министрі өзі тағайындалғаннан кейін он күн мерзімде үкіметтің құрылымы мен құрамы туралы ҚР Президентіне ұсыныс енгізеді. Президент Премьер-Министрдің ұсынысы бойынша үкімет құрылымын анықтайды, оның мүшелерін қызметке тағайындайды және оларды қызметтен босатады, орт. атқарушы органдарды құрады, таратады, қайта құрады. ҚР Үкіметінің құрылымын министрліктер мен өзге де орт. атқарушы органдар құрайды.

Қазақстан Үкіметі — алқалы орган. Оның құрамына Үкімет мүшелері — республиканың Премьер-Министрі, оның орынбасарлары, министрлер, өзге де лауазымды адамдар кіреді. Премьер-Министр мен Үкімет мүшелері қызметке кірісер алдында Қазақстан халқына және елбасына ҚР Үкіметі туралы конституциялық заңда белгіленген тәртіппен ант береді. Премьер-Министрге ерекше мәртебе берілген. Ол Президентке Үкімет құрамына кірмейтін министрліктерді, орталық атқарушы органдарды құру, қайта құру және тарату туралы, министр қызметіне кандидатуралар жөнінде, министрді қызметтен босату туралы ұсыныстар енгізеді, Үкіметтің қызметін ұйымдастырып, оған басшылық жасайды және оның жұмысы үшін дербес жауап береді.

Конституциялық құрылыс – бұл мемлекетті құқыққа бағындыруды қамтамасыз ететін және оны конституциялық мемлекет ретінде сипаттайтын мемлекетті ұйымдастыру формасы.

Демократиялық конституциялық мемлекетте қоғам бір уақытта мемлекетті басқарушы ретінде және өзін реттеуші жүйе ретінде өзін реттеуші азаматтық қоғам мен оның қажеттілігінен тәуелді болады.

Әрекет ететін Қазақстан Конституцияда ҚР Конституциялық құрылысының концепциясының негізіне Конституцияның 2 бөлімінің 1 бабында бекітілген негізгі принцип гуманистік идея қойылған: қоғамдық келісім және саяси тұрақтылық, бүкіл халық игілігіне экономикалық даму, қазақстандық патриотизм, мемлекеттік өмірдің маңызды сұрақтарын шешуде демократиялық әдістер қолдану бұған референдумда және Парламентте дауыс беру де кіреді. ҚР Конституциялық құрылысына қоғамда қалыптасқан қоғамдық қатынастың бүкіл жүйесі кіреді. Оның нығаюында Қазақстан Республикасының бүкіл құқық саласы мен заңдары қатысады.

Конституциялық мемлекеттің негізін мемлекеттің адам, оның өмірін, құқығы мен еркіндігін ең жоғарғы құндылық деп тануда құрайды (1 баб). Мұндай негізге жеке меншікті тану және қорғау, сондай-ақ идеологиялық және саяси көп түрлілікті рухани көп түрлілік принципімен толықтыратын зайырлы мемлекеттілік те жатады.

Конституциялық құрылыс негізінің ішінде унитарлық, территориялық тұтастық және басқарудың президенттік формасы да бар. Қазақ мемлекеттілігінің негізі болып табылғандықтан, олар өзгертілмейді.

Конституциялық құрлысты конституциялық бекітудің арқасында оның жүйесіне материалдық, саяси, әлеуметтікпен қатар құқықтық кепілдер де кіреді. Олардың жүзеге асуы мемлекетпен қамтамасыз етілуі керек.

ҚР Конституциясына сәйкес (1 б) Қазақстан Республикасы өзін **демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік** мемлекет деп бекітеді.

Қазақстан Республикасы **демократиялық** мемлекет деп жариялайды (ежелгі грек сөзі «демократия» аударғанда халық билігі). Оның демократиялық сипаты келесіден көрінеді: онда **халық билігін қамтамасыз ету; биліктің заң шығарушы, атқарушы, сот тармақтарына бөлінуі; идеологиялық және саяси алуандылық; меншіктің барлық формасын тану және тең қорғау.**

Конституция Қазақстанда мемлекеттік биліктің бірден-бірі өзі халық деп анықтайды. «Халық» сөзі заңдық көзқарас тұрғысынан «азамат» түсінігімен теңестіріледі және адамдар тобының белгілі бір мемлекетке тиістілігін анықтайды. Халық мемлекеттің құқықтық субстратын құрайды. Билік біреуді өзіне бағындыру мүмкіндігін көрсетеді, өзінің еркіне басқаларды бағындырады. Мемлекеттің пайда болуымен, мемлекеттің маңызды бір белгілерінің бірі мемлекеттік билік те пайда болады. Мемлекеттік биліктің қоғамның барлық мүшелерін өзіне бағындырудың негізгі элементі жалпы ерік пен күш қабілеті бар. Мемлекеттік билік мемлекеттің егемендігін сипаттайды.

Мемлекеттік егемендік – бұл ел ішіндегі мемлекеттік биліктің жоғарылығы (мемлекет территориядағы заң шығару, тақару және сот билігінің толық жүзеге асуы) және оның халықаралық қатынастар сферасында шет ел мемлекеттерінің билігінен тәуелсіз болуы. Мемлекеттік биліктің жоғарылығы және тәуелсіздігінен басқа, мемлекеттік егемендік оның бірлігінен де көрінеді. Қазақстан Республикада ешкім билікке иелік ете алмайды. Халық пен мемлекет атынан сөйлеу құқығы Президентке, сондай-ақ оның конституциялық өкілеттілігі шегінде Республика Парламентіне беріледі. Үкімет халық атынан сөйлей алмайды және оның тек мемлекет атынан сөйлеу құқығы бар. Мемлекеттік органдар мен жергілікті өзін-өзі басқару органдарын сайлау еркін жүзеге асырылады және құпия дауыс беру жолымен жалпы тең және тікелей сайлау құқығы негізінде жүзеге асырылады.

Осылайша, билікті бөлу-бұл ортақ мемлекеттік билікті **заң шығарушы, атқарушы және сот** билігіне бөлу; құрылымдық-қаржылық дербестік және бір биліктің екінші биліктің үстінен билігін болдырмай және олардың тиімділігі өзара әсерін қамтамасыз ету өкілеттілігі берілген әр мемлекеттік биліктің тәуелсіздігі болуы.

Қазақстан Республикасында мемлекеттік биліктің брлігі мемлекет басшысы және оның жоғарғы лауазымды тұлғасы болып табылатын **Президент** қамтамасыз етеді. Осылайша, ҚР Президенті Барлық билік тармақтарының үстінде тұрады, бірақ өзінің өкілеттілігі бойынша атқару билігіне басады.

Қазақстан Республикасында демократия идеологиялық және саяси алуан түрлілік принциптері негізінде жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес **Қазақстан өзін құқықтық мемлекет** деп бекітеді. **Құқықтық мемлекет** мемлекеттік органдар, лауазымды тұлғалар, қоғамдық ұйымдар мен азаматтар түгелімен бағынуға міндетті әрекет ететін құқықтық нормалармен өзін шектеумен сипатталады. Осыған байланысты құқықтық мемлекеттің жұмыс істеуінің негізгі принципі құқық жоғарылығы болып табылады. Бұл ең алдымен конституция мен заңдардың жоғарылығын көрсетеді. ҚР Конституциясына сәйкес азаматтардың еркіндігі мен міндеттеріне қатысты ресми басылған нормативтік құқықтық актілер, құқықтар олардың қолданылуында міндетті болады.

Құқықтық мемлекеттің қалыптасуының маңызды алғы шарты мен оның шегінің сипаты қоғам өмірінің барлық сферасын қамтитын толық заң шығару жүйесінің болуы. Сонымен қатар барлық нормативтік актілер ҚР Конституциясына қайшы келмеуі қажет.

Унитарлық мемлекет. ҚР Конституциясы унитарлықты тек елдің мемлекеттік құрылым формасы ретінде ғана емес, сонымен қатар Қазақстанның конституциялық құрлысының негізге алынатын негіздерінің бірі ретінде де қарастырылады. Унитарлық мемлекет (франц. unitaire, лат. unitas - бірлік)- деп мемлекеттің аумағы әкімшілік-аумақтық мемлекеттік құрылым формасын айтамыз. Әкімшілік-аумақтық бірліктер аймақтарға бөлінеді: область, аудан, ауылдық (селолық) округ және елді мекендер.

ҚР мемлекеттік құрлымы округтер, өлке, республика, штаттар, контон және тағы басқалар түріндегі қандай да бір мемлекеттік-аумақтық немесе ұлттық аумақтық автономиялардың Қазақстан аумағында құрылу мүмкіндігін қарастырмайды. Унитаризм принципіне негізделген ҚР мемлекеттік құрылымы мемлекет ретінде Қазақстан Республикасының егемендігі мен аумақтық тұтастықты қамтамасыз етеді. ҚР унитарлық ең алдымен ұлт аралық қатынастың мемлекеттік ұйымының формасы ретінде және Қазақ халықтарының бірлігінің көрінісі ретінде қызмет етеді.

Қазақстан Республикасы **зайырлы мемлекет** ретінде діни ұйымдардың мемлекеттен бөлінгендігімен сипатталады. Мемлекет ісіне діни қоғамдық ұйымдардың араласуына жол берілмейді және мемлекеттік органдардың діни ұйымдардың ісіне араласуына жол берілмейді.

Азаматтар қандай дінге сенсе де саяси құқықтарды пайдалана алады. Құдайға сенетіндер де діни қызметкерлер де мемлекеттік органдарға азамат ретінде сайлана алады.

Конституциялық құрлысты күштеп өзгертуге Республиканың тұтастығын бұзуға, мемлекетке қауіп төндіруге, діни қақтығыстарды тудыруға бағытталған әрекеттері немесе мақсаттары бар діни ұйымдарды құруға тиім салынады.

Әдебиет:

1. Балғымбаев А.С. Саясаттану. Оқу құралы. -Алматы, 2003.
2. Жамбылов Д.Ә. Саясаттану. Оқулық. -Алматы: Жеті Жарғы, 2010.
3. Назарбаев Н.Ә. Бейбітшілік кіндігі. -Алматы: «Елорда», 2001.
4. Кокебаев Г. Халықаралық қатынастар тарихы. Хрестоматия. Алматы, РБК, 1997.
5. Қазыбеков Н.А. Саяси процестер:Оқу құралы.-Қарағанды:Болашақ баспа,2004
6. Менлибаев К.Сапернализм және ұлтаралық қатынас мәдениеті. Саясат. №5, 2001
7. Ақтай С.А. Қазақстандағы демократия бары мен жоқ – Қазақстан өзін қорғай алатын мемлекет болу керек. /Парасат. №4, 1998.
8. Ерменов К. Демократиялық даму жолы. /Саясат. №1, 10, 1998.
9. Назарбаев Н. Біздің жолымыз – бірлік жолы. /Егемен Қазақтан, 7 қаңтар, 2003

Тапсырмалар:

Тапсырма1

Кестені толтырыңыз:

Ұйым	Штаб-пәтер	Мақсаты	Мүше-мемлекеттер
БҰҰ			
ЕҚЫҰ			
НАТО			
ОПЕК			
ШЫҰ			
ИНТЕ РПОЛ			
.....			

Тапсырма 2

1. Кестені толтырыңыз «Халықаралық саяси ұйымдар»

Халықаралық ұйымдар	Мүше мемлекеттер	Сипаты

2.Әлемдік саясат, халықаралық қатынастар, геосаясат ұғымдарының айырмашылықтары мен ұқсастықтарына тоқталыңыз.

3. Қазақстан қай елдермен қарым-қатынас жасайды және қандай халықаралық ұйымдарға мүше?

4. ҚР халықаралық беделінің өсуіндегі президент рөлі.
5. Саяси билік, саяси жүйе, саяси үрдіс ұғымдарының өзара қатынасын ашыңыз. Оларды бір-бірінен қалай айыра аламыз?

Тапсырма 3

Дұрыс жауабың жазыңыз:

1. Халықаралық қатынастар – бұл:-----
2. Сыртқы саясат – бұл:-----
3. Халықаралық саясат:-----
4. Мемлекеттің ішкі саясатының оның кеңістіктегі жағдайына аса тәуелділігі мен байланысын ашып көрсететін саяси тұжырымдама:-----
- 5. Қазақстан Республикасы қашан БҰҰ – ға мүше болып кірді:
6. М.Херман саяси көшбасшыларды қалай классификациялайды:-----
- 7. Халықаралық аренада мемлекеттер мен халықтар арасында өзара қарым-қатынастарды реттейтін саясат қалай аталады:-----
8. Әлемдік деңгейде мемлекеттік және топтық мүдделерді жүзеге асыру үшін іс-әрекетті және мемлекеттер арасындағы қатынастарды реттейтін саясат:-----

Талқылауға арналған сұрақтар

1. Шанхай ынтымақтастық ұйымына мүшелік Қазақстан үшін тиімді ма?
2. Қазіргі халықаралық қатынастар батыс мемлекеттерінің ықпалымен жүзеге асуда деген пікірмен келісесіз ба?
3. Қандай да болмасын мемлекеттің сыртқы саясаты тәуелсіз бола алады ма?
4. Мемлекеттің ішкі саясатының оның кеңістіктегі жағдайына аса тәуелділігі мен байланысын ашып көрсететін саяси тұжырымдама қалай аталады?
5. Қазақстан Республикасы БҰҰ–ның тұрақсыз мүшесі ретінде болуы біздің елге қандай пайда әкеледі?
6. Ұлт дегеніміз не?
7. ҚР Президентінің, Парламентінің өкілетті мерзімдері неше жыл болған дұрыс деп есептейсіз?
8. Қазақстан халықтарының Ассамблеясы біздің қоғамда атқаратын рөлі қандай?
9. Еуразиялық Одақ Қазақстан үшін қаншалықты тиімді?
10. ҚР Президенті өз қызметін орындай алмайтындай жағдай болатын болса, онда бұл қызметті уақытша кім атқарады?
11. 1991 жылға дейінгі халықаралық қатынастардың сипаты қандай болды? Қазіргі таңда қандай?
12. Сегрегация деген не? Біздің елде орын алу қауіпі бар ма?
13. Қазіргі Қазақстан Республикасының сыртқы саясатының сипаты қандай? Қаншалықты ол біздің ел үшін ұтымды?
14. Шовинизм деген не? Посткеңестік республикалардың ішінде қай елдерде бұл мәселе көкейтесті болып отыр?

Шығармашылық тапсырмалар

1. Батыс саясаттануында әлемдік саясат теориясы «ұлттық мүдде» түсінігіне негізделеді. Қазақстанның ұлттық мүддесін анықтап көріңіз.

2. Н.Макиавелли «Патша» еңбегінде: « ішкі істердің әрдайым жақсы болуы- сыртқы істердің тұрақты жақсы болуына байланысты»-дейді. Осы оймен келісесіз бе? Керісінше айтуға болама? Мемлекеттің ішкі және сыртқы саясатының өзара тәуелділігі неде байқалады? Эссе жазыңыз.

3. Қазіргі әлемдік саясатта күш факторы қандай рөл атқарады? Алдың-ала дайындалып, пікіріңізді дәлелдеңіз.

Баяндамалар мен рефераттар тақырыбы:

- 1 Қазіргі халықаралық қатынас жүйесіндегі Қазақстан.
- 2 Қазақстанның сыртқы саясатының негізгі бағыттары.
- 3 Әлемдік қауымдастық мәселелерің шешудегі БҰҰ рөлі.
- 4 Араб көктемі: алғышарттары, дамуы, салдары.
- 5 Әлемдік экономикалық дағдарыс ұлттық мемлекеттің жаңғыруының себепкері ретінде.
- 6 «Өркениеттер қақтығысының» тұжырымдамасы.

Негізгі әдебиеттер тізімі:

1. Саясаттану оқу құралы. Алматы, Экономика, 1997.
2. Жамбылов Д.А. Саясаттану негіздері. А., 1998
3. Қуандықов Е.С. Саясаттану негіздері. Астана, 2000.
4. Булатова. Исмагамбетова. Политология.- А., 2001.
5. Политика. Толковый словарь под ред. Айна Маклина. – М., 2001
6. Кокебаев Г. Халықаралық қатынастар тарихы. Хрестоматия. Алматы, РБК, 1997.
7. Саясаттану оқу құралы. Алматы, Экономика, 1997.
8. Балғымбаев А.С. Саясаттану. Оқу құралы. -Алматы, 2003.
9. Жамбылов Д.Ә. Саясаттану. Оқулық. -Алматы: Жеті Жарғы, 2010.
10. Қозыбаев М. Киелі тәуелсіздік. //Парасат. №3, 2001.
11. Ерменов К. Демократиялық даму жолы. /Саясат. №1, 10, 1998.
12. Шәмшәтұлы, М.Дәкенов, Д.Дәуіт, Н.Күнхожаев Әлеуметтану 1999 ж. .
13. Жүсіпова, А.И.Икенов Әлеуметтану негіздері. Алматы , 2004ж
14. Тәжин, Б.Аяғанов.Социология негіздері. Алматы «Ана тілі» 1993ж.
15. Тұрғынбаев.Ә.Социология. Алматы білім 2001ж.
16. Әбсатаров Р., М.Дәкенов Әлеуметтану. Алматы. Қарасай.2007ж..
17. Ғабдуллина Қ.Құқық социологиясы.Алматы 2004ж.
18. Әлемдік саясаттану Антологиясы. 8-том, Алматы , 2007ж.
19. Әлемдік саясаттану Антологиясы .7-том, Алматы , 2006 ж .
20. Балғынбаев А.С. Саясат әлеуметтануы. Алматы,2005ж.
21. Қапесов Н. Саясаттану.Оқу құралы. А.2003.
22. Саясаттану.Жоғары оқу орындарының студенттеріне арналған оқулық.Ә.Н. Нысанбаевтың жалпы ред.Алматы:Ақыл кітабы,1998
23. Өтемісов Б.,Қарабала Б.Қ.Саясаттану.Ақтөбе,2011
24. Қазбеков Н.А. Саяси процестер:Оқу құралы.-Қарағанды:Болашақ Баспа, 2004.

Қосымша әдебиеттер тізімі:

1. Назарбаев Н.Ә.Тәуелсіздік стратегиясы.-Алматы:Атамұра,2003.-312б.
2. Қазақстан Республикасының Конституциясы,30 тамыз 1995ж.өзг. және толықт.07.10.98.;21.05.2007ж./ «Параграф»ақпараттық жүйесі;
3. «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңы,28 қыркүйек 1995ж./ «Параграф»ақпараттық жүйесі;

4. Қазақстан Республикасының « Ұлттық қауіпсіздігі туралы» Заңы ,2012 жылғы 6 қантардағы №527-ҚРЗ
5. Қазақстан Республикасының « Терроризмге қарсы іс-қимылдары туралы» Заңы ,2010,08 сәуірдегі №266
6. Ұлт жоспары- «Бес институционалдық реформаларды жүзеге асыруға арналған 100 нақты қадам». Астана, мамыр 2015ж./ «Параграф»ақпараттық жүйесі;
7. Қазақстан Республикасының «Экстремизмге қарсы іс-қимылдар туралы» Заңы ,2005,18 ақпандағы №31
8. Қазақстан Республикасының « Саяси партиялар туралы» Заңы,2002 жылғы,15 шілдедегі №344
9. Қазақстан Республикасының « Қоғамдық бірлестіктер туралы» Заңы,1996 жылғы,31 мамырдағы №3
10. Қазақстан Республикасының « Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» Заңы,2011 жылғы,11 қазандағы №483
11. Қазақстан Республикасының Президентінің «ҚР-ның 2014-2020 жылдарға арналған сыртқы саясатының тұжырымдамасы»,2014 жылғы 29 қантардағы №741
12. Қазақстан Республикасы Президенті Н.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы «Қазақстанның үшінші жаңғыруы:жаһандық бәсекелестік»,2017 жылғы 31 желтоқсан.
13. Қазақстан Республикасы Президенті Н.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар:рухани жаңғыру»мақаласы,2017 жылғы 12 сәуір.
14. Өскембаев К.С. Алихан Букейханның мұрасы ұрпаққа аманат //Әлихан Букейханның 150 жылдығына орай "Алаш қозғалысы: тарихы мен тағылымы" атты Республикалық ғылыми-тәжірибелік конференцияның материалдар жинағы. Астана, 2016. – Т.1. –
15. Аккулы С. Под "единым Туркестаном" Мустафы Шокая подразумевалась "Мусульманская федерация Восточной России"// Материалы научной конференции, посвященной 97-летию образования Алашской и Туркестанской автономии "От Туркестанской автономии (Мухтариата) к созданию автономии Алаш: истоки и преемственность казахской государственности". – Астана, 2014
16. Койгелдиев М. Әлихан Букейханов. Саяси портреттер. // Ақиқат. 1992 - №6
17. Аккулы С. Алаш көсемі Әлиханның 25 жылдық жоспары //Әлихан Букейханның 150 жылдығына орай "Алаш қозғалысы: тарихы мен тағылымы" атты Республикалық ғылыми-тәжірибелік конференцияның материалдар жинағы. – Астана, 2016. – Т.1.
18. Кабульдинов З.Е. Алашская армия и боевые традиции жителей страны Великой степи // Әлихан Букейханның 150 жылдығына орай "Алаш қозғалысы: тарихы мен тағылымы" атты Республикалық ғылыми-тәжірибелік конференцияның материалдар жинағы. – Астана, 2016. – Т.1.

19. Калиев Ж.Н. Алашорда һәм Әлихан Букейханов // Әлихан Букейханның 150 жылдығына орай "Алаш қозғалысы: тарихы мен тағылымы" атты Республикалық ғылыми-тәжірибелік конференцияның материалдар жинағы Астана, 2016. – Т.1.
20. Жұртбай Т. Әлихан Букейханов және біртұтас алаш идеясы // Әлихан Букейханның 150 жылдығына орай "Алаш қозғалысы: тарихы мен тағылымы" атты Республикалық ғылыми -тәжірибелік конференцияның материалдар жинағы. Астана, 2016. – Т.1.

Қосымшалар

Қосымша А

Глоссарий

Адам –жер бетіндегі тірі организмдердің дамуының ең жоғарғы сатысы,тарихи және мәдени субъект. Адам табиғаты біртұтас биоәлеуметтік жүйе болып табылады

Азаматтық қоғам –саяси құрылымдарымен, соның ішінде мемлекетпен салыстырғанда қоғамдық өмірдің біртұтастығын сипаттайтын ұғым.

Акультурация - әртүрлі мәдениеттердің өзара әсерін білдіретін ұғым.

Аксиология – (гректің “axia” «құндылық», “logos” ілім деген сөзінен шыққан) құндылықтар туралы ілім.Құндылықтарды жан – жақты зерттеу мәселесін социологияға Макс Вебер енгізген болатын.

Аномия– қоғамдық тәртіпті ретке келтіріп тұрған ережелердің бұзылуы.

Ассимиляция– сан алуан әлеуметтік топтардың әлеуметтік және мәдени негізде бірімен бірінің сіңісіп кетуі.

Ауыл – қоғамдық еңбек бөлінісінің, яғни қол өнер мен ауыл шаруашылығының бөлінуі нәтижесінде пайда болған қоғамдық өмірдің нақты әлеуметтік кеңістіктік түрі.

Әлеуметтік – (социальное– латынның «socialis» – «бірге», «жолдастық», «қауымдық» деген сөзінен шыққан) – социологияның категориясы ретінде: 1) адамның қоғамдық өмірінің мәнін; 2) адамның жануарлардан айырмашылығын; 3) адамның табиғаттың ажырамас бөлігі екендігін; 4) қоғамдық жүйелер құрылымдарын тиімдірек пайдалану жолдарын көрсету үшін қолданылады.

Әлеуметтік байланыстар – белгілі бір адамдар немесе адамдар тобының арасында нақты бір уақыт пен кеңістікте бірлесе қызмет ету.

Әлеуметтік қарым – қатынастар – адамдар және топтар арасында болатын салыстырмалы түрдегі біршама тұрақты байланыстар

Әлеуметтанудың объектісі–қоршап тұрған объективтік нақтылы өмір, ол қоғам, адамдар, оның алуан түрлі бірліктері (отбасы, топ, тап, әлеуметтік мекемелер, институттар, мемлекет және т.б.), тіпті адамның өзі, оның барлық іс - әрекеті, қызметі, санасы, тәртібі.

Әлеуметтанудың пәні -адамдардың немесе әлеуметтік ұйымдардың бірігіп, еңбек етуін, жалпы материалдық, рухани іс - әрекеттерін, олардың арасындағы алуан түрлі қатынастардың бір – бірімен әрекетін, түрлерін жан – жақты, терең танып білуі.

Әлеуметтік ақпарат – қоғамдық, сондай-ақ, адам, қоғам және табиғат арасындағы қатынастардың өзара әсерін реттеп отыру үшін қолданылатын, қалыптасқан, үнемі жаңарып отыратын білімдердің, мәліметтердің жиынтығы.

Әлеуметтік арақашықтық – әр алуан топтардың, таптардың бір – біріне деген қарым – қатынастарын, жақындығын, қарама-қайшылығын, қоғамдағы орнын білдіреді.

Әлеуметтік байланыс – жеке адамдардың немесе топтардың бір – біріне деген кез келген әлеуметтік-мәдени қатынастарын бейнелейтін түсінік. Бұл түсінікті социологияға Э.Дюркгейм енгізген болатын.

Әлеуметтік бақылау – әлеуметтік институттардың, мекемелердің, қоғамның сан алуан салаларының қызметіне, әлеуметтік топтар мен жеке адамдардың әс - әрекетіне қоғамдық мүдделер мен әлеуметтік ғұрыптар тұрғысынан баға беру және тыйым салу механизмі.

Әлеуметтік бейімделу – адамның немесе топтың өз қажеттілігіне сәйкес жаңа әлеуметтік ортаны белсенді түрінен игеруінен және әлеуметтік жүйедегі өз орнын ауыстыруынан көрінеді.

Әлеуметтік ғадет – адамдардың субъективті мінездемелерінен және іс-қимылдарынан, әлеуметтік белсенділіктерінің нәтижесінен көрінетін әлеуметтік ортаның сипаттамасы. Әлеуметтік ғадеттің негізгі түрлері: еңбектік, өндірістік, ұйымдық, функционалдық, демографиялық, экономикалық, қоғамға жат т.б.

Әлеуметтік ереже – адамдардың мінез-құлқын және олардың топтағы қарым – қатынасын реттейтін тарихи қалыптасқан әдет.

Әлеуметтік жоспарлау – әлеуметтік процестердің дамуы мен жүзеге асырылу жолдарының ғылыми негізделген мақсаты мен міндеттері, көрсеткіштері. Әлеуметтік институттардың, саяси партиялардың немесе ұйымдардың белгілі мерзімге жоспарланған қызметінің негізгі қағидаларының мазмұны әлеуметтік бағдарламалар деп аталады.

Әлеуметтік жіктеу – (социальная стратификация) стратификация термині латынның “statum” жік, қабат және “facere”-“жасау” деген сөздердің қосындысынан алынған. Әлеуметтік жіктеудің негізін салған М.Вебер.

Әлеуметтік идеал – тарихи әлеуметтік нақтылықтың жан-жақты жетілген, жақсартылған, белгілі бір адамның немесе әлеуметтік топтың санасындағы болашақтағы бейнесінің көрінісі.

Әлеуметтік институт – қоғамдық қарым-қатынастардың тұрақтылығын қамтамасыз ететін мамандандырылған іс-әрекетті жүзеге асырудың бір түрі. Әлеуметтік ғұрыптар мен санкциялар арқылы әлеуметтік институттар қоғамда ұйымдастырушы, реттеуші, басқарушы, тәрбиелеуші қызметтерін атқарады.

Әлеуметтік қарым-қатынастар – әлеуметтік субъектілердің қоғамдағы жағдайы мен қоғамдық роліне байланысты туатын, олардың өзара қатынас, қызметін білдіретін, салыстырмалы түрде анықталатын тәуелсіз, ерекше қарым-қатынастардың бір түрі.

Әлеуметтік қауымдастық – (социальная общность) әлеуметтік ішкі байланыстардың негізі тұратын аймағы бір және бірлескен өмір сүру нәтижесінде қалыптасқан материалдық және мәдени құндылықтары ортақ

адамдардың тұрақты бірлестігі. Әлеуметтік қауымдастықтың негізгі белгілері: ынтымақтастық, келісім, жоғары дәрежедегі бірлік.

Әлеуметтік құбылыс - әлеуметтік қасиеттері мен белгілері бар әлеуметтік шындықтың көрінісі. Әлеуметтік өмірде айқын байқалып, бірден аңғарылатынның бәрі әлеуметтік құбылыс болып табылады.

Әлеуметтік құрылым – қоғамдағы еңбектің күрделенуіне, оның бірлігіне, өндіргіш күштер мен өндірістік қатынастардың даму деңгейіне байланысты болатын өзгерістерді көрсететін, сонымен бірге нақты кезеңдегі әлеуметтік жүйенің элементтері арасындағы тұрақты қалыптасқан құрылым. Әлеуметтік құрылымның негізгі түрлері: макроқұрылым, микроқұрылым.

Әлеуметтік мәртебе – көпшілік мойындаған құндылықтар жүйесі тұрғысынан қарағандағы қоғамдағы әр түрлі объектілердің, құбылыстардың әлеуметтік маңыздылығына берілетін баға.

Әлеуметтік мобильділік – адамның, әлеуметтік топтың әлеуметтік құрылымдағы өз орнын ауыстыруы, адамның бір әлеуметтік топтан екінші бір әлеуметтік топқа өтуі немесе сол топтың ішінде орнын өзгертуі.

Әлеуметтік орта – адамдардың қалыптасуына, өмір сүруіне, дамуына және қызмет етуіне қоғамдық жағдай туғызатын адамды қоршаған нақты әлеуметтік әлем.

Әлеуметтік прогресс – қоғамдық өмірдің күрделенуі, өндірістің, мәдениеттің, әлеуметтік еркіндік, теңдік, әділеттіліктің өркениетті бағытпен дамуы.

Әлеуметтік роль – белгілі бір әлеуметтік бағытты ұстанған жеке адам ғадетінің, мінез-құлқының, тәртібінің жүйелі ресми үлгісі.

Әлеуметтік статус - әлеуметтік топтар мен оның өкілдерінің қоғамдағы, әлеуметтік байланыстар мен қатынастар жүйесіндегі орнын көрсетеді. Әлеуметтік статус бедел, билік сияқты ұғымдар арқылы анықталады.

Әлеуметтік ымыра – (социальный компромисс) өзара әсер етуші әлеуметтік топтардың өзара келісі арқылы әлеуметтік қарама-қайшылықтарды, келіспеушіліктерді, дауларды шешу.

Әлеуметтік эксперимент - әлеуметтік объектіге арнайы енгізілген басқарушы және бақылаушы факторлар әсер еткенде туындайтын сандық және сапалық өзгерістер жөнінде мәлімет алу әдісі.

Бақылау - әлеуметтік деректер жинаудың негізгі әдістерінің бірі. Бақылаудың көмегімен әлеуметтік құбылыстарға, процестерге жүйелі түрде үздіксіз зерттеу жүргізу өте тиімді.

Бейсаналық – субъектінің санасына бағынбайтын психикалық процестердің жиынтығы. З.Фрейдтің пікірінше бейсаналыққа адам санасынан шығарылып тасталған құмарлықтар жатады.

Билингвизм – қостілділік.

Билік – қоғамдық қатынастардың бір түрі, адамның сондай-ақ әлеуметтік топтың, әр түрлі таптардың іс-әрекеттеріне шешуші әсер ететін экономика мен идеология ықпалының негізінде және қйымдастырушы құқықтар арқылы жүзеге асатын механизм.

Бихевиоризм және необихевиоризм – сананың дербестігін мойындамайтын, психиканы адамның өзіне қажет нәрселерге жету мақсатында жүзеге асыратын іс-әрекеттерінің, мінез-құлықтарының жиынтығы деп көрсететін ғылыми бағыт.

Бюрократия – қатаң да дәл ережелер мен үлгілер арқылы реттелетін қызметтер мен биліктің бөлінісіне негізделген қызметтер мен рольдердің иерархиясынан тұратын әлеуметтік құрылым.

Валидтілік – зерттеудің құралдары мен әдістерінің, ұғымдардың және эксперименттердің мақсатының негізділігі мен барабарлығы.

Девияция – көпшілік мойындаған ғадеттік ережелерден ауытқу.

Дезинтеграция – жүйенің ішкі құрылымының ыдырау процесі.

Деноминация – басқа діндердің заң аясындағы қызметін қолдайтын және қоғаммен арақатынасын позитивті принциптерге негіздейтін діни ұғым.

Депривация – адамдар мен топтардың негізгі қажеттіліктерін қанағаттандыру мүмкіндіктерінен айыру немесе оларды шектеу процесі.

Еңбек – адамның іс-қимылының негізгі түрі, оның тіршілік ету тәсілі. Еңбек арқылы көзделген мақсатқа жетуге болады. Еңбек адамның қалыптасуына, оның қоршаған ортаға бейімделуіне шешуші әсер етеді.

Коммуникация – бір адамның екінші бір адамға мәлімет беруі. Коммуникация кез келген әлеуметтік өзара қатынастардың негізі.

Конвергенция ілімі – капиталистік және социалистік қоғамдардың біртіндеп, біте қайнасып, бір біріне сіңісуін уағыздайтын бағыт.

Конформизм – бұқаралық санада қалыптасқан стереотиптерді, салт-дәстүрлерді, бедел мен принциптерді қарсылықсыз қабылдау және сақтау.

Қоғамдық пікір – әлеуметтік қауымдардың қоғамдағы болып жатқан оқиғаларға, әлеуметтік құбылыстарға қарым-қатынасын білдіретін бұқаралық сананың жағдайы.

Макросоциология – күрделі әлеуметтік процестерді, әлеуметтік топтарды және қоғамдық өмірді тұтастық тұрғысынан зерттейтін бағыт.

Маргиналдык – екі мәдениеттің өзара әсері процесіне қатысушы, бірақ екеуінің біріне де толық сіңісе алмай, екі арада қалған адамдардың немесе әлеуметтік топтардың рухани жағдайы.

Микросоциология – шағын әлеуметтік жүйелерді, әлеуметтік құбылыстар мен процестерді талдайтын социологиялық зерттеулер.

Моногамия – бір күйеу мен бір әйел арасындағы неке.

Монотеизм – бір ғана құдайды мойындайтын дін.

Өркениет – қоғамның сапалық дамуы барысын көрсетеді.

Полигамия – бірнеше адамдардың арасындағы неке.

Респондент – социологиялық зерттеу барысында сауалдарға жауап беруші.

Референтті топ – әлеуметтік топтардың ішіндегі ең артық көрінетін тобы, сол топтың қасиет, сапасы туралы біртұтас түсінік.

Социеталдық – күрделі әлеуметтік жүйедегі әлеуметтік қарым-қатынастар мен процестерді белгілейтін ұғым.

Социометриялық әдіс – социология ғылымы шешуге тиісті көптеген міндеттерді шағын топтарда болып жатқан процестерді зерттеу арқылы орындайтын әдіс.

Сұхбат – (интервью) респонденттен ауызша қойылған сұраққа тікелей жауап алу арқылы жүргізілетін социологиялық зерттеу әдісі.

Этнос – (тайпа, халық дегенді білдіреді) ортақ белгілері мен тұрақты тілі, мәдени және психологиялық ерекшеліктері, салт-дәстүрлері бар белгілі аумақта тарихи қалыптасқан топ.

Элита – (өте жақсы, таңдамалы дегенді білдіреді) әлеуметтік топтардың ішіндегі ерекше жеңілдіктері бар жоғарғы топ.

Эмпирикалық әлеуметтану - нақты зерттеулер жүргізуді, осылардың негізінде арнаулы әдістер қолдану (сұрау, бақылау, тәжірибе) арқылы жаңа фактілерді жинап, талдауды, қорытындылауды айтады.

Социометрия (лат. –socius- жолдас, metrum - өлшеу)негізі әдісі – шағын топтарды, ұжымдар мен ұйымдарды оның мүшелері арасындағы тұлға-аралық қатынастар жүйесін сипаттау әдісі ретінде зерттеу әдісі.

Модельдеу — зерттеу объектісі өзімен ұқсастық қатынастағы басқа бір объектімен алмастырылатын зерттеу әдісі.

Әдіснама - зерттеу жұмысының сапасын бағалауға оның дарламасын құруға, ғылыми білімдер жүйесін түзуге бағытталған іс-әрекет, сонымен қатар зерттеу объектісі мен пәнінің ерекше теріне байланысты зерттеуді ұйымдастыру және принцип таңдау, мәселеге әр түрғыдан келу.